«Талдау» сөзі С.И. Ожегова пен Н.Ю. Шведовтың түсіндірме сөздігінде «бір заттың жеке қырын, құрамын, бірлігін қарастыру арқылы зерттеу» деп түсіндіріледі [4, 56].

Жағдаятты әдіс жағдаятты түсіну барысында шет тілі мұғалімінің жоғарғы әдістемелік мәдениетін талап ететін бірнеше сараптамалық әрекеттерді енгізуді қажет етеді [3, 1].

Кейс әдіс интеллектуалды өнім ретінде бірнеше қайнар көзге ие:

- 1) ғылым;
- 2) шынайы өмір;
- 3) оқу процесінің мақсаты мен тапсырмасын айқындайтын білім.

Интерактивті әдіс болғандықтан кейс әдісі жоғарғы сынып оқушыларында жақсы пікір қалыптастырады, себебі олар кейс әдісті теориялық ережелерді және тілдік материалдарды іс жүзінде қолданып, үйрететін ойын ретінде қабылдайды. Мысалы, түрлі жағдаяттағы талдаулар лингвистикалық сыныптардағы қатысушылардың профессионалды бағдарына әсер етеді және мұғалім мен оқушының ортақ интеллектуалды және коммуникативті өсуіне көмектеседі.

Case study оқыту әдісінің мектептегі дәстүрлі әдістерінен ерекшелейтін бірнеше белгілері мен технологиялық артықшылықтары бар. Case study әдісінің белгілері:

1) кейбір дискретті сәттерді сипаттап, қарастыратын әлеуметтік-экономикалық жүйе моделіне сай болуы;

- 2) бірлесіп шешім шығару;
- 3) бірнеше альтернативті шешімдерге ие болу: жалғыз шешімнің болмауы;
- 4) шешім шығарудағы жалғыз мақсатты қамту;
- 5) әрекеттерді топ болып бағалау жүйесінің болуы;
- 6) оқушылардың эмоционалды тұрғыдан шынықтыру.

Case study әдісі түрлі практикалық дағдылардың дамуына ықпал етеді. Бір ауыз сөзбен сипаттасақ – мәселені шығармашылық түрде шешу және шешім қабылдау мен жағдаяты талдауды қалыптастыру.

Кейс әдісінің үлгісі оқушылардың іс жүзіндегі нақты жағдайлармен кезігетіндігімен негізделген. Содан соң, жағдайды ағылшын тілінде талқылап, альтернативті шешімдер іздеп, ұғынықты түсіндіретін өз шешімдерін ұсынып, іс жүзінде қабылданған өзгелердің шешімімен салыстырады. Бір ғана дұрыс шешім болмайды, сол себепті презентация соңында шешімдердің ең үздік нұсқасын таңдауға болады. Сонымен қатар, оқушыларға белгілі бір лексикалық және грамматикалық комплекстерді қолданатын, талқыланып жатқан мәселені шешкенде ғана игерлетін шынайы өмірдегі жағдаятты елестетіп көру ұсынылады [7].

Case study әдісі – практикалық тапсырмаларды теориялық біліммен шешуге мүмкіндік беретін құрал. Бұл әдіс оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамытып, альтернативті көзқарастарды тыңдап, олармен санасып, өз қарасына аргумент келтіруге тәрбиелейді. Осы әдістің арқасында оқушылар өздерінің аналитикалық дағдылары мен бағалау дағдыларымен жұмыс жасап, қойылған мәселелерге барынша рационалды шешім табуға мүмкіндік алады.

Келешекте интерактивті оқыту әдісі болатын case study әдісі материалдарды практикалық түрде меңгеруді игеруді және теориялық ұстанымдарды қамтуды қамтамасыз етуімен оқушылар тарапынан оң көзқарасқа ие болды; ол оқушыларды кәсібилендіруге жағдай жасап, есеюіне, мүдделерін қалыптастыруға, сабаққа деген қарым-қатынасына оң құлшыныс жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, case study әдісі мұғалімнің ойлау үрдісін дамытып, оны ерекше парадигмасы өзгеше ойланып, өзінің шығармашылық әлеуетін жаңартуға ықпал етеді.

Case - шынайы бизнестен алынған мысал, жағдаятты түсінуге мүмкіндік беретін оқиғаның шын сипаты ғана емес, тұтас ақпараттық комплекс. Сауатты кейс келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

- өз дәрежесіне сай қиын болу;
- экономикалық өмірдің бірнеше аспектілерінен мысал келтіру;
- аз уақыт шамасында заман талабына қалып қоймау;
- бүгінгі күнге шейін өзекті болу;
- қарапайым жағдаяттарда мысал келтіру;
- пікірталас туғызу;
- бірнеше шешімге ие болу.

Кейстерді құрастыру барысында кейбір кейстер басқаларына карағанда бірнеше артықшылықтарға ие болады, сол себепті мұндай жағдай кейстердің классификациялық негізіне байланысты деп түсіндіріледі. Сонымен, барлық кейстер шартты түрде былайша жіктеледі:

- 1) *ғылыми-зерттеушілік*, зерттеушілік әрекеттерді жүзге асыруға бағытталған;
- 2) *практикалық*, шынай өмірдегі жағдаяттарға негізделген;
- 3) *үйретуші*, білім беру процестерін ұйымдастыратын тапсырмаларға негізделген [6, 1].

Ғылыми-зерттеушілік кейсі жағдаяттар мен ондағы іс-әрекеттер туралы жаңа мағлұматтар алуға негізделген. Оның үйретушілік қызметі модельдендіру әдісі арқылы ғылыми зерттеулік дағдыларға үйрету.

Практикалық кейстің тапсырмасы – шынайы өмірлік жағдаяттарды егжей-тегжейлі, толығырақ суреттеу. Осылайша бұл кейс жағдаяттың практикалық моделін жасап шығарады. Кез келген кейс мынадай бірліктерді қамтиды:

1) жағдаят (қандай да бір мәселе, шынайы өмірден алынған оқиға, жағдай);

2) жағдаят мәнмәтіні (жағдаят қатысушыларының іс-әрекетінің тарихы, хронологиялық ерекшеліктері);

3) жағдаят пікірлері;

4) кейспен жұмысқа тапсырма;

5) түрлі қосымшалар [3, 1].

Қандай кейс болмасын, ал бірнеше талаптарға сай болуы тиіс, оның ішінде:

1) шындыққа жанаса білуі;

2) жоғарғы сынып оқушыларының жинақталған тәжірибесі мен болашақтағы кездесетін шынайы жағдаяттарымен байланысатын жай, үндесетіндей рәсімдеуі;

3) қатысушылардың көзқарасынан түсіндірме жасауға мүмкіндік беру;

4) құрамында мәселелер мен пікірталастар болуы;

5) жоғарғы сынып оқушылары өздерінің жекелеген білімдері мен мүмкіндіктерінің уақытша шектелген аясында да бақылап шешімін таба алатындай болуы;

6) шешімнің әртүрлі нұсқаларын қамтуы [7, 48].

Кейс әдісінің негізгі сипаттамасын, қайнар көзін, түрлерін және оқытушылық-әдістемелік кейс жоспарын зерттеу нәтижесіндегі алынған материалдарды жинақтай отыра мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Оқытушылық кейстердің негізгі қайнар көзі қоғам, ғылым және мамандық болып есептелсе, оқытушылық-әдістемелік кейстердің қайнар көзі оқытушылық процес болып табылады, біздің жағдайымызда оқытушылық процесс шет тілі болып есептеледі.

2. Кейс әдіс құзыреттіліктің ажырамас құрылым болып табылатын әдістемелік сараптамалық, практикалық, шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар мен өзін өзі талдау дағдыларын қалыптастырады.

Кейс әдісін өз сабақтарында енгізгісі келген кез келген мұғалім тренингтерден өтіп, арнайы әдебиеттерді меңгеріп, оқытушылық жағдаяттармен қаруланса өз көздеген мақсатына жете алады. Алайда, интерактивті технологияларды қолдануды жеке бастың пайдасы үшін жасамау керек: ситуациялық талдаудың әрбір технологиясы оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, оқыту тобының ерекшеліктерін, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін, құзыреттілік деңгейін, ережелерді және әдістерді іске асыру мүмкіндіктерін, оларды дайындау мен жүргізуді анықтайтын басқа да факторларды ескере отырып, іске асырылуы тиіс.

Әрине, кейс технологиясын қолдану білім берудегі барлық мәселенің шешімі болып табылмайды. Әрбір оқушының мүмкіндігін материалдың сипатын, сабақтың мақсаты мен тапсырмасын міндетті түрде ескеру қажет. Ең жоғарғы нәтижеге бір-бірін сауатты толықтыратын дәстүрлі әдістер мен интерактивті әдістерді мәнерлі әрі қатар қолданған кезде ғана жетуге болады.

Әдебиеттер:

1. Маркова А.К. Формирование мотивации учения: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 2008
2. Вайсбурд М.Л. Методы обучения. Выбор за вами – 2000. - № 2 с. 29-34
3. <https://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=11662>
4. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка – 2010
5. https://www.rusnauka.com/5_SVMN_2013/Pedagogica/5_129310.doc.htm
6. Буравой М. Углубленное case study: между позитизмом и постмодернизмом –№ 10, 1997

7. Черкасова И.И. Возможности кейс-методов в развитии панорамно-педагогического мышления. - «Среднее профессиональное образование» журналы» №6, 2007

8. Стуканова Г.С. Использование кейс-технологии в професиональном образовании – «Среднее профессиональное образование» журналы» №8, 2007

ӘОЖ 159.944.4

Ережепова Аинура Сарсенбаевна

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., А.М. Таганова
e-mail:Aru73@mail.ru*

КҮЙЗЕЛІС ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТҮЛҒАҒА ӘСЕРІ, КҮЙЗЕЛІСКЕ ҚАРСЫ ТҰРУ ШАРАЛАРЫ

ВЛИЯНИЕ СТРЕССОВЫХ СИТУАЦИЙ НА ЛИЧНОСТЬ, МЕРЫ ПРОТИВОСТОЯТЬ СТРЕССАМ

THE IMPACT OF STRESSFUL SITUATIONS ON THE INDIVIDUAL, MEASURES TO RESIST STRESS

Аннотация. Мақалада күйзеліс жағдайында психологиялық көмек көрсету, күйзеліске қарсы белсенді әрекет ету шаралары талқыланды.

Түйінді сөздер: күйзеліс, стресс, өзін-өзі реттеу, медитация.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы психологической поддержки при стрессе, меры по борьбе с сильным стрессом.

Ключевые слова: депрессия, стресс, саморегуляция, медитация.

Annotation. The article deals with issues of psychological support during stress, measures to combat strong stress.

Key words: depression, stress, self-regulation, meditation.

XXI ғасыр дерті – күйзеліс. Күйзеліс – бұл психикалық ауытқу, күтпеген, шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп қатер жағдайындағы әрекеттер, шапшаң шешімге келу қажеттілігі, қауіптенген сәттегі реакция болып табылады. Күйзелістің белгілері: өмірге қызығушылығының төмендеуі, көңіл күйдің бұзылуы, ой мен сананың сергелдені, яғни жағымсыз ойларға бой алдыру және белсенділіктің жоғалуы. Күйзеліс ұғымы адам болмысына қарай белгіленген төрт темпераменттің ішінде меланхолиямен сәйкес келеді.

Күйзеліс - қауіпті оқиғаларға ауыр қайғыру реакциясы болып табылады. Қытай тілінде «күйзеліс» екі бөліктен тұрады қауіптілік пен мүмкіндіктер, бұл сөздер төтеншелікті, іс-әрекетте қауіптілік және қажеттілікті түсіндіреді. «Күйзеліс» түсінігі аса қауіпті жағдай және кез-келген мәселенің белгілі бір шешімін табу, айналым пункті, аса қажетті кезең. Күйзелістер адамдар өмірінде кездеседі, топтарда, ұжымда, қоғамда және ұлттар арасында болады [1].

«Стресс» (ағылш. stress – зорлану, күштену, қиналу) – психологияда, физиологияда, медицинада – түрлі ситуацияларға (жағдайларға) байланысты оқыс әсерленушілік. Стресс – ортаның күші мен қасиеті әртүрлі түрткілеріне жауап ретінде туатын организмнің бейарналы әсерленісінің жиынтығы [2].

«Стресс» атауын медицинаға Канада ғалымы Ганс Селье алғаш XX ғасырдың 60-жылдары енгізді. Күйзеліс туындауының себептері алуан түрлі. Өмірге қатысы бар кез келген нәрсе себеп болу мүмкін. Мысалы, сыртқы себептерге жұмысты ауыстыру, туысқанның қайтыс болуын жатқызуға болады. Ішкі себептерге өмірлік ұстанымдар мен құндылықтарды жатқызамыз. Өзін-өзі бағалауда осыған кіреді. Клиникалық бақылаулар ұсақ күйзелістердің ағзаға пайдалы екендігін дәлелдеді. Олар адамды «өзін-өзі оятуға», күш жігерін арттыруға итермелейді [3].

Күйзеліс жағдайында адамның өзін қалай ұстауы – белсенді немесе енжар болуы да оның психикалық құрылымына байланысты. Белсенді, жігерлі, пысық адам алдымен өзіне сеніп, өзі жол тауып шығуға тырысады. Ал енжар адам тағдыр жетегіне еріп, өзгелердің шешімін күтуге мәжбүр. Ең алдымен, өзінді өзгертуің керек. Басқаша ойлау, мидағы бағдарламаны жақсы арнаға бұру қажет. Сондай-ақ, өз мақсатын, өз ісін сүю тиіс. Сонда ол мақсатты іске асыру оңайға түседі.

Психологиялық жаттығулар арқылы, топтық және жеке түзету тренингтері арқылы тұлға бойындағы қорқыныш, күйзеліс, уайымшылдық, агрессияны, күмәншілдік, немқұрайлық, үрейлік т.б. сезімдерді төмендетуге және жоюға болады. Күйзеліске қарсы белсенді әрекет ету шаралары:

- біріншіден, күйзелістің жеке көрінісін талдау. Талдау келесі міндетті әрекеттерді қосады:
- стрессорлардың тізімін құру (жағдайды басқаруға, мәселені шешуге және тереңірек түсіндіруге көмектеседі);
- стрессорларды саралу (ең күштіден ең әлсізіне қарай)
- стрессорларға қатысты нақты және жүзеге асатын іс-әрекеттерді жоспарлау. Іс-әрекеттер түрлерінің келесідей үш түрін белгілеуге болады:
 - дереу әрекет (бүгін немесе жақын арадағы күндерде стрессорларға қатысты шара қолдануға болатын жағдай. Мысалы, қызметтік міндеттер, белгісіздік);
 - перспективтік әрекет (түзетуге келетін, бірақ қашан шешілетіні белгісіз стрессорларға қатысты. Мысалы, өте ауыр жүктемелер);
 - елеушілік немесе бейімделу (жақын болашақтағы қол жетерлік жағдайда емес стрессорларға қатысты, бұндай стрессорларға бейімделіп немесе сол қалпында қабылдай білу қажет. Мысалы, жаман жұмыс жағдайы) [4].

Күйзеліске қарсы тұру үшін психофизиологиялық мүмкіндіктерді мобилизациялау немесе психикалық өзін-өзі реттеу қажет. Психикалық өзін-өзі реттеу – өзінің жағдайын реттеуге көзделген арнайы ұйымдастырылған психикалық белсенділік көмегімен адамның аутоықпалы. «Емделудің бір шарты – жазылуды қалау» - деп Сенека айтқан [5].

Психикалық өзін-өзі реттеудің негізгі түрлеріне мыналар жатады: саналы түрде жүйке-бұлшықеттерді босаңсыту түріндегі *релаксация* (лат. *relaxatio* - қысымның азаюы); аутотренинг түріндегі өзін-өзі сендіру (саналы түрде дененің әртүрлі жерлерін және органдарының босаңсыту, ауырлық, жылу сезімдерін сендіруге негізделген әдіс); сенсорлы репродукция немесе визуализация формасында өзін-өзі көндіру (жанға жағымды образдарды, көріністерді елестету немесе өмірдегі болған күшті кездерді еске алу арқылы психикалық өзін-өзі реттеу әдісі); медитация (лат. *Meditation* – толғану, ойлану) ақыл-ой әрекеттері арқылы адам психикасын терең зейінге, өзіне үнілуіне әсер етеді [5, 1].

Мамандар күйзелісті 3 түрге бөледі: біріншісі – адамның инфаркт, жүрек ауруларына жиі ұшырау және түрлі жарақат сияқты дертке тап болуымен қалыптасатын күйзеліс; екіншісі – эндогендік күйзеліс. Адамның ішкі жан дүниесінің тереңінен пайда болатын дерт. Эндогендік күйзеліс адамға кері әсер етеді. Дәл осы күйге түскен адам айналасындағы құбылыстарға баға бере алмай, белгілі бір сезімдерді бастан кешіре алмай дал болады; үшінші түрі – психогендік деп аталады. Адамның психикалық ауытқуы салдарынан пайдва болатын күйзелістің бұл түрі тіпті қайғылы жағдайға итермелеуі мүмкін.

Күйзеліс жағдайында бірнеше қағидаларды есте сақтап, қолдану қажет: бірінші қағида: барынша өз-өзін сергіту. Дем алысыңызды қадағалаңыз, толық кеудемен ауызды ашып дем алуға тырысыңыз. Соңғы релаксация қолды ыстық сумен жылыту, ыстық қол барлық ағзаның босауына ықпал етеді; екінші қағида: қозғалу қажет. Жүріп қайтыңыз, ал ең жақсысы кішкене жүгіріп қайтыңыз. Белсенді іс-қимыл сізді ашуланудан арылтады; үшінші қағида: өзіңізді ұнайтын тәтті бір нәрсе жеңіз. Барынша күліп, көңіл көтеріп, осы көңіл-күйде ұзаққа қалуға тырысыңыз. Бастысы – есте сақтаңыз: күйзелістен қашпау керек – өз-өзін ұстау қажет [6].

Күйзеліс – ағзаның күш түсуге, алаңдаушылыққа және күнделікті қарбаласқа реакциясы. Асыра күш түскен жағдайда адамның көңіл-күйі нашарлайды, басқа да белгілер пайда болады. Күйзеліске кез келген сәтте, кез келген жаста ұшырауы мүмкін.

Қорыта айтқанда, күйзелістен қашу мүмкін емес, ал оған қарсы тұра білу – әркімнің қолынан келе бермейтін ерлік. Күйзеліске деген төзімділікті арттыру үшін, өмірге қуану, өзіне ұнайтын нәрсемен айналысу, басқаларға көмектесу, кітап оқу, спортпен айналысу, өзіне сену, қорқыныштан қашпау керек.

Әдебиеттер:

1. Пинкус А., Минахан А. Практика социальной работы (формы и методы). - М., 1993.

2. Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1977. – 42 б.
3. Сәтпаева Х.Қ. Адам физиологиясы. – Алматы, 2007. – 463 б.
4. Күйзеліс кезінде психологиялық тұрғыдан қолдау және сүйемелдеу / Д. Мырзахметова // Психология в школе. – 2014.-№8.-42-44 б.
5. Урбанович А.А. Психология управления. – Харвест, 2004. – 382-385 бб.
6. Оқушылардың күйзелістен шығу жолдарын бақылау / Ж. Елеусізова // Психология в школе. – 2017.- №7.-29-31б.

ӘОЖ 37.013.001.895

Мырзаханова Назерке Маратқызы

*Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., аға оқытушы Таганова А.М.
e-mail: aru73@mail.ru*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫ ҮЙРЕТУ

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБУЧЕНИИ

EFFICIENT USE OF NEW INNOVATIVE TECHNOLOGIES FOR PREPARING FUTURE SPECIALISTS IN TRAINING

Аннотация. Мақалада болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориялық негіздері, сондай-ақ педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытудың кәсіби бағыты талқыланады. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерді оқытудың инновациялық тәсілдері негізінде оқыту әдістері талданады.

Түйінді сөздер: заманауи, жаңаша оқыту формасы, ақпараттық технология, методология.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы профессиональной подготовки будущих учителей, а также профессиональная направленность обучения в педагогических вузах. Также анализируются методы обучения, основанные на инновационных подходах к обучению будущих учителей.

Ключевые слова: современный, инновационные технологии, информационные технологии, методология.

Annotation. The article discusses the theoretical foundations of professional training of future teachers, as well as the professional orientation of training in pedagogical universities. It also analyzes teaching methods based on innovative approaches to the training of future teachers.

Key words: modern, innovative forms, information technologies, methodology.

Білім беру жүйесін дамытуда Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында үлкен басымдық беріліп отыр. Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі [1].

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпал етеді.

Еліміздегі жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заманның талаптарына сай, жаңа инновациялық технологиялармен қамтамасыз етілу мәселелері жаңа әдіс-тәсілдерді талап етеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына,

олардың білім беруде инновациялық технологияларды енгізу шарттарына кәсіби хабардарлығының бейімделуі жоғары оқу орындарында оқу процестерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді. Жоғары мектептің негізгі бағыттарының бірі - арнайы кәсіби білім беру, білім беру - болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінің дамуына өз үлесін қоса алатын бірден-бір фактор болып есептеледі.

Ғылым мен техниканың дамуы болашақ мұғалімдерде ақпараттық-компьютерлік кәсіби білім мен іскерліктердің дамуына, құзырлылықтың қалыптасуына баса назар аударады. Болашақ мұғалімдердің бойында ұйымдастырушылық қызмет, өз бетінше шешім қабылдауға дағдылану, берілген жауапкершілікті орындау, ұжымда адмгершілік, психологиялық ахуалды ұстап тұру қабілеттерін қалыптастыру ең маңызды міндеттер.

Білім мазмұнын жаңарту жоғары мектеп реформасының негізгі мәселелерінің бірі. Осы орайда «инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдар оған әртүрлі анықтамалар береді, мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея» [2]. Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» дейді [3].

Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымына анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деген анықтаманы ұсынады [4].

Н. Нұрахметов «Инновация» - білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жұмысын басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған), модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан), жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын) [4,1].

Әдіскер С. Көшімбетова зерттеу еңбегінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде игеру үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- саралап, деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады;

- ақпараттық-бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы-түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымындағы жүйелі, саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы, ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала-субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде» қарастырылады [5].

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастырудың мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесін жатқызамыз. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық

білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үдерістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады;

Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті атады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді;

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі және үйренуі жатады;

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үдерісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді;

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үдерісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу- тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым- қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үдерісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет;

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамытуы кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады. Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады [6].

Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп - мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік - оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үдеріс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Әр педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- инновация туралы білімі;
- инновацияны жан-жақты меңгеру;
- инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру;
- инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары;
- инновацияны практикада дұрыс қолдану [6, 1].

Оқыту үдерісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту үдерісінде толыққанды дамауына мүмкіндік жасайды. Оқыту үдерісінде компьютерге негізделген әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, білім алушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін және жобалар мен оқу жұмыстарын бірге ұйымдастыруды жобалайды. Болашақ мұғалімдерге қойылатын қазіргі заманғы талап, тек таңдап алған мамандығы бойынша білімі бар мамандарды ғана емес, сондай-ақ, еңбекті автоматтандыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті, жаңа инновациялық технологиялармен қаруланған мамандарды талап етеді. Оқу үдерісін ұйымдастыруда заманауи білім беру технологияларын қолдану қазіргі оқыту әдістерінің ерекше түрі.

Педагогикалық ғылымның жаңа бағытта өрбуі, білім беру жүйесінде жоғары дәрежелі, жан-жақты сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы ұлттық, мемлекеттік саяси, экономикалық және ел

мүддесі тұрғысынан туындаған мәселелерді шеше алатын жоғары дәрежелі мамандарды даярлауды талап етеді.

Ойымызды қорытындылай келе Елбасының «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі білім алушылар, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын [7].

Қазіргі заман педагогы тек өз мамандығы деңгейінде терең білгір болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылықты талап етуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Сондықтан, дайындық ұстанымдарын ескере отыра, жаңа бағдарламаларды қабылдай алатын маман дайындау басты міндетіміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2020» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.
2. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік//Қазақстан мектебі, 2012. - №4
3. https://www.metod-kopilka.ru/oxyudy_innovatsiyalyu_tehnologiyalaryn_paydalanu_erekshelkter-59849.htm// Майлс. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері
4. Әширбекова Б.Ж. Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылым жүйесіндегі реформалар: барысы мен нәтижелері//Хабаршы, 2014. -№4
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2013.
6. Бөрібекова Ф., Жанатбекова, Кусаинова А.А. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері//ҚазҰМУ хабаршысы, 2018. -№3
7. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 ж. //http://www.akorda.kz

УДК 159.99

**Әбдіраман Назерке Төреханқызы
Каирбекова Қымбат Таттібекқызы**
*«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
мамандығының 3-ші курс студенттері
Еуразия гуманитарлық институты,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: nazabdyraman@mail.ru
kairbekova.kkt7@gmail.com
Ғылыми жеткішісі: э.ғ.м., доцент м.а. Аязбаева А.Т.
e-mail: Ayazbayevaa@mail.ru*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КОНФОРМИЗМГЕ БЕЙІМДІЛІГІ

ОСОБЕННОСТИ САМООЦЕНКИ И СКЛОННОСТЬ К КОНФОРМИЗМУ У УЧАЩИХСЯ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

FEATURES OF SELF-ESTEEM AND A TENDENCY TO CONFORMISM IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының конформдық мінез- құлқы қарастырылады. Конформизмнің зерттелу тарихы мен шығу жолдары талқыланады. Тақырып бойынша зерттеу жұмысының тәжірибесімен қортындыланады.

Түйінді сөздер: Конформизм, бастауыш сынып оқушылары, мінез-құлық, нонконформизм, сананың ашықтығы.

Аннотация. В статье рассматривается конформное поведение учащихся начальных классов. Изучается история изучения конформизма и происхождение. Обобщается опытом исследовательской работы по теме.

Ключевые слова: Конформизм, учащиеся начальных классов, поведение, нонконформизм, открытость сознания.

Annotation. The article deals with the conformal behavior of primary school students. The history of the study of conformism and origin is studied. Summarizes the experience of research on the topic.

Key words: Conformism, primary school students, behavior, nonconformism, openness of consciousness.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытын ұсынды. Соның бірі – сананың ашықтығы. Яғни, сана жаңғыру үшін оның ашық болмағы керек. Ол – қоғамның әр мүшесі өзінің мұрнының асты, көзінің жетер жерімен шектеліп, өз ойымен ғана тұмшаланып қалмай, әлемдік ой-сананың дамуына ілесіп, оған үн қоса алуы. Қазіргі жаһандану қарқын алған тұста, бәсекеге қабілетті болу үшін осы ашық сана ауадай қажет [1].

Осы сананы қалыптастыру үшін біз келешек ұрпағымызды осы бағыт-бағдарда тәрбиелеуіміз керек. Осы мақсатқа жету жолында кедергі болатын құбылыстардың бір феномені ретінде әлеуметтік психологияда кеңінен конформизм феномені деп таралған.

Конформизм- нақты немесе қиялдағы топтық қысыммен қадағаланып отыратын жүріс-тұрыс. Яғни конформизм басқа адамдардың іс-әрекетін қайталау ғана емес, сонымен қатар ол – қоршаған ортаның адамға қалай ықпал етуіне байланысты мінез-құлық. Конформизм адамның мінез – құлқы мен пікірінің өзгелерге сәйкес өзгеруін білдіреді [2]. Бірінші болып оны С. Аш 50-ші жылдары зерттеді. Ол келесі қорытындыларға келді. Оның ойынша, барлық адамдар конформистер мен нонконформистерге бөлінеді. Ричард Крачфилд өзінің зерттеулерінің нәтижесінде осы салада эксперименттер жүргізді, ол С. Ашқа ұқсас тұжырымдарға келді. Крачфилд эксперименттерінің нәтижелері бойынша, 30% топтың дұрыс емес пікіріне қосылғаны анық. Осылайша, Р. Крачфилд С. Аш сияқты, сыналушылардың шамамен үштен бірі конформды мінез-құлықты анықтады. "Конформация үрдісі – тұлғаның іргелі қасиеті", – дейді Р. Крачфилд. Тағы да осы феноменді Стэнли Милгрэм (1965, 1974), Музафер Шериф (1935-1937), Таян Шартран мен Джон Барк (1999) зерттеген [3].

Баланың конформдылығы балалық шақта қарқынды қалыптасатын мінез-құлықтың келесі маңызды компоненттеріне құрылады:

- басқаға еліктеушілік;
- топтың пікірін есепке алу;
- мінез-құлық үлгілерін көшіру және иемдену;
- топпен эмоционалды бірігу;
- топқа бағынушылық (топтық, жас, жыныстық, отбасылық және т. б.);
- топтың пайдасына орай өз ұмтылыстарынан бас тарту [4].

Г. Келмен конформды мінез-құлықты оны жүзеге асыру механизміне байланысты қарастыруды ұсынады: бағыну, сәйкестендіру, интернализация. Балалық шақтағы ең көп таралған сәйкестендіру механизмі болып табылады, өйткені оқушы өміріндегі маңызды тұлғаның үмітін ақтауға ұмтылады. Реципроктық-рөлдік қатынастар нысанында сәйкестендірілген жағдайда өзара іс-қимылдың әрбір қатысушысы басқа белгілі бір мінез-құлықтан күтеді және серіктес (немесе топ) күтуді өзі ақтауға тырысады. Егер қалыптасқан қарым-қатынастар субъектіні қанағаттандырса, ол серіктес оны бақылайтынына немесе байқамағанына қарамастан өзін ұстанатын болады, өйткені өзін-өзі құрметтеуі үшін басқаның үміттерін айтарлықтай ақтауға болады. Бағынған жағдайда, басқа адамның немесе топтың әсерін қабылдау таза сыртқы, прагматикалық сипатта болады, ал мұндай мінез-құлықтың ұзақтығы ықпал ету көзінің болу жағдайларымен шектеледі. Бала топпен келіседі, себебі бұл оған пайдалы, бұл ретте пайда міндетті түрде түсінілмейді. Конформизм мәселесі психологияда және әсер ету объектісінің жеке ерекшеліктері, топтық қысымға бейімділік дәрежесі

тұрғысынан зерттеледі. Көбінесе өзін-өзі төмен бағалау, өзін-өзі құрметтемеу және сенімсіз болуы сияқты жеке тұлғаның ерекшеліктері бар [5].

Зерттеу жұмысының тәжірибесі:

Еліміз егемендік алып дамыған, руханиятты елдердің қатарынан көріну үшін білім сапасына да зор көңіл бөліп, балаларды болашақ тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуіміз керек. Қазіргі кезде тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оны шешу үшін оқушыға әсер ететін факторларды анықтау керек. Соның біріне біз зерттеуіміздің мақсатын бастауыш сынып жастағы балалардың өзін-өзі бағалау мен конформдылық мінез- құлық көріністерін зерттеуі ретінде алдық. Конформдылық мінез-құлықты біз екі контекстте қарастырдық: топтың ықпалына тәуелділік және өзін-өзіне баға беру. Зерттеу барысында келесі әдістемелер қолданылды: 1) Қара және ақ пирамидалар әдістемесі; 2) Соломон Аш эксперимент- әдістемесі; 3) Конформ- нонконформ Кеттел тесті- әдістемесі.


Зерттеу жұмысымыз 2 кезеңнен тұрады:

1. кезең – алғашқы кезең – бастауыш сынып оқушыларымен 1-4 сынып аралығында эксперимент және тест жүргізілді (Сурет 1).


2. кезең – бастауыш сынып оқушыларымен және ата-аналарымен «Мен және қоғам» тақырыбында тәрбие сағатын өткізілді.

3. Тәжірибиеге қатысқан оқушылар саны: 47

Ата-аналар саны: 11



Сурет 1. 1,2 және 3 сыныпқа жүргізілген тәжірибе нәтижелері бойынша



Тестке қатысқан оқушылар саны: 30

Зерттеу барысында бастауыш мектепке жасындағы балалардың конформалық мінез – құлқының өзін – өзі бағалау деңгейі мен құрылымынан тәуелділігі туралы деректер алынды, - жоғары дифференциалды емес өзін-өзі бағалауы да әсер етеді. Алынған мәліметтерде өз құрдастары тобының пікірімен келісімнің көрінісі, көптеген бастауыш мектепке жасындағы балалардың өзін-өзі жоғары сараланған бағалауымен көрсететінін куәландырады. Зерттеу нәтижелері бойынша , біз бастауыш сынып оқушылардың ұжымның ықпалына ұшырауы мен құрбыларының топтық пікіріне тәуелділік таныту арасындағы байланысты анықтадық. Кері тенденция да орын алып отыр – нонконформизмді көрсететін балалар үшін төмен төзімділік тән. Бастауыш мектепке жасындағы балалардың формалды мінез-құлықтары жоғары өзін-өзі бағалаумен байланысты, ал ересектердегі конформизмді зерттеуде дәстүрлі түрде өзін-өзі бағалаудың төмен факторы бөлінеді. Бұл факт конформдық мінез-құлықтың күрделі жас динамикасын болжауға мүмкіндік береді. Конформдық мінез-құлықты шынайы түсіну мен түсіндіру көптеген ситуациялық, топтық, жеке-тұлғалық факторлардың жанама әсерін және топтың тіршілік әрекетінің табиғи жағдайларындағы олар тудыратын әсерлердің арақатынасын есепке алу салдарынан ғана мүмкін болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың сыртқы әсерге деген секемшілдік айқын психологиялық-педагогикалық салдары, баланың әлеуметтік ортасының сыни және саналы

калыптасуы, байқалатын мінез – құлықтың үлгілерін шектеу және оларды екпінмен жақын ересек адамдарға анық түсіндіру болып табылады (жақсы – жаман; мүмкін-болмайды). Сонымен қатар, даму міндеті жеке сезімдерге құлақ салу, түрлі пікірлер мен көзқарастарды салыстыру, сыртқы әсерге сыншылықты дамыту қабілеті ретінде дараландыру векторын күшейту болып табылады.

Әдебиеттер:

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy/.
2. *Elliot Aronson* «The social animal».
3. *David Myers* «Social psychology».
4. *Белинская Е.П., Тихомандрицкая О.А.* Социальная психология личности. – М.: Аспект Пресс, 2001.
5. *Зимбардо Ф., Ляйне М.* Социальное влияние. СПб.: Питер. 2001. – 316 с.

УДК 159.9.07

Божедомова Татьяна Ивановна
*Студентка факультета «Общая медицина»
АО «Национальный медицинский университет»
г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: bozhedomova-1997@mail.ru*
*Научный руководитель: ст. преп. Марданова Ш. С.
E-mail: erika6320@mail.ru*

МЕДИЦИНАЛДЫҚ СТУДЕНТТЕР МЕН ДОКТОРЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУЫНЫҢ ЗЕРТТЕУІ

ИССЛЕДОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ СРЕДИ СТУДЕНТОВ-МЕДИКОВ И ВРАЧЕЙ

STUDY OF VALUE ORIENTATIONS BETWEEN MEDICAL STUDENTS AND DOCTORS

Аннотация. Елбасы әрбір қазақстандық үшін маңызы бар құндылықтардың жаңа жүйесін жариялайды және қазақстандық қоғамда құндылықты қалыптастыруға негіз қалайды. Маңызды артықшылықтар мінез-құлқы мен адам қызметінің мақсаттарында көрініс табады. Қазіргі әлемде саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер құндылықтарға тікелей әсеретеді. Осыған байланысты бірыңғай ұлттық санамен ұлттық сәйкестікті қалыптастыру үшін қазақстандық қоғамның құндылықтар басымдықтарын іске асыру маңызды.

Түйінді сөздер: құндылықтар, құндылық бағдарлары, мінез-құлық үлгісі, адами ресурстар, сана.

Аннотация. Говоря о модернизации сознания, Президент страны провозглашает новую систему ценностей, которые важны для каждого казахстанца, и закладывает основу для формирования ценностных ориентаций в казахстанском обществе. Еще раз стоит подчеркнуть, что ценностные предпочтения отражаются в мотивах поведения и целях деятельности человека. В современном быстро меняющемся мире политические, социально-экономические преобразования напрямую влияют на ценности. В этой связи важно реализовать ценностные приоритеты казахстанского общества для формирования единого национального сознания и национальной идентичности.

Ключевые слова: ценности, ценностные ориентации, модель поведения, человеческие ресурсы, сознание.

Annotation. President says about new system of values which is important for every man. Value preferences are showed in a motive of behavior and supposes of people. Our world changes very fast. The

political, social-economic conversions influence on values. According to it, it is very important to realize value priorities of Kazakh society for development national consciousness and identity.

Key words: values, value orientations, behavioral model, human resources, consciousness.

Поступательное развитие любого государства связано со стабильностью политической системы, позитивным экономическим ростом и повышением качества жизни людей. Эти три стороны функционирования государства взаимосвязаны и влияют друг на друга.

С провозглашением своей Независимости Казахстан встал на путь активного реформирования экономической, политической и духовной сфер общества. Основная цель всех преобразований заключается в том, чтобы сделать молодое государство сильным, передовым и войти в число развитых стран мира. Поэтому мы наблюдаем изменения и в сфере экономики, и в социально-политической системе, и в науке, и в образовании, и в развитии культуры и спорта. В первые годы Независимости наиболее активная модернизация происходила в сфере политики и экономики нашей страны. В настоящее время Президент страны Н.А. Назарбаев провозгласил о начале третьей модернизации – модернизации общественного сознания.

В Программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства отмечает, что в быстро изменяющемся мире «занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно». Поэтому задача каждого гражданина страны состоит в том, чтобы «изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха». Н.А. Назарбаев определяет новую модель сознания, которая включает ряд ключевых моментов:

- конкурентоспособность на основе компьютерной грамотности, знания иностранных языков и культурной открытости;
- прагматизм и рационализм;
- сохранение национальной и культурной идентичности;
- культ знаний и образования;
- приверженность эволюционному пути развития;
- открытость сознания.

Задача, поставленная Президентом страны, определяет основные направление деятельности по развитию общественного сознания казахстанского общества.

В психологии сознание рассматривается как высшая интегративная функция психики человека. Благодаря сознанию человек способен мыслить, рассуждать, отражать и воспринимать окружающий мир и выражать свое отношение к нему. Сознание позволяет человека понимать мотивы своей деятельности, ставить цели, корректировать результаты. В структуру сознания входит система ценностей личности.

Ценности – это система представлений и убеждений личности, которая играет в жизни человека важную роль. Родоначальники изучения ценностей К. Клакхон и Ф. Стродбек рассматривали ценности и ценностные ориентации как «сложные, определенным образом сгруппированные принципы, придающие стройность и направленность разнообразным мотивам человеческого мышления и деятельности в ходе решения общих человеческих проблем». Опираясь на положение о том, что все люди в принципе решают одни и те же общечеловеческие проблемы, ученые выделили пять основных направления исследования ценностей:

- 1) ориентация на деятельность;
- 2) отношение к человеческой натуре;
- 3) отношение человека к природе;
- 4) отношение человека ко времени;
- 5) отношение человека к другим людям.

Через призму системы ценностей человек воспринимает и оценивает себя, другого, окружающий мир, система ценностей активизирует, мотивирует и регулирует поведение и деятельность человека. Система ценностей – это динамичная система, она возникает под влиянием различных социально-экономических, политических, культурных факторов. Изменить сознание человека, значит изменить или скорректировать систему ценностей человека. Поэтому в свете задачи, поставленной Главой государства, важно изучить систему ценностей молодых людей, так как считается, что юношеский возраст является сензитивным для формирования ценностных ориентаций как устойчивого свойства личности.

Надо отметить, что ценностное отношение особенно важно в медицинской среде. Врачи ответственны за здоровье и жизнь других людей, от их отношения во многом зависит качество

выздоровления пациента. Поэтому диагностическое исследование ценностных приоритетов молодых людей мы провели среди студентов-медиков и врачей.

Основная цель исследования заключалась в определении приоритетов ценностных ориентаций студентов медицинского университета и врачей. Задачами исследования включали следующие положения:

1. Определить ценностные установки студентов-медиков и врачей.
2. Определить влияние ценностных установок на мотивацию и поведение студентов-медиков и врачей.
3. Сравнить систему ценностей студентов-медиков и врачей.

В исследовании принимали участие 42 человека, из них 26 - студентов 3-4 курса АО «Национальный медицинский университет» (13 девушек, 13 юношей) и 16 врачей различных специализаций, из которых шесть совмещают работу преподавателя, трое респондентов не практикуют врачебную деятельность в течение нескольких лет. Исследование системы ценностей проводилось по двум методикам: методика М.Рокича «Ценностные ориентации» и тест: «Определение жизненных ценностей личности» (Must-test) (П. Н. Иванов, Е. Ф. Колобова).

Анализ результатов показал, что 95,6% от общего числа респондентов не уверены в своих силах и боятся неудач. Для 92,8% респондентов приоритетом является забота о своем здоровье и здоровье своих близких. 85,3% заинтересованы в материальном успехе, причем в большей степени материальная заинтересованность характерна для респондентов-студентов. Такой результат мы связываем с тем, что студенты в силу своего социального положения в большей степени испытывают материальные, финансовые трудности, они экономически зависят от родителей, с одной стороны, с другой стороны, интерес к материальной стороне жизни отражает общую тенденцию развития современного общества. 85,6% респондентов имеют установку к дальнейшему личностному росту, 44,5% - стремятся к духовному развитию и познанию себя.

Сравнительный анализ ценностных приоритетов студентов-медиков и врачей показал, что между интересной и комфортной жизнью люди старшего возраста, а именно врачи, как правило, выбирают интересную жизнь. Скорее всего, это может быть связано с тем, что взрослые люди достигли определенного уровня комфорта, поэтому хотят уделять большее внимание разнообразию своей жизни. В свою очередь студенты более склоняются к комфортной жизни, так как в настоящий момент испытывают в плане комфорта некоторые трудности. Как правило, студенты не имеют собственного жилья, многие из них живут в общежитии или арендуют квартиру. Обычно в однокомнатной квартире могут проживать четыре-пять студентов.

Любовь в одинаковой степени оценивается юношами и девушками, как приоритетное понятие в списке терминальных ценностей. Однако студенты-юноши большее внимание уделяют способности любить (82%), чем студентки-девушки (50%). Это может быть связано напрямую с отношением к браку (удачный, неудачный, не замужем, не женат). Важность семьи в приоритете у 100% мужчин-респондентов и у 67% женщин-респондентов. Такой показатель мы связываем с тем, что некоторые женщины-респонденты рассматривают создание семьи как препятствие к карьерному и личностному росту. Дружбе, как правило, во всех категориях респондентов уделяется меньшее значение, чем любви. Хотя, некоторые респонденты ставили в приоритет дружбу. Доктора-мужчины уделяют дружбе меньшее значение в сравнении с женщинами. У студентов же все с точностью наоборот. Ответы относительно отношения к религии достаточно сильно разделились. Доктора-мужчины оценивают важность спасения души в 50%, тогда как женщины в 16,6%. У студентов женского пола интерес к религии (35%) несколько выше, чем у юношей (25%). Склонность к поощрению практически отсутствует у всех категорий респондентов (3%). На основании маст-теста, личностному росту и карьере большинство респондентов уделяют большее значение, нежели межличностным контактам. Девушки-студентки большее значение придают влиянию и власти, чем юноши. Девушки и женщины уделяют большее значение духовному развитию, чем юноши и мужчины.

Таким образом, проведенное диагностическое исследование выявило определенные ценностные приоритеты студентов-медиков и врачей, показало различие между поколениями и позволило определить направление дальнейшей работы со студенческой молодежью.

Литература:

1. Болашаққабағдар: рухани <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru>
2. Горькая Ж. В. Психология ценностей. – Издательство: «Самарский университет», 2014 г.

3. Марданова Ш. С., Хон Н. Н. К вопросу о формировании ценностных ориентаций в модернизации поколений. // Эскери, арнаулы оқу орнындағы жаңа гуманитарлық білім: 2018 жылдың 6 сәуіріндегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Жинақ 2 бөлім нөмір тарады. 1-бөлім. - Астана: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2018. – 325 бет. С. 51-57.

4. Ф. де Ларошфуко «Элементы возрастной психологии и психологии развития, и учет в деятельности врача, 2017 год

5. Парыгин Б.Д. Изучение ценностных ориентаций личности // Проблемы личности. М. 2005... 230 с.

6. Ларенцова Л. И., Смирнова Н. Б. Психология взаимоотношений врача и пациента. Учебно-методическое пособие, 2014 год

7. Гаврилюк В.В., Трикоз Н.А. Динамика ценностных ориентаций в период социальной трансформации (поколенный подход) // Социол. исслед. — 2002 год

УДК 331.361

**Абдрахимова Айсулу Алпамысовна,
Төртеш Еңлік Оразайқызы**
*«Педагогика, психология және бастауыш оқыту»
кафедрасының магистранттары
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: abdrakhimova_aisulu@mail.ru
e-mail: turtesh.231195@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Жусупова Ж.А.
e-mail: zhusupova@inbox.ru*

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ҮЗДІКСІЗ АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

АСПЕКТЫ НЕПРЕРЫВНОГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КВАЛИФИКАЦИИ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

ASPECTS OF CONTINUOUS IMPROVEMENT OF PROFESSIONAL QUALIFICATION AT THE TEACHERS OF PRIMARY SCHOOL

Аннотация. Бұл мақалада педагогтың кәсіби тұлғалық күзіреттілігін дамытудағы міндеттер, біліктілікті арттырудың негізгі аспектілері, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дамуындағы бағыттар, жүргізілетін жұмыстар көрсетілген. Педагогтардың біліктілігін арттыру мәселесін зерттеген ғалымдардың қысқа анықтамалары берілген.

Түйінді сөздер: кәсіп, біліктілік, кәсіби біліктілік, кәсіби дамыту, үздіксіз білім

Аннотация. Данная статья раскрывает круг понятий, связанных с профессиональным развитием педагога, предоставляет информацию о направлениях содействия профессиональному росту учителя начальных классов в системе повышения квалификации. В статье приводятся ряд определений отечественных ученых, рассматривающих проблемы профессионального роста.

Ключевые слова: профессия, квалификация, профессиональная квалификация, профессиональное развитие, непрерывное образование

Мы полагаем, что создание положительной среды обучения, принятие во внимание нейропсихологических особенностей и регулярное выполнение определенных упражнений, дает положительный эффект и оказывает влияние на успеваемость и усвоение студентами получаемого материала, а также способствует повышению мотивации к самостоятельному обучению. Один из важных, на наш взгляд, факторов успешности внедрения нейропедагогики – заинтересованность и осознанность участников процесса обучения. Каждому участнику процесса должны быть разъяснены механизмы работы. Каждый участник должен знать, чего от него ожидают. Поскольку «слепое» выполнение упражнений не повлечет за собой качественных изменений. Таким образом, преподаватель должен иметь представление о том, как устроен мозг, как он воспринимает, обрабатывает, хранит и передает информацию.

Помимо того, преподаватель должен учитывать, как он преподносит информацию, проявлять участие и внимание. Существует не один пример того, что ученики лучше учатся у преподавателей, которые относятся к ним с пониманием и к каждому ищут индивидуальный подход. Потребность человека в эмоциональном взаимодействии ярко отображена в эксперименте «Still face» психолога Эдварда Троника из Массачусетского университета. В эксперименте участвовала мама с грудным ребенком: Мама усаживает малыша в детское кресло и начинает с ней играть. Затем, на минуту отвернувшись, мама поворачивается к ребенку с совершенно безразличным выражением лица. Все попытки ребенка вызвать у мамы её обычную реакцию заканчиваются неудачей. И, счастливый до этого момента ребенок, начинает проявлять беспокойство и плакать. Позже Эдвард Троник совместно со Сью Джонсон, профессором клинической психологии Университета Оттавы провели подобный эксперимент на взрослой паре. Реакции были схожи – человек, не получавший эмоционального отклика, был в смятении и не понимал, как себя вести и, что делать, чтобы привлечь

внимание оппонента. Как итог, ситуация накалялась, нагнетался эмоциональный фон. Разрядкой служила смена безразличного поведения на открытое, доброжелательное отношение. Из результатов этих двух экспериментов можно сформировать следующую рекомендацию для педагогов: благоприятный эмоциональный фон – это один из основных факторов продуктивной деятельности мозга. Он стимулирует мышление и творческий потенциал обучаемого. Учебный материал, который получен в благоприятной атмосфере, лучше усваивается, запоминается и обладает более устойчивыми связями [6].

Согласно статье Клемантович И. П., Степанов В. Г. «Использование данных указанных наук позволит существенно увеличить эффективность воспитания и развития детей и взрослых, их творческие и трудовые способности, физическое и психическое здоровье, сформировать законопослушность, а тем самым оптимизировать проживание и поведение в социальной и природной среде» [7].

Мозг каждого человека по своей природе уникален. Миллиарды нейронов связываются друг с другом не повторяющимися путями, создавая нервную ткань, определяющую наши индивидуальные характеристики: как мы принимаем и усваиваем информацию, с какой скоростью обрабатываем полученную информацию, какая система памяти и гибкости мыслительных процессов у нас преобладает. Следовательно, обучение без учета этих индивидуальных характеристик не обладает необходимой эффективностью. Обучать людей без учета их нейропсихологических особенностей – это попытка попасть в цель в темноте.

Мы считаем, что внедрение нейропедагогики позволит лучше раскрыть потенциал каждого человека, снизив количество людей, оставшихся не замеченными в силу своих природных особенностей.

Литература:

1. Гомазков О. А. Нейрогенез как адаптивная функция мозга // Москва: Икар. – 2013. – стр. 26.
2. Сергеев Б.Ф., Парадоксы мозга, М. // «ЛКИ» – 2008. – стр. 15.
3. Черненко М.Е., Вовк В.И., Нейропластичность: от Сантьяго Рамон-и-Кахаль до наших дней // Український вісник психоневрології – 2018. – стр. 116-123.
4. Eriksson P. S., Perfilieva E., Bjork-Eriksson T., et al. Neurogenesis in the adult human hippocampus // Nat. Med. 1998;4: 1313–1317.
5. Дойдж Н., Пластичность мозга. Потрясающие факты о том, как мысли способны менять структуру и функции нашего мозга // Эксмо. – 2018. – стр. 64.
6. Блейк, С., Пейп, С., Чошанов, М. А., Использование достижений нейропсихологии в педагогике США // Педагогика. – № 5. – 2004. – стр. 85-90.
7. Клемантович И.П., Степанов В.Г., Нейропедагогика: предмет исследования // Фундаментальные исследования. – 2015. – № 2-11. – стр. 2464-2468.

НураKENOVA Айнұр Қалтайқызы
"Педагогика және психология" магистранты
Тұран-Астана Университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
email: sem.pav.2011@mail.ru
Ғылыми жетекші п.ғ.д., профессор Назымжанова Қ.М.
email: karakat-4@mail.ru

ОТБАСЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

ИНТЕГРАЦИЯ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ В СЕМЬЕ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

INTEGRATION OF UPBRINGING IN A FAMILY AND IN EDUCATION INSTITUTIONS

Аннотация. Бұл мақалада бала тәрбиесіне негізгі тікелей байланысы бар орта: отбасы мен білім беру мекемелерінің ықпалдастығы қарастырылады. Бала – жасы кәмелетке толмаған, жан – жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға. Балаға тәрбие берушілер: жанұя, ата-ана, мектеп, мұғалім, қоршаған орта, жолдастар. Аталған орталар ынтымақтастығы арқылы бала тәрбиесін тиімді жүзеге асыру жолдары тұжырымдалған.

Түйінді сөздер: отбасы, отбасы функциялары, тәрбие, ынтымақтастық.

Аннотация. В этой статье предусмотрена среда, которая напрямую имеет отношение к воспитанию ребенка: семья и образовательные учреждения. Давая знание необходимо воспитывать ребенка. Ребенок - это личность, требующая постоянного внимания и любви по отношению к себе. Он впитывает в себя как положительные, так отрицательные черты характера и действий взрослых. Таким образом, берет пример со взрослых. Кто дает пример? Конечно, семья, родители, школа, учитель, окружающий мир и друзья.

Ключевые слова: семья, функции семьи, воспитание, интеграция.

Annotation. Upbringing and Education are inseparable. We cannot bring up children without giving an education. Child is a person who requires the comprehensive upbringing and who grows up with positive and also negative traits and actions of adults. So the child takes an example from the adults. Who shows these actions? Of course, families, parents, schools, teachers, friends. This article can show you what integration the schools and the families have in the upbringing.

Key words: a family, family functions, upbringing, integration.

Өмірде ата-ана үшін ең қымбаты – өздерінің балалары. Баласы жақсы жағынан көрінсе – мақтанады, жаман жағынан көрінсе – мұңаяды. Оның себебі, бала «бауыр еті», «іштен шыққан шұбар жылан» демекші, оны дүниеге алып келген соң, ата-ананың ел алдындағы, отбасы алдындағы парызы өз ұрпағын өсіру, тәрбиелеу, лайықты білім беру, қоғамға қосу. Айтуға оңай болғанмен баланың әлеуметтік ортаға ену жолы, сонымен қатар жас ерекшелік кезеңдеріндегі дағдарыс біраз уақытқа созылады, соның ең күрделі кезеңі отбасында өтеді, осы кезде ата-ана жанында болып, қамқоршы, кеңесші болуы тиіс.

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы.

Отбасы және тәрбие мәселесі бізге дейін С.Б.Бабаев, Ш.Б.Оразов, Қ.С.Бабаева "Педагогика"; С.Б.Бабаев "Жалпы педагогика"; Р.К.Бекмағамбетова "Отбасы педагогикасы"; Қ.Дүйсенбаев "Педагогика"; В.А.Сухомлинский "Тәрбие туралы" ғылыми еңбектерінде қарастырылған.

Отбасы - педагогикалық қатынас субъектісі. Бала үшін отбасы - ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Осыдан отбасында қабылданған көзқарастар, салт-дәстүрлер, ұстанымдар, әрекет-қылқ үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды.[1, 196 б.]

Тәрбие - бұл жеке адамның қоғамдық тәжірибені игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдап, қуаттаушы, әрі ұйымдастырушы мақсат-бағдарлы, әрі саналы орындалатын педагогикалық үдеріс. [2, 56 б.]

Ал ынтымақтастық - түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі. [3,1 б.]

Отбасы әлеуметтік тұрғысынан қоғамда бірнеше негізгі функцияны атқарады, оның ішінде репродуктивтік (қайта өндіру), экономикалық (өндіру және тұтыну), қорғау (қауіпсіздік, денсаулықты сақтау), әлеуметтендіру (балаларды тәрбиелеу, аяқтандыру), коммуникативті (отбасындағы қарым-қатынас), т.б [4, 16]. Осындай күрделі міндет ата-аналардың иығына түседі. Орыс педагогы В.А. Сухомлинский айтқандай: «Тәрбие - ол балалармен үздіксіз рухани тілдесу. Және өз балаларыңызды сүйе отырып, оларды сізді сүйге үйретінііз, үйретпесеңіз - қартайған шағыңызда көз жасыңызды төгесіз»[5, 56.] . Осыны есте сақтай отырып ұрпақты дұрыс тәрбиелеу біздің басты міндетіміз.

Отбасы мемлекеттің болашақ иелерін дүниеге әкеліп, оның "Мәңгілік ел" болуына үлес қосады.

Бала → Тәрбиесі → Қоғам талаптарын меңгеруі

Баланың әлеуметтенуі жас ерекшеліктеріне, санасының дамуына байланысты қайшылық көп кездесетін процесс. Баланы әлеуметтік ортаға бейімдеуде отбасымен қатар, білім беру мекемелері де атсалысады. Егер адам орта есеппен алпыс жас өмір сүреді деп есептесек, бала бес жасқа дейін қажетті сапалардың алпыс пайызын қабылдайды. Бастауыш мектепке бала оқуға даяр оқушы болып келеді. Одан әрі білімге құштарлығы, тәрбиелілігі ата-ана мен білім беру мекемелерінің бірлескен әрекетіне тәуелді.

Отбасы тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық түсініктер мен идеялар халық педагогикасында пайда болған. Педагогикалық ғылымның дамуы барысында отбасы тәрбиесінің мәселелері нақты ғылыми-теориялық және әдістемелік мазмұнға ие бола бастады. К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, П.Ф. Лесгафт және басқалар балалар тәрбиесін ұйымдастыруда олардың даралық ерекшеліктерін, бейімділіктерін, дене-күш және психологиялық даму деңгейін ескеру керектігіне ерекше көңіл бөлген. Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский бала тәрбиесінің теориясын атап көрсеткен. Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде баланың отбасындағы қарым-қатынасындағы қызмет-әрекетін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын құру, мектеп пен отбасы ара қатынасы т.б. мәселелері қамтылған.

Отбасындағы тәрбиенің субъектілері – ата-ана мен бала, әлеуметтік мақсат, міндет, педагогикалық тәсілдер, әдістер. Осы элементтерді біріктіретін негіз – іс-әрекет.

Ұйымдастырылған мақсатты жүзеге асыруда іс-әрекет болмаса, тәрбие де болмайды. Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығы ата-ананың басшылығымен, бақылауымен әртүрлі іс-әрекетке (оқу, еңбек, ойын, эстетикалық, т.б.) балаларды араластыруда.

Отбасындағы басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын, ұйымдастыру.

Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі - ұтымды ырғақ жасау. Күн тәртібі - өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен, кезектесіп өтуі, талаптарды орындау, жақсы әдеттерді қалыптастыру.

И.П.Павловтың іліміне сай балалардың күн тәртібі жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың алмасып отыру керек.

Күн тәртібі баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа, дәлдікке және мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады. Әдет келешекке бала қажетін қанағаттандырады.

Сондай-ақ В.Сухомлинский "Отбасы мен мектеп тәрбиесі біріккенде ғана толық тәрбие болады" дегендей, бала тәрбиесінде білім беру ошақтары да алғашқы маңызды орталардың бірі [5, 316.].

Бүгінгі күнгі педагогтардың, отбасы мен жұртшылықтың күш-жігерін үйлестіріп отыруда сынып жетекшісінің атқаратын ролі зор. Баланың алғашқы тәрбиешісі ата-ана десек, баланың көзқарасы және нанымы, мінез-құлық дағдылары мен әдеттері отбасында қалыптасады. Ал бала тәрбиелеуде, оқытуда мектеп шешуші рөл атқарады. Мемлекет балаларды тәрбиелеуде отбасыға мектеп арқылы көмектесіп, отбасылық тәрбиенің мазмұны мен ұйымдастырылуына әсер етіп отырады. Яғни мектеп мемлекеттік мекеме есебінде жасөспірімдер мен жастарды дұрыс тәрбиелеуде отбасына жәрдемдесуге, ата-аналар арасында педагогикалық насихатты белсене жүргізуге міндетті.

Мектеп пен отбасы бірлесіп күш жұмсай отырып, жеткіншек ұрпақтың жан-жақты дамуына ат салысулары тиіс. Кемелденген ел жағдайында мектептің отбасы өміріне белсене араласудың үлкен маңызы бар. Бұл ең алдымен балалардың адамгершілік кемелдігін қамтамасыз ету үшін қажет. Ендеше, білім ордасының отбасымен және жұртшылықпен байланысы, негізінен, сынып жетекшілері арқылы жүзеге асады. Олар көпшілікке педагогикалық білім таратып, ата-аналарға олардың жаңа адам тәрбиелеу жөніндегі өздерінің ізгі міндеттерін жақсы орындауына көмектеседі, барлық ата-аналардың өз балаларының қамқоршы ұстазы болуы үшін тырысады. Егер ата-аналар мұғалімдердің талаптарын дұрыс түсініп, қолдап отырса балаларының дұрыс тәрбиеленуіне зор үлесін қосады, сондай-ақ мектепке орасан көмек көрсетеді.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тағы бір түрі - педагогикалық насихат, яғни ата-аналарға педагогикалық білім беру. Қазіргі ата-аналар және қалың бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді. Н.К.Крупская ата-аналарды педагогикалық минимуммен қаруландырудың қажет екенін бірінші рет айтқан болатын. Тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуына ата-аналардың ықпалы олардың жалпы және педагогикалық мәдениетке байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі.

Мектептің ата-аналар комитеті мұғалімдерге, ата-аналарға көмектесіп, балалардың демалысын, қиын отбасыларын қамқорлыққа алып, балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысып, ата-аналар жиналыстарын, конференция, пікірталастарды, балалар мерекелерін өткізуге арналған дайындық жұмыстарына қатысады.

М.Жұмабаев "Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн". Себебі, уақыт өте келе заман талабы да өзгереді. Осыған байланысты ата-ана да, мектеп те жан-жақты қаруланғаны жөн.

Мектептің, отбасының, бүкіл халықтық және мемлекеттің негізгі мақсаты - қазіргі заманның талаптарына сай балаларды және жастарды тәрбиелеу, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге, еңбек етуге даярлау, өз елінің дамуына үлес қосатын жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу.

Осы ғылыми әдебиеттерді зерттей келе, ғылыми жетекшім екеуміз мынадай тұжырымдамаға келдік: Отбасы - бірнеше ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы, белгілі дәстүрлердің, өнегелердің сақтаушысы. Тәрбие берудің ажырамас бөлігі - ол мектеп. Мектеп - өзгеріп отыратын жағдайлар мен құбылыстарды ажырата білетін, жасампаз шығармашылық тұрғысынан әр құбылысқа баға бере қарайтын, болашақ мамандық иелерін, қоғам мен заман талабына сай талаптарды көре біліп, іс жүзінде асыратын жеке тұлға әзірлейтін мемлекеттік мекеме.

«Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, әрбір ісіміз, мұратымыз ел іргесін бекітуге, халықтың береке-бірлігін бекемдеуге негізделуі тиіс [6, 1-3 бб.]. Осыған орай отбасы да, білім беру мекемелері де жұмыла бала тәрбиесіне негізделген ауқымды нәтижелі жұмыс атқарса нұр үстіне нұр болар еді.

Әдебиеттер:

1. С.Б. Бабаев "Жалпы педагогика" Алматы, 2011 ж., 196 б.
2. С.Б. Бабаев, Ш.Б.Оразов, Қ.С.Бабаева, Алматы, 2018 ж., 56 б.
3. Түсіндірмелі сөздік www.sozdik.net
4. "Қазақстан Республикасының Неке және Отбасы Заңнамасы" - 1-бөлім, 1-тарау, 1-бап, 1.29-тармақ.
5. В.А.Сухомлинский "Школа радости" Киев, 1972 ж., 5б., 31 б.
6. "Қазақстан жолы - 2050" Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы 2014ж. Егемен Қазақстан, 2014ж, 1-3 бб.
7. Дулатбеков Н.(Жалпы редакциясын басқарған) Ювенология. – Астана, 2010.
8. Семья и родительство –21 век.(Сборник научных трудов). – Курган, 2009.
- 9.Қалиев С., Иманбекова Б. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану.-Алматы, 2010.

10. Республиканский научно-популярный журнал "Ұлттық тәрбие" - Алматы, 2017ж №04.
11. К.Ж.Қожахметова. Сыныпжетекшісі. - Алматы: Әлем, 2000 ж.
12. sabaqtar.kz сайты "Отбасы және тәрбие" - 2014 ж.

ӘОЖ 342.51:37 (574)

Омарова Лайла Ариповна
«Тұран-Астана» университеті
«Педагогика және психология»
кафедрасының магистранты,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: п.ғ.д, профессор Нағымжанова Қ.М.

**ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ:
ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАР**

**ЕЛБАСЫ Н.А. НАЗАРБАЕВ:
ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА СТАНОВЛЕНИЕ ЛИЧНОСТИ**

**ELBASSY N.A. NAZARBAYEV:
FACTORS AFFECTING PERSONALITY FORMATION**

Аннотация. Бұл мақалада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тұлға болып қалыптасуына ықпал еткен факторлар: ата-анасы мен ұстаздарының өнегесі, отбасы, мектеп тәрбиесі, замандастары, қоршаған табиғи ортасының әсері туралы айтылады. Елбасының үлгісі арқылы көшбасшы тұлға қалыптасуы жағдайлары жайлы баяндалады.

Түйінді сөздер: отбасы, тәрбие, тұлға.

Аннотация. В этой статье предусмотрены факторы которые повлияли на становление личности Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаева: пример взрослых – родителей и учителей, воспитание семьи и школы, сверстники, окружающий мир, природная среда. На примере становления личности Елбасы показаны условия формирования личности лидера.

Ключевые слова: семья, воспитание, личность

Annotation: The factors that influenced to personality formation of the of the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbassy N. A. Nazarbayev: humanity of adults – parents and teachers, families and schools raising, friends, the natural environment are outlined in this article. The conditions for personality formation of the leader are presented on the example of personality formation of Elbassy.

Key words: family, upbringing, personality

Қазақ халқының тарихында ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мақсат еткен азаматтар аз болмаған. Мұндай адамдар қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған, ұлттың тұлғасы атанған. Тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор қызметтер атқарған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамдарды халықтың өзі ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін баға беріп отырған. «Ел намысын ер қорғайды, ер ерлігін ел қолдайды» дегендей ұлтына тұлға болған адамдардың есімдерін халқымыз қадірлеп, мәңгі жадында сақтаған. Қазақ тарихының әрбір кезеңінде ел қорғап ерен ерлік көрсеткен батырлардың, халықты рухтандырған орақ ауыз от тілді шешендер мен дүлділ ақындардың, қара қылды қақ жарған әділетті билердің, халықты берекелі басқарған хандардың, көреген басшылардың ел үшін жасаған еңбектерін, ерліктерін халқы қастерлеп, оларды ұлттық тұлға деңгейіне көтерген.

Сол дәстүр бойынша Қасым, Есім, Тәуке, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Қарасай, Есет батырлар, Бұқар жырау, Жиренше шешен, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин т.б. сынды еліміздің бірегей тұлғаларының есімдері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, дамуына зор еңбек сіңірген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та бүгінгі уақытта елі мен әлем мойындаған бірегей тұлға болып табылады.

Әрбір халық қадірлі тұлғаларын ұрпағына өнеге етіп тәрбиелеуге ерекше мән берген. Сонда ғана даңқты ата-баларының өмірлерінен үлгі алып өскен рухы күшті, жігерлі, қайратты ұрпағының келешекте елі мен жерінің намысын бермейтін азамат болып өсетіндігін халық түйсінген. Еліміздің бірегей тұлғаларының барлығы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та заманында халықтың осындай тәрбие мектебінен өнеге алған адамдар. Бүгінгі уақытта бұл үрдіс әрі қарай жалғасуда. Себебі, ата-бабаларының ұлағатты өмірлерінен тағылым алым өскен ұрпақ қана тәуелсіздігімізді баянды ете алады, бұл уақыт дәлелдеген шындық. Бұл орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет» деген сөздерін келтіруге болады. Бүгінде ел тарихында орны бар тұлғаларымен қатар Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тұлғасын тануға деген көпшіліктің қызығушылығы артып келеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасының өнегелік тұстарын зерделеп, ұғыну келешек жастарымыз үшін де маңызды болмақ. Нұрсұлтан Назарбаевтың халқының белгілі азаматы болуына, тұлғалық деңгейге көтерілуіне дейін қандай ортада өскені, кімдерден тәрбие, өнеге алғаны, оның бойында көшбасшылық қасиеттердің пайда болуына ықпал еткен жағдайлар туралы мәліметтер алудың да бұл орайда мәні зор болмақ.

Жалпы «тұлға» ұғымы туралы ғылыми деректерде былайша айтылады. Тұлға – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға әлеуметтік тіршілік ету жағынан дара болады. Тұлғаның мәні нақты индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның әлеуметтік жүйе шеңберіндегі өзімен-өзі болу қабілетінде ашылады. Табиғи таланттардың, туа біткен ерекшеліктердің маңызды рөлін тұлға дамуында әлеуметтік факторлар жаңаша түрде көрсетеді. Тұлға қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туа алмайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып шығады[1,309 б.].

Тұлғаның қалыптасуына ықпал етуші факторлардың біріншісіне жеке адамның бойында туа біткеннен пайда болған генетикалық ерекшеліктер жатады. Туғанда адамның бойына тегі арқылы берілген қасиеттер тұлға қалыптасуының негізі болып табылады. Адамның қабілеттері мен физикалық қасиеттері сынды жеке тұлғаның туа біткен қасиеттері оның мінезіне, қоршаған ортаны қабылдауына әсер етеді. Биологиялық тұқымқуалаушылық тұлғаның жеке даралығын, басқа тұлғалардан айырмашылығын анықтайды.

Тұқымқуалаушылық – ата-анасынан ұрпақтарына қандай да бір белгілердің, ерекшеліктердің берілуі. Ұрпақтардың биологиялық сабақтастығын, әрбір түрге тән морфологиялық, физиологиялық және т.б. ерекшеліктердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сол арқылы түрлер арасындағы айырмашылықтарды сақтайды. Тұқымқуалаушылықтың материалдық тасымалдаушылары – гендер молекулалары организмнің барлық жасушаларының хромосомаларында бар дезоксирибонуклеин қышқылдарының бөліктері болып табылады. Барлық гендердің жиынтығы сол организмнің генотипін, яғни ата-анасының ұрпағынан алынған тұқым қуалайтын факторлардың жиынтығын түзеді. Жаратылыс заңдылықтарына сәйкес, әрбір адамның бірегей генотипі, яғни әрбір кісінің қайталанбас ерекшелік қасиеттері оның тұқымқуалаушылығында күн ілгері белгіленген болып шығады. Алайда кез-келген ген өзіне сай орта болғанда ғана белсендіріледі. Олай болмаса, геннің белсенділігі мүлде көрінбей қалуы немесе күрт төмендеуі мүмкін[1,308].

Бұл орайда Елбасы Н. Назарбаевтың тұлға болып қалыптасуында тектілік, тұқым қуалаушылық факторының аз болмағанын айтқан жөн. Нұрсұлтан Назарбаевтың сегізінші атасы Қарасай батыр – қазақ халқының тарихындағы белгілі тұлғалардың бірі. Қарасай батыр – Ұлы жүздегі Шапырашты руының Есқожа тармағынан шыққан. И.Э. Фишердің «Сібір тарихы» атты кітабында Қарасайдың 1635 ж. Сібір-Тобыл ұрысына қатысқаны туралы мәліметтер берілген. Сондай-ақ даланың ауызша тарихнамасында Қарасай батырдың 1643 ж. Орбұлақ шайқасына қатысқандығы туралы айтылады. 1652 ж. Қарасай қазақ жасақтарын басқарып, жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ержүрек, көреген қолбасшы ретінде көзге түседі.

Қарасай батырдың атын ұрпақтары, елі аңызға айналдырған. Сүйінбай ақынның «Қарасай батыр» атты толғауы – батырдың ерлігі көпке мәлім болғандығының айғағы.

Елбасының жетінші, алтыншы аталары Қарасайұлы Көшек, Көшекұлы Айдар ел намысын қорғаған батырлар болса, атасы Назарбай би Сапақбайұлы 1909 жылы Шамалған ауылының биі болып сайланған, маңайындағы елге сыйлы жан болған. Нұрсұлтан Әбішұлының әкесі Әбіш те, анасы Әлжан да ауыл-аймаққа сыйлы, еңбекқор, кішіпейіл адамдар болған. Әбіш Назарбаев соғыс

жылдарында егін ететін, таудан жол салатын бригадаларға басшылық етіп, тыл майданында қажырлы еңбегімен танылады. Әбіш Назарбаевтың 1948 жылы «За доблестный труд» медалімен марапатталғандығын айғақтайтын құжаттың көшірмесі Мемлекет басшысының жеке мұрағатында сақталған. Қазақстан жеріне еріксіз жер аударылған балқар ұлтының өкілдері сол жылдары оның қарамағында жұмыс істеген. 1991 жылы Елбасына жазған хатында Ш. Муллаев Ә. Назарбаевтың қамқорлығын көргендігі туралы айтады. Нұрсұлтан Назарбаевтың анасы Әлжан ақжарқын, өжет, сөзге шешен, өнерге жақын адам болған. Жоғарыда айтылған жағдайлардың барлығы ескерілетін болса, Нұрсұлтан Назарбаевқа қайсарлық, батырлық, мәмілегерлік, еңбекқорлық, шешендік қасиеттердің тұқым қуалау арқылы келгендігін, тектілікпен берілгендігін аңғаруға болады.

Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін келесі фактор қоршаған физикалық ортаның әсері. Қоршаған табиғи ортаның адамның мінез-құлқына, оның қалыптасуына ықпал етуі табиғи заңдылық. Мысалы, өркениетті тайпалардың, адамдардың түрлі топтарының пайда болуы климат өзгерістерімен байланыстырылады. Түрлі климаттық жағдайда өскен адамдардың бір-бірінен айырмашылықтары болатыны белгілі. Мысал ретінде, таулы аймақта, далада өскен адамдардың, орман-тоғайлы жер тұрғындарының мінезіндегі айырмашылықтарды келтіруге болады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлға болып қалыптасуына туған жері табиғатының да әсері аз болмағаны белгілі. Елбасы бұл туралы өзінің естелігінде былай дейді: «...кез келген адам, ең алдымен табиғат перзенті. Адамның қалыптасуына климат пен ландшафт та қатысатыны ғылыми негізде әлдеқашан дәлелденген. Туған жерім – тау, жігіт, азамат болып өскен жерім – дала. Таудың биіктігі мен даланың кеңдігі ақыл-ойыма да, мінезіме де қатар әсер еткен сияқты десем, артық айттыға балана қоймас. Мен алдымен өзім өскен өлкенің жер бедеріне, табиғат сұлулығына қарыздармын деп білемін» [2, 9 б.].

Елбасының туған жері – қазақ еліндегі «Жер жаннаты» атанған Жетісу өңірі. Алатаудың бөктеріне жайғасқан Үшқоңыр, Шамалған, Қаскелең сұлу табиғатымен ерекшеленген жерлер. Асқаралы Алатаудың алыстан көз тартатын шындары, Үшқоңыр жайлауының жайқалып өскен көкмайса шалғыны, тау өзендері мен бұлақтарының кәусар суы, таудың салқын самалы мен тап-таза ауасы әрбір адамның ой-санасына, сезіміне әсер етпей қоймайды. Таулы жерде өскен адамның тау секілді өр, өжет келетіні белгілі, ал дала адамның жан-дүниесінің кеңдігіне, ашықтығына әсер етеді. Елбасының туған жеріне таудың да, даланың да табиғаты тән. Сондықтан да Нұрсұлтан Назарбаевтың бойынан тау адамына тән өрлік, қайсарлық, дала адамына тән кеңпейілдік, дархандық мінездері сабақтаса көрініс тапқан. Жетісу өңірінде қазақ халқына белгілі Тұрар Рысқұлов, Дінмұхаммед Қонаев, Ораз Жандосов, Бауыржан Момышұлы, Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Нұрғиса Тілендиев сынды дарынды тұлғалардың өмірге келіп, өскенін ескерсек, киелі табиғаттың Елбасының тұлға болып қалыптасуына да әсері мол болғандығын ұғынуға болады.

Тұлғаның қалыптасуына әсер етуші факторлардың бірі қоршаған әлеуметтік ортаның әсері. Бұл факторды дара тұлға қасиеттерінің қалыптасу процесіндегі негізгі фактор деп есептеуге болады. Тұлғаның әлеуметтенуі әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, еліктеу арқылы, басқа адамдардың ықпалын есепке алу арқылы, түрлі мінез-құлық түрлерімен танысу арқылы жүреді. Әлеуметтену алғашында бастауыш топтарда, кейіннен ұйымдар мен әлеуметтік институттарда жүреді. Жеке тұлғаның қоғамдық мәдени нормаларға әлеуметтенуі дұрыс жүргізілген жағдайда ол жан-жақты жетілген тұлға болып қалыптасады.

Қоғамның даму дәрежесі неғұрлым төмен болса, ел ішінде баршаны бірдей теңестіру принципі өріс алады да, ондай қоғам мүшелерінің көбі құлдық бағыну күйінен арыла алмайды. Дербестігінен айрылып, өз бетінше ой жүгіртпеген адам, өзін тұлғалық дамыту ниетінен ажырап қалады.

Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар өрісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ете алу қабілетіне байланысты келеді. Шығармашыл тұлға тікелей қоршаған әлеумет шеңберінде қалып қоймай, өзін ауқымды қоғам аймағы негізінде қалыптастыруға ұмтылыс жасайды. Мұндай адам бойында өзі жасаған қауымның, тіпті бүкіл қоғамның болашақ өркениеті көрініп, ол өз дәуірінің сапалық деңгейінен көш ілгері жүреді [3,175 б.].

Әлеуметтік орта – жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері. Әлеуметтік ортаға мектептің ықпал жасауы нәтижесінде баланың дүниеге көзқарасы, құлықтық, эстетикалық және осы сияқты болымды қасиеттері дамып қалыптасады. Егер адамдардың қалыптасуына ортаның қатысы шамалы болса, онда орта адамдардың талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан адам өзінің дамуы үшін қажетті материалдарды осы әлеуметтік ортадан жинайды. Егер бала әлеуметтік ортадан тыс қалса, онда оның даму дәрежесі жоғары болмайды [4,1 б.].

Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасының қалыптасуына алғашқы әлеуметтік орта – мектептің, қатарластарының ықпалы зор болғаны белгілі.

Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі – тәрбие. Тәрбие жеке тұлғаның адамдық бейнесін қалыптастырып, өмірге бейімделу үшін жүргізілетін игі әрекет. Тәрбие – аға ұрпақтың өсіп келе жатқан жана ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін үрдіс. Сонымен қатар, тәрбие деп әлеуметтік ортаның ықпалы арқылы адамды қалыптастыру үрдісін айтады. Тәрбие тұлғаны мәдениетке, қатынасқа жетелейді және әлеуметтенудің басталуын анықтайды.

Алдымен тәрбиені бала өзінің отбасынан, ата-анасынан алады. Адамгершілік қасиеттері баланың бойында отбасы тәрбиесінде сөзбен дарымайды, үлкендердің үлгісімен сіңіріледі. Нұрсұлтанның ата-анасы «Үлкенге – ізет, кішіге – өнеге» дейтін халықтың салт-дәстүрін тәрбие көзі санай отырып, өнеге беруге ұмтылған. Бұл жөнінде Елбасының «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында жазылған. «Үлкенге ізет білдіру біздің тәрбиеміздің алтын дінгегі болатын және де ата-анасының ақ батасынсыз қандай іске болса да кірісу тіпті ақылға қонбайтын нәрсе еді. Бұл біздің ұрпақтың бойындағы онша жаман қасиет емес қой деп ойлаймын. Ол біздің қанымызға құртақандай кезімізден бастап сіңген. Әкем үлкен кісіні көрсең оны танысаң да, танымасаң да алдымен сәлем бер деп өсиет айтудан жалықпайтын. «Ассалаумағалейкум» деп сәлем бергенде үлкен кісілердің жүздері жадырап сала беретіні есімде. Мынадай да әдет-ғұрып бар болатын. Егер ұзақ уақыт алыс сапарда болып, ауылға қайта оралсаң, өз үйіңе кірерден бұрын сол ауылдың ең жасы үлкен тұрғынына сәлем беріп, батасын алу міндетті еді. Бәлкім бұның қазір біреулерге ұсақ-түйек, елеусіз нәрселер болып көрінер? Бірақ ата-бабалардан қалған мұндай әдет-ғұрыпқа жұрттың бәрі қашаннан тақ тұратын. Балалары ата-дәстүрін сақтаса, оларды әрбір әке мақтаныш тұтатын».

Бұл сөздерден әрбір қазақ отбасының бала тәрбиесіне бей-жай қарамағанын аңғаруға болады. Баланы елдің абыройлы, ұлтжанды, иманды азаматы, ел қорғайтын намысты ері етіп тәрбиелеуге ерекше назар аударған. Тәрбиені отбасындағы ата-ана тәрбиесі және мектептегі ұстаздар тәрбиесі деп шартты түрде екіге бөлуге болады. Халқымыз ата-ана тәрбиесімен қатар, ұстаз тәрбиесіне ерекше мән берген. Болашақ елдің азаматы қайсар, алғыр, ер мінезді болып өсуі үшін ұстаздардың ер адамдар болғанына да көңіл аударған. Мысал ретінде, ертеректе медреселерде, сауат ашу мектептерінде көп жағдайда ер адамдардың дәріс бергенін айтуға болады.

Нұрсұлтан Әбішұлының өмірінде ұстаздарының тәрбиесі де елеулі рөл атқарғаны белгілі. Бала Нұрсұлтанның мектеп табалдырығын аттағандағы алғашқы ұстазы Тәкура Алғадайқызы Исмаилова мінезге бай, парасатты, жан жылуы мол адам болған. Тәкура Алғадайқызы Нұрсұлтанның және басқа сыныптастарының жан-жақты жетіліп, қалыптасуына тәлімгер өнегелі ұстаз ретінде ерекше әсер етеді. Алғашқы ұстаздары туралы Елбасының сыныптасы С. Есімбайдың «Үшқоңыр – алтын бесігім» кітабында жазылған.

1947 – 1957 жылдар аралығында Шамалғандағы Фурманов атындағы мектепте сабақ берген мұғалімдері – геометрия, алгебра, тригонометрия пәндерінен дәріс берген талапшыл ұстаз Жылқыбай Қарасаев, қазақ тілі мен әдебиетінің білгір мамандары – Мырзатай Ихамберлин, Қылыш Омаровтар, биолог Нұрудтин Шәменов, география пәнінің мұғалімі Тоты Сейітжанова, химия пәнінен дәріс берген Исаділ Шыбынтаев, математика пәнінің мұғалімі Панар Есімова, орыс тілінің маманы, оған қоса спорт ойыны түрлеріне, әсіресе шахмат ойнауға еліктіріп баулыған Талапбек Сұлтанбеков, дене тәрбиесінің ұстазы Николай Шлыков, тарихтың жетік маманы Смағұл Мұқановтардың Нұрсұлтан Әбішұлының терең әрі сапалы білім алуына ықпалы зор болған.

1957-1958 жылдар аралығында Абай атындағы мектепте дәріс берген ұстаздары – мектеп директоры Әбдірахман Байжанов, тарих пәнінің мұғалімі әрі оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі Сейітхан Исаев, Уәли Игелманов, Әсет Асқаров, Бағман Кенжекеев, Әзипа Сарыбаева, Рагим Дурсунов, Қабдолла-Гауһар Құлмағановтар, Қажыкен Қоңқашбаевтардың білімі Нұрсұлтан Әбішұлының өміріне ерекше әсер етеді.

Нұрсұлтан Назарбаев мектепте қоғамдық алуан істерде де ұйымдастырушылық қабілеткерлігімен жете танылады, жоғары сыныптарда бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып сайланады. Оқушы Нұрсұлтан түрлі кештер өткізу, демалыс күндерін ұтымды ұйымдастыру, тәртіп пен тазалықты сақтау, бұл істердің баршасының басы-қасында дер кезінде табылады екен. Ардагер-ұстаз Сейітхан Исаев шәкірті туралы былайша пікір толғайды: «Мектепте оқып жүрген кезінде Нұрсұлтан алғыр, мінезі орнықты, білімге ынталы бала болатын. Өнерлілігімен есімі аудан көлеміне де белгілі болып жататын. Қоғамдық жұмыстарға, мектеп өміріндегі әр қилы істерге бел шеше араласып кететін. Комсомол ұйымы қат-қабат шаруаларының әркез басы-қасында жүретін. Табиғаттың берген өнерін, көптің игілігіне жұмсайтын, келешегін ойлай білетін оқушы болды.

Нұрсұлтанның оқушы кезінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуы, ол баланың ой-санасын ертерек жетілдірді».

Сыныптастарының, ұстаздарының пікірінше Н. Назарбаев жоғары сыныпта жинақы, ұстамды, орнықты мінез-машығымен, білуге-тоқуға деген ерекше ұмтылысымен, ең бастысы қашан да, қай істе де сергектігімен назарға ілінген.

Н. Назарбаев мектеп қабырғасында оқып жүргенде спортпен шұғылданудан да бойын аулақтап қалмай, бірнеше спорт түрлерімен айналысқан. Мысалы, дене шынықтыру, әскери тәрбие сабақтарында жүгіруден алдына жан салмаса, жоғары сыныптарда күреспен айналысқан, достарымен бірге бокспен де шұғылданады. Оқуда үлгілі, еңбекте озат болған Нұрсұлтан өнерпаздығымен де қатарластарына үлгі болады.

Өнерпаз Нұрсұлтанның әсіресе, гармоньды құйқылжыта тартуы қатарластарының айрықша есінде сақталған. Нұрсұлтан Әбішұлының он жыл бірге оқыған досы Сәдуақас Есімбай бұл туралы: «Сұлтан өнерден де құралақан емес еді. Жетінші сыныпқа көшкенге дейін ол домбыра шертіп, мандолин мен гармонь ойнауды үйреніп, қазақтың халық әндерін, орыстың частушкаларын нақышына келтіріп орындайтын» дейді [5, 119 б.].

Бұл сөздерден Нұрсұлтан Әбішұлының өнерпаздық қабілеттерінің, лидерлік қасиеттерінің арқасында қатарлас сыныптастары мен дос-жолдастарының арасында ерекшелене бастағанын байқауға болады.

Оқу мен еңбектің, еңбек пен оқудың қатар жүруі жас жеткіншек Нұрсұлтан мен оның замандастарының ширығып, еңбектің, уақыттың қадірін білуге үйретеді. Бұл туралы Нұрсұлтан Әбішұлы былай дейді: «Қазір бүкіл педагогтық коллективтер қайтсек тиімді ұйымдастырамыз деп бастарын қатырып жүрген еңбек тәрбиесі дейтініміз менің мектеп қабырғасындағы жылдарымда көкейкесті проблема болмайтын» [6, 17 б.].

Елуінші жылдары әрбір бала жазғы демалыстарында ата-аналарына қолғабыстарын тигізсе, мектепте оқу басталғаннан жүгері, қызылша, көкөніс, мақта, күріш, егін жинау науқандарына қатысып, аудандағы, ауылдағы, мектеп жанындағы шаруашылықтарға көмектерін көрсеткен. Нұрсұлтан Әбішұлы да Фурманов мектебінің тоғызыншы сыныбында оқып жүрген кезінде «Жас натуралистер» ұйымына мүше болады. Ұйым мүшелерімен бірге Нұрсұлтан Назарбаевтың 1956 жылғы Москва қаласында өткен Бүкілодақтық ауыл-шаруашылық көрмесіне жіберген өнімдері ерекше бағаланып, медальмен марапатталады. Осылайша оқушы Нұрсұлтан алғашқы наградасын он алты жасында алады [7, 67 б.].

Нұрсұлтан Әбішұлының бойындағы осындай игі қасиеттер мен қабілеттердің, білімі мен білігінің арқасында аудан көлемінде оқушылар мен ұстаздар арасында айрықша беделге ие болады.

Осылайша, Елбасының балалық шағындағы өмірін зерделей отырып, Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың тұлға болып қалыптасуына тектілік, тұқымқуалаушылық, алғашқы әлеуметтік орта, қоршаған физикалық орта, тәрбие факторларының ықпалы зор болғандығын білуге болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы музейінде 2011 жылдан бастап «Тұлға және тарих: қалыптасу және өзара ықпал ету факторлары» атты ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары барысында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың туған өлкесі, білім алған, еңбек атқарған жерлеріне іссапарлар ұйымдастырылды, сондай-ақ, Мемлекет басшысының сыныптастары, құрдастарымен кездесулер өткізу, замандастарынан сұхбаттар алу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президентінің өмірбаянына қатысты тың деректер жинақталды.

Жинақталған, зерттелген материалдар негізінде 2013 жылдан бастап «Елбасытану» элективті курсы ұйымдастырылды.

«Елбасытану» элективті курсының мақсаты – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өмірі, қызметі мен еңбек жолын өнеге ету арқылы елжанды, халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын бағалайтын, тәуелсіз еліміздің болашағын баянды етуге лайықты көшбасшы тұлға қалыптастыру.

«Елбасытану» элективті курсының міндеттері: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өмірбаяны, еңбек жолымен оқушыларды таныстыру; Н. Назарбаев тұлғасының өнегелік тұстарын баяндау арқылы жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді қалыптастыру; оқушылардың Елбасы Н.Ә. Назарбаев туралы тарихи, ғылыми зерттеулер жүргізуіне ықпал ету; өзіндік ой, көзқарас, пікір қалыптастыру болып айқындалды.

Курсты өткізуден күтілетін нәтиже – ел тарихы мен тұлғаларына құрмет сезімін бойына дарытқан, зерделі, отансүйгіш, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру болып көзделді.

«Елбасытану» курсы алғаш рет 2013 жылдың қазан-қараша айларында елорданың № 4 Ж. Жабаяев атындағы мектеп-гимназиясының оқушыларына жүргізілген болатын. Ал 2014 жылдың қыркүйек, қазан айларында «Елбасытану» элективті курсы Астана қаласындағы № 50 мектеп-лицейдің оқушыларына, 2015 жылы қазан айында № 38 мектеп-лицейінің оқушыларына өткізілді.

«Елбасытану» курсы бойынша жүргізілген дәрістер барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Елбасының туған өлкесі Қаскелең, Шамалған, Үшқоңырға, білім алған, қызмет атқарған Днепродзержинск, Алматы, Теміртау, Қарағанды қалаларына ғылыми-іздірету іссапарлары барысында жинақталған материалдар көпшілік назарына ұсынылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ұстаздары, замандастарымен кездесулер кезінде алынған деректер, сонымен қатар мұрағат, кітапханалар қорларынан табылған маңызды мәліметтер дәріс тындаушылардың ерекше қызығушылығын туғызды.

Курс «Атамекен – алтын бесік» атты дәріспен басталды. Дәріс барысында «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деп аталған тақырып аясында «Тамырына қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» дегендей Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бойында қайсарлық, батырлық, мәмілегерлік, шешендік қасиеттердің қалыптасуына ықпал еткен тектілік, тұқым қуалаушылық факторы туралы айтылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлға болып қалыптасуына туған жері табиғатының да әсері аз болмағаны белгілі. Тақырыпты баяндау барысында Елбасының туған жеріне арналған өлеңдері оқылды, жер жәннаты атанған Жетісудың, Қаскелең мен Үшқоңырдың сұлу табиғаты слайдтар арқылы көрсетілді.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп аталатын тақырып Н. Ә. Назарбаевтың ата-аналарының тәрбиелік өнегесі туралы баяндауға арналды. Нұрсұлтан Әбішұлының әкесі Әбіш Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасында 1948 жылы «За доблестный труд» медалімен марапатталғандығын айғақтайтын құжат, соғыс жылдарында Әбіш әкейдің қамқорлығын көрген, департацияланған балқар ұлтының өкілі Ш. Мұллаевтың Елбасына жазған «Қайырымдылық ұмытылмайды» деп басталатын хаты, отбасылық фотосуреттердің көрсетілуі, Елбасының ата-анасы туралы естеліктерінен үзінділер келтірілуі тақырыптың ашылуына оң әсер еткенін айтқан жөн.

«Адам тәрбиешісі – қоғам» дәрісі барысында Елбасының ұстаздары, замандастары туралы, Н. Ә. Назарбаевтың оқуы, өнерпаздығы, спортпен айналысуы, қоғамдық жұмыстарға қатысуы туралы баяндалды. Бұл сабақ барысында Нұрсұлтан Әбішұлы мен сыныптастарының алғашқы ұстазы Тәкура Алғадайқызы Исмаиловадан бастап кейінгі жылдары Шамалғандағы Д. А. Фурманов атындағы мектепте, Қаскелеңдегі Абай атындағы мектепте білім берген ұстаздары туралы естеліктер мен мәліметтер айтылды.

«Дарынды жас, талапты ұлан» атты тақырып аясында Н. Ә. Назарбаевтың оқуы, өнерпаздығы, спортпен айналысуы, қоғамдық жұмыстарға қатысуы туралы баяндалды. Н. Назарбаевтың 1956 жылы «Жас натуралистер» ұйымы мүшесі ретінде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы медалін иеленіп, алғашқы наградасын 16 жасында омырауына тағуы туралы бұрыннан көпшілікке беймәлім болып келген дерек тындаушылардың айрықша ықыласын аударды.

Елбасының еңбек жолы туралы дәрістің «Берекелі еңбек бастауы» атты тақырыбы аясында Н. Ә. Назарбаевтың еңбек жолының басталуы, Украинаның Днепродзержинск қаласында білім алуы туралы айтылса, «Ер еңбегімен еңселі» атты тақырыпты ашу барысында Н. Ә. Назарбаевтың 1971-1991 жылдар аралығындағы еңбек жолы туралы баяндалды.

Мұрағат қорларынан алынған Нұрсұлтан Назарбаевтың өндіріс озаттарымен бірге космонавт Валерий Быковскийдің қолынан ғарышта болып келген комсомол төсбелгісін алуы, Қазақстан комсомолының X, XII съездеріне, БЛКЖО-ның XIV съезіне, Финляндияның Хельсинки қаласында өткен VIII Бүкіләлемдік Жастар мен студенттер фестиваліне қатысуы туралы ақпараттар, құжаттар мен фотосуреттер дәріс мазмұнын толықтыруға ықпал етті.

«Нұрсұлтан Назарбаев – тарихи тұлға» атты сабақ пікір алысу түрінде өткізілді. Алғашқы бөлімінде дәріскер Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың егемен елімізді әлемге таныту мақсатында жасаған бастамалары туралы баяндады. Дәрістің негізгі бөлігінде оқушылар тақырып бойынша дайындап келген баяндамаларын оқып, пікір алысты.

Дәрістер барысында «Нағыз жігіт – нағыз дос», «Анаға арнау», «Жалынды жастық шаһары» т.б. деректі фильмдер мен Елбасы замандастары бейнедәрістерінің көрсетілуі сабақтардың мазмұнын аша түсті.

«Елбасытану» курсы аясында Тұңғыш Президенттің замандастары Сәдуақас Есімбай, Қабидолла Сарекенов, Елбасы рөлін сомдаған актер Нұрлан Әлімжан және тағы да басқа азаматтармен кездесулер өткізілді.

Өтініш білдіріп, тапсырыс жасаған оқу орындарына да курс аясында дәрістер өткізілді. 2014-2015 жылдары педагогикалық ұжымдардың сұраныстары бойынша Ақмола облысы Енбекшілдер ауданы Қоғам орта мектебі, Аршалы ауданы оқушыларына, Қосшы ауылдық округі әкімінің сұранысы бойынша Целиноград ауданы ұстаздары мен оқушыларына арналған дәрістер өткізілді.

2016-2018 жылдар аралығында «Елбасытану» курсы бойынша дәрістер Қостанай облысы Жанкелдин, Амангелді аудандары оқушыларына, Арқалық Алматы, Түркістан қалаларында жоғары оқу орындары, колледж студенттеріне, Атырау, Ақтөбе қалаларында Назарбаев зияткерлік мектептері оқушыларына өткізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» - деп атап өткен болатын. Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей тәуелді.

Өзін туған елінің патриоты санайтын әрбір азамат үшін Отанына адал қызмет етуден артық мәртебе жоқ. Демек, ел мәртебесін биіктеткен Елбасының өмірі мен ерен еңбегі баршамыз үшін, әсіресе келер ұрпақ үшін үлкен өнеге. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасының өнегелік тұстарын зерделеп, ұғыну келешек жастарымыз үшін ерекше маңызды. Халқымыздың ұлы тұлғаларынан ұлағат алып, олардың ерлік істерінен рух алып, еңбегінен өнеге алып өскен жас ұрпақ – еліміздің болашақ иелері ғана тәуелсіздігімізді баянды, келешегімізді бақытты ете алады.

Олай болса, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірбаяны мен еңбек жолы туралы баяндайтын Елбасытанудың елтанудың маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалуы болашақтың еншісінде деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ. Б., Сангилбаев О. С. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік – Словарь», 2006. – 384 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Өмір өткелдері. Сұхбат кітабы. – Астана: «Фолиант», 2015 – 568 б.
3. Бап-Баба С.Б. Жалпы психология (жантану негіздері). – Алматы: «Заң әдебиеті», 2009. – 268 б.
4. Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы // www.kitaphana.kz
5. Есімбай С.О. Үшқоңыр – алтын бесігім. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2010. – 472 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. – Алматы: «Қазақстан», 1991. – 308 б.
7. ХХІ ғасыр мұражайы. Даму стратегиясы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2015. – 154 б.

Әбдіқалық Е.Қ.
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Guldana-97@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. Қ.М.Нағымжанова
e-mail: karakat_4@mail.ru

ТҰЛҒАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЕРІК САПАЛАРЫМЕН ҚАТЫСЫН СИПАТТАУ

ИССЛЕДОВАНИЯ ВЛИЯНИЯ ВОЛЕВЫХ КАЧЕСТВ НА ЗДОРОВЬЯ ЛИЧНОСТИ

DESCRIPTION OF WILL IN RELATION OF PERSONAL HEALTH

Аннотация. мақалада тұлғалық денсаулықтың психологиялық сипатын тұлғаның ерік сапаларымен байланыстырыла көрсетілген.

Түйінді: психологиялық денсаулық, ерік сапалар.

Аннотация. В статье раскрывается психологическое здоровье, связанный с личностными волевыми качествами человека.

Ключевые слова: «психологическое здоровье», «волевые качества».

Annotation. The article reveals the psychological health associated with personal volitional qualities of a person

Keywords: psychological health, volitional internals.

Әр уақытта бүкіл әлем жұртшылығының және қоғамның өзгермейтін құндылығы физикалық және психологиялық денсаулық болып табылады. Ерте кездің өзінде оны дәрігерлер мен философтар адамның еркін іс-әрекеті, оның жетілуі ретінде түсінді. Бірақ үлкен құндылығына қарамастан, «денсаулық» түсінігі нақты ғылыми анықтамаға ие болған жоқ. Қазіргі кезде оның анықтамасын түсіндіретін бірнеше көзқарастар бар.

Көптеген авторлар: философтар, дәрігерлер, психологтер (Ю.А. Александровский, 1976 ж.; В.Х. Василенко, 1985ж.; В.В. Николаева, 1991ж.; В.М. Воробьев, 1995ж.) денсаулық анықтамасына қатысты бір-бірімен келісетін бір мәселе – ол қазіргі кезде жалпы қабылданған ортақ ғылыми негізделген «индивид денсаулығы» түсінігінің жоқтығы /1, б.364/

Ең алғашқы денсаулық анықтамасы – Алкмеон анықтамасы қазіргі кезге дейін өз жақтаушыларына ие: «Денсаулық қарама-қарсы бағытталған күш үйлесімділігі».

Цицерон – денсаулықты әртүрлі рухани жағдайлардың дұрыс қатынасы ретінде сипаттайды.

Стойктар мен эпикурлықтар денсаулықты барлығынан жоғары қойып, оны интуиизммен, барлық шексіздік пен қауіптілікке қарсы қойды. Эпикурлықтардың пікірінше, денсаулық – бұл барлық қажеттіліктердің толық қанағаттануына байланысты ләззат алу. К.Ясперстің ойынша, психиатрлар денсаулықты «адамның тума потенциалдарын» жүзеге асыру қабілеті ретінде қарастырды.

Басқа да көзқарастар бар: денсаулық – адамның «Менін» жүзеге асыру, адамдардың қоғамына толыққанды және үйлесімді араласуы. К.Роджерс, денсаулығы сау адамды қозғалымпаз, ашық, қорғаныс реакцияларын қолданбайтын, сыртқы әсерден тәуелсіз, өзінен тірек іздеуші адам ретінде қабылдайды. Оптималды актуализацияланған мұндай адам өмірдің әр сәтімен қанағаттанады. Мұндай адам қозғалымпаз және өзгермелі жағдайларға жақсы бейімделуші, басқаларға шыдамды, эмоционалды және рефлексивті /2, б.155/.

Ф. Перлз адамды біртұтас психикалық денсаулығын өзінің қажеттіліктерін саналау қабілеттілігі мен көрінетін тұлғаның жетілуімен байланыстырады және конструктивті мінез-құлық, сау бейімделушілік және өзі үшін жауапкершілікті қабылдау шеберлігі ретінде қарастырады. Жетілген және сау тұлға аутентті, спонтанды және іштей еркін /3, б.360/.

3. Фрейдтің пікірінше, психологиялық сау адам – бұл қанағаттанушылық принципін шындық принципімен үйлестіре алушы адам.

К.Г. Юнг бойынша, өзінің санасыздығының мазмұнын ассимиляциялаған және қандай да бір архитептің шырғауынан еркін адам ғана сау бола алады.

В.Райха көзқарасынша, неврологиялық және психосоматикалық бұзылулар биологиялық қуаттың тұрып қалуынан туындайды, яғни саулық жағдайы қуаттың еркін өтуімен сипатталады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ережесінде, денсаулық тек қана ауырудың және физикалық кемшіліктердің болмауы ғана емес, сонымен бірге толық әлеуметтік және рухани үйлесімділікті көрсетеді.

БМЭ –нің екінші басылымының сәйкес томында денсаулық адам ағзасының күйі ретінде анықталады, мұнда қандай да бір ауыру туғызған өзгерістер жоқ және ағза мүшелерінің функциялары сыртқы орта жүйесімен тұтастылықта болады. Берілген анықтаманың негізіне денсаулықты үш белгі бойынша бағалайтын категориялар кіреді.

Олар:

- әлеуметтік;
- соматикалық;
- тұлғалық /4, б.40/.

Әлеуметтік адамның әлемге әрекетті қатынасы, әлеуметтік белсенділік, еңбекке қабілеттілік мөлшері.

Соматикалық – қоршаған ортаға жоғары деңгейде бейімделу физиологиялық процесстердің үйлесімділігі, ағзаның өзін-өзі реттелуінің жетілуі.

Тұлғалық белгі - өмірлік жағдайларды басқара алу деңгейі, адам өмірінің стратегиясын білдіреді.

Кез келген деңгейдегі бұзылулар ағзаның тұрақтылығына әсер етеді. Г.А. Кураев, С.К. Сергеев және Ю.В. Шленовтар көптеген денсаулыққа байланысты анықтамаларында адамның ағзасы өзінің мүмкіндіктерін кеңейтуге, сақтауға, төзімді болу және бейімділігін көрсетіп, қарсы тұра алу керек деген көзқараста болды. Авторлар денсаулықты осылай түсіну адамды агрессивті табиғи және әлеуметтік ортада тұратын күрескер тіршілік иесі ретінде қарастыруға әкелетіндігін көрсетті.

Зерттеушілер адам ағзасының негізгі функциясының жұмыс істеуіне байланысты денсаулықты анықтауды ұсынады. Ағзаның өзара әрекеттесуші жүйелерінің қабілеті ретінде өмірдің әлеуметтік және мәдени аймақтарына бағытталған фенотиптік мінез-құлық пен адам ақыл-ой іс-әрекетін, генеративті функцияларды, инстинктивті процестерді шартсыз рефлекторлы генетикалық бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Денсаулықты философиялық тұрғыдан түсіндірсек, онда ол құбылыстардың негізінен шығатын, қажеттілікті бейнелейді, ал ауру – бұл ортақ сипаты жоқ кездейсоқтық, сондықтан да қазіргі заманғы медицина заңды және қажетті болып табылатын денсаулықпен емес, кездейсоқ құбылыстар – аурулармен айналысады /6, б.40/.

Н.В. Яковлева қолданбалы зерттеулерде көрініс берген, денсаулықты анықтайтын бірнеше келістерді бөліп көрсетеді. Солардың бірі қарама-қайшылық келісі, онда денсаулық аурудан арылу ретінде қарастырылады. Осы келістердің негізінде медициналық психологиямен тұлға психологиясында зерттеулер жүргізілген. Шындығында да денсаулық феноменін осылайша қарастыру, соңғы бола алмайды. Әртүрлі авторлар денсаулықты осылай түсіндіруде келесі кемшіліктерді келтіреді:

1. денсаулықты ауру емес ретінде қарастырудың өзінде логикалық қателік жатыр, себебі, түсінікке терістеу арқылы анықтама беру болып есептелмейді;
2. берілген кеміс субъективті себебі, мұнда денсаулық барлық белгілі ауруларды терістеу ретінде қарастырылады, бірақ белгісіз аурулар анықталмай қалады;
3. мұндай анықтаманың сипаттамалы және механистикалық сипаты бар, мұның өзі индивидуалды денсаулық феноменінің негізін оның ерекшеліктерінің динамикасын ашуға мүмкіндік бермейді /6, б.298/.

Ю.П. Лисицын былай дейді: «Денсаулық бұзылыстар мен аурулардың болмауынан да маңыздырақ, бұл – толыққанды еңбек ету, демалу, бір сөзбен адамға тән функцияларды іске асыру, еркін көңілді өмір сүру» деген қорытынды жасайды /6, б.346/.

М.В. Яковлева екінші келісті комплексті – аналитикалық ретінде сипаттайды. Берілген жағдайда корреляциялық байланыстарды санау жолымен денсаулықты зерттеу кезінде денсаулыққа әсер ететін жеке факторлар анықталады. Содан кейін нақты адамның өмірлік ортасында берілген фондардың кездесу тиімділігі талданады және осының негізінде оның денсаулығы туралы қорытынды жасалады. Автор осы келістің келесі кемшіліктерін көрсетеді:

- адам денсаулығы туралы қорытынды жасау үшін нақты формалардың жетіспеушілігі, факторлар қосындысының жиынтығы ретіндегі денсаулықтың бірегейлі абстрактілі эталлонының болмауы;
- адам денсаулығын сипаттайтын, жеке белгінің бірдей сандық көрсеткіштерінің болмауы.

Денсаулық мәселелерін зерттейтін алдыңғы келістерге альтернативалар ретінде жүйелі келіс қарастырылады. Оның принциптері төмендегідей:

- ауру емес ретінде денсаулықты анықтаудан бас тарту;
- денсаулықтың жүйелі критерилерін анықтау (адам денсаулығының гештальт-критерилерінің жүйесі).

Денсаулық - адамның бейімделу мүмкіндіктері (денсаулық потенциалы) арасындағы тепе-теңдіктің күйі ретінде түсінуді академик В.П. Петленко 1997 жылы ұсынды /10, б.49/.

Н.Д. Лакосина мен Г.К. Ушаков денсаулықты адамның мүшелері мен жүйелерінің құрылымдық және функционалды сақталуы ретінде әлеуметтік және физикалық ортаға жоғары индивидуалды бейімделгіштігі ретінде қарастырды.

В.П. Казначеев индивид денсаулығын өмірдің максималды ұзақтығы кезіндегі әлеуметтік белсенділік пен оптималды еңбекке қабілеттілік, биологиялық, физиологиялық және психологиялық функциялардың дамуымен сақталынуының динамикалық жағдайы ретінде анықталуы мүмкін екендігін көрсетті. Оның ойынша, бұл анықтамада индивидтің өмірлік мақсаттары мен негізгі әлеуметтік биологиялық функциялардың толыққанды жүзеге асуы ескеріледі /11, б.178/.

Сонымен, денсаулықтың келесі түрлерін көрсетеміз:

- физикалық немесе (соматикалық) денсаулық;
- психикалық денсаулық;
- рухани адамгершілік саулық;
- әлеуметтік денсаулық.

Жұмысымыздың мазмұнының нақтылап ашу міндетін алдыға қоя отырып, физикалық және психологиялық денсаулыққа толығырақ тоқталайық.

Физикалық денсаулық бұл ағзаның максималды адаптация және жетік өзіндік реттелуінің негізінде ағзада әртүрлі сыртқы орта факторларының әсерінен болып жатқан физиологиялық процестерде үйлесімділік байқалады. Ол биологиялық заңдылықтарға бағынады және өмірдің әлеуметтік жағдайларына байланысты болады.

Психологиялық денсаулық, біржағынан адамның өзінің жасерекшелік, әлеуметтік және мәдени рөлдерін адекватты орындаудың шарты болып табылса, ал екінші жағынан оның өмір бойы үздіксіз даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Даму жайлы айтқанда бұл түсінік мазмұнының «өзгеріс» мазмұнынан өзгеше екендігін айқындап айту керек. Даму өзгеріске қарағанда тұрып қалудың және қозғалыстың болуын ғана емес, сонымен бірге адамның позитивті жаңаға қарай мақсатқа талпынысында көрсетеді.

Егер психологиялық денсаулық толыққанды функция жасаудың негізгі шарты болса, ол психикалық денсаулық пен қаншалықты өзара байланыста «психологиялық денсаулық» терминінің қолдануының өзі адамның тән және психикасының бөлінбейтіндігін, яғни бір-бірінен толыққанды қызмет ете алмайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар соңғы кезде психологиялық денсаулықтың жаңа ғылыми бағыты, - «денсаулықтың психологиялық себептері, әдістері және оны сақтау, нығайту және дамыту құралдары жайлы бағыты» - бөлінді. (В.А. Ананьев).

Бұл бағыт шеңберінде денсаулықты сақтауға және ауырудың пайда болуына психикалық факторлардың әсері толық зерттеледі. Денсаулықтың өзі өзіндік мақсат ретінде емес, адамның жер бетінде өзіндік дамуының, оның индивидуалды миссиясын өтеуінің шарты ретінде көрсетіледі. Сондықтан психологиялық денсаулықты негізге ала отырып, психологиялық денсаулық физикалық денсаулықтың шарты болып табылатынын айтуға болады. Егер генетикалық немесе апаттық факторларды, стихияларды және т.б. әсерлерін есепке алмасақ онда психикалық сау адам, физикалық сау да болады. Психика және соматиканың өзара байданысы ерте кез медицинасында белгілі болған: «көзді бассыз емдеу, басты денесіз, денені жансыз емдеу дұрыс емес»- Сократ.

Қазіргі кезде бірталай өңделген бағыттар бар – психосоматикалық медицина, яғни психиканың дене функцияларына әсері механизмдерін қарастырады, психосоматикалық бұзылуларды жүйелейді олардың профилактикасы мен емдеу әдістерін анықтайды. Соңғы кездерде психосоматикалық аурулар спектрінің кеңею тенденциясын байқауға болады, яғни ғылымның дамуына байланысты психикалық шартталған аурулар саны көбеюде. Егер психологиялық сау адам портретін құрастыратын болсақ, онда психологиялық сау адам – ол ең алдымен спонтанды және шығармашыл, өмірге құштар және көңілді, ашық және өзін-өзі қоршаған ортаны тек қана ақылмен емес сезім және интуиция арқылы танушы. Ол толығымен өзін қабылдаушы және құныдылықтарды

қоршаған адамдардың ерекшелігін бағалаушы. Мұндай адам өз өмірі үшін жауапкершілікті өз басына алады және жағымсыз жағдайларды сабақ етеді. Оның өмірі мәнділікке толы. Ол үнемі даму үстінде және басқа адамдардың дамуына да ықпал жасайды. Оның өмірі жеңіл болмауы да мүмкін, кейде тіпті ауырда, бірақ ол тез өзгергіш өмір жағдайына тамаша бейімделе алушы. Ең маңыздысы - ертеңіне сеніп белгісіздік жағдайында бола алады. Психологиялық саулықты сипаттаудың кілтті сөзі «үйлесімділік» немесе тепе-теңдік. Ең алдымен бұл адамның өзін құрайтын арасындағы үйлесімділік: эмоционалдылық және интеллектуалдылық, тән және психика т.б. сонымен бірге адам мен оны қоршаған адамдар, табиғат космос арасындағы үйлесімділік. Бұл жерде үйлесімділік статикалық жағдай емес, процесс ретінде қарастырылады. Соған байланысты психологиялық саулық, - өзінің өмірлік міндеттерін атқарудың алғы шарты болатын индивид қажеттілігі және қоғам арасындағы үйлесімділігін қамтамасыз ететін адамның психикалық қасиеттерінің динамикалық жиынтығын көрсетеді /14, б.7-8/.

Егер, психологиялық саулықты сипаттаудың «кілтті» сөзі «үйлесімділік» сөзі деп келіссек, онда адамның психологиялық саулығының негізгі сипаттамасы ретінде өзіндік реттеуді атауға болады, яғни жағымды, сонымен бірге жағымсыз жағдайларға, әсерлерге адекватты бейімделе алушылық. Мұнда әсіресе, көңілді, жағымды жағдайларға бейімделудегі күреліліктерге аударған жөн. Сонымен психологиялық саулықтың негізгі функциясы – бұл тұлға ресурстарын мобилизациялауды талап ететін жағдайларда адам және қоршаған орта арасында белсенді динамикалық тепе-теңдікті ұстау.

Балалардың психологиялық денсаулығы өзіндік спецификаға ие. И.В. Дубровинаның көзқарасы бойынша психологиялық саулықтың негізі – онтогенездің барлық кезеңдеріндегі толыққанды психикалық дамуы болып табылады. Сондықтан бала мен ересектің психологиялық саулығы тұлғалық жаңа құрылымдардың жиынтығымен ерекшелінеді. Олар балада әлі дамымаған, бірақ ересек адамдарда болуы шартты. Сонымен, психологиялық саулық – бұл өмір бойы дамып отырады, бірақ оның алғы шарттары пренатальды кезеңде қалыптасады. Оның өмір жасында ол ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен үнемі өзгеріп отырады.

Аксиологиялық құрылым адамның өзіндік «мен» құндылықтарымен басқа адамдардың «мен» құндылықтарының мазмұныны көрсетеді. Оған өзін толық білу арқылы, басқа адамдарды жыныстық, жас ерекшелік, мәдени ерекшеліктерін және т.б. қарамастан абсолютты қабылдай алу сәйкес еді.

Құралды құрылым адамда өзін танудың өз санасын өзіне, өзінің ішкі іәлеміне және басқалармен өзара қатынаста шоғырландырудың құралы ретінде рефлексия қасиетінің болуы. Оған адамның эмоционалды жағдайын және басқа адамдардың жағдайын, басқаларға қиянат жасамай еркін және ашық сезімін көрсету, өзінің қоршағандардың мінез-құлқының көріну себептерімен нәтижесінің саналы түсіндіруді сәйкестендіруге болады.

Қажеттілікті мотивациялық құрылым – адамда өзіндік даму қажеттілігінің болуын анықтайды. Бұл адамның өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісі болатынын, оның дамуының қозғалыс күші ретінде белсенділіктің ішкі көзі бар екендігін көрсетеді. Өзінің дамуына жауапкершілікті толығымен қабылдайды және «өз биографиясының авторы» болады. (В.И. Слабодчиков).

Қарастырылған құрылымдарды қортындылай келе психологиялық саулық өзіне және басқа адамдарға деген оң қатынас тұлғалық рефлексия және өзіндік дамуға деген қажеттілік, - аталған құрылым компоненттерінің өзара байланысы немес динамикалық өзара әрекеттестігі. Адамда позитивті даму үшін, оң өзіндік қатынас болуы қажет. Ал өз кезегінде адамның өзіндік дамуы өзіндік қатынастың өзгеруіне әкеледі. Ал тұлғалық рефлексия өзіндік дамудың механизмі болып табылады. Соған байланысты өзіндік қатынас, рефлексия және өзіндік даму бір-бірін өзара шарттайды, үнемі өзара әрекеттестікте болады.

Экономикалық кері жағдайлар және отбасындағы қолайсыз әсерлер соматикалық әсерлермен қатар балаларда психологиялық денсаулық ауытқуларына әкеліп соғады. Оқушылардағы психологиялық денсаулықтың бұзылуларының ішінде кең тарағандары – эмоционалды тұрақтылықтың бұзылуы, іс-әрекеттегі ауытқушылық және гиперактивтілік.

Сыртқы орта факторларының отбасындағы жағымсыз жағдайлар және балалар тәрбиеленетін мекемелермен, кәсіби іс-әрекетпен, мемлекеттегі әлеуметтік экономикалық жағдайлармен байланысты факторлар жатады. Сыртқы орта факторларының маңызы балалық және жасөспірімдік кезеңдерде жоғары болады. Әрбір жас кезеңінде психикалық дамудың «жаңа құрылымындағы» неғұрлым мәнді психологиялық сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады. Бұлар әрбір баланың даму

жолындағы бағалай сипатаның критеріі ретінде көрінеді және оның психологиялық денсаулығының көрсеткіші қызметін жасайды.

Әдебиеттер:

1. Яковлева Н.В. Анализ подходов к изучению здоровья в психологии // Психология и практика. Ежегодник Российского психологического общества. Ярославль, 1998, Т.4. Вып.2. с.364-366.
2. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М., 1994.
3. Здоровье, развитие, личность / под ред. Г.Н.Сердюковой, Д.Н. Крылова, У. Кляйнпетер М., 1990, 360 с.
4. Лисицын Ю.П. Образ жизни и здоровье населения. М., 1982, 40 с.
5. Апанасенко Г.А. Охрана здоровья здоровых: некоторые проблемы теории и практики // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. СПб, 1993, с. 49-60.
6. Психология здоровья / Г.С.Никифоров, В.А.Ананьев, И.Н.Гурвич и др, Под ред. Г.С.Никифоров.– СПб.: Изд-во ун-та,2000.504с.
7. Вестник АМН СССР. 1982. Т.45. №1, с.49-58, №4, с.29-33.
8. Брехман И.И. Введение в валеологию - науку о здоровье. Л., 1987. 125 с.
9. Баевский Р.М., Берсенева А.П. Донозологическая диагностика в оценке состояния здоровья // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. СПб, 1993, с. 33-48.
10. Апанасенко Г.А. Охрана здоровья здоровых: некоторые проблемы теории и практики // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. СПб, 1993, с. 49-60.
11. Валеология человека. Здоровье - Любовь - Красота / Под ред. Петленко В.П. СПб, 1997, Т.5.
12. «Практическая психология образования» /Под.Ред. И.В. Дубровиной; М.:1997г.

УДК ӘӨЖ 318

Адилбаева Г. Ш.

«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты

«Тұран-Астана» Университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: Уикан-07@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. Қ.М.Нағымжанова

e-mail:karakat_4@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ

RESEARCH OF PROBLEMS OF PROFESSIONAL PREPARATION OF STUDENTS

Аннотация - мақала студенттерді кәсіби даярлаудың психологиялық сипатын тұлғаның ішкі дамуымен кәсіби өсуі ретінде және кәсіби іс-әрекеттің жетілу бағыттары ретінде көрсетіуге арналған.

Түйінді сөздер: «кәсіби жетілу», «кәсіби іс-әрекет», «кәсіби тұлғалық даму».

Аннотация - статья предназначена для отражения психологического характера профессиональной подготовки студентов как профессионального роста с внутренним развитием личности и направления совершенствования профессиональной деятельности.

Ключевые слова: «профессиональное совершенствование», «профессиональная деятельность», «профессиональное личностное развитие».

Annotation. The article is intended to reflect the psychological nature of vocational training of students as professional growth with inner development of the personality and the direction of improvement of professional activity.

Keywords: "Professional development", "professional activity", "professional personal development".

Қазіргі таңда ақпарат көздері ауқымды екендігін ескерсек, негізінде сыныпта ұйымдастырылған сабақ беру формасы, әсіресе ересек адамдарды оқытуда жеткіліксіз болып келеді. Оқыту үрдісіне жаңалықтар енгізіліп, олардың тиімділігі мен жоғары сапасын және т.б. қамтамасыз ететін мультимедиа құралдары, кәсіптік оқытудың ерекшелендірілуі болып дүниеге келеді. Ол аталған нышандар оқыту барысында дамытылуы қажет деп көрсетті. Ал, М.Жұмабаев [1] адамның психикасын тұтастық амал тұрғысынан шешеді. Мұнда психика бір-бірімен тығыз байланысты ақыл-ой, жүрек және ерік-жігер үш бірлік арқылы түсіндіріледі. М.Жұмабаев этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қана тұлғаны тұтас зерттеуге мүмкін болатынын айтты. Т.Тәжібаев [2] тұлғаның психологиясы мәселесін темперамент, мінез және қабілеттер атты психологиялық қасиеттерімен айқындайды.

А.К.Маркова да кәсіби маңызды сапаларды кәсіби іс-әрекетті тиімді орындау, қарым-қатынас, кәсіби өсу, еңбектегі экстремальды жағдайларды жою үшін қажетті психологиялық сапалар тұрғысынан сипаттайды.

Оларға А.К.Маркова маманның мотивациялық, ерікті, эмоционалды сферасының сипаттамаларын жатқызады:

1. адамның мотивтері, мақсаттары, міндеттері, қажеттіліктері, қызығушылықтары, қатынастары, құндылық бағдарлары, психологиялық ұстанымдары
2. кәсіби ұмтылыстар, кәсіби өзін-өзі бағалау, кәсіпқой ретіндегі өзіндік сана
3. эмоциялар, психикалық күйлер, эмоционалды бет-бейне
4. адамның еңбекпен, оның үдерісі мен нәтижесімен қанағаттану дәрежесі
5. еңбек, кәсіп туралы психологиялық білімі
6. психологиялық әрекеттер, тәсілдер, біліктер, техникалар, психотехнологиялар (олардың өзіне және басқа адамдарға әсері)
7. кәсіби қабілеттер, кәсіби оқытылу, кәсіби өсуге ашықтық
8. кәсіби ойлау, оның ішінде шығармашылық, кәсіптің тәжірибесін байыту мүмкіндігі
9. кәсіби өзін-өзі дамыту, өзінің кәсіби өсуінің жоспарларын жобалау және жүзеге асыру білігі
10. психологиялық қарсы көрсетілімдер (яғни, кәсіппен мүлдем немесе арақатынаста сәйкес келмейтін психикалық сапалар), сонымен бірге толықтыруға болатын сапалар
11. кәсіби өсу және кәсіби іс-әрекеттің, маман тұлғасының ыдырау бағыттары, оларды қалпына келтіру жолдары [6]

В.Д.Шадриковтің тұжырымдауынша да кәсіби мәнді дамыту іс-әрекеттің психологиялық жүйесін қалыптастырудың түйінді кезеңі болып табылады. Ол іс-әрекеттің психологиялық жүйесін, нақты іс-әрекеттің функцияларын орындау тұрғысында ұйымдастырылған іс-әрекеттің психологиялық құрылымы деп түсіндіреді (нақты мақсатқа жету тұрғысында)[7].

Іс-әрекеттің психологиялық жүйесі келесі негізгі компоненттерді қамтиды:

- кәсіби іс-әрекеттің мотивтері
- кәсіби іс-әрекеттің мақсаттары
- іс-әрекет бағдарламасы
- іс-әрекеттің ақпараттық негізі
- шешім қабылдау
- кәсіби мәнді сапалардың ішкі жүйесі

Г.В.Акопов кәсіби мәнді сапалар туралы мәселеге қатысты тұғырлардың айырмашылығын екі фактормен негізделетінін атап көрсетеді: кәсіппен және тұлғамен (даралық). Алайда, егер әңгіме кәсіби іс-әрекеттің саналы субъектісі туралы болса, онда мұндай белсенділікте субъектінің индивидтік және тұлғалық қасиеттері міндетті түрде көрініс береді. Ол кәсіби іс-әрекетте ерекше мәнге ие болатын психикалық қасиеттердің үш деңгейін ажыратып көрсетеді [8]:

1. кәсіби сананың даму деңгейін көрсететін және қасиеттердің келесі топтарын қамтитын субъектілі қасиеттер класы: кәсіби мақсатты тұжырымдау, кәсіби білімдер, кәсіби жоспарлар және бағдарламалар, кәсіби идентификация (өзіндік сана) және т.б.

2. субъектінің табиғатқа, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өзіне және т.б. қатынасын сипаттайтын тұлғалық қасиеттер класы

3. кәсіби іс-әрекет субъектісінің жыныстық-жас, нейро-динамикалық және т.б. сипаттамаларын көрсететін жеке-дара қасиеттер класы: психикалық процестер (зейін, ес, ойлау және т.б.) темперамент қасиеттері және т.б.

Г.В.Акоповтың идеяларына сүйеніп, біз қасиеттердің барлық кластарының – субъектілі, тұлғалық, жеке-дара – кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруда және дамытуда мәні болатынын атап көрсетеміз.

Кәсіби маңызды сапалар іс-әрекет барысында жетілдіріледі және өңделеді. Кәсіби маңызды сапалардың жалпы және арнайы буындары мен құрылымының белгілі арақатынасы, ең алдымен нақты іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қалыптасады[9].

Адам іс-әрекеті мен оның қажеттіліктерінің қанағаттану мәселесіне байланысты В.С.Магун жүргізген зерттеулер еңбек процесіндегі жетіспеушіліктерді қызметкерлердің санасына және тұлға қажеттіліктері мен оны қоршаған адамдардың өз әрекеттері мен басқа адамдардың әрекеттеріне саналы түрде ауысуы айқындалды, сонымен қатар, іс-әрекет тиімділігі мен қажеттіліктердің қанағаттандырылуының арасындағы байланыс зерттелді. Іс-әрекет тиімділігі мен тұлға қажеттіліктерінің қанағаттандырылуының арасындағы байланысты зерттей отырып, В.С.Магун, бұл байланыс жағымды және жағымсыз болуы мүмкін деген қорытындыға келді. Осыған байланысты статистикалық зерттеулер тұлға қажеттіліктері мен іс-әрекет тиімділігінің арасындағы байланыстың осы 2 түрін анықтай отырып, келесі фактілерді шығарды: "адам қаншалықты жақсы жұмыс істесе, соншалықты жоғары деңгейде оның қажеттіліктері қанағаттандырылған", "қызметкердің жұмыс істеу тиімділігі жоғарылаған сайын, оның қажеттіліктерінің қанағаттану деңгейі төмендейді" [10].

Жеке адамның кәсіби қалыптасуының дағдарысы кәсіби біліктіліктің алғашқы кезінде 4-5 жыл кәсібінен кейін байқалады (30-35 жас). Осы уақытқа дейін қызметкер өз ісінің нормативтерін өнімді орындайды, өзінің әлеуметтік – кәсіби статусын және өндірістік қатынастың иерархиясындағы өз орнын анықтайды. Өткен тәжірибе динамикасы, кәсіби даму инерциясы, өзін бекіту қажеттілігі, кәсіби өмірлік іс-әрекетке қанағаттанбауға әкелуі мүмкін. Саналы немесе санадан тыс тұрғыда кәсіби өсу қажеттілігін сезінеді. Өсу перспективасы болмаған жағдайда маман бойында ішкі дискомфорт, психологиялық шиеленушілік пайда болып жұмыстан босау немесе жұмыс орнын ауыстыру сияқты ойлар басым болады. Бұл кәсіби өсу дағдарысы деп аталады. Бұл дағдарыстан шығу қосымша іс-әрекетпен айналысу немесе мамандықтан бас тарту болып табылады. Көбінесе, бұл дағдарысты мамандарды аттестациялау арқылы жаңа категориялық дәрежеге көтерумен шешеді.

Келесі стадия, кәсіби іс-әрекетті орындаудың шығармашылық деңгеймен сипатталады. Жеке адамның бұдан әрі дамуының қозғаушы факторы өз-өзін жетілдіру болып табылады. Жеке адамның кәсіби самоактуализациясы өзіне, қоршаған ортаға, жағдайға, кәсіпке деген қанағаттанбау сезіміне әкелуі мүмкін. Бұл жүзеге аспаған мүмкіндіктер немесе әлеуметтік-кәсіби өзіндік актуализация дағдарысы деп аталады. Бұл дағдарыстан шығудың өнімді жолы – жаңашылдық.

Кәсіби іс-әрекеттегі соңғы дағдарыс – бұл кәсіби арнадан кетуімен сипатталады. Қызметкер зейнет жасына жетуімен байланысты. Мамандықты жоғалту дағдарысын бастан кешіреді. Зейнет алды жасы көптеген адамдарда дағдарыстарға толы болады. Бұл осы жағдайда байланысты жаңа әлеуметтік рольді және жүріс-тұрыс ережелерін игеруімен байланысты. Зейнетке шығу - әлеуметтік кәсіби қарым-қатынас шеңберінің тарылуы қаржы мүмкіндіктерінің төмендеуімен сипатталады. Бұл дағдарысты жеңілдету еңбек іс-әрекетінің жанұя және денсаулық жағдайының ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне тікелей байланысты болады.

Жоғарыда қарастырылған жеке адамның кәсіби қалыптасуының нормативті дағдарыстарын әрқайсысының өз ерекшеліктерімен сипатталады. Алғашқы кәсіби дағдарыста туындағанда объективті факторлар; жетекші іс-әрекетті ауыстыру, әлеуметтік ситуацияның кардиналды өзгеруі мәнге ие болса, кейінгі стадияларда субъективті факторлар.

«Мен» концепциясының өзгеруі, кәсіби сапаның қайта құрылуы, талаптану деңгейі мен өзіндік бағалаудың өсуі, өз-өзін жүзеге асыру қажеттілігі, яғни жеке адамның дамуының ішкі психологиялық жағдайы кәсіби дағдарыстың басты себебі болып табылады.

Кәсіби іс-әрекеттің мотивтеріне байланысты зерттеулерді талдай отырып, П.М.Якобсон қызметкерлердің кәсіпке, еңбекке қатынасын анықтайтын зерттеулермен айналасқан Ресей ғалымдары В.Терещенконың, Н.С.Новоселовтың, К.К.Платоновтың, Е.С.Кузьминның, А.А.Свеницкийдің және т.б. жұмыстарын қарастырды. Автор еңбек мотивациясының сұрақтарын қарастыра отырып: "осының барлығы кейбір өмірлік факторларға байланысты болады: іс-әрекетпен байланысты жоғарылау деңгейіне, адамның негізгі қызығушылықтарына жақындығының-

алыстығының деңгейіне, оның еңбек ету уақытындағы көңіл күйіне және т.б." деп анықтады [11]. П.М.Якобсон еңбек процесінің түрлі элементтеріне адамдардың әр түрлі қатынасын зерттеді және еңбек әрекетіне ынталандыратын (мотивтер арқылы) заттардың тобын қарастырды. Еңбек әрекетіндегі мотивацияның психологиялық мәселелерін қарастыра отырып, бұл-ең алдымен, ынталардың пайда болу және маңыздылығы жөніндегі сұрақ деп айтуға болады. Осы жердегі ынта (жағымды немесе жағымсыз) еңбек іс-әрекетінде жауапкершіліктің үлкен немесе кіші деңгейі ретінде, ұжымдағы адамдар, әрекеттер орындаудағы тәуелсіздік, бәсекелестік, еңбек ақысы және т.б. ретінде байқалады [12].

Мотивация механизмінің дамуын талдағанда адам мотивациясының төмендегідей бір қатар ерекшеліктері болады:

1. Адам мотивацияның шығу тегі әлеуметтік сипатта болады. Оның қажеттіліктерінің заттылығы қоғамдық өндірістің нәтижесі болып табылады (А.Н.Леонтьев)[13]

2. Адам мотивациясының биологиялық мотивациядан айырмашылығы – қоғам қажетіне жауап береді. Оның мұндай сипаты – түрлілік, өзгешелік, тарихшылығымен түсіндіріледі (Донченко [14])

3. Адам мотивациясы онтогенез барысында арнаулы бағытталған негізгі мазмұнын тәрбие процесі белгілейтін қалыптастырушы ықпалдың әсері зор. Адам мотивациясы – интеллектжиынтығынан тұратын индивид болып дүниеге келеді. Ол аталған нышандар оқыту барысында дамытылуы қажет деп көрсетті. Ал, М.Жұмабаев адамның психикасын тұтастық амал тұрғысынан шешеді. Мұнда психика бір-бірімен тығыз байланысты ақыл-ой, жүрек және ерік-жігер үш бірлік арқылы түсіндіріледі. М.Жұмабаев этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қана тұлғаны тұтас зерттеуге мүмкін болатынын айтты. Т.Тәжібаев тұлғаның психологиясы мәселесін темперамент, мінез және қабілеттер атты психологиялық қасиеттерімен айқындайды.

А.К.Маркова да кәсіби маңызды сапаларды кәсіби іс-әрекетті тиімді орындау, қарым-қатынас, кәсіби өсу, еңбектегі экстремальды жағдайларды жою үшін қажетті психологиялық сапалар тұрғысынан сипаттайды.

Жеке адамның кәсіби қалыптасуының дағдарысы кәсіби біліктіліктің алғашқы кезінде 4-5 жыл кәсібінен кейін байқалады (30-35 жас). Осы уақытқа дейін қызметкер өз ісінің нормативтерін өнімді орындайды, өзінің әлеуметтік – кәсіби статусын және өндірістік қатынастың иерархиясындағы өз орнын анықтайды. Өткен тәжірибе динамикасы, кәсіби даму инерциясы, өзін бекіту қажеттілігі, кәсіби өмірлік іс-әрекетке қанағаттанбауға әкелуі мүмкін. Саналы немесе санадан тыс тұрғыда кәсіби өсу қажеттілігін сезінеді. Өсу перспективасы болмаған жағдайда маман бойында ішкі дискомфорт, психологиялық шиеленушілік пайда болып жұмыстан босау немесе жұмыс орнын ауыстыру сияқты ойлар басым болады. Бұл кәсіби өсу дағдарысы деп аталады. Бұл дағдарыстан шығу қосымша іс-әрекетпен айналысу немесемамандықтан бас тарту болып табылады. Көбінесе, бұл дағдарысты мамандарды аттестациялау арқылы жаңа категориялық дәрежеге көтерумен шешеді.

Қызметкердің кәсіби екінші біліктілік кезеңіне әкеледі. Бұл стадияның негізгі ерекшелігі кәсіби іс-әрекетті орындаудың жоғары өнімділігі және сапалылығы болып табылады.

Келесі стадия,кәсіби іс-әрекетті орындаудың шығармашылық деңгеймен сипатталады.Жеке адамның бұдан әрі дамуының қозғаушы факторы өз-өзін жетілдіру болып табылады. Жеке адамның кәсіби самоактуализациясы өзіне, қоршаған ортаға, жағдайға,кәсіпке деген қанағаттанбау сезіміне әкелуі мүмкін. Бұл жүзеге аспаған мүмкіндіктер немесе әлеуметтік-кәсіби өзіндік актуализация дағдарысы деп аталады. Бұл дағдарыстан шығудың өнімді жолы –жаңашылдық.

Кәсіби іс-әрекеттегі соңғы дағдарыс –бұл кәсіби арнадан кетуімен сипатталады. Қызметкер зейнет жасына жетуімен байланысты. Мамандықты жоғалту дағдарысын бастан кешіреді.Зейнет алды жасы көптеген адамдарда дағдарыстарға толы болады. Бұл осы жағдайда байланысты жаңа әлеуметтік рольді және жүріс-тұрыс ережелерін игеруімен байланысты. Зейнетке шығу - әлеуметтік кәсіби қарым-қатынас шеңберінің тарылуы қаржы мүмкіндіктерінің төмендеуімен сипатталады. Бұл дағдарысты жеңілдету еңбек іс-әрекетінің жанұя және денсаулық жағдайының ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне тікелей байланысты болады.

Жоғарыда қарастырылған жеке адамның кәсіби қалыптасуының нормативті дағдарыстарын әрқайсысының өз ерекшеліктерімен сипатталады. Алғашқы кәсіби дағдарыста туындағанда объективті факторлар; жетекші іс-әрекетті ауыстыру, әлеуметтік ситуацияның кардиналды өзгеруі мәнге ие болса, кейінгі стадияларда субъективті факторлар.

«Мен» концепциясының өзгеруі, кәсіби сапаның қайта құрылуы, талаптану деңгейі мен өзіндік бағалаудың өсуі, өз-өзін жүзеге асыру қажеттілігі, яғни жеке адамның дамуының ішкі психологиялық жағдайы кәсіби дағдарыстың басты себебі болып табылады.

Кәсіби іс-әрекеттің мотивтеріне байланысты зерттеулерді талдай отырып, П.М.Якобсон қызметкерлердің кәсіпке, еңбекке қатынасын анықтайтын зерттеулермен айналасқан Ресей ғалымдары В.Терещенконың, Н.С.Новоселовтың, К.К.Платоновтың, Е.С.Кузьминның, А.А.Свеницкийдің және т.б. жұмыстарын қарастырды. Автор еңбек мотивациясының сұрақтарын қарастыра отырып: "осының барлығы кейбір өмірлік факторларға байланысты болады: іс-әрекетпен байланысты жоғарылау деңгейіне, адамның негізгі қызығушылықтарына жақындығының алыстығының деңгейіне, оның еңбек ету уақытындағы көңіл күйіне және т.б.",- деп анықтады. П.М.Якобсон еңбек процесінің түрлі элементтеріне адамдардың әр түрлі қатынасын зерттеді және еңбек әрекетіне ынталандыратын (мотивтер арқылы) заттардың тобын қарастырды. Еңбек әрекетіндегі мотивацияның психологиялық мәселелерін қарастыра отырып, бұл-ең алдымен, ынталардың пайда болу және маңыздылығы жөніндегі сұрақ деп айтуға болады. Осы жердегі ынта (жағымды немесе жағымсыз) еңбек іс-әрекетінде жауапкершіліктің үлкен немесе кіші деңгейі ретінде, ұжымдағы адамдар, әрекеттер орындаудағы тәуелсіздік, бәсекелестік, еңбек ақысы және т.б. ретінде байқалады.

Мотивация механизмінің дамуын талдағанда адам мотивациясының төмендегідей бір қатар ерекшеліктері болады:

1. Адам мотивацияның шығу тегі әлеуметтік сипатта болады. Оның қажеттіліктерінің заттылығы қоғамдық өндірістің нәтижесі болып табылады (А.Н.Леонтьев).

2. Адам мотивациясының биологиялық мотивациядан айырмашылығы – қоғам қажетіне жауап береді. Оның мұндай сипаты – түрлілік, өзгешелік, тарихшылығымен түсіндіріледі.

3. Адам мотивациясы онтогенез барысында арнаулы бағытталған негізгі мазмұнын тәрбие процесі белгілейтін қалыптастырушы ықпалдың әсері зор.

Әдебиеттер:

1. Чирков В.И. Мотивация трудовой деятельности //Критический анализ зарубежных теорий мотивации.-Ярославль: Яросл. гос. ун-т, 2015.-89с.

2. Лазурский А.Ф., Франк С.Л. Программа исследования личности в ее отношениях к среде.- Спб.- 40 с.

3. Магун В.С. Потребности и психология социальной деятельности личности.-Л., 2013.-176 с.

4. Асмолов А.Г. Личность как предмет психологического исследования. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – с. 105.

5. Мясищев В.И. Психология отношений.-М., 2015.-356 с.

6. Дж.Хакман және Г.Р.Олдхем Условия создания внутренней мотивации – «Теория характеристик работы».-М., 1976

7. С.Д.Смирнов. Формирование опыта в профессиональной подготовке и инновационной деятельности педагога, Ярославль, 2012,.

8. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Изд. полиг.литературы, 1975. – с. 176- 183.

9. Роджерс К. К науке о личности // История зарубежной психологии. Тексты. М., 1986. С. 200-230.

10. Шадриков В.Д. Проблемы системогенеза профессиональной деятельности. - М., 2017.

11.Акопов Г.В. Социальная психология высшего образования. М., 2000.

12.Донченко Е.А. «Формирование разумных потребностей личности: Социологические и психологические аспекты». Киев, 2016.

Толқын Ақан
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Guldana-97@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. Қ.М.Нағымжанова
e-mail: karakat_4@mail.ru

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КАТЕГОРИЯ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

ДЕВИАНТНОЕ ПОВЕДЕНИЕ КАК НАУЧНАЯ КАТЕГОРИЯ И ОБЪЕКТ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

DEVIANT BEHAVIOR AS A SCIENTIFIC CATEGORY AND OBJECT OF PSYCHOLOGICAL RESEARCH

Аннотация - мақалада девиантты мінез-құлықтың психологиялық сипатын тұлғаның ішкі қайшылықтарымен, құрылымсыздық және тұлғаның өзін-өзі бұзуымен байланысты көрсетілген.

Түйінді сөздер: «девианттылық», «девиантты мінез-құлық», «жасөспірімдік кезең».

Аннотация - в статье раскрывается психологический характер девиантного поведения, связанный с внутренними противоречиями личности, нестабильностью и саморазрушением личности.

Ключевые слова: «deviantost», «deviantnost behavior», «juvenile period».

Annotation. The psychological pattern of deviantного behaviour, related to self-contradictions of personality, instability and саморазрушением of personality, opens up in the article.

Keywords: Pedagogical creativity, creativity, improvisation, pedagogical improvisation.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделенуіне байланысты ата-аналар көп уақыттарын жұмыста өткізеді де, балаларына уақыттары жетпей жатады. Соның нәтижесінде балалар көп уақыттарын далада өткізеді. Демек, отбасында балалардың өмірі мен әрекетін нақты ұйымдастырып, тұрмыста баланы қадағалап, балаға деген талаптарды дұрыс қоя білу қажет.

Мектеп, ол - отбасынан кейінгі баланың әлеуметтенуіне әсер ететін негізгі институт. Бала өзіне жауапкершілік деген сезімді дәл осы мектеп кезінде қалыптастырады. Қазіргі кезде мектеп балаға әлеуметтік ортаға тиімді болуға көмектеспейді десе де болады, сонымен қатар мектеп балалардың қажеттіліктері мен күтетін нәтижелеріне сәйкес бағыт-бағдар бере алмайды. Сонымен қоршаған ортасы жасөспірімге әлеуметтік және кәсіби әрекетін таңдауға, тұлғалық және әлеуметтік статусын көтеруге көмектесе, ал «қиын» жасөспірімдер үшін көп жағдайда қылмыстық істер т.б. әрекеттер жасауына итермелейді. Осындай олқылықтарды болдырмау үшін педагогтар тарапынан баланы, оның отбасындағы тәрбие шарттарын дұрыс біліп, балалардың ата-анасымен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмысты жан-жақты білген дұрыс.

Ақпараттық құралдар да балалардың ой-өрісінің дамуына, тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына бірден-бір әсер ететін фактор (телевизор, радио, кино, газет, журнал т.б.). Қазіргі қоғам жағдайында ақпараттық құралдар қоғамдық көзқарастың қалыптасуына, адамдар мен жаңалықтарды бағалауда үлкен мәнге ие. Сонымен қатар ақпараттық құралдар индивидтің дамуы мен қалыптасуындағы көптеген ауытқулардың пайда болуының бірден-бір себебі болып табылады.

Қарым-қатынастағы қолайсыздық (қарым – қатынас аясындағы конфликттілір, құрдастарымен, мұғалімдерімен, үлкендермен қарым –қатынасындағы дөрекілік , т.б.) [10] .

Девиантты мінез-құлықтың қоғамдағы жағымсыз көрініске жататыны анық. Адамзат мінез-құлық өлшемінен ауытқымас үшін, балаларға өмірдің жағымсыз қырларын уақытында жеткізіп отыру қажет. Себебі мінез-құлықтың негізі дәл осы бала кезде қалыптасып үлгереді. Девиантты мінез-құлық көбіне тәрбие, білім беру, қоғамдағы әлеуметтік жағдай, отбасылық ахуал сияқты факторларға байланысты туындайтыны анық [11].

Яғни біздің балаларымыздың білімді, тәрбиелі, мәдениетті, қоғамда өздерін ұстай алуды білуі үшін қолымыздан келгеннің бәрінен аянбауымыз қажет.

Білім берудің жаңа жүйесіне сай жас ұрпақ тәрбиесін жан-жақты жақсартуға бағышталған қызмет айырықша маңызға ие екені белгілі. Жас ұрпақ тәрбиесінде көптеген келеңсіздіктерге кезігіп, кеш өкініп, опық жеп жүрген жайымыз бар. Олай болса баланың шәлкім-шалыс жүрісін ұсақ-түйек санап, “кейін ер жеткенсін өзі-ақ қояды” деп кейбір ата-аналардың жеке жауапкершілігіне жүрдім бардым қарауын бала тәрбиесіне мән бермеушілік, оның ертеңгі күнін ойламаушылық демеске лаж жоқ.

Соңғы кездері осы жастар тәрбиесіндегі кемшіліктердің кең етек алуын тектен-тек оқиға деп қарауға болмайды. Ол өмір шындығы, бәріміздің ортақ кемшілігіміз. Осы кемшіліктеріміздің нәтижесінде жасөспірімдер арасында девиантты мінез-құлық көптеп кездеседі. Енді, осы ұғымның мәнін түсіндіріп өтелік.

Девиантты мінез-құлық деп әлеуметтік өлшемнен ауытқуды айтады. Оны қоғамда қабылданған өлшемге қарама-қайшы әрекет жүйесі ретінде анықтайды [12].

Жалпы қабылданған өлшемдерден ауытқудан тұратын, жеткіншектердің девиантты мінез-құлқын көрсетуі шешімді талап ететін күрделі де, көп аспектілі мәселе. Оны зерттеу әлеуметтік тапсырыспен айтып жаздырылатын себепші болатын, ең алдымен, педагогикалық-психологиялық феномен ретінде девиантты мінез-құлқынның мәнін ашу қажеттілігі.

В.Д. Менделевич девианттылық бұл өлшеммен патология арасындағы өлшем деп көрсетеді. Девианттылықты өлшем іліміне сүйенбей анықтай алмаймыз. Медицинада өлшем бұл денсаулығы мықты адамдар болса; педагогикада барлық пәндер бойынша үлгерімі жақсы оқушы; әлеуметтік өмірде қылмыстың болмауы. Ең қиыны көптеген адамдарға тән мінез-құлық қасиеттерінің жиынтығы ретінде психологиялық өлшемді анықтау. Бұл идеал өлшемі болып табылады [6].

Л. Пожардың өлшемді үш түрлі мағынада қарастыруды ұсынуы да кездейсоқ емес, яғни статистикалық, функционалды (жеке даралық) және идеалды, Бұл жердегі идеалды өлшем тұлғаның қолайлы әлеуметтік жағдайда өмір сүруінің тиімді тәсілі. Демек әрбір индивидтің дамуында өзіндік ерекше жолы болады, яғни әрбір ауытқуды осы бағытпен салыстырмалы түрде девиация деп атауға болады. Сонымен функционалды (индивидуалды) өлшем индивидтің жеке даралығын басты назарға алады, бірақ жалпы адамдарға, жағдайларға конфликтілі қандайда бір қасиеттерді көрсетпейді.

Статистикалық өлшем көптеген адамдардың қалыпты адамдардың қатарына жататындығы туралы тұжырым.

Сонымен психологиядағы өлшем мәселесін тұлғаны нақты бір кезеңде қоғамда қабылданған адамгершілік талаптарын қабылдаудағы мінез-құлық эталоны ретінде қарастыру қажет. Демек өлшем бұл патологияның жоқ болуы, ал ауытқымалы мінез-құлық анық не жасырын психопатологияның бар екенін көрсетеді.

Девиантты мінез-құлықтың психологиялық сипатын тұлғаның ішкі қайшылықтарымен, құрылымсыздық және тұлғаның өзін-өзі бұзуымен байланысты қарастыруға болады.

Девиантты мінез-құлықтың пайда болуының психологиялық себептері тұлғаның ішкі конфликтілеріне де байланысты болып келеді. Девианттылықтың әртүрлі тұжырымдамаларының ішінде З. Фрейдтің психоаналитикалық бағдарлы зерттеулері негізгілердің бірі болып табылады. Психоанализдегі ауытқушылықтардың негізі «Ол» құрылымын көрсететін санасыз әрекеттермен үнемі конфликтіде болу және де «Мен» және «Жоғарғы Меннен» шығатын әрекеттердің бәріне шектеу қою болып табылады. Сонымен қатар З. Фрейд либидо ол қандайда бір шығармашылық әрекеттің түрі арқылы сыртқа шығады, адам өзін-өзі дәлелдеуге және бостандыққа ұмтылады. Либидоны басу, шектету сексуалды энергияның сублимациясына, мінез-құлықтың садистік пен қылмыстыққа дейін өзгеруіне алып келеді, деп санады. Неофрейдистер деликвенттіліктің табиғатын басқа да ауытқымалы мінез-құлықтың формаларымен - неврозбен, психоастениямен, сексуалды бұзылулармен, агрессивтілікпен, мазасызданудың жоғары деңгейімен сәйкестендіре отырып қарастырады.

Психоаналитикалық жұмыстарда зорлық-зомбылықтың негізгі себебі болып табылатын агрессияға ерекше назар аударылады. Бұзылулардың агрессивтілік энергиясын туа пайда болған санасыз әрекеттер құрайды.

З. Фрейд бойынша бұл либидо [7], А. Адлер бойынша - билікке ұмтылу, басқаларға өз үстемдігін жүргізу; Э. Фромм бойынша - қайғыруға, өлімге мазохистік ұмтылу; К. Хорни бойынша - қауіпсіздікке ұмтылу, өз қажеттіліктерін өтеу [8], ал, В. Шуги бойынша қоршаған ортаның қолдауы мен мақұлдауына деген қажеттілік. Бихевиористер мен необихевиористердің өкілдері Б. Скиннер, Е. Торндайк, Д. Уотсонның дәлелдеуінше қоршаған орта адамның мінез-құлығын толығымен

анықтайды, яғни үйрену арқылы адамдар тәжірибені игеріп, нәтижесінде мінез-құлық оның қайталану мүмкіндігін анықтайды [9].

Девиантты мінез-құлықтың туындауына келесідей факторлар себеп болады:

Отбасы, бұл - балалық шақтағы әлеуметтенудің ең басты институты. Баланың ерте кезден әлеуметтенуі отбасында өтеді, бұл кезең балалардың дамуындағы оның қорғау, даму, өзін-өзі бағалау сияқты негізгі қажеттіліктерінің даму кезеңі болып табылады.

Психикалық әрекетіне өзгеру күйін тудыратын ұлы заттарды қолдану девиантты мінез-құлық формасы болып табылады. Осы заттарды қолданған кезде ол психикалық үдерістерге әсер етеді.

Қандайда бір іс-әрекеттің бағалануы оны қандайда бір өлшеммен салыстыру іске асады. Мәселелік іс-әрекетті жиі девиантты деп атайды. Девиантты мінез-құлық психологиялық денсаулық, құқықтық, мәдениеттік немесе жалпы қабылданған өлшемнен ауытқу әрекетінің жүйесі.

Девиантты мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден бұл психологиялық денсаулық өлшемінен ауытқу. Екіншіден, бұл қандайда бір әлеуметтік-мәдени өлшемдерді, әсіресе құқықтық өлшемді бұзатын антиәлеуметтік іс-әрекеті [6].

Жалпы алғанда, зерттеулерді талдау барысында девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерде басымшылық танытады. Себебі, жасөспірімдердің педагогикалық-психологиялық тұлғалық ерекшеліктері болатыны бәрімізге аян! Олай болса, жасөспірімдік кезең-ең қиын, әртүрлі бұзақылықтардың пайда болатын және сонымен қатар достық өлшемдерді игеруіне сәтті кезең болып табылады.

Әр жас кезеңнің адамның тұлғалық қалыптасуында алатын өзіндік орны бар. Бұл баланың “мені” қайта құрылып, айналасындағыларға сыни көзқарас қалыптасады. Жасөспірімдік кезең ол балалықтың бір жасерекшелік кезеңі болып табылады [7].

Балалардың құқығы туралы конвенциядағы анықтамалармен келіссек бала болып 18-ге толмаған әрбір адам табылады. Жасөспірімдік шақтың қарапайым белгілеріне адамның күрделі биологиялық, психологиялық және әлеуметтік даму стадиялары тұрады, негізінде бұл стадиялар әрқашанда және әрқашан толығымен бір-біріне сәйкес келе бермейді [11].

Зерттеушілердің көбі психикалық тоқырауға әкеліп соқтыратын ауыр және сонымен қатар жасөспірімнің санасына күрделі күш түсірмейтін, жыныстық жетілуіне және дамудың биологиялық факторына көп көңіл бөледі, мұндай жасөспірімдік шақтың белгілеріне тән мінездемелерге ашуланшақтық, дөрекілік және қырсықтық, долылық, субъективтік уайым әлеміне кіріп кету тағы басқалар жатады [13].

Сонымен адамның дамуындағы биологиялық басымдылықты жақтаушылар жыныстық жетілуді ескере отырып жасөспірімдік жасты ұл балалар үшін 13-16 жас және қыз балалар үшін олардың жыныстық жетілуіне байланысты 12-15 жас деп анықтайды.

Жасөспірімдік жас – тұлғалық қалыптасудың тоқырау кезеңі болып табылады. Ол өзіндік ерекшеліктер қатарымен мінезделеді. Бұл кезең адамның тез өсуімен, жасөспірімнің психофизиологиялық ерекшелігіне әсер ететін жыныстық жетілу үдерісіндегі ағзаның қалыптасуымен сипатталады. Жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасу негізін қарым-қатынастың әртүрлі оқу, өндірістік, шығармашылық, сабақтық тағы басқа кезеңдерінде құрастырады. Бұл жаста ересектіліктің көріністері, өзіндік сананың дамуы және өзіндік бағалау, өзінің тұлғасына, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне деген қызығушылық қалыптасады.

Белгілі психолог Л.С. Выготский жасөспірім жастағы кезеңде (14-18 жас) екі үлкен өзгеріс болады: ағзадағы жыныстық жетілу және өзінің “Менінің” мәдениетті ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы. Жасөспірімнің түсінуімен, бейімделу және белсенділік жүйесі ретінде өмірлік жоспардың туындауы мәдени үдерісін қорытындылайды [14].

Ал Г. Шпрангер өзінің мәдени-психологиялық тұжырымдамасында жасөспірімдік кезеңді мәдени өсу деп анықтайды. Бұл кезеңдегі тоқыраудың болу мазмұны балалық тәуелділіктен босану болып табылады. Г. Шпрангер бойынша жасөспірімдік кезеңдегі басты жаңа білім – “Менінің” ашылуы, рефлексияның пайда болуы, өзінің жеке даралығын сезіну деп қарастырса, Р. Кулен жасөспірімдердің дамуындағы биологиялық көзқарасты талқылайды, ол бұл кезеңді биологиялық және психологиялық кезеңнен гөрі әлеуметтік-этникалық кезең деп қарастырады. Оның көзқарасы бойынша жасөспірімдік шақта үш негізгі әлеуметтік-этникалықтенденция қарастырылады: үлкендердің қадағалауынан босану, жеке даралыққа көшу, өзінің өмір жолын таңдау мәселесіне салмақты түрде қарау, мамандық таңдау, әлеуметтік-этникалық өлшемдер мен құндылықтарды игеру. Р. Куленнің пікірі бойынша, егер бала өзінің алдына осы көрсетілген мәселелерді қоймаса, онда өмір сүрген жасына қарамастан балалық кезеңде қалып қояды [15].

Бірдей көзқарастың болмауына қарамастан, бүгінгі күнгі ғалымдар жасөспірімдік шақты 10-11 және 14-15 жас аралығы деп қарастырады. 15-17 жасты әдебиеттерде ерте балалық шақ деп атайды. Бірақ та көптеген зерттеушілер ерте балалық шақты баланың даму кезеңіндегі жасөспірімдік кезеңге қосады. Оның өзіне де толық толық негіз бар, себебі өзіндік психологиялық мазмұнда бұл кезең 14-15 пен 18 жас аралығы – жасөспірімдік кезең мен өзіндік жастық шақтың арасындағы “аралық жас” болып табылады.

Жасөспірімдік кезең алғашқы әлеуметтенуде маңызды кезең болып табылады. Жасөспірімдік кезеңнің соңына қарай тұлға мынадай мінездемеде сипатталатын әлеуметтік рөлдер мен функцияларды орындауға дайын болады:

Қазіргі уақытта зерттеушілердің арасында девиантты мінез-құлық мәселесіне деген қызығушылықтың басмдылығын байқауға болады. Бұл мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу психология, педагогика, криминология, психопатология, әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс салаларында жүзеге асып отыр.

Мінез-құлықтағы бұл ауытқушылықтардың өзіндік тарихы бар. Қазіргі кезде зерттеушілердің арасында кәмелетке толмағандардың дамуындағы кездесетін әртүрлі ауытқушылықтарды қарастыруда «қиын балалар», «қиын жасөспірімдер» сияқты әртүрлі терминдерді қолданып, олардың категорияларына адамгершілік дамуында артта қалған балалар; мінез акцентуациясы барлар; мінез-құлқында ауытқуы бар балалар; аномальді балалар; арнайы қамқорды қажет ететін балалар және т.б. жатқызады. Десек те, аталған терминдер тұрмыстық, клиникалық, құқықтық сияқты бір бағыттағы ақпараттарды көрсетеді. Яғни тәжірибеде бірдей ұғымды қолдану жоқ және де мінезінде белгілі бір ауытқушылығы бар балаларды қандай категорияға жатқызу керектігі де белгісіз. Ауытқушылық, нормативті емес, құқыққа қарсы, қылмыстық мінез-құлық сияқты терминдерді қолдану нақтырақ болып табылады.

Ресейде девиантты мінез-құлықтың мәдени аспектісінің негізін қалаушы Я.И. Гелинский қолданысқа «ауытқымалы мінез-құлық» терминімен тең қолданылатын «девиантты мінез-құлық» терминін енгізеді [1].

Шетелдік зерттеушілер, Дюркгейм, Шуэсслер және басқалар девианттылықты әлеуметтік өлшемдерге сәйкестілік немесе сәйкессіздік деп анықтайды. Демек, девианттылық деп осы қоғамның әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыра алмайтын мінез-құлықты айтамыз.

В.А. Петровский, Э. Фроммның көзқарастарындағы нонконформизмнің негізінде адам «Менінің» конструктивті бастамасы тұратыны туралы ойларын айта кеткен жөн. Сонымен қатар девиация әлеуметтік шығармашылық сипатта болуы да мүмкін. Яғни ғылыми-техникалық және өнер шығармашылығында көрініс беруі мүмкін. Девианттылықтың әлеуметтік-жағымсыз сипаты тұлға үшін де, қоғам үшін де құрылымсыз (деструктивті) болып табылады. Дегенмен ауытқымалы мінез-құлықтың осы типі әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде көптеп қарастырылып, зерттеушілердің де назарын өзіне аударып отыр [2].

Қиын балалар мәселесін отандық ғалымдардан психологиялық тұрғыдан М.М. Мұқанов, Ж.Н. Намазбаева және А.Т. Акажанова т.б ал педагогикалық тұрғыдан, Л.К. Керімов, Г.А. Уманов, И. Трианов, Д. Қазымбетова тоқталып өткен. Қиын балалар мәселесінің әлеуметтік жағдайын Ш.Е. Жаманбалаева қарастырған.

Л.К. Керімовтың еңбегінде қиын оқушыны жеке-дара қайта тәрбиелеу тұжырымдамасын және ондағы педагогтың іс-әрекеттің белгілі жүйесін жасап көрсеткен [3].

Д. Қазымбетова өз еңбектерінде қоғамда неге девиантты мінез-құлық болады деген сұрақты қарастырған. Сонымен қатар девиантты мінез-құлықтың болу себептерін және мүмкүн боларлық шешу жолдарын көрсеткен [4].

Ал Ш.Е. Жаманбалаеваның еңбектерінде девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік аспектілері зерттеліп көрсетілген [5].

Қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын түпкілікті өзгерістер, сонымен бірге адам іс-әрекетінің көптеген салаларын жетілдіруді стимулдайтын жағымды өзгерістер жағдайында жағымсыз тенденциялар да күшейіп келеді. Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық көптеген адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік және психологиялық дезориентация мен дезадаптация, жалпы адамзаттық адамгершіліктік және рухани құндылықтарды талап етудің төмендеуі, күрделі криминалды жағдай, әлеуметтік институттар іс-әрекетінің нашарлауы және т.б. Қалыптасқан социомәдени жағдай алкоголизм және наркомания, адамгершіліктік деградация, қылмыстардың жаңғыруы сияқты қолайсыз құбылыстардың дамуына алып келеді.

Әдебиеттер:

1. Бекболғанов Е. Ойлау қабілетін дамыту.// Бастауыш мектеп//, 2003, № 8. 49-бет
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1992,156 бет
3. Әбішев Д. Философия. Алматы, 1994,340 бет
- 4.Байшуақова М. Оқушыны ойлауға үйрету//. Қазақстан мектебі, 2000, №4 , 40-бет.
5. Манашов Р. Ойлау қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі, 2005, № 4 , 50-бет
6. Қоянбаев Ж.Б, Қоянбаев Р. М. Педагогика. Алматы, 2002,220-бет
7. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. Алматы, 2002
8. Алдамұратов Ә.Психологиялық терминдік сөздер //Қазақстан мектебі, 1998 ,№ 7-8 , 52-бет
- 9.Гоноболин Ф.Н.Психология «Мектеп»: Алматы-1976, 184-б
10. Жарықбаев Алматы-1970-б.195 Психология
- 11.Сәбет Бап Баба Жалпы психология Алматы, Дарын, 2005 153 -б
12. Сейталиев Қ Жалпы психология // Оқуқұралы Алматы, 2010 232-248

ӘӨЖ 37.015.31

Әлжанова Гүлдана Аманбайқызы

«Бизнес және ақпараттық технологиялар» кафедрасының магистранты

«Тұран-Астана» Университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: guldana-97@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.п., Қ.М.Нагимжанова

e-mail: karakat_4@mail.ru

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ КРЕДИТНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

FORMATION OF STUDENTS EMOTIONAL STABILITY IN CREDIT EDUCATION SYSTEM

Аннотация. Бұл мақалада кредиттік оқыту жүйесінің мәселесі талқыланды. Елімізде жоғары білім жүйесін дамыту талаптарына сай студенттерге терең білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі. Білім және тәрбие беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз ететін үздіксіз үдеріс. Жоғары оқу орнында студенттің болашақ кәсіби маман ретінде қалыптасуын зерттеуге деген қызығушылық үздіксіз арта түсуде, бұл мәселе студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру барысында жүзеге асады.

Түйінді сөздер: кредит, кредиттік білім беру жүйесі, боллон процесі, білім жүйесі, студент, эмоционалдық тұрақтылық

Аннотация. В данной статье обсуждается проблема системы кредитного образования. Основной проблемой сегодняшнего дня является образование и воспитание студентов в соответствии с требованиями системы высшего образования в стране. Образование и воспитание - это непрерывный процесс, который обеспечивает высокий уровень профессиональной и моральной компетентности членов общества. Интерес к изучению будущего становления студента как будущего специалиста в университете продолжает расти, в то время как проблема формирует эмоциональную стабильность студентов.

Ключевые слова: кредит, система кредитного образования, студент, эмоциональная устойчивость

Annotation. This article discusses the problem of the credit education system. The main problem today is the deep education and upbringing of students in accordance with the requirements of the higher

education system in the country. Education and upbringing is a continuous process that ensures a high level of professional and moral competence of members of society. Interest in studying the future development of a student as a future specialist at a university continues to grow, while the problem shapes the emotional stability of students.

Key words: credit, credit education system, student, emotional stability

Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қоятын талаптары қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, өз теориялық білімін практикада әр түрлі педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра алатын өз кәсібінің шебері бола білуі қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1].

Жоғары оқу орындарындағы білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің эмоционалды тұрақтылығының қалыптасуына зор ықпал етеді. Осы тұрғыда республикамыздың жоғары білім беру жүйесі кәсіби мамандар даярлауда оқытудың кредиттік жүйесіне көшуді қолға алды.

Себебі, бүгінде халықаралық жоғары білім беру тәжірибесін ескермей, қазіргі заманға сай білім алуға қол жеткізу мүмкін емес.

Алғаш рет кредиттік-сағаттық жүйе АҚШ-та пайда болып, дамыды. «Кредиттік-сағаттық» ұғымын 1869 жылы Гарвард университетінің Президенті, атақты америкалық білім беру қызметкері Чарльз Элиот енгізді. Нәтижесінде 1870-1880 жылдары кредит-сағаттар арқылы өлшеуге болатын пәндердің көлемін шешетін жүйе енгізілген еді. 1892 жылы «кредиттік-сағаттық» жүйе дамуының екінші кезеңі басталды. АҚШ ұлттық білім беру комитеті «колледж-мектеп» құрылымын жетілдіру мақсатында, орта мектептерде оқыту бағдарламасын стандарттауда «кредит» ұғымын тек колледждерде ғана емес, мектептерге, білім берудің магистрлік және докторлық деңгейлеріне бакалаврлық бағдарламаның мазмұнын бағалау үшін кредиттік жүйені енгізді.

1999 жылы 19 маусымда Италияның Болон қаласында 29 Еуропа елдерінің өкілдері қатысуымен өткен басқосуда Болон Декларациясы қабылданған еді. Бұл Декларацияда Еуропада жоғары білім беру жүйесі бойынша реформалық бастамалардың нақты мақсаттары айқындалды. Декларацияға сәйкес болашақта Еуропада ортақ жоғары білім беру жүйесін құру белгіленді. Осылайша Болон үдерісі басталды. Қазақстан Республикасы Болон үдерісіне 2010 жылдың наурыз айында қосылды [2].

Болон Декларациясына бұған дейін біртұтас Еуропада жоғары білім беру мәселесін шешу бойынша қабылданған бірқатар құжаттар негіз болды. Атап айтатын болсақ, олар: 1988 жылы басқа Болон Декларациясы- Университеттер Ұлы Хартиясы және 1998 жылғы 25 мамырда қабылданған Сорбон Декларациясы.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне Еуропалық кредиттік жүйе (ESTS) енгізілді. Еуропалық кредиттік жүйе бойынша Франция, Германия, Испания, Италия, Ұлыбритания және т.б. елдерде білім беріледі.

Елімізде кредиттік оқыту жүйесін теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыттары бойынша зерттегендер Г.К.Ахметова, С.Б.Әбдіғаппарова, С.Ә.Әбдіманапов, Б.С.Әбдірәсілов, Ж.Д.Дадабаев, А.А.Құсайынов, С.М.Өмірбаев, Б.З.Андасова және басқалар кредиттік жүйенің жоғары білім беру жүйесіне ендірілуіне үлес қосты [3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Кредиттік оқыту жүйесі» (технологиясы) - білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту деп көрсетіледі [4].

Жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту жүйесіне көшуінің басты мақсаты – білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіру және өндіріс пен нарықтық жағдайдың өзгеруіне тез бейімделе алатын кәсіби мамандардың әлемдік сұранысқа, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Кредиттік оқыту жүйесі – білім берудің демократиялығымен сипатталады және әр студенттің жеке бас ерекшелігі мен қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бұл жүйенің негізгі ерекшелігі – студенттердің білім кеңістігін қалыптастыру еркіндігі, яғни, міндетті мемлекеттік

білім стандарттарының мамандар дайындаудың сапасына қоятын талаптарына сәйкес, білім алудағы өзінің ерекшелігі мен қалауына сай ұйымдастыра алады.

Кредиттік оқыту жүйесі – оқу үрдісін ұйымдастыруда жаңа ізденістерге мүмкіндік ашып, жалпыға ортақ білім парадигмасынан әркімге арналған білім парадигмасына қадам жасатады. Оқу үдерісі барысында студент пен оқытушы арасында өзара жаңаша байланыс қалыптасып, студентке өзінің әр оқу пәні бойынша жеке дайындығына көп уақыт бөліп, оқу үдерісіне белсенді түрде қатысуы және алға қойған мақсатқа жету деген тұрақты қызығушылығының болуын талап етеді.

Кредиттік оқыту жүйесіне өту студент пен оқытушы арасында жаңа білімді игеру барысында, сенімді қарым-қатынастың қалыптасуын талап етеді. Оқытушы студент үшін тек ақпарат көзі ғана емес, ол студенттің қажетті ақпаратты іздеп тауып, саралап іс жүзіне пайдалануға үйретуші маман болуы керек.

Кредиттік оқыту жүйесінің міндеті – студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен білім алудың түрлі әдістері мен жолдарын көрсете отырып, студенттің өздігінен жасайтын танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы болып табылады. Кредиттік оқыту жүйесінің міндеті студенттердің өзіндік жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға негізделеді.

Кредиттік оқыту жүйесі сызықтық емес оқыту жүйесіне жатады. Осы тұрғыда кредиттік оқыту жүйесінің дәстүрлі «сызықтық» оқыту жүйесінен ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- дәстүрлі жүйеде оқытудың мақсаты ақпарат пен нақты білім беру болса, кредиттік жүйеде нақты білімнің негізінде өзіндік шешім қабылдай білу, талдау, қорыту дағдыларын жетілдіру, яғни шығармашылық әрекет пен өздігінен танып-білуді және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;

- студенттердің оқу жоспарындағы қамтылған пәндерді таңдау еркіндігі, әр студенттің өз жеке оқу жоспарын жасауға тікелей өзі қатысуы, оқыту бағдарламасының ыңғайлылығы;

- студенттердің оқытушыларды таңдаудағы еркіндігі;

- "студент-оқытушы" қарым-қатынасының "субъект- субъект" болып өзгеріп, оқытушының ұйымдастырушылық және қосалқы рөл атқаруы;

- студенттерге пән таңдауда, оқу траекториясын таңдауда көмектесетін академиялық консультанттардың енуі;

- оқу үдерісін ұйымдастыруда факультеттердің еркіндігі, оқу үдерісін қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету қажеттігі;

- әр студенттің эдвайзер көмегімен оқу пәндерін меңгеру үшін білім беру траекториясын таңдау арқылы оқытудың жекелендірілуі;

- студенттің өзіндік жұмысының үлесінің артуы, оның оқытушы қатысуынсыз жүргізілетін және оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін болып бөлінуі;

- студенттің меңгерген білім сапасының аралық бақылау мен емтиханда бағаланып, сынақтың болмауы;

- шетелде оқу мүмкіндігі;

- оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді кеңінен қолдану мүмкіндігі;

- бағалау жүйесінде дәстүрлі бағалаудан ерекше пайыздық бағалау жүйесінің енгізілуі.

Зерттеу барысында студенттік жастағы эмоционалдық тұрақтылығы әр түрлі түсіндірулер орындалды. Осылайша, Б.Г. Ананиев «Студенттік дәуірдің психофизиологиясы туралы» өз жұмысында осы кезеңнің мазмұны маманның, қоғам қайраткерінің және азаматының тәрбиесі, сондай-ақ әлеуметтік функцияларды біріктіру және дамыту, кәсіби дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Бұл студенттің жасына сәйкес келетін әлеуметтік даму мен тұлғаны қалыптастыру үшін ерекше және маңызды кезеңі деп түсіндіреді. [5]. В.А. Лабунская студенттің жасының адамның негізгі әлеуметтік әлеуетін дамытудың сезімтал кезеңі екенін дәлелдейді. Қазіргі уақытта ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің толық спектрін меңгеру орын алады. Белгілі бір әлеуметтік топ ретінде студенттер ерекше өмірлік жағдайлар, жұмыс және өмір, әлеуметтік мінез-құлық пен психология, әлеуметтік құндылықтар жүйесі сипатталады. Студенттік жастағы жоғарыда айтылған анықтамаларды талдай келе, ғылыми әдебиеттерде студенттік жас шамасы кәсіби білім алу, адамның әлеуметтену үдерісіне байланысты өмір кезеңі болып табылады деп айтуға болады. Адамды әлеуметтендіру принципі кезеңділік қағидаты ретінде қабылданатын классификацияларды ескере отырып, студенттік жас ерекше онтогенездік кезеңде қаралады. [6].

Зерттеулер көрсеткендей, жастың психологиялық ерекшеліктері даулы болып табылады, сонымен қатар дағдарыс сипатын анықтайтын студенттік жастағы психикалық процестер мен қасиеттердің күрделі және біркелкі динамикасын анықтайды. Жастың психологиялық ерекшеліктері: қарым-қатынастың жоғары қарқындылығы, жаңа идеялар мен өзгерістерге деген ұмтылыс, тәуекелге бейімділік пен бейімділік, ішкі әлемнің сәйкессіздігі, жеке басын анықтау және жеке тұлғаны

калыптастырудағы қиындық. Осы кезеңде даму күрделі процесс болып табылады, ол өсу мен құлдыраумен сипатталады, және бір функцияның өсу сәттері тұрақтандыру сәттерімен немесе басқа біреуінің төмендеуімен біріктіріледі. Жеке тұлғаның бағыты, мотивация, құндылық жүйелері, рөлдік ұстанымдары, тұлғааралық қарым-қатынастарында өзгерістер байқалады. Б.Г. Ананиевтің 19-20 жастағы жасы зерттелді, ол адамның барлық сипаттамаларын, интеллектуалды және психофизиологиялық сипаттамаларын оңтайлы есептейді. Оның айтуынша, жас шамасы функционалдық деңгейді төмендету сәттерімен толықтырылып отырады, бұл арандаттардың динамизмiнiң ұлғаюымен біріктіріледі.

Қорыта айтқанда, Оқытудың дәстүрлі жүйесінде білікті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазіргі мақсат - әлемдік білім кенестігіне ене отырып бәсекегеқабілетті тұлға дайындауда адамның құзырлылық қабілетіне бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну. Студенттік жастағы эмоционалды тұрақтылық адамның интеграциялық сапасы ретінде пайда болады, оның пайда болуы өзін-өзі ақпараттандыру, дүниетанымдық және наным-сенімдерді дамытумен тығыз байланысты. Бұл жаста, өздерінің мінез-құлқын бақылаудың ішкі түрінен тандау жасалады, егер студент өзінің барлық табыстары мен сәтсіздіктерін сыртқы жағдайлармен емес, өз қабілеттерімен және күшімен байланыстырса. Жауапкершіліктің түрі және, демек, эмоционалды тұрақтылықтың даму деңгейі осы жас кезеңінде сәл өзгеше болуы мүмкін.

Эмоционалды тұрақтылықтың мотивациялық және интеллектуалды компоненттері өзара байланысты, себебі бірінші және екінші дамудың дамуы зияткерлік сезімдерді дамытуға байланысты. Эмоционалды тұрақтылықтың интеллектуалды және эмоционалды компоненттері бір-біріне делдал болып, өзара байланысты. Осылайша, когнитивтік белсенділіктің оңтайлы жоғары деңгейі алаңдаушылықтың оңтайлы деңгейінде тіркеледі. Өз кезегінде, оң түстітаным процесінде пайда болатын интеллектуалдық эмоциялар, алаңдаушылықтың оңтайлы деңгейін ұстап тұруға ынталандырады. Эмоционалды тұрақтылықтың интеллектуалды компонентінің дамуы тұтастай тұлғаның дамуымен байланысты.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж
2. Болонский процесс: середина пути. М., 2005. 378с.
3. Основы кредитной системы обучения в Казахстане /Под общ. редакции Ж. А. Кулекеева, Г. Н. Гамарника, Б. С. Абдрасилова. А., КазНУ им. Аль-Фараби, 2004. -198 с.
4. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. –Астана, 2007.- 60б.
5. Ананьев, Б. Г. О проблемах современногочеловекознания [Текст] / Б. Г. Ананьев. – М., 1977. – 380 с.
6. Лабунская, В. А. Психология затрудненного общения: Теория. Методы. Диагностика. Коррекция [Текст] : учеб.
7. пособие для студ. высш. учеб. заведений / В. А. Лабунская, Ю. А. Менджерицкая, Е. А. Бреус. – М. : Академия, 2001. – 286 с.

Мұздыбаева Оразбике Нұржанқызы
«Бизнес және ақпараттық технологиялар» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, ҚазақстанРеспубликасы
e-mail: orazbike_katkenova@mail.ru
Ғылымижәтетекшісі: п.ғ.п., Қ.М.Нагимжанова
e-mail:karakat_4@mail.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ **РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА** **DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF CHILDREN OF PRESCHOOL AGE**

Аннотация. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдардың дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, балалардың жеке басының

қабілеттілік жақтарына терең үңіле бермейміз. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын, шығармашылық адамға айналдыру. Балаларда әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (шығармашылық қабілетті), дарынды ұрпақты тәрбиелеп оқыту, психология- педагогикалық маңызды мәселелерін қарастыру бұл мақаланың негізі болып табылады.

Түйінді сөздер: креативтілік, шығармашылық бетбұрыс, мектеп жасына дейінгі балалар, креативті білім беру жүйесі.

Аннотация. В настоящее время в дошкольных организациях открываются положительные изменения в развитии и рациональные стороны обучения и воспитания, но не углубляемся в сторону личностных способностей детей. Основной задачей сегодняшнего дня является превращение образованного человека в творческую личность, способного воспринимать целостную картину мира, напрямую общаться с творческим познанием, по-новому мыслить. Необходимо развивать у детей способность воспринимать многообразные стороны мира на основе творческого познания. На этой основе основными направлениями данной статьи являются интеллектуальное, креативное, обучение одаренному поколению, рассмотрение важнейших психолого - педагогических проблем.

Ключевы еслова: креативность, творческий перелом, дети дошкольного возраста, система креативного образования.

Annotation. Currently, in pre-school organizations open positive changes in the development and rational aspects of education and upbringing, but do not delve into the personal abilities of children. The main task of today is to transform an educated person into a creative person capable of perceiving the whole picture of the world, communicate directly with creative knowledge, think in a new way. It is necessary to develop children's ability to perceive the diverse sides of the world on the basis of creative knowledge. On this basis, the main directions of this article are intellectual, creative, training of the gifted generation, consideration of the most important psychological and pedagogical problems.

Key words: creativity, creative fracture, children of preschool age, the system of creative education

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін (бумеранг, ынталандыру, әсерлендіру, оқытудағы белсенділік, ең бастысы ертегі терапиясын) қолдануды ұсынамын. Нақты мектепке дейінгі жастағы балаларды ойын арқылы үйретуге болады деп есептеймін.

Білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Бүгінгі күн талабы жалпы білім беру жүйесіне, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім мазмұны мен тәрбиелеу әдістеріне үлкен міндеттер жүктеуде. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу қажеттігі нақты көрсетілген. Осыған сәйкес мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің басты мақсаты – баланың өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру.

Әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі әрбір баланың даралығын ашу үшін ертегі терапиясын қолдана отырып, оның креативті ойлауын дамытудың маңызы зор. Ертегі – баланы тәрбиелеуге арналса, ертегі терапиясы сол тәрбие арқылы баланы жөнге салу, оның көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері болып табылады. Ертегі терапиясын қолдану арқылы баланың креативті ойлауын дамытудың маңызы зор. Креативтік ойлау балалардың ертегідегі проблемаларды шешу дағдыларына ықпал ете отырып, нұсқаларды зерделеп, ертегі мазмұнын сындарлы, әрі креативті етіп құрастыруына мүмкіндік береді. Креативтілік ағылшынның «Creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Креативтілік – жаңаны құрумен байланысты әрекет нәтижесі, шығармашылық өнім. Бүгінгі таңда тұлғаның креативтілігі- бұл өте маңызды және сапалы қасиет. Тұлғаның креативтілігі кез келген деңгейде, кез келген сатыда өріс алып келеді. Егер адам басқа адамдардан ерекше болып көрініп, жаңа түсініктермен ойлауға тырысқысы келсе, онда ол адамға креативтілігін дамыту қажет. Бірақ бұл жағдайға қол жеткізу күрделі үрдіс және оған адамның қалауы мен ниеті болуы маңызды. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде 3 жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қасиетті нәрсенің бәрінде ертегіден алады»- деген [1,296.].

Қазақстан Республикасында қазіргі мектепке дейінгі мекемеде жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген. Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейімен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тиімді құра білу қажеттілігі қай кезде де өзекті мәселе болмақ [2,15 бап]. Танымдық қызығушылық оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбиелеп оқытудың ең көкейкесті проблемалары танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Бала өмірінде қызығушылықтың әр түрі (эстетикалық, көркемдік, музыкалық, т.б.) көрініс табады. Өскелең ұрпақ үшін танымдық қызығушылықтың маңызы өте жоғары. Сондай-ақ дамыта оқытудың әдістемесіндегі ең басты нәрсе мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылық әрекетін арттыру. Мұның өзі эвристикалық және зерттеу әдістеріне ерекше мән берілетінін көрсетеді.

Бастапқы кезеңдерде креативтілікті тек қана дарынды балаларда ғана дамытуға болады деген пікірлер қалыптасып, кейін шығармашылық ойлауды кез-келген балада дамытуға болатыны дәлелденген. Бұл баланың креативті ойлауын дамытуға байланысты тапсырмалар мен жаттығулардың жауаптарында қате жауаптың болмауымен түсіндіріледі. Баланың жеке тәжірибесі және оның негізгі әрекет ету формалары дамытудың негізгі факторы болып табылады. Креативтілікті дамытуға қолайлы, яғни сенситивті кезең 3-5 жас болып келеді. Бұл жас ерекшелікте жалпы шығармашылық қабілет ретінде креативтіліктің алғашқы көріністері қалыптаса бастайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік ойлауын дамыту үшін «Коммуникация» білім беру саласындағы «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» оқу қызметтері негізінде, күннің екінші жартысында т.б. жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Ертегі терапиясы барысында балалар достықтың үлкен үлгісін көріп, оған көмек қолын созуға ұмтылады, достықты насихаттайды [3,1026.].

Ертегі терапиясының бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өздік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыс қылатын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын. Мектеп жасына дейінгі баланы оқыту оларды бастапқы қарапайым біліммен қаруландыру, ұнамды әдет – дағдылардың алғашқы нышандарына баулу, ақыл – ой қабілетін, білуге деген құштарлығын дамыту. Балалардың зейін, ес, қиялдау, ойлау, сөйлеу сияқты дүние – танымдық қабілеттерін, мақсаттылық, белсенділік, қиыншылықты жеңе білу сияқты қасиеттерін тәрбиелейді. Жас ұрпаққа жүйелі білім негіздерін, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын игерту, икемділігін, әдет – дағдыларын қалыптастыру. Мектепке дейінгі педагогикада білім беру деген түсінік қолданылмайды (үйрету ұғымы пайдаланылады), өйткені балабақшада балалар толық білім алмайды [4,456.].

Балабақшада көбінесе сабақтар ойын түрінде өтеді. Жалпы ойыннан педагогикалық ойынның басты белгісі – оқытудың нақты мақсаты және оған сәйкес педагогикалық нәтижелері айқын түрде көрінеді, негізделеді және оқу-танымдық бағытта сипатталады. Сабақтардың ойын нысаны балаларды оқу іс-әрекетіне құлшындыру, ынталандыру құралы ретінде ойын мотивациясымен құрылады. Сабақтардың ойын тәсілдері мен жағдайын іске асыру келесідей негізгі бағыттар бойынша болады:

- балалардың алдына қойылатын дидактикалық мақсат ойын тапсырмасы нысанында қойылады;
- оқу іс-әрекеті ойын ережелеріне бағынады;
- оқу материалы оның құралы ретінде қолданылады;
- оқу іс-әрекетіне дидактикалық тапсырманы ойын тапсырмасына ауыстыратын жарыстың элементі енгізіледі;
- дидактикалық тапсырманы табысты орындау ойын нәтижесімен байланыстырылады;
- оқу үдерісіндегі ойын технологиясының орны мен рөлі, ойын мен оқу элементтерінің үйлесуі педагогтың педагогикалық ойындарының біліктілігі мен функциясын қалай ұғынуына байланысты. Ойын ортасы ойындар технологиясының ерекшелігін анықтайды: затпен және затсыз ойындар, үстел үстінде, көшеде, бөлмеде, компьютерде, оқу техникалық құралдармен және түрлі жүру техникасымен ойындар. Ойын технологиялары мектепке дейінгі жаста кеңінен қолданылады,

себебі ойын осы кезеңде жетекші іс-әрекет болып табылады. Бала рөлдік ойынды үш жасына қарай игереді, адами қарым-қатынастармен танысады, құбылыстардың ішкі және сыртқы жақтарын айыра бастайды, өзінде уайымдау сезімі бар екендігін ашады және оларға бағдарлана бастайды.

Балада бір заттың қасиетін басқа затқа ауыстыруға мүмкіндік беретін көз алдына елестету және танымның саналы іс-әрекеті қалыптасады, өз сезімдерінде бағдар туындайды және олардың мәдени көрсету дағдылары қалыптасады, бұл балаға ұжымдық іс-әрекетке және қарым-қатынасқа қосылады. Мектепке дейінгі кезеңде ойын іс-әрекетін меңгеру нәтижесінде оқытудың қоғамдық маңызды және қоғамдық бағалау іс-әрекетіне дайындығы қалыптасады. Қорыта келе, жоғарыда атап өткен технологиялар арқылы баланың креативті ойлауын дамыту жұмыстары жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуын қарастырып, адамгершілік құндылықтарын жетілдіруге бағытталады деп тұжырымдауға болады. Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсат- баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі педагогика тәрбие туралы ғылым болғандықтан, қоғамдық өмірдің тәрбиеге байланысты сан түрлі жақтарын, әлеуметтік қатынастарды зерттейтін әлеуметтік ғылымдар тобымен де, философиямен де, оның саласы этика, эстетикамен, этнопедагогикамен, этнопсихологиямен де байланысты. Сол себепті кішкентай кезінен ақ балаларға ең бастысы дұрыс тәрбие мен бағыт-бағдар беру керек. Жалпы ғалымдардың айтуы бойынша, адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Талпынсаң, ой еңбегімен жиі шұғылдansaң данышпандылық та пайда болуы әбден мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Балбөбек» бағдарламасы, Астана, 2007
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана. 2007ж.
3. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы. Астана, 2010ж.
4. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы. Астана, 2010ж.
5. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы. Астана. 2010
6. С.Д. Андабекова «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы, «Адам және қоғам», 2012
7. Меңжанова А.К «Мектепке дейінгі педагогика», Алматы, 1992ж.
8. Ф.Н. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика». Астана «Фоллиант» баспасы, 2008ж.
9. Ядэшко В.И., Сохина Ф.А. «Мектепке дейінгі педагогика» А. Мектеп, 1982ж.
10. Қоянбаев Ж. «Педагогика». Астана. 1998ж.
11. Сағындықов Е. «Педагогика». Астана, 1998ж.

Самбетова С. К.

*«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,*

*Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: a-97@mail.ru*

*Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. Қ.М.Нағымжанова
e-mail: karakat_4@mail.ru*

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ДУХОВНО-ЛИЧНОГО РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖИ

PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL CONDITIONS OF SPIRITUAL AND PERSONAL DEVELOPMENT OF YOUTH

Аннотация - мақалада жастардың рухани-адамгершілік дамуының педагогикалық-психологиялық шарттары көрсетілген.

Түйінді сөздер: «жастар», «рухани-адамгершілік», «психологиялық шарттар».

Аннотация - в статье раскрываются теоретические основы духовно-нравственного развития молодежи. Психолого-педагогические условия развития духовно-нравственного молодежи.

Ключевые слова: «духовно-нравственное воспитание», «психологические условия», «молодежь».

Annotation. The article reveals the theoretical foundations of the spiritual and moral development of young people. Psychological and pedagogical conditions for the development of spiritual and moral youth. The article reveals the theoretical foundations of the spiritual and moral development of young people. Psychological and pedagogical conditions for the development of spiritual and moral youth.

Keywords: "Spiritual and moral education", "psychological conditions", "youth".

Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы жастарға да үлкен аманат жүктеп, ауыр жүк арқалатып отыр. Елбасы өз сөзінде: «Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», - деген жоқ па?! Мемлекет болса, өз Еліміз тәуелсіз екен, тіліміз де тәуелсіз болуға тиіс. Тіліміз азаттық алмай, өзінің тұғырына қонбай, біз қалайша Тәуелсіздіктің рухын сезіне аламыз. Тіл тәуелсіздігі – ел болашағы. Тілдің мәнін түсіну үшін қазақтың ауыз әдебиетінің мәні зор. Қазіргі қоғам дамуының жалпы білім беру мазмұнына қоятын талабы жастарға әлемдік ғылым мен процесс деңгейінде білім беру, олардың ойлау мүмкіндігін жетілдіру. Жас ұрпақ айналадағы құбылыс, қоршаған орта туралы сан түрлі мағұлматтар алып, білімді игереді. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемге жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында атап өтілгендей, әлем елдері арасында қуатты дамушы елу елдің қатарына қосылу межесі барша қазақстандықтарға үлкен рух берді. Қазақстан бүгінде әлем таныған өркеніетті елдер қатарына қосылуға бет бұрғанда демократиялық жолмен дамушы мемлекетіміздің қалыптасуы жағдайында өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімдерін арттыру қажеттігі туындап отыр [1].

Д.Ушинский айтқандай «Ой дегеннің өзі – жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі» екенін ескеріп, баланың өз тәрбиесі қаншалықты бай, сан алуан. Даму – баланың сандық және сапалық жағынан жетілуі, психикасының, ой-санасының өсуі. Жас ұрпақтың түйсік, қабылдау, ес, қиял, ой және тіл сияқты танымдық-психикалық процестерін дамыту – оқушының ой-өрісінің басты міндеттерінің бірі. Сөз өнерін дәріптеген халқымыз баланың ой-өрісін дамытуға ауыз әдебиетінің айтыс жанрының, жұмбақ айтысын пайдаланған. Айтыстарды ақындар қарсыласына өмір, ғылыми білімді жұмбақтап, оның шешуін тапқызып, бір-бірін сынаған, сөйтіп ой-өрісін, білімін сарапқа салған.

Білім бұлағының көзін ашу бастауыш сыныптан басталады. Озық ойлы, тапқырда нәзік, сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әрбір ұстаздың міндеті.

Баланың ой-өрісін дамыту, дарындылығын дамыту мәселесі ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз Баласағұн, Әл-Фараби, Абайды ерекше толғандырған. Сондықтан өз еңбектерінде жеке тұлғаның ой-өрісін дамытуды үнемі көздеп отырған. Осы мәселе төңірегінде көрнекті педагогтар мен ғалымдар Т.Тәжібаев, С. Мұқанов, Ж. Әбділдин, Қ.Жарықбаев, Т. Сабыровтың еңбектері оқушының ой-өрісін дамыту туралы теориясының алтын қоры деуге болады. Оқушының ой - өрісі, қабілеті бірден қалыптаспайды. Оны қалыптастыру күрделі құбылыс. Ол жай сатыдан күрделі сатыға біртіндеп көтеріліп отырады. Мұндай жауапкершілікті іске асыратын, әрине ұстаз. Сондықтан оқушының ой-өрісін дамытудың негізгі мақсаты – оқушының ой-өрісін, шығармашылық ойлауын, логикалық ойлау қабілетін одан әрі дамыту.

Осы негізде бастауыш сынып ана тілі пәнінің оқушының ауызекі сөйлеуін дамыту, дүниені көркем сөз өрнектері арқылы бейнелеп қабылдауына, ой-өрісін қалыптастыруға жол ашатын танымдық, тәрбиелік мүмкіншіліктері мол. Осы тұрғыдан қарағанда ана тілін оқытудағы елеулі ерекшелік бұрынғыдай оқушыларға түсінік беру, оқу техникасын меңгертіп қана қоймай, әдістемелік оқу әрекетін қалыптастыру, дүние танымын кеңейтуге мән беру болып отыр. Бастауыш сынып оқушылары ата-бабамыздан қалған мәдени мұра халық ауыз әдебиетінің өн бойындағы мәнділігі мен маңыздылығынан, ойшылдылығы мен қиялшылдылығынан, тапқырлығы мен шешенділігінен, әсемділігі мен алғырлығынан, тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен нәр алары анық. Қазақ халқының көрнекті азаматтары Ы. Алтынсарин, М. Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов және т.б. өздерінің педагогтік-ағартушылық еңбектерінде халықтың рухани мұрасының өміршендігін көрегендікпен түйсіне отырып ұсынуда оны тәрбие құрамы деп санаған.

Мектепте оқуының басталуымен, мектепке дейінгі кезінен гөрі, баланың жұмыс процесінде тиісті ұғымдарға сүйенген *ұғымдық ойлауы* тез дами бастайды. Бастапқыда ол нақтылы заттар және құбылыстармен тығыз байланысты (*нақтылы ұғымдық ойлауы* басым), бірақ бірте-бірте төменгі класс оқушыларында нақтылыдан абстрактілей білуге қолы жетіп, пікір айтып азды-көпті қорытынды жасауға (*абстрактілі ұғымдық ойлау*) қалыптаса бастайды.

Ойлау процесінің дамуында оқытудың маңызы орасан зор. Ол баланың елестете алуы мен білімін кеңейтеді. Жаңа ұғымдарды игеру жүріп жатады, олар бір жүйеге келтіріп, ой қорытындылау жиі жасалады, оның ішінде шартты, *гипотетикалық* түрде қолданылады.

6-7 жасар баланың ойлау процесінде, әрекетпен (ойын, сурет салу, әр түрлі нәрселерді жасау, қарапайым еңбек процесі) байланысты нақтылы тапсырманы шешу бағыты басым түседі. Осы жастағы балалар қорытынды жасағанда қажетке жарататын, оған қатысы бар, заттардың сырт белгілерін жиі қамтиды. Бұл баланың затқа анықтамасынан көрінеді. Үй – ол тұру үшін, күрек – қазу үшін т.б. қажет, дейді. Бала оқы бастаған алғашқы кезде құбылыстардың көптеген байланысу себептері түсінікті болғанымен, алайда оның бұл түсінігі азғантай өмір тәжірибесінің шеңберінен көбіне ұзап шыға алмайды.

Қайың, шөп гүл және балдырды жалпы бір сөзбен қалай айтуға болады дегенде, I кластың оқушылары жауап бере алмай қиналады, ал III кластың оқушылары бұны *өсімдіктер* деген бір сөзбен айтуға болады, - дейді. Сонымен, жыл өткен сайын балалардың заттар мен құбылыстардың негізгі белгілерін айыру және жинақтай алу қабілеті дами береді. Төменгі класс оқушыларының пікірі мен ой қорытындылауы бірте-бірте ақылға қонымды бола түседі. Балалар мектепке дейін бір нәрсе дұрыс емес деп турасын айтуы мүмкін. Оқу процесінде олар мұндай қылықтан бірте-бірте арылады. Олардың сөзінде мектепке дейінгі балаларға тән емес, шартты, болжамды пікірлер пайда бола бастайды.

Мұғалім балаларға білім беру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, тілін жетілдіру арқылы олардың ойлауын да дамытады. Бірақ бұл әзірше аз. Төменгі кластан бастап-ақ балаларды, оқу материалын түсініп және игеріп қана қоймай, қызықтыратын мәселелеріне өздері жауап табуға үйрету қажет. Бұны балалар алғаш мұғалімнің көмегімен, содан кейін өз бетінше істейтін болады. Мұғалім алғашқы күннен бастап балаларды ойлай білуге үйретіп, сабақты түсіндіруге асықпай, оқушының өзіндік ойлауына мүмкіндік бергені жөн. Ал бірақ баланың өзі түсіне алмаған, басы ашылмаған бірде-бір сұрақ қалмауы қажет. Материалдың бірте-бірте қиындай түсуін сақтай білудің маңызы орасан зор. Ойлауды дамытуда оқудың алғашқы жылынан бастап-ақ практика жүзінде еркін және арнаулы тақырыпта жазылатын шығармалар, есеп құрастыру, оның оңай жолын тауып барып шығару сықылды т.б. творчестволық еңбектің маңызы зор.

Балалар мектептен тыс кезінде-ақ көптеген хабарлар (радио, телевидение, кино, отбасындағы әңгіме, кітаптар) алып отырған біздің кезімізде, мұғалім тіпті төменгі сынып оқушыларына сабақ өткізгенде, оқулықта жазылғандармен ғана шектеліп қоймауы керек. Кейде, орасан дамыған заманымызда ғылым мен техниканың біздің өмірімізге не әкелетінін балалар дұрыс ұғып түсінетіндей етіп, әңгіме өткізген де жөн. Білімі молайған сайын адамның ақыл-ойы дамитындығын есте ұстау керек.

Ойлау ой әрекеті процесінде дамитындығын ұмытуға болмайды және балаларды логикалы сын көзбен қарай отырып ойлауға үйрету қажет. Оларды атқарған жұмысына өздігінен бақылау жасап, баға бере білуге баулу керек. Неге? Неліктен? Деген сұраққа жауап талап еткенде, мұғалім балаларды өз пікірлерін бір негізге сүйеніп, оны іс жүзінде тексеруге, дұрыстығын дәлелдеп немесе өз пікірінің қате екенін мойындауға үйреткен жөн. Бастауыш кластың өзінде-ақ балалар мұғалімге ғана сұрақ қоймай, өзіне де сұрақ қоюға үйреніп, оған өздігінен жауап беруге тырысып, содан соң өз ойының дұрыстығын іс жүзінде не мұғаліммен әңгімелескенде тексере білуінің мәні зор [11.184]

Адам сұрақ қою арқылы алдындағы кедергіні сезеді, оны біртіндеп жоюды, сөйтіп, өзінің әр түрлі тану қызығуларына жауап алады. Сұрақ қою, оны дәл тұжырымдау, мәселені «ойда ұстай білу» сұрақты талдай білу және жинақтау, шығару тәсілімен амалдың орталық түйінін табу, жорамалдар жасай білу т.б. ойлау процесінде мәселелерді шешу үшін аса қажетті жағдайлар болып табылады.

Бір нәрсенің мәніне түсіну үшін жай тану жеткіліксіз, оған қоса, оның себебін, яғни неліктен осылай болып тұрғанын білу керек. Мектеп жағдайында кейбір оқушылардың оқыған әңгімесін, грамматикалық, арифметикалық ережелерді дұрыс түсіне алмайтын фактілері жиі кездеседі. Мұғалімдер көбінесе баланың әр жаңа материалды не себептен түсінбей қалатынын кезінде талдау жасап отырмайды. Бала ойлауы үнемі кедергісіз жүріп отыратын процесс емес, ол кейде құбылыстарды толық бейнелей алмайды, тіпті қателіктер де жібереді, бірде білмегенін екіншіде біледі. Міне, осы жайларды мұғалім асқан байсалдылықпен ескеріп отыруы тиіс. Сондықтан жаңа сабақты бірден түсіне алмай қалған оқушыларды ұғымы төмен деп кінәлаудың өзі педагогикалық тұрғыдан дұрыс болмайды.

Төменгі класс оқушыларының ойлауы негізінде нақтылы келетіндіктен, олар көп нәрселерді өз қалпында түсінуге бой ұрады. Мәселен, бір зерттеуде үшінші класстағылардың аллегориялық ұғымдардың мәнін жете түсінбейтіндігі анықталған. Олар: «білімді» деген ұғымды тек «оқитын адам»; «дүние» ұғымын «байлық», «ақша»; «жақсылық» ұғымын «жақсы нәрсе»; ер ұғымын «аттың ері» деп олардың заттық, бейнелік жақтырына көбірек көңіл аударады да осы ұғымдардың мәнін салыстыру, теңестіру арқылы түсіндіріп бере алмайды.

Балалардың құбылыстарды түсіне алуында олардың сөз байлығын, сөздік қорының өсіп отыруын қадағалау зор маңыз алады. Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндірудегі методикалық шеберлігінің (әр ұғымды өз мәнінде толық түсіндіру, сөйлемдердің қысқа, ықшам болып келуі, екі ұшты сөйлемге т.б.) жоғары болуы бала түсінгінің жақсы дамуына қатысы бар басты факторлардың бірі [12.195].

Ойлау – бұл тұлғаның шындықты жалпылама және жанама бейнелеуге бағытталған танымдық әрекеті. Ой қорытындылары индуктивтік және дедуктивтік болып келеді. Индуктивтік ой қорытындылары жеке фактілердің негізінде қорытынды жасау жалпы пікір айту. Дедуктивтік ой қорытындылары дегеніміз – жалпы ережеден жеке қорытынды жасау. Қорытынды пікірге келудің екі түрі де – адамның айналадағы дүние туралы білімін кеңейтуге көмектеседі. Ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі – логикалық ойлау деп ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым – логика деп аталады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі [13.153].

Бала өз өмірінің алғашқы күнінен бастап, түйсінуге және кейбір сезімдерге білдіруге қабілетті. Бірақ ол әлі де ойлай алмайды, жас шамасына қарай, тәжірибенің жинақталуына байланысты оның іс-әрекетінде, тілдік қарама-қатынасында, оқыту және тәрбие үрдісінде дами бастайды. Ойлау үрдісі ойлау түрінде – пікірлердің және ұғымдардың түрінде қарастырылады және байқалады, балалар да сөйлеуді меңгеруі деңгейіне байланысты дами бастайды. Бірақ ойлаудың алғашқы көріністері қабылдаулар мен елестетулерге негізделген, іс-әрекетінде байқалады, балалардың тілді меңгергеніне дейін аңғарыла бастайды. Бір жас шамасында балалар үлкендердің оларға бағытталғын сөздерін түсінеді.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы
2. Бекболғанов Е. Ойлау қабілетін дамыту // Бастауыш мектеп //, 2003, № 8. 49-бет
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1992, 156 бет
4. Әбішев Д. Философия. Алматы, 1994, 340 бет
5. Байшуақова М. Оқушыны ойлауға үйрету // Қазақстан мектебі, 2000, № 4, 40-бет.
6. Манашов Р. Ойлау қабілетін дамыту // Қазақстан мектебі, 2005, № 4, 50-бет
7. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Алматы, 2002, 220-бет
8. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, 1993, 234-бет
9. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. Алматы, 2002
10. Алдамұратов Ә. Психологиялық терминдік сөздер // Қазақстан мектебі, 1998, № 7-8, 52-бет
11. Гोनоболдин Ф.Н. Психология «Мектеп» Алматы-1976, 184-б
12. Жарықбаев Алматы-1970-б. 195 Психология
13. Сәбет Бап Баба Жалпы психология Алматы, Дарын, 2005 153 -б
14. Сейталиев Қ. Жалпы психология Оқу құралы Алматы, 2010 232-248

УДК ӘӘЖ 318.016

Таратынова Н.Х.

*«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Guldana-97@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. Айкенова Р.А
e-mail: ryskeldy.aykenova@mail.ru*

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЛИДЕРЛІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ КАЧЕСТВА ЛИДЕРСТВА СТУДЕНТОВ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

THEORETICAL BASES OF DEVELOPMENT QUALITY LEADERSHIP STUDENTS HIGHER

Аннотация. мақалада жоғары оқу орындарында студенттердің лидерлік сапаларын қалыптастырудың теориялық негіздері көрсетілген.

Түйінді сөздер. «лидерлік сапа», «ерік сапалар».

Аннотация. В статье приведены теоретические основы формирования лидерских качеств студентов вузов.

Ключевые слова. «Лидерское качество», «волевые качества»..

Annotation. The article presents the theoretical basis for the formation of leadership qualities of university students.

Keywords: “Leadership quality”, “volitional qualities”..

Жоғары оқу орнында лидерлік сапасын қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздерін зерделеуде алдымен категориялық аппаратын нақтылауды және оның әдіснамасын талдауды жөн көрдік. Осыған байланысты «лидер», «лидерлік», «лидерлік сапа» түсініктерінің мәнін ашуға мүмкіндік беретін әдіснамалық тәсілдерге мән бердік.

Қазіргі уақытта күрделі құбылыс болып саналатын лидерліктің жекелеген жақтарын байланыстыратын үлгілерінің сомдалған түрі бар. Бұл феноменді ұғынудың бірнеше тұжырымдамалық тәсілдері бар. Соның ішінде болашақ педагогтардың лидерлік сапасын қалыптастыруда әдіснамалық негізге алынатын теорияларға (*сипат теориясы, жағдаяттық теория,*

ізбасарлардың рөлін анықтау теориясы, жеке тұлғалық жағдаяттық теория) тоқталып өткенді жөн санадық.

«Сипат теориясы» (харизматикалық тәсіл) лидерлік мінез қызметін сипаттайды. Бұл теорияны қолдаушылар тиімді ықпал етуші лидер туа бітті жеке тұлғалық қасиетке, мінездік сипатқа, лидерлікке, басшылыққа ерекше қабілеті болуы тиіс деп, санайды. Лидерді сипаттайтын ерекше белгілердің арасында мыналар баса айтылады: ынталылық, көпшілдік, өзіне сенімділік, жігерлілік, достық қалып, батылдық, тәуекел сүйгіштік, төзімділік, адалдық, ұйымдастырушылық, сендіре білу қабілеті және т.б.

«Харизма» түсінігін неміс социологы, тарихшысы, экономисі және заңгері М. Вебер енгізді [3]. «Харизма» деп, лидердің мінез-құлық сипаттамалары мен лидерліктің өзіндік сапаларының жиынтығын, сонымен қатар басқаларға өзінің жеке даралық тартымдылығы арқылы лидердің әсерінің ерекше формасын атайды.

М. Гантер харизматикалы (харизма – грек тілінен – «тәңірдің сыйы») лидерге тән бірқатар сипаттарды бөлектеп көрсетеді:

- тұлғаның өзге адамдарға әсерін тигізе алу қабілеттілігі, «қуаттылық шашу» және онымен басқаларды қуаттандыру;
- «жаулап алушы»;
- «тәуелсіз мінез»;
- «жақсы риторикалық және әртістік қабілеттілік». Олар айқын сөйлеу және тұлғааралық қарым-қатынас жасаудың өте жоғары қабілеттілігіне ие;
- «өзіне сенімді және өзін лайықты ұстай алу». Олар жинақы және жағдаятты бақылай алатын адам тұрғысынан әсер қалдырады [8].

Харизматикалық тұжырымдамада «лидер» өзінің соңынан топты ерте алатын, адамдарға ықпалы бар бірегей қабілеттілік пен ерекше қасиетке ие адам тұрғысынан қарастырылған. Өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай ізбасарларының ішкі жан дүниесіне күшті әсер ете алатын, мінсіз болашақты болжай білетін, оған жол нұсқай алатын лидер харизматикалық лидер депесептелінеді және лидердің харизматикалық сипаттамалары тұрғысынан алдын ала болжау стратегиясы мен ізбасарларды мотивациялық шабыттандыра алуы саналады. Харизматикалық лидер адамдардың сеніміне ене алады және өздерінің даралық бірегейлігі мен күші арқылы құндылықтарын қабылдатуға қозғаушы болады. Харизматикалық лидерлікті таныту үшін қолайлы жағдаяттарда байыпты өзгерістер енгізуді талап ететін дағдарыс жатады.

Ғұлама ойшылдардың еңбектерін қарастыра келе, лидердің харизматикалық бейнесін мінсіз адам, парасатты адам, кемел адам түрінде қарастырғандығына куә болдық. Атап айтсақ, әлемдегі екінші ұстаз атанған Әл-Фараби өзінің «Философиялық-әлеуметтік трактатында» мынадай тұжырымдар мен қағидалар ұсынады: ешбір жанға бағынбайтын басшы адамның (харизматикалық лидердің) бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастыра жетілуі қажет деп көрсетеді. Олар:

- адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда осы адам әлде бір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір істі істемек болса, ол мұны оп – оңай атқаратын болады;

- жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін, айтылған сөздісөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жапсарына сәйкес ұғып алатын болуы керек;

- өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтай алатын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы қажет;

- әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкелетіндей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт;

- өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт;

- өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек;

- тағамға, ішімдік ішуге келгенде қанағатшыл болуы керек,

- жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт;

- шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт;

- оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс;

- дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да төл нәрселеріне жирене қарап, жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көретін болуы керек, жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке

баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше *жақсылық пен ізгілік* көрсетіп отыруы қажет;

- *әділ* болуы шарт, бірақ қыңыр болмауы керек, әділеттілік алдында қиясмінез көрсетіп қасарыспау керек;

- әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы шарт, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанша *шешімпаздық* көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек [39].

Ж. Баласағұн харизматикалық лидерді парасатты адам тұрғысынан қарастырып, оның бойында мына төмендегі сапалар қамтылуы тиіс деп, санайды:

- әділдік;
- ақыл;
- білім;
- бақыт;
- қанағат.

Ал Қ.А. Йассауи болса, лидерді кемел адам ретінде қарастырып, оның бойындағы тұлғалық сапасын мына төмендегі ретпен жіктейді:

- туралық;
- адалдық;
- еңбекқор;
- қиындыққа төзе білу;
- ақиқатты іздеу (шыншыл болу);
- білім-ілімге құмар болу;
- имандылық [5].

Көрнекті ғалым Р. Стогдилл «лидер сипаты теориясы бойынша» 120 ғылыми зерттеулер жүргізіп, салыстыру барысында бұл теорияның ғылыми негіздемесі жоқ деген қорытындыға келді [6].

Сипат теориясы топтың әр түрлі тіршілік әрекеті лидерден әртүрлі сапаны талап ететін болғандығына байланысты жеткілікті дәрежеде негізді емес. Солай болса да, бұл теорияда белгілі бір психологиялық және тәжірибелік мән бар. Ақиқат сенімділікпен лидерден әртүрлі сапаны талап ететін әркілы әрекет түрінің бар екенін дәлелдеуге болады. Осы тұрғыдан лидер сипатының әмбебап шкаласын құру мүмкін емес. Осы дәлелді себептің өзі «сипат теориясының» құлдырауына әкелді.

Алайда қазіргі уақытта лидерліктің сұранысқа ие болып отырған өскелең өмір талабы жағдайында «сипат теориясының» ресми және құқықтық параметрлеріне талдау жүргізген Е.Б. Абашкина, Ю.Н. Косалаповтардың ғылыми зерттеу жұмыстарына назар аударылуда [7]. Өйткені осы еңбектерде аталған ғалымдар лидерлердің сипатын жан-жақты ашуға ұмтылған. Атап айтқанда лидерге мынадай сипаттар тән екендігін көрсетеді: ізбасарлары тарапынан қолдау табу; өзіне деген сенімділік; күтілген нәтижеге жетуге сенімділігін көрсете алу және ол туралы айналасындағыларға түсінікті және жүйелі түсіндіре алу; өз адамдарына дем беріп, рухтандыру үшін жеткілікті оптимизм мен сенім қорының болуы; жігерлілік; мінездің жұмсақтығы; көңіл күйдің орнықтылығы.

А.В. Петровскийдің, М.Г. Ярошевскийдің пікірі бойынша, «сипат теориясы» бойынша лидердің негізін қалаушылар зерттеу жұмыстарында даму деңгейі әртүрлі топтардағы топтық қызмет әрекетінің әртүрлі үлгілерін араластырып жіберуі нәтижесінде бұл теорияны жарамсыздыққа әкелген деп көрсетеді [8].

Ал осы мәселе бойынша қазіргі заманғы авторлар топтарды даму деңгейі және қызмет түріне қарай бөлуді ұсынады. Оларды шартты түрдегі кеңістіктерге орналастырып, зерттеушілер осы топтардың лидерлерін анықтайтын, белгілі топты құрайтын жекелеген адамдардың жеке тұлғалық сипаттамасын жинақтайды. А.В.Петровский мен М.Г.Ярошевский лидерді сипаттайтын, топтың сапалы жинақталуының даму деңгейіне байланыстылығын салыстырмалы түрде айқындауды ұсынады [9].

«Сипат теориясынан» кейін «жағдаяттық теориялар» (ықтималдық тәсіл) кең таралымға ие болды. Мұнда лидерді өсіру үдерісінде жағдаяттың мәнділігі жарияланды. Осыларға сәйкес Б.Д. Парыгин, А.В. Петровский, А.И. Уманский лидерлік белгілі бір орынның, уақыттың және жағдайлардың, жағдаяттардың нәтижесінде пайда болатындығын айтады [10].

Лидерліктің жағдаяттық теориясы лидерге тән, сипат қатынасын атап көрсетеді және әлеуметтік жағдайдың ең басты өзгеруі лидерді ауыстырудың жоғары ықтималдылығын арттырады. Т.Шибутани жағдаяттың өзгеруіне тікелей байланысты екі психологиялық факторды белгілейді: топты формализациялау деңгейі және топ мүшелерін автономиялау [11].

Осыған орай әлеуметтік жағдаяттың бес үлгісін бөліп көрсетуге болады. Бұл: 1) күтпеген қиын-қыстау жағдаяттарда күтілмеген жаңа лидердің өсуіне жағдай туғызады, өйткені бұрынғы лидердің әрекеті өнімсіз болады, яғни ол бұл жағдаятта басқаша шешім қабылдай алмайды; 2) өте қиын қайталанатын, алдын алуға болатын жағдаяттар, яғни бұндай жағдайда лидер мен жетекшіні алдын ала дайындайды және олар «резерв» тұрғысынан саналады; 3) әдеттегі қайталанатын жағдаяттар, олардың негізінде конвенциялық нормалар жатыр; бұл жағдаяттар лидердің санын алдын ала болжамайды, алайда басым болуға бейім адамдар мұндай әлеуметтік жағдаяттарда лидерлік рөлге еніп, алға шығады; 4) әдеттегі конвенциялық жағдаяттарда әрқайсысының әрекет аясы айқын белгіленген, басшылармен бейресми лидерлер әрекет жасайды; 5) топтық іс-шаралары – бұл топтың көп мүшелерінің әлеуметтік мінез құлық, іс-әрекетін анықтайтын үлгісі.

Е.Б. Абашкина, Ю.Н. Косолаповалар ғалым Э. Хартлидің бұл теорияның модификациясын ұсынғанын атап өтеді. Ол мына болжамдарын алға тартты, біріншіден, егер адам бір жағдаятта лидер болса, онда ол басқасында да лидер болуы мүмкін; екіншіден, стереотиптік түсіну нәтижесінде лидерлер бір жағдаятта «жалпы лидер» тұрғысынан топтық болып қарастырылады; үшіншіден, адам белгілі бір жағдайда лидер болып, оның келесі жолы да лидер болып сайлануына мүмкіндік туғызатын абырой жинайды; төртіншіден, бұл басымдылыққа жетуге оған ұмтылысы бар адамды таңдайды [12].

Осы екі нұсқа, үшінші *жеке тұлғалық жағдаяттық* теорияны тудырды. Е.Б.Абашкина, Ю.Н. Косолаповалар Г.Гертпен С.Милздің төрт факторды анықтайтын зерттеулерін бөліп қарайды. Олардың пікірлері бойынша бұл факторларды лидерлік феноменін қарастыру кезінде ескеру қажет деп, санайды:

Мінез-құлықтың агрессивті формасының көрініс алуы бұқаралық ақпарат құралдары әсіресе теледидар, компьютерлік ойындар, видеофильмдер және қазіргі мультфильмдердің, сонымен қатар әлеуметтік желінің де әсері өте үлкен. Балалар бір-бірін көрген, естіген кейіпкерлерге еліктеп ойындарында, мектепте кейде өздерінің есімдерімен емес сол видеофильмдегі немесе компьютерлік ойындағы кейіпкерлердің есімдерімен атайды.

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде, соның ішінде мектептерде жеткіншек жастағы оқушылардың мінез-құлқындағы агрессивті беталысты анықтау, түзету жұмыстары жүргізілуде. Мұнда мектеп психологінің атқаратын қызметі жоғары. Сонымен қатар сынып жетекші және ата-ананың бірлескен жұмыстары ұйымдастырылған.

Балалар агрессиясы мен акцентуациясы бірнеше түрде көрініс береді. Психологиялық қызмет көрсету барысында балалардың мінез-құлқындағы ауытқуларды алдын-алудың маңызы үлкен. Бұл мәселені шешу үшін акцентуацияның түрлерін нақты анықтап алу қажет. Оны анықтау үшін К.Леонгардтың теориясына сүйене отырып жасалған және бұл мәселені зерттеуге кеңінен қолданылып жүрген классификация бар. Ұсынылып отырған классификация бойынша жеткіншектердің акцентуациясы келесі түрлерге бөлінеді:

1. Гипертимдік тип
2. Лабильді тип
3. Сенситивті тип
4. Шизоидтық тип
5. Эпилептоидтық тип
6. Тұрақсыз тип
7. Астено-невротикалық
8. Демонстративтік тип
9. Циклоидтық тип
10. Аффекті-экзальтациялық тип.

А.Басс және А.Дарки агрессияны сипаттағанда оны негізгі екі топқа бөлді. Біріншісі мотивациялық агрессия, осы құбылысты тудырған себепсылтаулар. Екіншісі-инструменталдық агрессия, немесе өзін қорғау үшін, басқаларды жәбірлеуге қолданылатын әрекеттер. Бұл қасиеттердің көрініс беруін А.Басс және А.Дарки сегіз формада болу мүмкін деп қарастырған. Олар:

1. Физикалық агрессия
2. Жанама агрессия
3. Тітіркенушілік
4. Негативизм
5. Өкпелегіштік
6. Күдіктенушілік
7. Вербальді агрессия
8. Кінәні сезіну.

Жеткіншектерде кездесетін акцентуацияның түрлерін анықтау үшін Шмишек, Басса-Дарки, Спилбергер және т.б. проективті әдістемелердің нәтижесімен салыстырып анықтау қажет. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген әдістерден бөлек тұлғаны сырттай бақылау әдісінің алатын орны ерекше. Толық тұлға болып қалыптасуда адамның бойынан бірнеше факторлар табылуы тиіс. Ең алдымен шыққан тегі, келесіде қоршаған ортасының ықпалы және тағы бір маңызды фактор адамгершілік тәрбиесінің жоғары болуы.

Әдебиеттер:

1. Ауталипова.Ұ.И., ШерьяздановаХ.Т., АбдрамановаД.Е. «Жас ерекшелік психологиясы» Алматы.- 2010
2. АкажановаА.Т. «Девиантология» Алматы.- 2009
3. Нұрмұхамбетова Т.Р «Гәжірибелік психология» Шымкент 2006 жыл

УДК 539.42

Абдураманова Асем Галымджанқызы
«Педагогика және Психология» кафедрасының 2 курс магистрі
«Тұран-Астана» Университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
E-mail:united-3@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУҒА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЦЕННОСТНОЙ ОРИЕНТАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ НА ОБРАЗОВАНИЕ

PROBLEMS OF VALUE ORIENTATION OF PUPIL TO EDUCATION

Аннотация. Мақалада құндылық түсінігі, мәні, құндылықты қалыптастыру туралы зерттеулер қарастырылды. Қазіргі таңдағы білім алуға құндылық бағдарының қалыптасуы- мұғалімнің мақсаты екені айтылған. Адам бойындағы құндылықтың қалыптасу кезеңдері сипатталған. Құндылық бағдардың тұлға құрылымына кіретіні және элеуметтік-психологиядағы күрделі құбылыс екені мойындалды. Оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың дәлелі- рефлексия. Тұлғада сыни көзқарастың болуы өте маңызды. Құндылық бағдар бізді қоршаған ортаның ықпалынан пайда болатыны айқындалды.

Түйінді сөздер: құндылық, құндылық бағдар

Аннотация. В статье рассматриваются понятия, смысл ценности, формирование ценностей. Цель учителя - сформировать ценностную ориентацию современного образования. Описаны этапы формирования общечеловеческих ценностей. Было признано, что ценностная ориентация является частью структуры личности и является сложным явлением в социально- психологической среде. Доказательство ценностной ориентации школьника - рефлексия. Личностям важно иметь критическое мышление. Доказано подтверждение к влиянию окружающей среды определяет наше ценностную ориентацию.

Ключевые слова: ценность, ценностная ориентация

Annotation. The article examines the concept of value, essence, value-added. The purpose of the teacher is to form the value orientation of modern education. The stages of human values formation are described. It has been acknowledged that the value orientation is part of the personality structure and is a complex phenomenon in social psychology. Proof of student value orientation - reflection. It is important to have a critical attitude toward the person. The value orientation is that we are exposed to environmental influences.

Keywords: value, value orientation

Қазіргі таңғы қоғамның барлық саласында даму үдерісі қарқынды ғаламдық өзгерістерге қарай, жаңалққа толы. Адамзат заман ағымына лайық тұлға болу үшін өзін-өзі жетілдіру, өзгерту және дамыту, жоғары деңгейде бейімделу, жоғары талаптар мен талғамдарға сай келуге үнемі тырысады. Қазіргі білім және тәрбие мәселесінде қалыптасқан парадигмада оқушыларды өз қабілеттерін дамытып, элеуметтік ортаға бейімделіп, саналы азамат болуында олардың оқуға деген құндылықтарын дамытуға ерекше мән беріледі.

Құндылық - философияда, социологияда құбылыстарды, объектілерді, қасиеттерін белгілеу үшін, сондай – ақ дерексіз ойлар, өзінде қоғамдық мұрат – армандарды жинаған және осыған байланысты міндеттілік үлгі ретінде көрінетін түсініктер[1]. Ғылымда құндылықтың пайда болуының үш түрі қарастырылады. Біріншіден, құндылық қоғамдық өмірдің әр түрлі саласындағы міндеттілік атрибуты туралы дерексіз көріністердің болуы, қоғамдық арман – мұрат ретінде қоғамдық санада

калыптасқан...Мұндай құндылықтар жалпы адамзаттың, мәңгіліктік (шындық, әсемдік, әділдік) , сондай – ақ нақты тарихы (патриархат, теңдік, жариялылық) болуы да мүмкін. Екіншіден, құндылық объективтендірілген түрде қоғамдық құндылық арман – мұраттардың нақты заттық көріністері болып табылатын (этикалық, эстетикалық, саясаттық, заңдық т.б.) , материалдық және рухани мәдениет не адамзаттың әрекет шығармалары түрінде көрінеді. Үшіншіден, әлеуметтік құндылықтар және өмір іс – әрекеті арқылы өтіп, оның мінез – құлқының мотивациясының бірден – бір қайнар көзі болып табылатын жеке құндылықтар түрінде жеке адамдардың психологиялық құрылысына, тұлғалық құрылымына кіреді[2]. Сондай-ақ құндылық бағдарлар адамның жеке басының көзқарасын, ниеттерін, қызығушылықтарын және «өмірдің мағынасын» түсінуде, адамның әлеуметтік мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады.

Сөйткенмен, құндылық бағдар жүйесі абсолютті реттелген және тұрақты болмайды, ол карама-қайшылықты және динамикалы болуы ықтимал; әлем мен тұлғаның өзара арасындағы басты, маңызды (елеулі), негізгі өзгерістеруақытша аяқ асты ойламаған жерден болатын белгілі өмірлік жағдайға тәуелді, уақытша ағымдағы өзгерістерге байланысты. Әлеуметтік-психологиядағы ең күрделі құбылыстың бірі, тұлғаның белсенділік бағдарын, мазмұнын сипаттайтын, тұлғаның қатынастар жүйесін құрайтын бөліктің бірі, адамның өзіне және әлемге деген жалпы қатынасын анықтайтын мотиві, мінез-құлқы, іс-әрекеті, тұлғаның позициясын мәнді ететін-құндылық бағдар.

Тұлғаның құндылық бағдарының құрылымына басты жүріс-тұрысты анықтайтын, іс-әрекеті және адамдармен сөздік байланысқа түсуі, тұлғаның қазіргі кезеңдегі бойына сіңірген қоғамдық құндылықтың бөлігі-құндылық бағдары.

Осындай тұрғыдан тұлғаның дамуы оның адамгершілік, этикалық және өзге идеалдар мен құндылықтарды игеруі тұлғаның ортасына байланысты болады .

Адамның құндылық бағдарларының құрылымында әдетте үш интегративтік компонент бар: когнитивтік, эмоционалды және мінез-құлық[3]. Олардың әрқайсысы құндылық бағдарларының ерекшеліктерін қалыптастыруға қатысады.

Жеке тұлғаның құрылымындағы құндылықты, құндылық бағдарды қалыптастыру кезеңдеріне қарай бірнеше компоненттерді қамтиды. Объективті, әлемдік көзқарас яғни әлемдегі тұлғаның орны, тұлғаның өзіне және өзіне қатысты шындыққа деген қарым-қатынасына, сондай-ақ адамдардың негізгі өмірлік ұстанымдары, олардың наным, мұраттары, таным және қызмет қағидаттары, осы көзқарастарға қатысты көзқарастар жүйесі-құндылық бағдар болып табылады. Әлемдік көзқарас тұтастай алғанда бүкіл әлемге көзқарас, жалпы принциптер мен негіздердің, адамның өмірлік философиясы, барлық білімнің жиынтығы мен қорытындысы туралы идеялар жүйесі. Жасөспірімнің дүниетанымының ерекшелігі - өмірдің мағынасын іздеу[4]. Ол бірден өзінің жеке өмірінің мағынасын және бүкіл адамзаттың даму болашағын көрсететін жеңіл, қалыпты формуланы іздейді. 14-18 жас аралығындағы бұл қажеттілік оқушылар арасында қатты байқала бастайды. Бұл олардың өсіп жатқанының дәлелі. Әлеуметтік бағдарда көрсетілген осы қажеттілік өзіне назар аудартып, жастар таңдап, тәжірибеде асырып жүрген құндылықтар мен олардың маңызы туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың дәлелі - бұл «жеткілікті жоғары деңгейдегі рефлексияның» болуы. Рефлексия - құндылықтарды сыни қайта бағалау, өмірдің мағынасы туралы мәселе болып табылатын жалпыға ортақ тұжырым[5, 26]. Осы мәселе оның мәні болып табылады, себебі оған практикалық, қанағаттанған жауап тек қызмет арқылы ғана берілуі мүмкін.

Оқушылардың құндылық бағдарларының ерекшеліктерін олардың жеке тұлғалық дамуының белгілі бір деңгейінің көрсеткіші ретінде анықтау барысында, екі негізгі параметр қарастырылады: құндылық бағдарларының иерархиялық құрылымын қалыптастыру дәрежесі және құрылымға енгізілген нақты мәндермен сипатталатын құндық бағдарлардың мазмұны (олардың бағдарлығы)[6]. Бірінші параметр кәметке толмаған баланың жеке жетілу деңгейін бағалау үшін өте маңызды. Мәндерді ішкі процесте саналы процесс ретінде қабылдау, егер адам өзінің құндылықтарын білдіретін құбылыстардың әртүрлі құбылыстарынан таңдауға мүмкіндігі болса, содан кейін олардың өмірінің, мүмкіндіктері мен іске асырылуының жақын және алыс мақсаттарының өмір сүру жағдайына байланысты белгілі бір құрылымға айналдыру және т.б. Мән бағдарларының жұмыс істеу ерекшеліктерін сипаттайтын екінші параметр, нақты даму деңгейіндегі жеке бағдарлаудың мазмұндық жағын білуге мүмкіндік береді. Адамның құндылық бағдарларының құрылымына қандай нақты мәндер енгізілгеніне байланысты, осы құндылықтардың комбинациясы және олардың басқа адамдарға көбірек немесе азырақ артықшылық дәрежесі адам қызметінің қандай мақсаттарына

бағытталған анықтауға мүмкіндік береді. Бағдар- адамның қазіргі жағдайға қатысты салыстырмалы тәуелсіз қызметіне бағдарланған тұрақты себептердің жиынтығы.

Жеке тұлғаның бағыты оның мүдделері, бейімділігі, сенімі, идеалдары, адамның дүниетанымын білдіретін мінездемесімен сипатталады. Ориентация адамның көп қырлы, түбегейлі, жалпыланған сапасы болып табылады, өйткені ол адамның шындыққа және өзіне деген көзқарасын білдіреді.

Бағдарлаудың үш негізгі түрі бар:

- 1) қатынастарға назар аудару;
- 2) тапсырмаға назар аудару.
- 3) өзіне назар аудару[6]

Бағдар- бұл тұлғаның жеке даму үдерісі, оның қалыптасуы, өзгеруі, оның компоненттерінің интеграциясы біртіндеп кезегімен жоғары бір тұтастыққа әкеледі. Даму компоненттерін жинақтау, оларды сақтау және қайта құру, олардың функцияларын бөлшектеу, иерархия және интеграция жаңа құрылымдардың пайда болуы және әлемнің құндылық имиджінің жаңа функциялары, «Мен» имиджінің, өз кезегінде болашақ имиджін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда ойдың бағытталуы, таңдалған іс-қимылдың бағыты бойынша эмоционалды күйінің толуы, дұрыстығына сенімді болуын болжайды.

Бағдар-процесі күрделі, қайшылықты және өзі одан әрі даму үшін жағдайлар жасайтын және өз қозғалысының себебі ретінде қызмет ететін процесс. Зерттеушілердің, мұғалімдердің, психологтардың жеке тәжірибелерін талдау құндылықты бағдарлау үрдісінің бірнеше қалыптасу сатыларынан өтетінін көрсетеді:

Бірінші кезең - қоғамның құндылықтарын жеке адамның игеруі. Ол әлемнің құнды имиджін құруды қамтамасыз етеді. Осы негізде бізді қоршаған құбылыстарға байланысы қалыптасады. Адам өмірінің барлық салаларында құндылық бағыттылығын қалыптастыру және дамыту жүреді.

Екінші кезең - құндылықтарды нақтылау негізінде жеке тұлғаның өзгеруі. Бұл бағдарлау үрдісін дамыту кезеңі, адам өзіне назар аударған кезде, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалауы орын алады, «Мен» имиджі қалыптасады. Бұл процесс сапалы жаңа сипаттамаларға ие болады: құндылықтарды қайта бағалау, олардың үлкен дифференциациясы, тұрақтандыру үдерісі байқалады.

Үшінші кезең - болжамды, мақсатты белгілеу, болашақ бейнесін қалыптастыруы. Қоршаған ортамен құндылыққа деген көзқарасты тереңдету және бағдарлау үрдісі жаңа сипат алып - ғарыштық уақыт өлшемі, құндылық бағдарлары және өзін-өзі тану болашаққа талпыныс қалыптасады.

Қорытынды. Менің ойымша мұғалімдердің басты мақсаты-оқушылардың білімге құндылық бағдарын одан ары дамытып, саналы тұлға болуына барынша үлес қосу. Құндылық бағдарлары әр түрлі болғанымен, оның ішіндегі білім, білім алуға құндылық әрдайым үздіксіз үдеріс болып, өзектілігін сонау көне дәуірден бүгінгідамыған технология заманында да жоғалтқан жоқ. Уақыт келе білім тек шындала, тереңдей, жүйелене түседі. Білім өмірдің барлық сферасына тікелей әсер етеді. Білімнің әсерін балабақша, мектеп, жоғары оқу орны, кәсіби біліктілік, қызметтік лауазымда, даңқта, әлеуметтік орында керемет сезінеміз. Бүгінгі бәсекелестік қабілеттілікте, нарықтық қатынаста үздіксіз білім алуға дағдылану, яғни басты құндылық бағдар білімде, білімді болу. Қазақта «Білімді мыңды жығады, Білекті бірді жығады» деп білімді дәріптеу білімнің құндылық екенін айғақтап тұр. «Мәңгілік ел» болудың қайнар көзі ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіруде мұғалім бойындағы үлгі өнегесі, өміршең ұлттық салт дәстүрлерді құрметтеудің басты көзі- білім болмақ.

Білім мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтар болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006.

2. Rokeach M. The nature of human values. N.Y., 1973.

3. Леонтьев Д.А. Ценность как междисциплинарное понятие: опыт многомерной конструкции// Вопросы философии. 1996. №4. С.16-24.

4. Васина Е.А. Ценностные ориентации личности в юношеском возрасте. Автореф. дис. канд. пед. наук. СПб., 1993

5. Выготский Л.С. Педагогическая психология / под редакцией В.В. Давыдова - Москва: АСТ Астрель Хранитель.- 2008-671с.

6. Psych. info сайты. Раитина М. С. Ценности и ценностные ориентации, их формирование и роль в развитии личности. // Научный электронный архив.
URL: <http://econf.rae.ru/article/5159>

ӘӨЖ 318.016

Кемел Жанар Курманбаевна
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Guldana-97@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. Қ.М.Нағымжанова
e-mail: karakat_4@mail.ru

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ҚАТАРЫНДАҒЫЛАРДЫҢ ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУІ

ИЗУЧЕНИЕ ПОВЕДЕНЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ В КОНФЛИКТНЫХ СИТУАЦИЯХ

STUDYING THE BEHAVIORAL FEATURES OF MILITARY SERVANTS IN CONFLICT SITUATIONS

Аннотация. Бұл мақалада қақтығыстың, яғни әр түрлі жақтардың, пікір қызығушылықтарының шиеленісуі деген мағынада талдау беріледі. Қақтығыс дамуының негізгі ерекшелігін даму тарихының маңызы ашылады. Әскери қызметте қақтығысты шешудің жан-жақты проблемалары қарастырылады.

Түйінді сөздер: Қақтығыс, қақтығысты шешу жолдары, әскери қызметтегі қақтығыс

Аннотация. В этой статье рассматривается теория конфликта, конфликт различных сторон, мнение интересов и анализ обострения конфликта. Изучая особенности развития конфликта, открывается значение решения конфликта на военной службе, определив значение истории развития конфликтных проблем.

Ключевые слова конфликт, решение конфликтных ситуации, конфликты в военной службе.

Annotation. This article discusses the theory of conflict, the conflict of various parties, the opinion of interests and analysis of the escalation of the conflict. Studying the features of conflict development, the significance of conflict resolution in the military service is revealed, defining the significance of the history of the development of conflict problems.

Keywords: conflict, conflict resolution, conflicts in military service conflict, conflict resolution, conflicts in military service

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы қақтығыс мәселесі әр түрлі пікірлерде көрініс алды. Қақтығыстың бірінші жартысында қақтығыс зерттеу объектісі болып бөліне қойған жоқ, ол концепцияның бөлімі ретінде қарастырылды. (мысалы, психоанализ немесе социометрия). Шетелде 50-60 жылдары зерттеулер пайда болды. Әрине, психологтар осы феноменге ғылыми назарын аударды. Осы кезде қақтығыстың психологиялық теориясы жеке негізі бағыттар бөлініп қарастырыла бастады [5].

Осы кезеңде отандық ғылымдардың шетелдік зерттеушілердің қақтығысқа берген анықтамасына арналған талдаулары публикациясы шыға бастады. 20 ғасырда қақтығысқа арналған психологиялық зерттеулері бағыт ала бастады: Психоаналитика (З.Фрейд, А.Адлер, К.Харни, Э.Фромм), Социотроп (У.Мак-Дугал, С.Сигеле және т.б), Этология (К.Лоренц, Н.Гинберген), Топтық динамика теориясы (К.Левин, Д.Креч, Л.Линдей), Фрустрациялық-агрессивті (Д.Доллард, Л.Беркович, Н.Меллер), Социометриялық (Д.Морено, Э.Дженингс, С.Додд, Г.Гурвич), Интеракционалдық (Д.Мид, Т.Шибутани, Д.Шпигель).

Психоаналитикалық бағыт ең бірінші австриялық психолог З.Фрейдтің есімімен тығыз байланысты. Ол адам қақтығысының ең бірінші концепциясының негізін құрды. З.Фрейд тұлғааралық қақтығыс, оның себебін санасыз сферасында қарастырып талдады. Әлеуметтік қақтығыс теориясында Карл Маркс (1818-1883) еңбегі ерекше орын алады. К.Маркстің материалистік түсінігі әлеуметтік қарым-қатынастың дамуына жанаша ой қосты. К.Маркстің айтуы бойынша қоғамда адамдар бір-бірімен қажетті әлеуметтік қатынасқа түседі. Әрине, олардың санасы мен еркіне тәуелді емес. Ең бастысы қоғамда әлеуметтік субстанцияны қалыптастыру болды. Оның қарым-қатынасындағы негізгі мәселе ресурстарды бөлу жүйесі. Осыдан келіп К.Маркстің қақтығыс концепциясының негізгі тезисі қалыптаса бастады.

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы қақтығыс этникалық топтар мен мәдениет әрі әйелдер мен еркектер арасында кездеседі деп көрсетті. Зиммельдің қақтығыс социологиясының К.Маркстің идеясынан айырмашылығы ол қақтығысты әлеуметтік бірігуді қақтығыстан шығуды қамтамасыз етеді, сонымен қатар әлеуметтік келісімді күшейтеді деп санады. Зиммель бойынша қақтығыс үнемі теріс жағы болмайды керісінше, әлеуметтік жүйемен әлеуметтік қарым-қатынасты сақтайтын негізгі функцияны орындайды.

Г.Зиммель әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы қақтығыс функциясының байланысы сол қақтығысқа қатысушы жақты, сонымен қатар қақтығыс дамуының әлеуметтік жиынтығының бірнеше түрлерін тұжырымдады. Зиммельдің «Әлеуметтік тек» идеясына қарамастан қақтығыс соғысуымен ғана емес, ол көбіне адамдардың арасындағы өшпенділік қалпының көрінісі деді.

Өшпенділікті әдетте симпатияға деген қайшылық деп атап көрсетті. Ол былай дейді «Адам мен адам арасындағы табиғи өшпенділік», «адамдар қарым-қатынасының негізгі адамдар арасындағы симпатия» болып табылады. Зиммельдің көзқарасын талдай келе мынандай пікір туындайды «Адамдар бір-бірін кішкене нәрсе үшін жек көреді, соның ішінде біреуі басқасын жек көреді». Демек Г.Зиммельдің әлеуметтік өмірде оның ішінде қақтығыс формасын позитивті түрде бағалағанынан біз оны идеалист деп айта алмаймыз.

Л.Козер Г.Зиммельдің идеясын дамыта келе, Л.Козер мынадай тұжырымдама жасады. Кез келген әлеуметтік топ қақтығыстық қатынасының болуы мүмкін емес. Осы теорияда қақтығыс құндылықтарымен әлеуметтік статус, билік және жеткіліксіз материалдық пен рухани игілік үшін күрес деп қарастырылады. Әрине, бұл күрес қақтығысушы жақтардың өз мақсатын іске асыруда бейтараптылық болып табылады, әрі өз қарсыласын жою оған зақым келтіру нәтижесіне әкеп соғады. Козердің пікірі бойынша жеке индивидтер мен әлеуметтік топ арасындағы күрес, яғни билікпен материалдық құндылықтарды бөлу үшін жағымды функцияны атқарады. Біріншіден, қақтығысушы жақтардың шиеленістік әрекетіндегі себепті анықтауға мүмкіндік береді. Негативті эмоцияны жойып қақтығыстың аяқталуын қақтығысушы жақтардың қарым-қатынасын бұрынғы жағдайына әкелуге үлкен мүмкіншілік береді. Екіншіден, қақтығыстық әрекетте адамдар бір-бірін, яғни қақтығыс тестілік қызметті атқаратынын біледі.

К.Левин қақтығысты шешу жолын жеке тұлғаның іс-әрекет құрылымының мотивациялық шекарасын көреді. Адам өзінің жарты өмірінде индивид ретінде де, сонымен қоса әлеуметтік топ мүшесі ретінде де іс әрекет етеді. Топтағы қақтығыстың маңызды факторын анықтайтын бөлігін Левин адам мен топтағы шиеленістің жалпы сатысы деп көрсетеді. Топтағы қақтығысты әлеуметтік атмосфераға байланысты. Адамның бос қимыл кеңістік соны бос қимыл кеңістігінің жеткілікті қимылы топқа бейімделумен жеке қажеттіліктің қанағаттану жағдайы болып есептеледі.

Топаралық қатынастарды зерттейтін бірнеше бейнелеу жолдары бар. Топтарды қарастырудың логикалық жалғасы болып, топаларық психологиясы табылады, бірақ ол көпке дейін зерттелмей келді. Негізгі себептердің бірі топаралық қатынастардың міселесінің шектеулілігі, оның әлеуметтік ілімге және өзге гуманитарлық ғылымдардың жүйесіне тәуелділігі сонша, психологиялық міселелер контексіне тыс қарастырылды. Осы міселелерге қызығушылық туғанда әлеуметтік психологиясының сферасында да олар ерекше пәнмен теңестірілмеді, зерттеудің мысалына Г.Лебонның концепциясындағы топаралық агрессия және т.б. еңбегіндегі басқа топтарға керқұрылымдар психоаналитикалық теориялық өшпенділік пен қорқыныш т.б. жатады.

Агрессивтіліктің «өзгелерге» өшпендікті тудыру туралы идеяның дамуы Т.Адорно және т.б. еңбегінде мазмұндалды. «Авторитарлық тұлғаның» антисимитизмінде мысал ретінде көрсетілгендей өшпенділіктің әлеуметтенуінің алғашқы қадамында әскерилержағынан қысым көрсету жағдайында қалыптасуы көрсетілген. Және тұлғааралыққатынастарда тұлғалықтың базалық сипаттамасы болып шығады. Осылайша, мұндай теориялық қадамдарда тұлғааралық қатынас психологиясы мәселесіқойылған болатын, бірақ өшпенділік өзінен-өзі тұлғаның қасиеті ретінде талқыланды.

Ситуациялық бағытта топаралық қарым-қатынаста маңызды қақтығыс теориясымен бейнеленеді. Алғашқы тәжірибелік зерттеулердегі мәселелері, Американдық әлеуметтік психологияда басталды және 1954 жылы М.Шерифпен топтардың өзара әрекеті жағдайында, топаралық өшпенділіктің жеке тұлғаның қасиеті еместігі ретінде қарастырған «интеракционистік кадам» шеңберінде жүзеге асырылды. Шерифтің идеясы балалығының әсер еткен кезіне негізделгенді. Және ол кейініректе «топаралық варварлықпен» қызығушылығына әкелген. Онда 1919 жылы оның Түркиядағы туған провинциясына гректердің басып кірген сәті болатын.

М.Бруэр және Д.Кемпбелл этноцентризмнің төмендегідей негізгі көрсеткіштерін бөліп көрсетті. -Өз мәдениетінің элементтерін «табиғи емес», «дұрыс» қабылдайды да, өз мәдениетінің элементтерін «табиғи емес» немесе «дұрыс емес» деп қабылдайды.

-Өз тобының ұлттық салт-дәстүрін әмбебап ретінде қарау.

-Бір топтағы адамдар әрқашан өзінің тобына деген қажеттігін сезіну және оларға көрсете білуі.

Этноцентризм этникалық топтың позитивті ұқсастығы мен тұрақтылығын сақтау функциясын атқарады, бірақ сонымен бірге топаралық өзара әрекеттестік пен басқа этникалық топтардың адамдарын түсінуге мүмкіндік береді. [9]

Кооперативті оқыту жағдайы ең жоғарғы сапа береді, ол индивидуалдық дәстүрлі оқытудан қарағанда ерекше. Өзінің кооперация мен конкуренция жөніндегі негізгі теориясын Дойч топтағы іс-әрекет ерекшелігін бәсекемен салыстырды. Топтың кооперативті типі үшін топтың сапалы ақпаратына тән сипатта үндес болады. Кооперативті процесте қақтығысты бірігіп шешеді. Ал бәсекені алсақ ол керісінше себебі топта тек өз мақсатын іске асыруға талпынады. Отандық ғылымда қақтығыстың дәстүрлік негативті интерпретациясын сипаттайды. Көбінесе ол объективті қызығушылық пен оның ролін қарама-қайшылығын атап көрсетті. Қақтығыстың дамуы мен оны шешудің қарама-қайшылығының диалектикалық заңы әлеуметтік білімге қатысты, ол практика жүзінде топ ішіндегі іс-әрекеттің негізімен сипатталады. Топ ішіндегі қатынас мәселесі жөніндегі Г.Полозова қақтығысушы факторды екі категорияға бөліп қарастырады.

Әскерилердің үздіксіз қарым-қатынасының жоғарғы сатысы сипаттаушы индивидуалдық-прогнатикалық негізінің бірікпеуі. Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы белсенділіктің терең қабатын сипаттайтын іс-әрекеттің пәндік қарым-қатынасының жүйесінің қарама-қайшылығы. Автор бойынша топ ішіндегі қақтығыстың екі түрі анықталды, ресми-пәндік және жеке-прогнатикалық. Топтың дамуы өте жоғары деңгейде болған сайын қақтығыстың негізгі туындайтын себебі жеке прогнатикалық қызығушылық болып табылады. Керісінше, қақтығыстың жиі кездесетін түрі пәндік ресми қайшылық. Қақтығыстың бірінші түрінен екіншісіне өту Н.И.Фрогинаның зерттеулерінде анықталған. Н.И.Фрогина ұжымдағы творчестволық іс-әрекет процесіндегі дамитын қақтығыстың когнитивті түрін көрсетті. Егерде қақтығыс әр түрлі көзқарастырдың соғысуынан болса ұжымдық шешімінің өңделуі негізгі фактор болып табылады. Осыдан келіп қарама-қайшылық пәндік жазықтықтан өтіп, эмоционалдықа өтуі мүмкін, соның нәтижесінде творчестволық процесстің сапасын бұзады. (Фрогина 1980жб 161б). Бұл процесс ғылыми ұжымында болады. Отандық психологияда топ мәселесі ұжымның психологиялық теориясының құруында өңделді.

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы мұндай жағдайда қақтығыс нақты нәтижеге жетуге бағытталмайды, ал оның «бақталасы» кез келген келісті нысананың ауысуы мүмкін. Сонымен реалистік қақтығысты нәтижеге жетуге құрал қатынасының альтернативасы бар, ал реалистік емес қақтығыста альтернативтік келеспес қайшылық туындағанда ғана мүмкіндік береді. Топтағы ішкі қақтығы жағдайдың трансформлік норманың механизм болуы мүмкін. Бұл құрылым қақтығысты жеңіп, жаңа жағдайды қамтамасыз етеді. Бұл механизм қақтығыстағы пайдалы сигналды басып, сонымен қатар қауіпті күшейтеді.

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы кооперативті процессте қақтығыстың қызығушылығын шешуде бірігіп шешеді. Кооперативті процесс арқылы қақтығыстық оқиғаның масштабы кеңістігі төмендейді. Ал бәсекелестікті алсақ керісінше себебі топта тек өз мақсатын іске асыруда басқаларды пайдаланады. Бәсекеде қақтығыстық процесс қарқынды жүреді. Отандық ғылым үшін қақтығыстың дәстүрлік интерпретациясын өтуі «ұжым аруы» қайшылық ролінің объективті ынтасы әлеуметтік жиынтық ретінде дамуы тән сипат қарама-қайшылықтың дамуы мен оны шешу толық өлшемде әлеуметтік білімге қатысты топ ішіндегі іс-әрекеттің практикасынан түсіндіруге болады. Мысалы бірінші курс студенттері басында номиналды топ ретінде құрылады, яғни формальды принцип бойынша бірлескен. Оның бірқалыпты жеткілікті жоғары деңгейде жүзеге асады. Осыдан келіп жеке тұлғааралық таңдау ішкі және кездейсоқ себеппен бейнеленеді. Бірақ та қарым-қатынастың сиреуі олардың арасындағы қажеттілікке деген қарама-қайшылық эмоционалдық

жетуге қалыптасады, яғни ол оқу процесіндегі күрделі мәселе ақпараттық алмасу өзіндік көмек т.б. байланысты. [10,11]

Осыдан келіп топта функционалды рольдің құрылымы қалыптаса бастайды. Топтағы жалпы карама-қайшылықтың дамуы жөнінде теориялық түсінігі экспериментальдық зерттеулер нәтижесіне толығы мүмкін. Топ ішіндегі қақтығыс мәселесінің негізгі мәні эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігінен айқын байқалады. Әрі қарай біз ішкі топтағы қақтығысты жеке тұлғаның шиеленісуінен басталатынын байқаймыз. Т.Полозова өзінің топ ішіндегі қарым-қатынас пен қақтығыс мәселесі жөніндегі бірнеше еңбегінде қақтығыс құрушы факторды екі категорияға бөледі.

1. Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы конфликтілердің топтағы эмоционалдық үздіксіз қатынастың жоғарғы қабатын сипаттайтын индивидуальдық-прогнатикалық көңіл-күйдің біріктірілмеуі және топтағы белсенділіктің терең қабатын сипаттайтын пәндік әрекет қатынасының қиын жүйесіне қайшы келеді. Автордың топ ішіндегі қақтығыстың екі түрі анықталған жеке прогнатикалық пен пәндік. Топ дамуы жоғары деңгейде дамыған сайын жеке прогнатикалық қызығушылық топ ішіндегі қақтығыстың себебі болып табылады. Керісінше қақтығыстың себебі істік-пәндік қайшылық болып табылады. Бұл қақтығыстың екі түрі іс және жеке қақтығысты шешудің практикалық міндетінде біз ресми мен жеке түрін аламыз. Топ мүшесінің ішкі топтағы қақтығысқа қатысуы оның позициясымен анықтауға болады. Р.Кон мен оның қызметтестері ұйымдағы рольді қақтығысты қарастыра кем ұйымдағы субъект жағынан қабылданған позициясына тәуелді, яғни қақтығыстың объективті деңгейі. Ұйымдағы қақтығыс ол бірліктің төмендегімен ұйым шекарасынан сипатталынады, ал қақтығыстың көп бөлігі ұйымның ішіндегі шекарасының позициясы.

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы қақтығыстың байланысы мен мінез-құлқы топ дамуының деңгейімен тұжырымдалған. Ол зерттеудің көмегімен «қақтығыс» сематикалық жазықтығы болып табылады. Ол топтың деңгейі мен ажыратылады.

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы топтағы қақтығыс ұғымының дамуы топтың жоғары деңгейінде сипатталынады. Онда қақтығыс әлсіз эмоционалдық күш, ал қақтығыстық жағдай әлеуметтік норма аймағында түсіндіріледі. Ал топтың төменгі деңгейінде «қақтығыс» күшті эмоционалдық әсер етеді, ал қақтығыстық жағдай әлеуметтік нормадан шығып кетеді. Топтық реакцияны талдай келе топтық ұжымдық іс-әрекетте агрессивті реакция келіспеушілік нысаны белгіленген зерттеулер нәтижесінде топтық стресстік жағдайдағы реакциясын нәтижесін көрсетті. Топтың жоғары деңгейде дамуы өзінің сапалы іс-әрекетімен қарсыласуының ерекшелігі көрінеді. Топтың орташа деңгейі жағдайда бейімделеді, сапалыға төмен түспейді. Топтың төменгі деңгейінде агрессивтік реакция бақыланады, ал сапалығы жылдам төмендейді. В.С.Агееваның экспериментальдық зерттеуінде топаралық іс-әрекетінің теңсіз жағдайы қойылған. Осыдан келіп қақтығыс жағдайының ішкі атмосфераға және топтағы жеке қатынасы тіркелген. Осы кезде топ ішіндегі қақтығыстағы позитивті функциясы бақыланады, яғни топтағы бірлік тұрақтылық тұлғааралық қатынастың қарым-қатынастың күшеюі және топқа жататындығы оған деген қанағаттануы.

Бірақта, В.С.Агеев бойынша керісінше болды, топтағы қанағаттанушылық төмендеп, топ ішіндегі байланыс әлсіз бұзылып топ ішіндегі қақтығыс жоғарылап соның нәтижесінде топты тастап кетуге талпынушылық көбейді. Отандық психологияда дәстүрлік зерттеу бағыттары топ іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық көрінісіне тәуелді. Осы зерттеулер арқылы А.И.Донцов мынадай қорытынды шығарды. Ішкі тұлғааралық қақтығыс эмоционалдық байланысты шиеленістіреді. Ол қақтығыстық іс-әрекетінің жиынтығын құрады, нақты карама-қайшылықта топтағы пәндік динамикасының белсенділігін даму динамикасын анықтайды. «Топтың ішіндегі қақтығыстың пайда болу жөніндегі зерттеу механизмінде индивидтік пәндік қатынасы жүйесі соның негізінде біріккен іс-әрекеттің -мәселесінің мазмұны ол әлеуметтік кіріктірілген».

Психологияда топ ішіндегі қақтығысты түсіну көбінесе анықталмаған түрде ажыратылады. Оны таңдап зерттегенде топтық процестен ауысады әрі жеке топтармен іс-әрекетінің шиеленісі болып табылады. Қақтығысты зерттеуде «жағдай» ұғымы психология және басқа гуманитарлы ғылымда кеңінен таралады. Бірақ та оны әдебиеттерде қолданғанда оның мазмұнын ашпайды. Бір жағынан әмбебапты көріністі анықтаса, яғни ол осы нақты ұғымының біріккен сатысы. Ал екінші жағынан жағдайдың құрылымы мен классификациясының ғылыми қиындығын көрсетеді.

Әскерилердің өзара қарым-қатынасындағы қақтығыс дегеніміз не? Психологияда «әр-түрлі бағытталған үйлесімсіз тенденциялар қақтығысы», индивидтердің немесе топ адамдарының эмоциялық қайғыруына байланысты туындаған тұлға аралық өзара әрекет немесе тұлғааралық

қатынастар деп анықталады». Осыдан топтағы адамдар арасындағы қақтығыс жағдайлар негізгі қызығушылықтары, пікірлері, мақсаттары, жетістікке жету жолдарын сәйкес келмеуінен туындайды.

Әлеуметтік психологияда әскерилер сынып әскерилерларының өзара қарым–қатынасындағы қақтығыстың негізінен ашылған оның критерийлеріне байланысты көп вариантты түрлері бар. Мысалы, қақтығыс ішкі тұлғалық (туыстық симпатиямен басшының міндеті арасында), тұлға аралық (билікті басқаруына байланысты басшы мен оның орынбасары, қызметкерлері арасында), тұлға мен ұйым арасында, ұйымдармен әртүрлі немесе бір статусты топтар арасында болуы мүмкін. [12,13,14]

Сонымен қатар әскерилерәскерилерларының өзара қарым–қатынасындағы қақтығысының көлденең (бір-біріне бағынышты емес қызметкерлер арасында), тігінен (бір-біріне бағынышты адамдар арасында) және аралас түрлері де кездесе береді. Қақтығыстың кең тараған түрі ол тігінен және аралас қақтығыстар. Олар барлық қақтығыстың 70-80 %-н құрайды. Бұл қақтығыстар басшы үшін күтпеген, қажетсіз, қақтығыс болып табылады, өйткені бұл қақтығыс оның «қол аяғын жіпсіз байлап тастаушы» қақтығыс болып табылады. Себебі бұл қақтығыста басшының әрбір істеген іс-әрекеті барлық қызметкерлер үшін сын болады.

Әскерилердің өзара қарым–қатынасындағы қақтығыстың психологиялық құрылымын екі ұғым: Әскерилердің өзара қарым–қатынасындағы қақтығыс жағдаяты – қақтығыстың нақтылы негізі, екі жақтың қызығушылығы мен қажеттілігі арасындағы нақтылы қайшылық.

Бұл әлі қақтығыстың өзі емес, нақтылы болмыстағы қайшылықты ұзаққа дейін бірлескен әрекетке қатысушылар саналы түрде қабылдамай жүре береді.

Инцидент – қақтығыс жағдаятын саналы түрде түсіну.

Әскерилердің өзара қарым–қатынасындағы қақтығыстың құрылымы:

Қақтығыс жақтары – қақтығыс нысаны – қақтығыс жақтары.

Әр қақтығыстың нысаны (даудың себебі болған не идеялы зат) және жақтары (жеке адамдар не топтар) болады.

Әскерилердің өзара қарым–қатынасындағы қақтығысқа қатысушылардың ішкі және сыртқы позициясын ажырату керек. Сыртқы позиция – қарсыластарға ашық жарияланатын қақтығысқа қатысудың себебі. Ішкі позиция-қақтығысқа қатысудың шынайы себебі, даулы іс-әрекетке кірісуге түрткі болған қызығушылықтар, құндылықтар, мотивтер. Сыртқы және ішкі позициялар біріне-бірі сәйкес болмауы да мүмкін. Көбінесе, ішкі себептерді адамның өзі де сезінбейді, олар адамның бейсанасында ұялады. Алдын-ала айтсақ, ішкі мотивтерді санамен сезу–қақтығыс шешудің алғышарты.

Әскерилердің өзара қарым–қатынасындағы қақтығыстың даму сатылары:

I саты – нақтылы қақтығыс жағдаятының пайда болуы,

II саты –қақтығысты санамен қабылдау,

III саты –қақтығыстық іс-әрекеттер,

IV саты–қақтығыстың шешілуі. Әскерилер сынып әскерилерларынаң өзара қарым–қатынасындағы қақтығыс оған қатысушылардың мақсаттарында объективті қайшылық пайда болғанда басталып, объективті қайшылықты санамен қабылдағанда жалғасып, қақтығыстық әрекеттерден өтіп белгілі шешімге жетіп аяқталады.

Екі өтпелі саты кейде болмайды. Пайда болған қақтығыстың санаға не іс-әрекетке жетпей-ақ өз шешімін табады. Бірақ, көбінесе қақтығыс барлық сатылардан өтеді.

Әскерилердің өзара қарым–қатынасындағы қақтығыстық іс-әрекеттер сатысында оның барлық құрылымдылық жақтары да дамиды. Қақтығыс нысанасы кеңейіп, бір саладан басқа салаға таралады. Мысалы, іскерлік қатынастардан жеке тұлғалық қатынастарға. Қақтығыстың қатысушылардың қатары кеңейіп кетеді: туған-туыскандар, әріптестер т.б. Жеке тұлғалық қақтығысқа айналып кетеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 17.01.2014.

2. Ұлт жоспары - Н.Ә.Назарбаевтың 5 институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы (2015 жылғы мамыр)

3. Маришук В.Л., Евдокимов В.И.: Поведение и саморегуляция человека в условиях стресса. Санкт-Петербург, "Сентябрь", 2001

4. Реан А. А., Психология изучения личности: Учеб. пособие. — СПб., Изд-во Михайлова В. А., 1999. — 288 с.

5. Васильева О. С., Филатов Ф.Р.: Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2001. — 352 с.
6. Ильин Е. П., Психология агрессивного поведения. — СПб.: Питер, 2014. — 368 с.: ил.
7. Китаев-Смык Л.А., Психология стресса: издательство «Наука», Москва, 1983.
8. Селье Г. Стресс без дистресса. М.: 1988.
9. Справочник практического психолога. Психодиагностика / под общ. ред. С.Т. Посоховой. — СПб.: Сова, 2006. — 671 с., Смирнов, В.Н.

УДК 821.124

Жабасова Бибінұр Нұрбекқызы

«Педагогика және филология» факультетінің 2 курс студенті

Б.Алтынсарин атындағы АрқМПИ

Арқалық қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: bibinur.maksutovna@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., доцент Б.А.Рахметова

e-mail: bazar-65@mail.ru

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ
ПЕРЕХОД НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ
TRANSITION TO THE LATIN GRAPHICS IS A TIME REQUIREMENT**

Аннотация. Мақалада латын әліпбиіне көшудің тиімді тұстары мен маңыздылығы сөз болады.

Түйінді сөздер: латын графикасы, мемлекеттік тіл.

Аннотация. В статье речь идет об эффективных аспектах и значимости перехода на латинский алфавит.

Ключевые слова: латинская графика, государственный язык.

Annotation. In this article we are talking about affective aspects and meanings of transition to the latin alphabet.

Keywords: latin graphics, state language

«Бүгінгі күнді түсініп – түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті жолдауларының бірінде: «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманға ақпараттың тіліне айналдырады» - деген болатын[1].

Осыған орай біз латын әліпбиіне көшкендегі ұтатын тұстарымызды жіктеп жаза аламыз. Алдымен басты мәселе, тіл тазалығы, халқымыздың қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы өздері қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының күшімен келген, кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиі тұғырын биік қалыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Сол себепті төл тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді азайтып, сол арқылы қазақ тілінің мұнтаздай таза қалпын сақтап қалуға зор мүмкіндік аламыз.

Екінші алға тартатын мәселе, латын графикасына көшу – тұғыры биік қазақ тілінің жоғары деңгейде яғни, халықаралық дәрежеге шығуына үлкен жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар жүргізу арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірудің тиімді тұстары көрсетіледі. Күнделікті өмірден жай ғана мысал келтіріп кетер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып отыратын кездеріміз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшінші алға тартатын мәселе, қазіргі таңда кириллица жазуын әлемнің тек 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай дерлік латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латын әліпбиін қолданады. Біздерге олармен ғылыми, мәдени, рухани, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол-табиғи іс әреткет. Сондай-ақ бүгінде әлемнің түкпір - түкпірінде 5 миллионға жуық қазақ халқының тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын

әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Бұны терең түсіне білетін қоғам үшін маңызы зор екенін атап көрсеткім келеді.

Тұғыры биік, зайырлы, тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарқынды қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Бүгінгі таңда қуантарлығы мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшын тілін үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Бұл тек өзіміз үшін ұтымды емес, жалпы мемлекетіміздің көркейуі үшін де үлесі зор. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңейе түсетініне сенімдімін. Сондықтанда латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын.

Түркітанушы ғалым, профессор Қ.Жұбанов – қазақ тілі тарихындағы елеулі бір өзгеріс – араб жазуынан латын әліпбиіне көшу ісіне күш жігерін аямай жұмсаған ғалым. Мәселен, ол өз зерттеулерінің бірінде былай жазады: «Сөзбен бейнелейтін элементтер сияқты. Бұл соңғылар 1,2,3 деген тәрізді жекелеген цифрларға ғана тән тура мағынаны білдірумен қатар, бір-бірімен тіркескенде: 123, не 321, не 231 немесе 2+1+3 деген сияқты қатыстық мағыналарға да ие болады және болмай тұра алмайды. Цифрларға тек тура мағына ғана емес, сонымен бірге олардың өзара орналасу тәртібінен туындайтын қатыстық та мағына телудің нәтижесінде біз небары он таңбамен жазуда шексіз сандарды таңбалай аламыз. Санда шек жоқ; сондықтан да «сандардың синтаксисіне жүгінбесек, біз олардың бәрін графикалық жолмен жеке-жеке таңбалап тауыса алмас едік». Бұдан әрі ғалым сан мен сөзді салыстыра келіп, егерде тіркескен цифрлардан графика жолымен бейнеленген сандық қатынастарды көретін болсақ, тіркескен сөздерден грамматикалық жолмен бейнеленген тілдік қатынастарды, яғни синтаксисті көреміз деген тұжырым айтады.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле бастады. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген болатын.

Латын әліпбиіне көшірілген көршілес мемлекеттердің тәжірибесін назардан тыс қалдырмауды да осы жиында тапсырған еді. Кезінде түркі мәдениеті және өнерін зерттеу, оны әлемдік деңгейде насихаттау мақсатында құрылған ТҮРКСОЙ-дың жиынында түркітілдес елдер латын әліпбиіне көшуді бір ауыздан қолдаған болатын. Түркі халықтары тілі ұқсас болса да осы кезге дейін әр түрлі әліпбимен жазып жүр, латын әліпбиін пайдаланатын түркі тілдес мемлекеттердің жазуы да бір ізге түсірілген емес.

Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Халықаралық деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлттың нағыз жанашырлары латынға көшуді дәріптесе, орысқа мойын бұрған көз алдын ғана көретін зиянды зиялылар қауымы тарихтың бұл үрдісіне әліге дейін қарсы болып келеді[2].

Мәдениеттанушы ғалым Мұрат Әуезов: «Өз басым қазақ қоғамының латын графикасына көшу керектігін жақтаушылардың бірімін. Осы мәселеге қатысты ой-пікірлерімді бұрыннан бері айтып та, жазып та келемін. Жалпы, бұл идеядан біз басымызды алып қашпауымыз керек. Кезіндегі Кеңес үкіметі тұсында бізбен бауырлас кейбір халықтар латынға көшкенде, арамыздағы рухани байланыстар үзіліп, бір-біріміздің жазуымызды түсіне алмайтын деңгейге түсіп кеттік. Біз бұған дейін отаршылдық саясаттың құрбаны болып келдік. Ал латын графикасын қабылдау арқылы біз рухани, саяси дербестігімізді де нығайта түсер едік. Олай болса, латын графикасы жалпы түркі халықтарының ортақ түсінісетін жазуы болары сөзсіз. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең біріншіден, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз керек».

Жазушы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Совет-Хан Ғаббасұлы болса: «Латын графикасына көшу Қазақ мемлекеті үшін дауласатын мәселе емес, тек ойланатын проблема деп ұққан жөн. Тек, бұл мәселенің бір тетігі бар. Сол тәсілге Ғарифолла бір табан жақындай түскен екен. Бұл тәсілді мен екі жылдан бері айтып та, тиісті мекемелерге хат ретінде жазып та жүрмін. Бұл тәсіл өзінің пәрменділігімен және қоғамға ауыр салмақ түсірмейтіндігімен құнды. Ол үшін унитарлы мемлекет - екіжақтылықты, қостілділікті, қолдан жасалынған жартыкештіктен құтылуы керек. Қоғамдағы осындай дерттен құтылудың да, латын әліпбиін ауырлатпай кіргізудің де жеңіл тәсілі,

келесі оқу жылына дейін жақсылап жаппай әзірленіп, 2011 жылдың қыркүйегінен бүкіл мемлекет қаржыландырып, ұстаздарына айлық төлеп отырған - орыс, ұйғыр, өзбек, дүңген т.б. - мектептерінің бірінші сыныбынан негізгі пәндерді мемлекеттік тілде жүргізіп, латын әліпбиін бірге кіргізетін болса, қоғамда ешқандай аласапыран болмайды. Нұрекең айтқандай: «Қазақстан халқының басын біріктіретін мемлекеттік тіл», - дейтін қағидасының өмірге қолданылуы да осы жолмен іске асады. Сондықтан, бүкіл қоғам болып мемлекеттік деңгейде осы ұсынысты ойланып көрсеңіздер екен. Алла рахымын, ауызбірлігі мен берекесін бергей...», - деп тұжырымдайды.

Кезінде ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлы былай деген болатын: «Латын әліппесіне көшуді біз сәл кешірек қолға алып отырмыз. Латынға көшуге келгенде қатардағы көпшіліктің бірі емес, академиктің алақандай дипломы, профессорлық мандаты барлардың қайсыбірі кирилица арқылы жарияланған рухани байлықтан алыстап, екі ортада бос далақтаймыз деген өзінің жорамалын айтып, іс басында жүргендерді ойландырып тастады. Әліппе ауыстырудың пайда-зиянын білмейтіндердің үрейшілдігі өзгелерден жаман болады. Атағы барлардың үрейіне іс басындағылар амалсыз үрпиісіп қарайды.

Сондықтан адамзат қоғамының даму бағытын әрқашан естен шығармау керек. Замана ағымына ілесе алмасак, сені біреу қолтығыңнан демейді деп үміттенбе! Дер кезінде үрдіске ілеспесең "қап" деп саныңды соғумен боласың.

Латынға көшу керек. Біз қатарымыздан кешігудеміз. Әзірбайжандар бірден көшіп, техника тіліне үйреніп қалды. Ал қасымыздағы Өзбекстан осыдан он жыл бұрын мектептерін латыншаға көшірген. Балалардың оқуын латыншаға көшіру арқылы олардың ата-аналарының да сауатын ашып алды. Оларға енді онша қиындық келмейді. Ал қырғыз бауырларымыз орыс тілін мемлекеттік тіл деп жариялап, көріп жатқан күндері мынау. Ал біздің Қазақстан орыс тілін ресми тілге айналдырып алды да, ана тілін дау-дамайдың объектісіне айналдырып жіберді. Қазақ қазақпен қазақша сөйлесе алмай әлектенудеміз, тіпті түсіну жағында да қиындық көп. Осындай шындыққа көңіл аударған Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында қазақ тілінде іс жүргізуді мемлекеттік қызметкерлерге мықтап ескертіп, латын әліппесіне көшу міндетін алға қойған болатын. Ағайындар, бүкіл адамзаттың 60-70 пайыздайы латын әліппесін қолданады. Дүниежүзіндегі техникалық құрал-аспаптар латын әріпіне негізделген. Өркендеу заңы жасалғанды сақтап, бауырыңа басып жата бер демейді. Шамаң барда басқалардың пайдалы да ұтымды іс-әрекетін қолдануға талаптан дейді. Славяндармен өкпе-бауырымыз жабыса тұмаған болар. Біз латынға көшсек, олар онша қинала да қоймас. Сондықтан латыншаға көшкен жөн. Енді тартыншақтай берсек, көш соңында қалып қою оңайдың оңайы. Елу елдің қатарына кіреміз десек, латын әрпінің пайдасы тимесе, зияны тимейді»[3].

Қорыта айтқанда: *«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты»*, - деп Елбасымыз айтқандай[1], латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал зерттеуші ғалымдарымыз болса, осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең өркениетті, дамыған ерлермен терезесі тең, керегесі кең дәрежеде боламыз деп пікір айтып, оның тиімді де ұтқыр тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте, бүгінгі студент болашақ филолог, тіл маманы ретінде менің айтарым мемлекет графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар дайындалуы қажет деп ойлаймын. Бұл біздің жан –жақты дамуымыздың басты себебі деп білемін. Міне, осы мақсатқа қол жеткізіп, соның жемісін көру үшін қаймақ бетінде жүрген білікті тіл мамандары мен оқытушы – профессорлар аянбай тер төгуде. Ал, ғалымдардың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу, жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ. Еліміздің болашағы-біздің болашағымыз, ал болашақ үшін жасалған батыл қадамдар ол ертеңгі күннің жемісі.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдау. – Астана, 2012.
2. Бектаев Қ., Белботаев А., Смайылов Т. Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық статиканың алғашқы көріністері. 108-бет. Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. 368-бет.
3. <https://abai.kz> «Жас Қазақ үні» газеті

Уралбаева Д.Т.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының студенті
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: d.oralbaeva98@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. А.К. Қалиев

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ЖӘНЕ ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТІЛІ
КАЗАХСКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЯЗЫК И ЯЗЫК ИГР
KAZAKH LITERARY LANGUAGE AND THE LANGUAGE OF KVN**

Аннотация. Мақалада Жайдарман тілінің субмәдениеті қарастырылады. Жайдарман тілінің ерекшелігі: формалары мен проблемалары талданып, негізгі сәйкестендіруші маркер ретінде анықталады. Бос уақыт түрінің бірі мысалында студент жастардың қарым-қатынас мәдениеті сипатталады, Жайдарман ойынын өткізу ерекшеліктері ашылады.

Кілт сөздер: жайдарман, субмәдениет, тіл, лексика.

Аннотация. В статье рассматривается субкультура языка КВН. Выявляется специфика языка КВН как основного идентифицирующего маркера, анализируются формы и проблемы. На примере одной из форм досуга характеризуется культура общения студенческой молодежи, раскрываются особенности проведения игры КВН.

Ключевые слова: КВН, субкультура, язык, лексика.

Annotation. The article refers to subcultural features of the language KVN. It reveals the language KVN specificity as the main identified marker, analyzers forms and problems. In the article culture of student- youth communication is analyzed on the example of one of the forms of leisure-time, the peculiarities of the game KVN are shown.

Keywords: KVN, subculture, language, lexicon.

Жастар ерекше әлеуметтік - демографиялық топ ретінде кез келген қоғамның өмірінде үлкен рөл атқарады. Жастардың белсенді бөлігі дәстүрлі түрде студенттер болып табылады.

Студенттік ортада өтетін процестер маңызды және ғылыми түсінуді талап етеді. Бұл үдерістерді ұғынудың бір жолы жастар субмәдениетін зерттеу болып табылады. "Субмәдениет" ұғымы көп мағыналы. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды. Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктер, ғылыми ашылуларға ғана байланысты емес. Сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі - фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы. Бұл үрдіс көп кешікпей Қазақстанға да келді. Басқалары субмәдениет-бұл дәстүрлі мәдениет құндылықтарының жүйесі деп түсінеді. Жастар арасында аниме, панка, байкерлер, футбол жанкүйерлері, роллерлер, готы және т. б. сияқты субмәдениеттер таралған.

Жайдарман ойындарын дамыту барысында Жайдарман ойыншыларының жиі айтылатын терминдерді (вкат, гэк, болт, откат, рефрен және т.б.) қамтитын ерекше тіл қалыптасты. Бұл ұғымдардың көпшілігі Жайдарман ойыншыларының ортасында жалпы қабылданған және географиялық және этнографиялық көрсеткіштерге байланысты ғана сәл өзгеше болуы мүмкін. Жайдарман ойыншылары бұл терминдерді тек бір-бірімен қарым-қатынаста ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынаста да жиі қолданады, және бұл жағдайда олардың сөзі түсінбеуге әкеледі.

Кез келген субмәдениетте сияқты Жайдарман ойыншыларының да өз тілі бұрыннан пайда болды. Жайдарман тілі - тұрақты емес және үнемі дамып, жаңа сөздермен толықтырылады.

КТК-КӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР КЛУБЫ, ЖАЙДАРМАН:

1) телебағдарлама, ойын - бұл студенттердің, қызметкерлердің, жас ғалымдардың жастар командаларының жарысы. Ол ойыншылардың импровизацияланатын конкурстар жүйесінен тұрады. Олардың тақырыбы мен жанрларын ұйымдастырушылар алдын ала анықтайды, ал қазылар алқасы

жеңімпаздарды анықтайды. Командалар дайын нөмірлерді көрсету шеберлігінде және импровизациялық конкурстарда жарысады.

2) жастар қозғалысы – әзіл сезімі бар интеллектуалды жастар ұмтылатын шығармашылық, әлеуметтік ойын. Клуб мүшелерінің лейтмотиві - әзіл-сықақ нөмірлерін көрсету арқылы көрермендердің оң реакциясын және қазылар алқасының жоғары бағасын алу.

3) ұйым – нақты субординация жүйесі бар фестивальдардың, чемпионаттар мен лигалардың тармақталған кестесі бар құрылым.

4) Қызығушылық бойынша барлық Жайдарман ойыншыларын біріктіретін клуб.

Жайдарман тілі - бұл тек еңбек қызметінде ғана емес, күнделікті өмірде де қолданылатын Жайдарман ойыншыларының тілі.

Жайдарман тілі - бұл жаңа, бұрын оқытылмаған қазіргі қазақ тілінің қабаты. Ол тұрақты дамуда. Менің ойымша, Жайдарман тілінің негізгі ерекшелігі-ол мыңдаған адамнан құрылған мақсатты, болашағы бар жастар ортасы.

Тіл үнемі жаңа лексемалармен толықтырылады.[2] Бұған бірқатар себептер ықпал етеді:

1. Жаңа командалар. Статистика бойынша, бір жыл ішінде ресми жайдарман-да 200-ге дейін жаңа команда пайда болады. Жас ұрпақ ойындардың жаңа бағыттарын, командалардың ерекше атауларын, конкурстардың және т.б. көріністерін әкеледі.

2. Жаңа технологиялар (мысалы, шамамен 10 жыл бұрын миник сияқты термин таратылды. Сөз сөйлеу үшін барлық музыка жазылған Миник – мини-диск. Бірақ жаңа технологиялардың дамуымен, шағын дискілер артқы орынға шыға бастады, содан кейін жаппай пайдаланудан шықты. Тиісінше, миник термині де қолданылмайды. Жайдарман тілі үшін архаизм болды).

3. Эстарда, кино әлемінің жарқын жұлдыздары . Егер бұл жарқын және эпатажды кейіпкер болса, мысалы, өз уақытында шетел жұлдыздары сияқты, ал қазіргі уақытта журналистика бағытындағы жүргізушілер болса, онда оған пародиялар, нөмірлер және т. б. жиі жазылады.

Жайдарман тілі, субмәдениеттің кез келген басқа тілі сияқты, бұл қарым-қатынас, ақпарат беру және т. б. тәсілі.

Ең маңызды қарым-қатынас процесі Жайдарман ойыншылары мен көрермендер арасында өтеді. Бұл процесс кезінде қарым – қатынастың барлық түрлері-алдыңғы коммуникация, диалог және жанама коммуникация жүйелі түрде қолданылады. Қарым-қатынастың алдыңғы коммуникация түріне мысал келтірсек.

Алдыңғы коммуникация. Бұл түр "Сен тұр - мен сөйлейін" қағидаты бойынша жұмыс істейді.

Бұл Жайдарман ойыншылары мен көрермендер арасындағы қарым-қатынастың ең жиі кездесетін түрі. Ең жарқын өкілдер классикалық байқаулар болып табылады: сәлемдесу (визитка), ширату, жамбы ату (биатлон), үй тапсырмасы және т. б.

Сәлемдесу - ойынды ашатын байқау. Бастапқыда командаларды бір-бірімен таныстыру, көрермендер мен қазылар алқасын таныстыру мақсатында ойналды. Бүгінгі таңда қалжыңнан және шағын нөмірден әзіл ұсынады, оның мақсаты-көрерменді жылыту және түрлі жоспарларда ең жақсы жағынан есте сақтау.

Сәлемдесуде команда өзін "керемет" деп қалатындай есте сақтап қалдыруға тырысады. Мысалы, Атырау облысының Сағыз құрама командасы өзінің бояуымен есте қалады (костюмдер, музыкалық сүйемелдеулер, сахнадғы салмақтылық, байсалдылық.)

"Сағыз».

Ассаламалейкумдер! Біздер, Атырау облысы, Қызыл Қоға ауданы Сағыз селосында тұратын кісілерміз. Құрметті көрермендер... деп өздерінің сахнадағы байыптылығымен ерекшеленеді.

Ширату, Жамбы ату – әдетте орта байқау. Ереже: командалардың өкілдері бірінші кіруде бір әзілден, екіншісінде екіден және т.б. оқиды. Әрбір кіргеннен кейін қазылар алқасы бір командадан алып тастайды.

Аң патшасы арыстан жыланға қарап тұрып:

- ирелендемей дұрыс жүр – десе, жылан:

- ойбай, қойыңыз аға, мені түзу жолға салатын сіз емес - деп айтады дейді.

Бір күні бір көбелек гүлге қонайын деп жатса, гүл айтады дейді

- Қон, қон зал бос қо -, деп айтады дейді.

Бір пирожки айтады дейді:

- Маған капуста қоспаңызшы, аллегрeriam баар – дейді

«Сағыз» құрамасы

Түнгі сағат 03:00-де отырыстан тіреліп келген будильник үйдегілерін оятып алып:

Танертең өздерің тұрындар э... немене -, депті

«Байдың балалары» Шымкент

Үй тапсырмасы - әдетте ойынды аяқтайтын, драматургияға толы конкурс.

Бұл конкурстардың барлығы алдыңғы коммуникацияның үлгісі болып табылады.

Сәлемдесу кезеңінен Сырдария құрамасы, Жетісай.

Басы.

-Ассалаумағалайкум, қазақ елі! Ия, ия жалпы мына біз махаббаттың отаны Жетісайдан келдік, ия. Мынау енді ия, ия, ия. Мына енді финал жайлы... Ойпырмай, финал деп сонша дайындала беріппіз, дайындала беріппіз, уақыттың бәрі дайындыққа кетті. Соның дәлелі мынау.(видео ролик)

-Негізі сол күні бара салу керек еді Таңшолпанға. Біз енді финалға өткеннен кейін қуандық. Сосын үштікке кірсек қой деп уайымдап келдік. Есен аға екінші орын Сырдария деп еді, қууанып кәдімгідей, ана қуанышымды жетізе алмайм, бақытты боп кәдімгідей қуанасың ғой, ия ия сондай қуанып кәдімгідей. А? Жоқ ана кісідей қуандым ғой. А? Как қуанасың ғой.... Керемет!

- а Мәке сөзіңді бөлгенім үшін кешір, Жалпы айтам, сөзіңді бөлгенім үшін кешір....

- э сен қатырасың, э! Ендеше, Сырдария құрамасы, біз, жалғастырамыз!

Ет базарда болған оқиға

- Құйрық май кімдікі?

- Менікі, менікі..

- Мына құйрық май сенікі ма?

- Негізі қойдыкі! Бірақ, менікі да!

- Бүгін сойғансындар ғой иа?

- Ия, бүгін сойдық, балғын, терісін қазір ғана алып кетті. Жап-жасқы.

- Мантиге бола ма құйрық май?

- Эу, мантиге арналған құйрық май ғой бұл..

- Қойшы??

- Көке мен сізге айтайын, бұл құйрық майды аласыз да, үйіңізге апарып, тек манти істейсіз. Сосын ол мантины жейсіз, ұнамаса қайтып әкеп тастайсыз..

- Нені?

- Мантины..

- Эй, жарнаманы өлтіреді екенсің, мақұл, қанша килограммы?

- 5000 тг көке!

- Болды.

Бұл келтірілген мысалды қарым-қатынастың диалог түріне жатқызуға болады.

Байқап қарасақ қазіргі Жайдарман ойындарында ойыншылар әлеуметтік лексика тобына жататын сөздер тобын қолданып жүр. Бірақ өздері байқамайтын секілді болып көрінеді. Әлеуметтік лексика – көп жағдайда диалектизмдермен және профессионализмдермен байланысты болып келеді. Әлеуметтік лексикаға әр түрлі топқа сай, мысалы, оқушылар мен студенттер, спортшылар, солдаттар, қысқасы, кейбір жастар тобы, сондай-ақ қолөнершілер, аңшылар, саудагерлер т.б. қолданылатын сөздер, «кейбір құпия тілдер», варваризмдер, түрлі жаргондар мен арголар сөздері мен сөз қолданыстары жатады. Сол сияқты орыс тілі саласында – оффендік қолданыстар, шет тілдерімен байланысты болып келетін цитджиндер, креоль тілдеріне қатысты сөздер мен сөз тіркестері әлеуметтік лексика тобын құрайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер қолданылу аясына қарай екі үлкен топқа бөлінеді. Оның біріншісі – жалпы халыққа түсінікті, қазақ халқы түгел қолданатын сөздер де, екіншісі – таралу аясы шектеулі, белгілі территорияда ғана қолданылатын диалект не әлеуметтік: ортаға қызмет ететін кәсіби сөздер, терминдер, арго, жаргондар.

Жаргондар мен арголар – тілдің пассив лексикасының бір тобы. Екеуі де француз тілінен алынған термин. Бұлар – кейбір әлеуметтік топ өкілдерінің «өз сөздері мен сөз тіркестерін» өздерінен басқа жұрт түсінбесін деген мақсатпен құрастырып алған жасанды, «құпия», шартты тіл. Арго мен жарго лексикасының бір-бірінен сәл-пәл айырмашылығы бар: жаргондарда экспрессивті – эмоционалды реңк, яғни қосалқы бояу, өңдеп,әшекейлей түсу, сондай-ақ кемістіңкіреуші, жағымсыздандыра түсу мағына басымдырақ болады. [2. 50]

Жаргондарды қолдаушылар, соған орай, жаргонның түр-түрі де көп: дворяндар жаргоны, әскери жаргон, кенес жаргоны, аралас жаргондар т.б. Бұлардың ішінде аралас жаргондар ұғымы - креоль тілдері дегенге, ал жаргонизм – ағылшындардың слэнгіне жақын. Мысалы, орыс жаргондарында, қазіргі кезде қазақ елінің көптеген жастары арасында да «отлично, прекрасно» немесе «күшті, керемет» сөздері орнына законно, шик-модерн, клево, кайф, лайк т.б. дей береді. [3, 41]

Жоғарыда айтып өткендей жарго мен арго сөздері оқшауланған топ өкілдерінде көптеп қолданылады.

Мәселен, студенттер аргосы: стипуха – стипендия, құлау – емтиханды тапсыра алмау т.б.

Сөз әлемі – қыры мен сыры көп, күрделі де қиын дүние, сондықтан оны жұмсаудың реттері, қисыны, жүйесі туралы жеке әңгіме қозғау керек болады.[4]

Жайдарман халықтық күлкі мәдениетінің шеңберіне кірді. Жайдарманшылардың тілі жүйенің тұйықтылығын көрсетеді: Жайдарман әзіл сияқты ол өте ерекше және қалыпты адамдарға өте түсініксіз. Басқа сөзбен айтқанда, сәйкестендіру және қарым-қатынас процесінде тек мәтіндік материал ғана емес, сонымен қатар бейвербальды емес, жеткілікті кодталған белгілер, белгілі бір мәдени кеңістіктегі емес адамға тану қиын емес, кейде мүмкін емес.

Жайдарман тілінің тұрақты формаларының қатарына терминология, шығармашылық, сахналық тақырыптар бойынша қарым-қатынасты жеңілдету түрлері жатқызылады. Бүгінгі күнде Жайдарман тілінің сөздігі жарыққа шықты. Яғни, Жайдарман-да Ресейлік Жайдарман ойындары арқылы сіңіскен бірең-сараң сөздерден басқа, төл терминдері әзірге жоқ. Қазақстан ҚВН Одағының ресми сайтында Жайдарман сөздігі қалыптасты. Сөздік қордағы сөздердің мағыналары театр, әдебиет, спорт лексикаларына жататын сөздерден алынған, ал, кей сөздердің мағыналары тек Жайдарман ойыншыларының өздеріне ғана түсінікті. Жалпы алғанда барлық Жайдарман терминдері полисемия мысалында құрылады, ұлттық тілдегі төл сөзге немесе сөйлемге, әдетте, бастапқы мәннен алыс жаңа мән қосылады («Жамбы ату» - әзілдер сайысы, «**жылытпа**» – багаж, өткен ойындарында айналған әзілдер).

Сонымен қатар, Жайдарман тілінің формасына Жайдарман ойындарында оқылатын мәтіндер жатады бұл көрермендерден позитивті реакция алудың сахналық, шығармашылық, телевизиялық форма болып табылады (күлкі, қошемет шапалақ). Оқылатын мәтіндерінің маңызды бөлігінің негізінде тілдік тәсілдер мен ойындар жатыр: каламбура, дәйексөздер мен аллюзиялар, қайталаулар, метафорлар, инверсия, парадокстер, полисемия және т.б. Көрсетілген тілдік тәсілдерге байланысты Жайдарман әзілдеріне мысал келтірсек.

Қайталау

- Эх, ауылымды сағындым!
- Ауылымды сағындым?
- Иа, ауылымды сағындым!
- Ауылыңды сағындың ба?
- Иа, командир! Ауылымды сағындым!
- Ааа, онда сен ауылыңды сағынғансың ғой!

«Сырдария» құрамасы (ОҚМПУ)

Парадокс

- Қытайда 86-дың өзі 16 млн екен.

«Қызылорда» құрамасы

- Солтүстік Қазақстан облысы Темирязов ауылының тұрғыны тауыққа ыстық су беріп піскен жұмыртқа алады екен.

«Аграрка» құрамасы (Астана)

Жеке тілдің болуы субмәдениетті міндеттерді іске асырумен қатар коммуникативтік және семантикалық проблема болып табылады. Жайдарман ойыншылары өзіндік тілдік оқшаулауда болады, оны өздері қалыптастырады. Бұл үдерістің нәтижесі айналасындағылардың түсінбеуі, кері байланыстың тиімсіздігі, қарым-қатынаста қызығушылықтың болмауы және т. б. болып табылады. Бұндай ситуациядың шығудың бірнеше жолдары бар.

Бірінші: Жайдарман аудиториясына дейін айналамен қарым-қатынастың тарылуы. Бұдан шығу өніміз болып табылады, өйткені айналаның сыртында ата-анасы, ұстаздары, достары т.б. қалады.

Екінші: айналасындағылардың түсінбеуіне қарамастан, өз тілін дәйекті түрде пайдалану, оларды "таңдаулылықтан"өз басымдылығы санасына қатыстыруға тырысу. Жайдарман тілі шын мәнінде сленг болып табылады, өйткені, біріншіден, айналасындағылар оның тілінде сөйлеуге міндетті емес, екіншіден, оны пайдалану олар үшін табиғи емес болады.

Үшінші: Жайдарман жаргондарының бірте-бірте кеңейуі және де оны тұздық сөздерге (сленг) енгізу. Сонымен қатар, Жайдарман ойындарын аяқтаушылар – ойынның түлектері Жайдарман ойындары мен оның тілін түсінуден алыс кетпейді. Уақыт өте келе, мұндай адамдардың саны өмірде көп бола түседі, олар жиі жарнамашылар, копирайтерлер болып тілді өздері қалыптастырады.

Төртінші: сыртқы факторларға байланысты Жайдарман -лексикасын дұрыс немесе орынды емес пайдалану жағдайларын нақты ажырата білу. Біздің ойымызша, қазіргі уақытта тіл тепе-теңдігін сақтауға және өзінің мәдени тобына ғана емес, бейтарап тілдік материалдың тасымалдаушыларына, сондай-ақ, басқа да субмәдениеттердің тілдеріне құрметпен қарауға мүмкіндік береді.

Қорытынды ретінде, Жайдарман тілі келесі негізгі сипаттамаларға ие: біріншіден, оның маңызды міндеттері жасатар қоғамдастығы ішінде кәсіби қарым-қатынас жасау болып табылады; екіншіден, Жайдарман тілінің лексикалық негізі - ұлттық тіл, тілдік ойындар әсіресе полисемияны пайдалана отырып, әзілдеу болып табылады; үшіншіден, Жайдарман тілін пайдалану тілдік оқшаулау проблемасына әкеп соқтыруы мүмкін. Жайдарман тілі құбылыс және процесс ретінде ең маңызды субмәдениетті маркер болып табылады. Жайдарман қауымдастығы қатысушылардың басын біріктіріп, тату-тәтті жанұяға айналдыратын, жастардың жүрегіне жол таба білген заманауи жоба десек те болады. Қазақстан ҚВН Одағының ең негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді, жастар қозғалысын өркендету. Қазақ тілін кеңінен қолданып, көркейте түсу және беделін арттыру. Жайдарман ойындарының ерекшелігі қазіргі қоғамда орын алып жатқан құбылыстарды өзек ету және халықтың заманауи сұранысына сай болуында.

Жайдарман тілі ондаған жылдар бойы қалыптасып, керуен жолындағы көшін тауып, дамып келеді. Алдағы уақытта оның тұздық сөздермен қосылып шұбарланбауы шабытты да көңілді жастардың қолында.

Әдебиеттер:

1. Марфин М, Чивурин А. Что такое КВН?
2. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы, Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы. 2013 ж [2. 50 б]
3. Хасенов Ә. Тіл білімі, Астана: «Ер-Дәулет», 2007, [3. 38 - 43 б]
4. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы, Алматы: «Ел- шежіре»,2014, [4. 116 - 117 б]
5. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер, Алматы, 1977ж.
6. Қазақстан ЖАЙДАРМАН Одағының ресми сайты. www.jaidarman.kz

ӘОЖ: 37.013.28

Аблайханов Бекайдар Муратханович

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының магистранты

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: beikai-2784@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент М.С. Амрина

e-mail: amrina.minar@mail.ru

БҮГІНГІ МЕКТЕПТЕГІ РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАРИХ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

ПУТИ РЕШЕНИЯ ПРОБЛЕМ ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ ЧЕРЕЗ ПРЕДМЕТ ИСТОРИИ

SOLUTION OF SPIRITUAL EDUCATION PROBLEMS IN MODERN SCHOOL THROUGH THE SUBJECT OF HISTORY

Аннотация. Бұл мақалада бүгінгі жасөспірімдер арасындағы рухани тәрбие мәселесі айтылады. Бүгінгі қоғамда жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлар отбасы немесе мектеп деңгейінен асып, мемлекеттік деңгейге жетті. Осы мәселеге қоғамның назарын аудартқан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ішкі қауіппен қатар, жаһандық қауіптерге де қарсы тұру керек екенін атап өтті.

Бүгінгі ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіріп, ертеңгі ұлттың жанашыры, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде мектептегі тәрбиенің маңызы зор. Тарих пәні сабағында тұлғалардың өмір тарихы мен тұлғалық қасиеттерінің негізінде оқушы бойына ұлттық құндылықтар мен отанға деген сүйіспеншілікті сіңірудің маңызы қозғалады.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, тәрбие, отбасы, мектеп, тарих пәні, тұлғалар.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема духовного воспитания подрастающего поколения. В современном обществе подростковые конфликты достигли масштабов государственного уровня, превысив уровень семьи или школы. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» акцентировал внимание общественности на данном вопросе и отметил, что наряду с внутренними угрозами, следует противостоять глобальным угрозам.

Высока значимость школьного воспитания в привитии национальных ценностей и в развитии конкурентноспособного поколения. На основе изучения жизненного пути и личных качеств лидеров, важно привить учащимся усвоение национальных ценностей и любви к Родине на уроках истории.

Ключевые слова: духовное воспитание, воспитание, семья, школа, предмет истории, личности.

Annotation. This article discusses the problem of spiritual education of the younger generation. In modern society, adolescent conflicts, exceeding the level of the family or school, have reached the scale of the governmental level. The President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev focused public attention on this issue in his article “Looking to the Future: Modernizing Public Consciousness” and noted that along with internal threats, one should confront global threats.

The importance of school education in inculcating national values and in developing a competitive generation is high. Based on the study of life and personality of leaders, it is important to instill in students the assimilation of national values and the love for the motherland in history lessons.

Keywords: spiritual education, upbringing, family, school, the subject of history, personality.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев «Бала тәрбиесі басты байлығың, Кешіксең көретінің қайғы-мұн» деген екен. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі бала тәрбиесі болып отыр. Оған дәлелел жасөспірімдердің қатыгездігі, ересек өмірге ерте қадам басуы. Бүгінгі ата-ана мен мектеп арасындағы бала тәрбиесіне қатысты көзқарас көп жағдайда екіге бөлінеді. Бала тәрбиесін ата-ана мектепке, мектеп ата-анаға бұрып жатқан қоғамда заман талабы мен қоғам келбеті өзгеруде. Себебі жарты күнін мектепте өткізіп, үйіне оралған баланы жақын тартып, ашылып әңгімелесетін орта жоқ.

Осындай кезде баланың қасынан табылатын әрине ол достары және әр түрлі әлеуметтік желілер. «Досына қарап, өзін таны» демекші буыны жаңа қатып, үлкен өмірден тәжірибиесі жоқ бойжеткен мен бозбала өзіне жақын адамдар іздейтіні қақ. Осы орайда әр түрлі жол таңдауы тұрғанда жасөспірім жан-жағынан өзіне ұнаған, өзі қалаған жолды таңдайтыны анық. Жақсы ортаға түсіп, дұрыс бағыттаушы, жол көрсетушісі болса, ел ертеңі болар тәрбиелі, алғыр азаматты болады. Дегенмен бәрі бірдей емес, ағымен қарасы қатар жүретін қоғамда теріс жолды таңдап, қоғамды жерге қарататындарда жетіп артылады. Осы тұста мектепте, отбасыда өз ұрпағының теріс жолды таңдап, бұрыс жол таңдағанын қаламайды.

Бүгінді отбасы тәрбиесінің ең маңызды мәселенің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында? Қазіргі кездегі аса бай отбасылардың пайда болуы, оларда бала тәрбиесінің дұрыс тәжірибесі қалыптасты деген сөз емес. Міне, осындай отбасылардың кейбір ата-аналары балаларының кез келген сұранысын мезетте қанағаттандыра аламын деген нәрсенің бәрін сөзге келмей сатып әперу, үй тірлігіне қатыстырмауы баласының өзіншіл, тек қана тұтынушы, жалқау, болып өсуіне әкеліп соқтыруда.

«Отбасында не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші қиындықтың барлығы бала күнінен өзінен-өзі шешіліп, әлеуметтенбеген бала мектепке келгенде әрине мұғалімге үлкен қиындық тудырады. Бақылаушы рөлін иеленеді. Бір қарағанда маңызды емес сияқты болғанымен, салдары ауыр жағдайға әкелуі мүмкін. Келді талабын орындадың, сабағыңды беріп, үйіне қайтарды. Үйіне барған бала отбасымен, туған-туысымен тапсырманы орындап, мектепке қайтып келді.

Дегенмен осындай ұсақ-түйек нәрселер, қоғамдағы үлкен мәселелерді туындатып отыр. Жетімін жылатпаған қазаққа сын болып отырған сансыз көп жетімдер үйі мен қарттар үйі әлеуметтік проблемалардан туындап отырғаны анық. Қарыштап дамыған экономика мен жұмыссыздық деңгейі

өте төмен мемлекет үшін мұндай жағдайға қалай тап болды деп ойлаймыз? Бұл қоғамда рухтың төмендігі, жауапкершіліктің жоқтығынан болуы мүмкін.

Осы орайды мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев ұрпақ тәрбиесі мәселесін үнемі қоғам назарын аудартып отырады. Соның бірі 2017 жылы жарияланған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деген еді [1].

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ендігі уақытта адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігіне баса назар аударып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс [2].

Рухани мәселе адамның санасын өзгерту, нақтылай келсек, қоғам жаңғыруы күрделі әрі қиын екені анық. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде білім беру және жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Ұрпақ бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру үшін педагогтардың іс-тәжірибесінің негізінде жүргізу керек. Өзіміз білетіндей, қазіргі жаһандану заманында еліміз үшін бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу назарда болу керек. Өйткені біз осы қоғамның мүшесіміз. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар. Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған оқушылар екені мәлім. Олардың қамын ойлау барша қоғамның парызы. Еліміздің басты мақсаты мен мұраты тәуелсіздігімізді тұғырлы етіп, өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, тәрбие мәселесінің өзектілігін ерекшелеп айтқан болатын. Ұрпаққа берілетін ең өзекті тәрбие идеясы халықтың адами қасиеттер тұғыры болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі - тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық...

Әрине мектептегі тарих пәнінің мақсаты біріншіден Отан тарихы туралы жан-жақты білім беру болса, екіншіден сол арқылы оқушы бойына Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, тарихи тұлғалар арқылы оқушыларды батылдықпен адалдыққа тәрбиелеуге болады.

Сондай сабақтың бірі жайлы өз тәжірибемнен бөлісіп өтсем. 10 сыныпқа арналған «XX ғ. II жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?» тақырыбы бойынша 1950-1960 жылдары ел басқарған Жұмабек Тәшенов пен 1960-1986 жылдары Қазақстанның дамуын жаңа бір белеске шығарған Дінмұхамед Қонаев туралы сабақ өтті. Кеңестік биліктің әміршіл-әкімшіл жүйесі өршіп тұрған кезде ұлт мүддесін бірінші орынға қойды.

Оқушыларға e-history.kz сайтынан алынған Ж.Тәшенов туралы келесі деректер ұсынылып, қызметінің маңызын сипаттау туралы тапсырма берілді.

1. 1960 жылы қыстың қаттылығынан жем-шөп жетіспей, елімізде малдар қырыла бастайды. Үкімет тізгінін енді қолына алған Ж.А. Тәшенов бар жауапкершілікті өз мойнына алып, мемлекеттік бөлінбес қордағы астықты аудан, облыстарға таратып береді. Бұл сол кезде Мәскеудің рұқсатынсыз Республика Премьер-Министрінің бассыздық әрекеті саналатын. Жұттың беті қайтып, көктем шыға осы ісі үшін жауапқа тартпақ болып, үкімет басшысын Кремль көсемдері шақыртады. Ленинград тұрғындары аштан қырылып жатқанда, С.М. Киров «мемлекеттік бөлінбес қорды» жұмысшыларға карточкамен таратқан.

Осы үшін оның басы кеткен. КСРО тарихындасодан кейін «мемлекеттік бөлінбесқорды» таратқан Ж.А. Тәшенев қана. Министрлер Кеңесінің Президиум залына кірген бетте Хрущевтің қасында отырған бірінші орынбасары Ф.Р. Козлов: - Одақты қордағы астықты неге таратасың, Тәшенев? Рұқсатты кім берді саған? - деп үстелді тоқпақтап, дүрсек оя береді. Ж.А. Тәшенев те қайтпай мін берге жетіп барып, Қазақ КСР-і Одақтың ішіндегі өз құқығы бар ел екендігін, өз байлығын қалай жұмсауды сол елдің үкіметі шешетіндігін дәлелдеп тойтарыс береді.

2. Сонымен қатар Мәскеуден «Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын Өзбекстанға беру жөнінде ұсыныс енгізіндер» деген нұсқау келеді. Осы мәселе бойынша Ж.А. Тәшеневтің төрағалық етуімен арнаулы комиссия құрылады. Ол төрағалық еткен комиссия Мәскеудің бұл ұсынысын мақұлдамайды. Комиссия мәселені қарастыра келе, «Бостандық ауданының жері мал өсіруге ыңғайлы, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық қоры мол, қорғасын, көмір және машина жасау өндірістерінің жұмыскерлері демалатын санаторийлер ұйымдастыруға өте қолайлы. Сондықтан бұл ауданды Өзбекстанға беруді тиімсіз санаймыз» деген шешім шығарады.

Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Л. И. Брежневке жіберіледі. Абырой болғанда Л. И. Брежнев Ж.А. Тәшенев төрағалық еткен комиссияның қорытындысына қарсы келмейді. Қайта қолдау білдіріп, «Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін» деген қаулы қабылдайды [3].

Ұлттық құндылықтар мен ұлт мүддесі үшін биік мансап пен қарақан басының, отбасының, әулетінің, ұрпағының рахатынан бас тартты. Есесіне алтынға да, ақшаға да сатып ала алмас халқының, елінің, ұрпағының ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді. Сондықтан да Ж.Тәшеневтей ұлтжанды азаматтар қазақ деген ұлт барда мәңгі-бақи жасай бермек. Осындай тұлғаларды бүгінгі күнде оқушылар арасында кеңінен насихаттау өзіне үлгі тұтар адамдарды алыстан іздемей, өз тарихымыздан тауып беруге жағдай жасауымыз керек.

Сонымен қатар қазақтың бір туар азаматы Д.Қонаевтың жеке басының қасиеттері мен ел басқарудағы тапқырлығы мен қабілеті бүгінге үлгі. Бүгінгі Дінмұхамед есімді замандастарымыздың ата-анасы бұл тұлғаны жақын танып, осындай өр тұлғалы азамат болсын деп ырымдаған болар. Өз заманында ұлттық мүддені бірінші орынға қойып еліміздің қоғамдық-саяси дамуына жаңа дем беріп, ұлан-ғайыр далаға қан жүгіртіп, 40-тан астам қала салғызды. Алматы қаласына көрік берген Қазақстан қонақ үйін салдырып, Медеу жасанды мұз айдынын салдырды.

Елу жыл ел тағдырына араласып, жауапты қызметтерді абыроймен атқарған Дінмұхамед Ахметұлы өте парасатты, көреген саясаткер ретінде танылды. Көп нәрсені орталықтың кесіп-пішіп отырғанына қарамастан, ұлт мүддесіне қатысты мәселеде ешкімге есе жібермеуге күш салды. Тың жерді игеру, Өзбекстанға өтіп кеткен қазақ аудандарын қайтару, Шардара өңіріне атом электр стансасын салғызбау, ерейментау топырағынан неміс автономиясын ашуға жол бермеу тәрізді маңызы зор мәселелерде білікті саясат ұстанып, асқан табандылық танытты. Бұл ретте Д.А.Қонаев Мәскеудің еліміздің тағдырына қатысты әрбір іс-әрекетін алдын ала сезіп, біліп отырды және өз пайдасына шешуге тырысты. Білікті басшылық нәтижесінде сол жылдарда Қазақстан Республикасы Кеңес Одағы көлеміндегі 14-орыннан алдыңғы үштіктің қатарына шықты. Одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көпсалалы өнеркәсіп аймағына айналды. Сөйтіп, еліміздің өндірістік ауқымы 10 есеге өсті. Олжас Сүлейменов өзінің бір сөзінде дамудың мұндай қарқыны басқа бірде-бір республикада болған жоқ деген еді [4].

Ғылым академиясының ауыр жағдайын, оның материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін жоғарғы жақтың қолдауы қажеттілігін түсінген Д.А. Қонаев Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы П.К. Пономаренкоға ашық хат жазып, онда «Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдасқанына сегіз жыл болғанына қарамастан, әлі күнге дейін материалдық-техникалық базасын жасау мәселесі шешілген емес. Ғылым академиясының ғылыми мекемелері кездейсоқ, еш бейімделмеген жайларға орналасқан және мүлде тар. ... ғылыми мекемелер осы заманғы ғылыми жабдықтармен жарақтандыру жағынан өте-мөте тапшылық көріп отыр» - дей келе, мұндай жағдайға ұшырауының негізгі себебі Қзақ КСР Ғылым академиясына күрделі құрылысқа және ғылыми жабдықтарды алуға қаржының мейілінше шектелуінде болып отыр»,- дей келе, ғалымдардың тұрғын үймен қамтамасыз етілмегендігі, Ғылым академиясының бас ғимараты бойынша жұмыс көлемінің 35 пайызы ғана орындалып отырғандығы, жаңа жабдықтар сатып алуға да қаржының өте аз бөлінетіндігінің салдарынан ғылыми-зерттеу жұмыстарын өрістетуге мүмкіндіктің шектеулігін жазады. Сондай-ақ кадрлар санын көбейту, мұнай, микробиология және математика институттарын құру халық шаруашылығын өркендетуге себеп болатындығын негіздеп, Пономаренконың КСРО үкіметіне Қазақ Ғылым академиясына қажетті көмек көрсету жөнінде өтініш білдіреді. [5]

Оқушылар сабақ барысында Д.А.Қонаев пен Ж.Ташенов қызметінің қазақ халықының тарихындағы маңызын сипаттауға тапсырма берілді. Оқушылар өздерінің ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісу кезінде қазақ тарихының әр кезеңінде осындай тұлғалардың бар екеніне тоқталады. Д.Қонаев пен Ж.Ташеновтың өз заманында Қазақстанның жан-жақты дамып, жер тұтастығын сақтай отыра еліміздің мәдениеті мен ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз үлесіне талдады. Сонымен қатар тұлғалық қасиеттеріне тоқталып, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болар қасиеттеріне тоқталды. Олардың бойында Отанға деген өлшеусіз сүйіспеншілік, қарапайымдылық, ұлтының алдындағы зор жауапкершілік, ертеңгі ұрпаққа үлгі екенін оқушылардың ауызынан есту, сабақтың тәрбиелік мақсатына қол жеткізгенінің дәлелі болып табылады.

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шок жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, сондай-ақ оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы. Сондықтан да зиялы қауым өкілінің тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны мен қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қоғамды жаңғырту кезеңінде білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан білім беру үдерісін тәрбиемен ұштастыру арқылы баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікке тәрбиелеу керек [6].

Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан - жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Бүгінгі ұрпақ үшін рухани жаңғыру ұлттық қасиеттеріне ие болу және мәдениеттілікті, еңбек пен білімді иеленіп, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беру. Елбасы айтқандай, «Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады».

Мемлекеттің тарихы ғасырлар бойы қаланып отыратын қамал сияқты. Әр ғасырдың ұрпаққа жүктелетін міндеті мемлекеттің қажеттіктерін өтеу мәселелерінен туындайды. Қазақ хандарының заманында мемлекетті қалыптастырып нығайту, оны үнемі ел болып қорғап отыру ұрпақ міндетіне жүктелді. Сол кездегі ата бабаларымыз өздеріне жүктелген міндетті ұлттық парыз деңгейінде түсініп қабілетті, білікті, есті, кемеңгер, ерік жігері мол жауынгер болуға ұмтылды. Жауынгерлікті адам мал мен пұлға сатып ала алмайды, ол ұлттық тәрбиемен, діни сауаттылықпен, баланың жастайынан ел тұрмысымен араласып шырығып өсуімен келеді. Осы себептен ата бабаларымыздың батыр, би, шешен және тума талант өнер иесі болуында қазақ ұлтының тарих өмір мен уақыт талабына ілесе білген қабілеті жатыр [7].

Бүгінгі жаһандық дәуірде саны аз ұлттар жұтылып, ұлттық белгілерін жойып жатады. Ұлттық құндылықтарға үлкен қауіп төніп тұрған қоғамда, әр ұлт өзінің құндылықтарын насихаттап, тілімен, дінін, дәстүрімен атадан қалған кәсібін жаңғыртып отыру керек. Ел басының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы тарихтың талай сынынан сүрінбеген ұлттық құндылықтарды әлемге паш етуге бағытталады. Ал ол жолда бүгінгі ұрпақ бойына ұлт құдіреттерінің белгілерін сіңірудің маңызы зор. Бұл адамның дамуының қай сатысында болмасын өмір бойы жадында жүретіндей жағдай жасау керек. Мектепте, жұмыс орынында, қоғамдық орындарда қоғамды жаңғыртатын

белгілердің болуы, адамның өз ұлтына деген зор сүйіспеншілік пен келер ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіндіретіні анық.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2014 жыл 12 сәуір. [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Әріпов Д. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі // Қазақ үні. 2017 жыл 12 қараша. <https://qazaquni.kz/2017/11/12/72175.html>
3. Қалиев Ж.Н. Қазақтың біртуар азаматы, белгілі қайраткер Жұмабек Ташенев туралы. // Мәңгілік Ел. халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журнал. № 2(4) 2014 жыл. Сәуір. <https://e-history.kz/kz/biography/view/354>
4. Еңбегі // Жұлдыздар отбасы. 2017 ж. 12 қаңтар. <http://juldyz.kz/2017/01/12/>
5. Төленова З.М. Д.А. Қонаев және Қазақстан ғылымының дамуы // history.kz. Электрондық ғылыми журнал. 2018 ж. шілде-қыркүйек № 3(15). <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/300>
6. Әлиев Ш.Ш. Бүгінгі қазақ отбасындағы бала тәрбиесінің өзекті мәселелері. 2017 ж. 09 маусым. <http://melimde.com>
7. Сәрсембин Ү.Қ. Рухани жаңғыру идеясы және ұлттық рух. 2017ж. 6 маусым <https://abai.kz>

ӘОЖ 821.512.122.09

Өсербай Мөлдір Сәкенқызы

«Филология және журналистика» кафедрасының магистранты

Инновациялық Еуразия университеті,

Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: ms.molya_pvl@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы., Б.Молдағали

e-mail: bahados_@mail.ru

Ғ. МҮСІРЕПОВТЫҢ «ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ» РОМАНЫНДАҒЫ НАРРАТОРДЫҢ КӨРІНУІ

ОБРАЗ НАРРАТОРА В РОМАНЕ Г. МУСРЕПОВА «ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ» (КАЗАХСКИЙ СОЛДАТ)

THE IMAGE OF NARRATOR IN THE NOVEL OF G. MUSREPOV “ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ” (KAZAKH SOLDIER)

Аннотация. Осы мақалада әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі – көркем шығармадағы нарратология мәселесі қарастырылды. Шет ел ғалымдарының еңбектеріне, нарратологиялық концепцияларына сүйене отырып, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы негізінде шығармадағы нарратордың қызметіне, автор мен оқырманның қарым-қатынасына талдау жасалды.

Түйінді сөздер: нарратор, автор, кейіпкер, баяндаушы.

Аннотация. В данной статье рассмотрена одна из актуальных тем литературоведения – нарратология художественного произведения. Авторы опираясь на труды и концепции по нарратологии зарубежных ученых, на примере романа Г. Мусрепова «Қазақ солдаты» (Казахский солдат) анализируют роль нарратора в произведении, взаимосвязь автора и читателя.

Ключевые слова: нарратор, автор, персонаж, рассказчик.

Annotation: This article discusses one of the topical topics of literary criticism — the narratology of a work of fiction. The authors based on the works and concepts on narratology of foreign scientists, using the example of G. Musrepov's novel “Қазақ Солдаты” (Kazakh soldier), analyze the role of the narrator in the work, the relationship between the author and the reader.

Key words: narrator, author, character, storyteller.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында нарратология мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Әлеуметтік мәселелер, автор мен оқырманның қарым-қатынасы, оқиғалардың қызметі мен шығарманың баяндалуы мен тілі – осының барлығы жеке бір мәселе емес, мәтін желісін қамтитын тұтас жүйе. Көркем мәтінді оқырманға кім жеткізеді деген сұрақ қазіргі әдебиеттану ғылымына «нарратология» ұғымын алып келді.

Нарратологияның зерттеу тарихына келетін болсақ, оның бастамасын шет ел ғалымдарының аламыз, олардың еңбектеріне сүйенеміз. Нарратологияның негізі 1920 жылы орыс формалистері В. Шкловский, Б. Томашевский, В. Пропп, М. Бахтин, Б. Эйхенбаум және т.б. арқылы қаланды. Әлем әдебиетінде нарратологиялық концепциялар Р. Барт, Ж. Женнет, А. Прието, М. Риффатер және орыс әдебиеттануында М. Лотманның, Р. Якобсонның сюжеттер түзілімі теориясы туралы зерттеулерінен шыққан.

Нарратор – көркем туындыда тарихты мазмұндау, оқиғаны баяндау қызметтері берілген тұлға. Осы бағытта жазылған еңбектердің қатарына В. Шмидтің «Нарратология» [1] еңбегін атауға болады. М. Бахтин: «Біздің алдымызда екі оқиға бар. Біріншісі, шығармадағы айтылып жатқан оқиғаның өзі, яғни оқырман ретінде шығарманы оқи отырып, бұл оқиғаға біз де қатыса аламыз; екіншісі, оқиғалар әр түрлі уақытта болады, сонымен қоса әр түрлі жерде өтеді және сол уақыттарда олар тұтасымен тығыз байланыста болады» [3, 84-бет].

Қазақ жазушыларымыз өткен жылдар әдебиетінің тіліне тән инерттілік, декларативті штамптардан арылтты. Сол себепті бәрін алдын-ала болжап, біліп отыратын автордың тұлғасын баяндаушы суреттелетін оқиғалардың куәгері, халықтан шыққан қарапайым адамды араластырды. Қарапайым адамның дүниетанымы алдыңғы орынға шықты.

Осындай жаңаша баяндау тәсілі автор мен кейіпкердің арасындағы ерекше қарым-қатынас арқылы анықталып жатты. Кейіпкердің өзіне сөз беріп, өзін тыңдауға бет бұрған, оны өзіне тән үнмен көрсетуге бет бұрған қазақ жазушыларымыздың, соның ішінде Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы дүниеге келді. Бұл шығармада автордың ойын кейіпкерлері жүзеге асырды. Кейіпкердің сөзі мен ойы көркемдік құралына айналды. Қарапайым адамның сөзі мен ойы өзіне ғана тән үнмен ерекшеленеді.

Әдебиеттануда «баяншы», «кейіпкер», «әңгімені оқырманға жеткізуші» деген ұғым да қолданылады. Бұл нарратологиялық ұғымға кіріспе. Мәселен, баяндаушы бейнесі – әдеби шығармада оқиғаны әңгімелеп айтушы, сол оқиға қалайда қатысы бар, болған жағдайларда өз көзімен көрген адамның тұлғасы. Баяндаушы шығарманың басты кейіпкер болуы сирек кездеседі, бірақ қалайда айтылған жағдайды білген-көрген, басы-қасында болған адам ретінде көрінеді [4, 107-108 бет]. Кейіпкер (персонаж) – көркем әдебиетте роман, повесть, әңгімеде, драмалық шығармада, поэмада бейнеленетін оқиғаға қатысушы [4, 181 бет].

Нарратор – повествователь, рассказчик – одна из основных категорий нарратологии, носящая формальный характер и категориальным образом противопоставленная понятию «конкретный, реальный автор» [5, 120 бет]. Көркем шығармада басты рөлді атқаратын нарратор оқиғаға белгілі бір көзқарасын, баяндалып отырған оқиғаның сипатын, оған қатысты өзіндік ойын жеткізуі тиіс.

Романды талдау кезінде бұл міндет күрделене түседі, себебі романның әр тарауының өзінде түрлі оқиғалар өрбиді, олар бір бірімен байланысты болмауы да мүмкін. Сол себепті нарратор әр тарауда әр түрлі көріне береді. Алайда әр тараудың нарраторларын бір-бірімен байланыстырып тұратын кейіпкер бар, мысал «Қазақ солдаты» романы бойынша ол – Қайрош.

Сонымен автор-нарратор-кейіпкер деген тізбектелген жүйе құралады. Бұл жерде басты назар аударатынымыз – нарратор. Көркем шығарманы жасайтын автор, алайда ол шығарманың ішкі әлеміне өте алмайды. Себебі шығарма өрбіген тұстан бастап, нарратор өзінің қызметін бастайды. Мейлі шығарма автор стиліне байланысты оқиғаның шешімінен басталса да, шиеленісуінен басталса да нарратор өзінің міндетін толық орындайды. Яғни, нарратор әдеби шығарманың ішінде өмір сүреді. Нарратор қызметінің күрделілігі оның шығарма басынан аяғына дейін оқырманмен де, кейіпкермен де, барлық оқиға, тартыстармен байланыста болып, қол үзбеуі.

Нарратологияда қолданылатын «автор-баяндаушы», «мәтін жаратушы» терминдеріне де «айтушы» деп қарауымызға болады. «Айтушы» мәтінді өзі тудырады, өзі баяндайды. «Айтушы» термині әдебиеттің коммуникациялық, диалогтық табиғатынан туындаған термин. Кез-келген көркем шығарма автордың танымын, сезімін, түйсігін, ойын қабылдаушыға жеткізеді. Бұл жерде айтушы ол ақпарат тасушы, не біреуден естігенді біреуге жеткізуші емес, көркем туындының табиғатына сай танымдық авторлы дискурс арқылы көркемдеп жеткізуші.

«Қазақ солдаты» романы Ғ. Мүсіреповтың майдан шындығы туралы жазған патриоттық тақырыптағы тұңғыш туындысы. Әрине, әңгімедегі негізгі тақырып отты жылдар жайында, алайда

бұл шығармада қосымша тақырыптар да аз емес. Бас кейіпкер – Қайрош Сарталиев, прототипі – Кеңес Одағының батыры Қайырғали Смағұлов. «Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытып. Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін» [6, 3-б.]. Шығарма басы осылай басталады. Оқиға да Қайроштың сөзімен баяндалады.

Бойын қорқыныш сезімі ұялаған бала Қайроштың қашуының себебі сырттай қарағанда бұзаудың жоғалғаны болғанымен, негізгі себеп – Қарамұрт Ашығали. Бұзауды жоғалтқан Қайрош жазадан ғана қашып келе жатқан жоқ, ол жетімдіктен, әділетсіздіктен, жетімдік өмірінен қашып келе жатыр. Бұл қашу – Қарамұрттыға көрсеткен кек. Осы көріністен ақ ескі мен жаңа тартысы, жас пен егде айқасы, таза бала жалшының қатыгез үлкенге деген ниеті байқалады. Мал бағып жүрген бала шығарма соңында ержүрек, қайсар, батыр тұлға ретінде қалыптасады. Шығармада барлық кейіпкерлердің өз прототипі бар, демек, туынды ойдан шығарылмаған әдеби шындығы бар роман.

Әңгімеші мен баяншы нарратордың балама формалары. Біреуі болмаған жағдайда, мәтінде екіншісі болады. Әңгімеші – болып өткен оқиғаның жай ғана бақылаушысы да, белсенді әрекет етушісі де болуы мүмкін. Ғ. Мүсіреповтың бірінші жақтан баяндалатын «Қазақ солдатты» романының әңгімешісі – Қайрош Сарталиев. Әңгімеші өзі баяндалған оқиғаның жай ғана куәсі болуы мүмкін. Әңгімешінің рөлі мұндай жай ғана оқиғаны сипаттаушы болады. Әрине, ол оқиғаға әр түрлі деңгейде баға береді. Бірақ, оқиғаға араласпайды, бар болғаны сол оқиғаның куәгері. Ал екінші жағдайда Әңгімеші оқиғаның тікелей қатысушысы, яғни оқиғаның бір персонажы болуы мүмкін. Бұл форма өзіне бейнеленген әлемнің бар «жүгін» дарытады. Мұндай жағдайда әңгімешінің баяншыдан айырмашылығы – оқиғаның себебінен мағлұматы болмауы, оны түсіндіруде қателесуі мүмкін. Әңгімеші персонаждан айырмашылығы кәдімгі функциялармен бірге оған оқиғаны баяндау қызметі жүктеледі. Әңгімешінің осы пішіні баяндауға қарқындылық дарытады. Әңгімеші атынан баяндау сюжет дамуындағы кернеуді барынша биіктетеді. Өйткені бір жағынан оқиға дамуын сырттай бақылау, екінші жағынан, сол оқиғаға қатысушы болып, салдарын бірге көру әңгімешінің болмысын барынша күрделендіреді.

Біздің қарастырып отырған шығармадағы кейіпкерлердің бейнесі, мінез-құлқы, іс-әрекеті, табиғат көрінісі, болып жатқан оқиға – бәрі жүйелілікпен берілген. «Шаңқан шілденің аяқ кезі болар деймін... Пісіп қалған ақселеулер баяу теңселіп, үкідей бұлғандап, кейде жұмсақ қана тізеден сипайды да, кейде инесін қадап алады. Сипағанда, талғамай сипаса, инесін қадарда екі сирақтағы жара мен жарықты тауып алып қадайды. Күннің көзі жер бетінде шаншыла қадалып, көлеңке тәлтиіп, бауырыңа кіріп барады. Бар ыстық менің қойныма тығылғандай, шоқпыт қомшаның екі қолтығы қыж-қыж қайнайды» [6, 3-б.]. Табиғаттың бір бөлшегі – ақселеудің адам денесіне қалай әсер ететінін оқырманға дәл жеткізеді. «Әсіресе» деп екпін беріп, «жара мен жарықты тауып» алатынын да әсерлі береді. Күннің төбені тесетін көзі, денені «қыж-қыж қайнататын» ыстығы да оқырманға таныс дүние секілді. Ал Ақбота туралы әңгіме бір бөлек. Қайрош өзінен үш жас кіші, бойында «жас ботаның ерке сипаты мен жас лақтың ойнақы мінезі бар», «селтиген ғана бұрымы бар, лақтай секіріп жүретін, мөлдір қара көзді, аппақ» Ақботаны жанындай жақсы көреді. «Бір тайынша жоғалса, он жыл сарайға қамаймын!» дегеннен қорыққан бала Қайрош сол кезде Ақбота өзгемен кетіп қала ма деген ойдан да қорыққан еді. Ақбота мен Қайроштың балалығы суреттелген тұсы да өте қызықты. Бірі жұдырықтап жіберсе, бірі құлағынан тартып ойнаған шағы, кейін татуласқандары еріксіз күлкі сыйлайды... «Мүмкін менің алдымда сағым теңізіндей құлпырып, алыстан қол бұлғап жаңа өмір жатқан шығар. Мүмкін шарасы шайқалмаған ескі ауылдың ескі өміріне қанағат етпеген бала ойы осындай бір себепті бұрыннан іздеп жүрген шығар... о да мүмкін, бұ да мүмкін... Әйтеуір, қалаға қарай сызып келемін» [6, 9-б.]. Мына мәтіннен, ешбір жағдайға қарамастан, өзінің алдағы келешегіне сеніммен қарайтын баланың ойы жатқаны байқалады. Өзге тіршілікті, өзге өмірді көруді армандайды. Жүгіргені соншалық, жүрегі қабырғасын тесіп шығардай дүрсілдеп, таныс дүниеден беймәлім ортаға бара жатқаны үшін өз-өзіне масаттанып қояды. «Базар шетіндегі шаштараздың қасынан өте бергенімде, есігіне жапсырған айнасына көзім түсіп кетіп еді, бет-ауызым шын-ақ астан-кестен екен. Туғалы жуынбаған адамдай қарала, торала бетімді жұдырықпен укалап айғыз-айғыз етіппін. Көз деген бір қос томпақтың үстіңгі жағы маса талағаннан көлт-көлт етіп тұр. Тыриған арық мойыннан әр жеріндегі шұңқырына қақ тұрып қалғандай. Көзімді ежірейтінкіреп ашайын десем, бет пернем одан жаман бұзыла түседі. – Қайда жүріп маскара болғансың? – дегендей, айнадан бір сұмпайы бала маған қарайды...» [6, 17-б.]. Осы әзіл мен шындығы аралас шығарма жолдарынан баланың түр сипатын көреміз. Қашып жүріп, өңі қашқан бейнесін өзіне ұқсатқысы келмейді. Образды суреттеудің өзінен-ақ Ғабит Мүсіреповтың шеберлігін байқалады. Адам бейнесін суреттеудегі дәлдік, оны жеткізудегі ұшқырлықты көреміз. Кейіпкерлердің диалогтері де қарапайым тілмен жеткізілген. Ағайынды Шеген мен Борашты кездестіргендегі олардың тіл табысуы да ерекше. «Өй, өзінді қасқыр талаған ба?»

дегеннен басталған әңгіме танысуға ұласады. Танысудан кейін «Костя» деген есім алған Қайрош олармен достасып та кеткен. Әдемілікті жаны сүйетін екі ағайынды өнерге жақын, әнге жақын болып шықты... Әндетіп, әуелетіп базарға қарай жол тартты... Ал жастық шағы аты жаман сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келді.

Баяншы – оқырманға кейіпкердің әрекеттері туралы баяндап, оның өту уақытын белгілеп, кейіпкердің бейнесін, ортасын суреттеп, оның ішкі дүниесін ашады. Бұл кезде ол бәрінен тысқары тұрады. Баяншының міндеті бір мезгілде өзі бейнелеп отырған шектеулі кеңістікте көріне отырып, оның оқырмандарына да арналады. Яғни, автордың бейнелеп отырған кеңістігінің сыртына да шығып кетеді. Сонда баяншы белгілі бір адам бейнесі емес, ол қызмет, функция деген дұрыс. Баяншының автордан өзгешелігі ол суреттелетін уақыт пен кеңістіктен тыс тұрады. Сондықтан ол алдыңғы кезекке тез өте алады немесе кейін орала алады. Сол сияқты оқиғаның алдындағы мәселені немесе оның нәтижесін біліп отырады. Алайда, оның мүмкіндігі көркемдік бүтіндіктің шектеулігіне байланысты. Баяншыға қарағанда әңгімешінің ерекшелігі автор мен оқырманның ойластырған әлемінің шекарасында емес, бейнеленетін шындықтың бүтіндей ішінде болады. Барлық негізгі мәселелер «өзі әңгімелейтін оқиға» бұл жағдайда бейнелеудің негізіне, ойдан шығарылған шынайылықтың айғағына айналады. Сонымен кең түрде алғанда баяндау – баяндаушы, әңгімеші, автор бейнесінің сөйлеушілерінің жиынтығы бола отырып, бейнеленіп отырған әлем мен оқырмандардың, арасындағы дәнекерлік қызмет деген сөз. Яғни, баяндау кең түрдегі мағынаға ие болады. Ол суреттеу, ой толғау, тікелей және жанама түрде көрінетін тілдік құрылым ретінде көркем шығармада барынша кең қолданылады. Көркем шығармаларда басым орында баяндау алады, яғни автор өз сөзімен оқиғаны баяндап береді. Ол қатысушылардың тартыстарының нақты себебін ашып кейде екі суреттеудің арасына дәнекер болады, қиюластырылады, кейде көрсетейін деген өмір құбылысына бағыт сілтейді.

Шығармадағы оқиғалардың өзара байланысы, әрі қарай дамуы, шарықтау шегі, кейіпкерлердің образы шығарманы жеткізуде маңызды рөл атқарады. Алайда осының ішінде адам образы шығарманың идеясын ашуда басты негіз болып табылады. Кейіпкерлердің іс-әрекетін, күрес тартысын, мінез-құлқын суреттей отырып, автор оқырмандарының сезіміне әсер етіп, ойын жеткізеді.

Нарратор тұлғасының лирикалық, эпикалық, драмалық туындыларда көрінуінің де шектеулі шекарасы бар. Егер лирикада тек өз сезімін бейнелейтін лирикалық «мен» әрекет етсе, драмада нарратор оқиғаға, тартысқа орын беріп, «қағажу» көреді. Ал эпикалық туындыларда нарратор автор мен оның суреттейтін әлемі арасында өзгеше делдал қызметін атқарады. «Қазақ солдатты» романындағы автор мен баяншы арасындағы қарым-қатынас өзгеше сипатта.

Отан қорғау жайында жазылған романдардың негізгі идеясы – отанға деген сүйіспеншілікті, ыстық махабатты, сағынышты, отан алдындағы борышын өтеуге дайын қаһармандарының ерліктерін көрсету, оны өзгелерге үлгі етіп көрсету болып табылады. Шығарманы оқи отырып, біз ол сезімдерді тек ақылмен түсініп ғана қоймай, жүрекпен сезінеміз. Майдандағы батырларымыздың ерлік әрекеттеріне сүйсінеміз, мақтаныш етеміз, жүрегімізде қуаныш сезімі пайда болады. «Қазақ солдатты» романында отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін майданға аттанған Қайрош бойындағы қорқынышты жеңе білді. Новороссийск, Элтиген, Керчь жерлерін жаудан азат етуге күшін салған ол түрлі жарақат та алды. Сол кезде бейнеленген соғыс алаңы, жауынгер рухы, Отанға деген махаббат, туған елге деген сағыныш бір-бірін жалғап жатты.

Қорыта келе, әдебиет зерттеушілерінің жүргізген талдаулары арқылы нарратология саласының күрделі құрылым екені анықталды. Сондықтан да қазіргі кезде бұл саланы зерттеу барысында көптеген даулы мәселелер, түрлі пікірлер айтылуда, әрі оның шешілу жолдары қарастырылуда. Бұдан шығатын қорытынды: нарратология мәселесі әлі деп көп зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Вольф Шмид. Нарратология -2-ое изд., испр.и доп. – М.: Языки славянской культуры, 2008. – 304 с. – (Коммуникативные стратегии культуры)
2. Рикер П. Время и рассказ. – Т. Интрига и исторический рассказ-М.; СПб.: Университетская книга, 1998. – 84-б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі /Құраст: З. Ахметов, Т. Шаңбай/- Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006, - 398 бет.
4. Учебный словарь лингвистических терминов / Л.А. Бурсенская, Г.Ф.Гаврилова, Н.В. Малычева. – Ростов н/Д.:Феникс, 2005. – 256 с.
5. Ф. Мүсірепов Қазақ солдатты романы.- Алматы: Жазушы баспасы, 1967 ж,-368 б.

Абулсағит Аяулым Нұрдәулетқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті
«Тұран-Астана» университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
abysagit191099@gmail.com
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Г.К.Рахимбаева
grk_15@mail.ru

**ТӨЛЕН ӘБДІКТИҢ «ҚОНАҚТАР» ШЫҒАРМАСЫН ТАЛДАУДА
ЭЙДОС-КОНСПЕКТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЭЙДОС-КОНСПЕКТА ПРИ АНАЛИЗЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ
ТОЛЕНА АБДИКОВА «ГОСТИ»**

**THE EFFECTIVENESS OF EIDOS-ABSTRACT WHILE ANALYZING
A PIECE OF TOLEN ABDIKOV «GUESTS»**

Аннотация. Мақалада көркем шығарманы талдау кезіндегі эйдос-конспектiнiң маңыздылығы, тиімділігі туралы мәселе талданады.

Түйінді сөздер: автор, тақырып, туынды, эйдос-конспект, идея, талдау, тиімділік, қазына, көркем, дәстүр.

Аннотация. В статье анализируется вопрос о значимости, эффективности эйдос-конспекта при анализе художественного произведения.

Ключевые слова: автор, тема, произведение, эйдос-конспект, идея, анализ, эффективность, богатство, художественное, традиция.

Annotation. The article analyzes the question of the importance and effectiveness of Eidos-abstract in the analysis of a work of art.

Keywords: author, theme, composition, Eidos-abstract, idea, analysis, effectiveness, riches, art, tradition.

Қазақ әдебиетінің төрінен орын алған парасатты жазушылардың бірі – Төлен Әбдік.

Осыдан жарты ғасыр бұрын төл туындылары жарыққа шыға бастаған қаламгерді оқырмандары мен қатарластары бүгінгі күнге дейін өз биігінен еш кішірейткен емес. Керісінше, дүниеге келген айтулы туындылары қазақ прозасында өзгеріс енгізген жазушының беделі тым асқақтап, одан да жоғары көтерілген. Сезім қылын қозғап, бірден жүректі баурап алар қызықты, шытырман шығармаларын оқитын кітап сүйер қауым бүгінде азайған емес.

Төлен Әбдіков жазушы ғана болып қоймай, қоғам өміріне де белсене араласқан. «Жалын» альманағында меңгеруші, бас редактордың орынбасары қызметін атқарған, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болған. Қазақстан КП ОК-інде нұсқаушы болып, 1977-79 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы, онан кейінгі кездері «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан жазушылар одағына 2-хатшысы болды. 1994 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің көмекшісі қызметіне тағайындалды. 1997 жылдан Қазақстан Республикасының Президенті аппаратында ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 1964 жылы Әбдіковтің «Райхан» атты тұңғыш әңгімесі жас жазушылардың «Таңғы шық» әңгімелер жинағында жарияланды. Сонан бергі кезеңде «Айтылмаған ақиқат», «Күзгі жапырақтар», «Көкжиек», «Ақиқат» атты әңгімелер мен повестер жинақтары, Қазақ жеріндегі ұжымдастыру кезеңінің көрсеткен қасіретін суреттеуге арналған «Ақшоқыда қыс қатты», «Өліара» романдары, таңдамалы туындыларының бір томдығы жарық көрді. Ғабит Мүсірепов атындағы Жастар және жасөспірімдер театрында «Біз үшеу едік» атты драма шығармасы қойылды. Жекелеген әңгіме, повестері өзбек, қырғыз, украин тілдеріне тәржімаланса, «Ақиқат» атты кітабы орыс тіліне аударылды» [1].

Төлен Әбдіков шығармалары адамның ішкі дүниесінің құпия сырларына үңілуі, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыдан қарауымен ерекшеленеді. Аталған туындылармен қатар тағы

бір шоқтығы биік шығарма бар. ‘ ‘ Қонақтар’ ’ әңгімесі ата-ана мен бала арасындағы қатынас, сондай-ақ, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрлерді, ана тіл мен дінді құрметтеуге арналған.

«Қонақтар» әңгімесінің басты тақырыбы – адамгершілік, баланың ата-ана алдындағы мәңгілік перзенттік парызы. Сапабек тәрізді қалада тұратын оқыған азаматтың ата-анасына салқын, жасанды қарым-қатынасы. Ертеден келе жатқан дәстүрлеріміз бен ана тіліміздің сақталмауы.

Бұл туындының мәні тереңде жатыр. Шығарманың басты кейіпкері Ерғабыл қарт. Ұлттық болмыстан айырылып бара жатқан ұлы Сапабектің мансаб қуып, шетел асып кетуі, қол-басы ашық киім киген, орысша сөйлеп, ауыл тұрмысына жат қылықтар көрсеткен келіні Томаға да, қазақша білмейтін немересі Жеңіске де қарттың көңілі толмайды. Себебі, олар заманауи боламыз деп жүріп, өздерінің ұлттық болмысын ұмытып кеткен. Ерғабыл қарт үшін түтінін өшірмей, қара шаңырақты ұстап қалған, ұлттық қазынаны сақтаған ұрпақ қана адал сүт емген, ата-ана алдындағы перзенттік парызды өтеген бала. Қазына дегеніміз – ата-ана, әдет-ғұрып, ана тіл ғой. Олар бәрін қойып ата-ана алдындағы парыздарын ұмытқан. Бәрінен бұрын Ерғабыл қарт пен оның бәйбішесін осы қынжылтады. Басты кейіпкеріміз өзінің жақындарына, таныстарына, артынан келе жатқан ұрпағына халықтық қазынаны дәріптеу арқылы Төлен Әбдіктің басты идеясын көрсеткен.

Кез келген көркем шығарманы талдау кезінде эйдос-конспектінің алатын орны зор. Себебі, бір ғана бейне немесе құбылыс арқылы туынды табиғатын тануға болады.

Автордың «Қонақтар» шығармасын көптеген әдіс-тәсілдер арқылы талдауға болады. Дегенмен, эйдос-конспект арқылы туындының көзге түсе бермейтін қырлары мен сырларын кеңінен ашуға болады. Бұл талдау түрінің тиімділігі бір ғана бейне немесе құбылыс есебінен әңгіменің тереңде жатқан мән-мағынасын көрсететінінде. Мен эйдос-конспект арқылы Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесін талдадым (1 кесте).



1 кесте - Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі негізінде жасалған эйдос-конспект

Жұмысты бастау үшін, ең алдымен, белгілі бір туындының мазмұнын түсініп, ден қойып оқу керек. Маған бұл әңгіменің астарында жатқан басты мәселені түсіну қиынға соққан жоқ. Бірақ осы шығарманың мазмұнын ашу үшін басты кейіпкер Ерғабыл қартты қандай бейнеге теңерімді білмей, көп толғандым. Себебі, оның берген тәрбиесін, мінезін, жанашырлығын айқын ашып көрсететін бейнені тапқым келді. Бастапқыда оны емен ағашына теңегім келді. Емен ағаштары үлкен, ұзақ өмір сүреді. Сондықтан Ерғабыл ақсақалды осы бейнеде алғым келді. Кейін ойланып қарасам, қай ағашты алмасам та, егер оған бір рет құрт түссе, емдеу қиынға соғады. Сол себептен бұл ойымнан бас тарттым. Кейіннен оны айрықша бір құбылыспен тең қойғым келді. Найзағай ма, әлде су тасқыны ма?

Бұл екі құбылыстың да қуаты күшті. Соққан жерін жайпап тастауға дейін барады. Ақсақалдың балаларына деген реніші де осы құбылыстар секілді қатты болды. Оны Ерғабыл қарттың баласына айтқан мына сөздерінен білуге болады: «Алып кет баланы! Өзің секілді мансап қуған, шала тілді болсын!» [2].

Дегенмен де, ата-ана қашан да өз туғандарынан бас тарта ма? Көңілдері бала үшін әр кез елжіреп тұрады. Бұл теңеу де дұрыс болмас деп ойлап, әрі қарай таңдаған кейіпкеріме сай бейне іздеуді жалғастырдым. Менің талдауға алған кейіпкерім көп қырлы. Себебі жүрегінің бір түкпірінде туған жеріне, отбасына деген махаббаты тұнып тұрса, бір жақ бүйірінде күйініші де бар. Қартайған шағында осының бәрін көріп тұрып, халқының әдет-ғұрпын дәріптеуді тоқтатпады. Ана тілі мен дінін үйретуден, ата-анаға деген құрметтің қалай болатынын көрсетуден шаршамады. Өйткені жүрегіндегі бір сенім оны әр кез алға жетелеумен болды. Сондықтан да мен оны сырлы сандыққа теңеуді жөн көрдім.

Өйткені «Сандық – халықтар тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі. Ол әдемілігімен, сырлылығымен, сан алуан түрлілігімен көзге түседі. Көшпенді

халықтар үшін ол өте қолайлы әрі киелі. Себебі, оған барлық бағалы, сонымен қатар, қажетті деген дүниелерін салған» [3].

Яғни, Ерғабыл қарт та сандық іспеттес бар қазынаны бойына жинаған адам. Ол қазына сан түрлілігімен көз тартса, Ерғабыл қарт та алуан түрлі қасиеттерімен оқырманын өзіне баурап алады.

Сыр сандықты күні бүгінге дейін ақын-жазушылар жыр шумақтарына қосқан. Сөзімді Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық» атты өлеңі дәлелдей түседі:

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласын.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын!
Сұлу сымда перне әуені,
Перне әуені жыр айтар.
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар.
Шыққанбыз дос, шыңға талай,
Талай сырды ойланып,
Ақтарарлық алтын сарай,
Алтын сарай қойманы... [4].

Осы өлең жолдары сырлы сандықтың қандай екенін толықтай ашып тұр деп айта аламын. Бұл сандықты ашқан адам барлығына қол жеткізетін еді. Нағыз махаббаттың, нағыз құрметтің, өнер мен білімнің, мәдениеттің қандай болатынын көріп, уақытша құбылыстардан, өзге тілдерді ана тілінен асырып құрметтеуден, отбасы мен туған жерінен аса маңызды шаруалардан жүз есе немесе мың есе артық екенін түсінетін еді.

Жазушының аталмыш туындысын талдау барысында эйдос-конспект көп көмегін тигізді. «Эйдос-конспект грек тілінен аударғанда бейне, көрініс, құбылыс деген мағынаны білдіреді» [5].

Бірақ көп адамдар "көрініс" деген сөзге қарап, эйдос-конспект бұл белгілі бір шығарманың сюжеті деп қабылдайды. Бұл талдауда сол сюжеттегі кейіпкерді нақты бір құбылысқа немесе бейнеге теңеген абзал. Сонымен қатар туындыдағы автор ойын жеткізуге негіз болып тұрған кілт сөздер, тіркестер, тұщымды ойлар, кейіпкерлердің айтқан сөздері

болғаны жөн. Ең бастысы, олар шығарманың мазмұнын ашып, ол туралы мағлұмат беру керек. Кейбір әңгімелерде мәселені ашатын тіркестер мен кілт сөздер көп болады. Ал кейбіреулерінде бірнеше тіркестер, кілт сөздер туындыны толықтай ашып тұрады. Толықтыру ретінде әрлеп, безендіру де белгілі бір рөл атқарады. Көзге бірден әрі анық көріну үшін түрлі құралдарды, бояуларды талғап, таңдап алу мықты маманның жақсы қасиеті болып табылады. Қанық түстерді араластыра әрлеп, сан алуан өрнектер арқылы көркем безендірілген талдау көзге ерекше түседі. Өйткені әр бір түстің, бояудың өз айтары бар.

Эйдос-конспектінің тиімділігі оның креативтілігінде. Себебі түрлі абстракцияларды қолдана отырып керемет жұмыс шығаруға болады. Шығарманы топпен, Венн диаграммасы, дәстүрлі тапсырмалар орындау арқылы талдау өзектілігін жоғалтпаса да, жаңашылдық әр кез қажет. Қазір озық технологиялар кезеңі. Тез әрі қарқынды жұмыс орындау кез келген адамның креативті әрі талғамға сай ойлауына тікелей байланысты. Қазіргі ұрпақ бір жақты ғана ойлап қоймай, сан түрлі ойлар мен идеяларға құштар. Өйткені заман талабы осы. Осы ретте олардың айшықты идеяларын жеткізуде эйдос-конспектінің орны ерекше. Ойлау өрісі керемет дамыған маманға барлығы қызаға да, қызғана да қарайды. Эйдос-конспект студенттердің ойлау қабілетінің артуына, сыни көзқарасының дамуына, тілдің қорының көбеюіне әсер етеді. Ұшқыр да тез ойлау арқылы берілген тапсырманы жақсы қорғап шығуға көмектеседі. Қорытындылай келе, эйдос-конспектінің басты тиімділіктеріне креативтілігін, жылдамдығын, ой ұшқырлығын жатқызамыз.

Әдебиеттер:

1. <http://bilim-all.kz> .
2. Әбдік Т. «Қонақтар» әңгімесі. https://kitap.kz/books/tolen_abdikov_qonaqtar
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 8-том.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы.-2006.-704 бет
4. Сейфуллин С. Сыр сандық. https://www.zharar.com/kz/olen/3184-saken_sandyk.html
5. [https:// / / kk.m.wikipedia.org](https://kk.m.wikipedia.org) .

Алимтаева Дильназ Ерболқызы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті
«Тұран-Астана» университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: dilnaz.alimtaeva@mail.ru
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.
e-mail: grk_15@mail.ru

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУ DAҒДЫЛАРЫН
ДАМУДАҒЫ ЭЙДОС-КОНСПЕКТИНІҢ ҚЫЗМЕТІ
(Д.Досжанның «Көкпар» шығармасы негізінде)**

**РОЛЬ ЭЙДОС-КОНСПЕКТА В РАЗВИТИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ
(на основе произведений Д.Досжан «Кокпар»)**

**THE ROLE OF EIDOS, SYNOPSIS, INTO THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE AND
RESEARCH SKILLS OF STUDENTS
(based on the works of D. Doszhan "Kokpar»)**

Аннотация. Мақалада студенттердің танымдық іс-әрекеттері мен зерттеу дағдыларын дамытудағы эйдос-конспектінің негізгі қызметі айқындалып, көрнекті жазушы Дүкенбай Досжанның «Көкпар» шығармасынан нақты мысалдар келтіру арқылы дәлелденеді.

Түйін сөздер: автор, эйдос-конспект, әңгіме, идея, визуальды, теңеу.

Аннотация. В статье раскрывается основная деятельность эйдос-конспекта в развитии познавательных действий студентов, подтверждается приведением конкретных примеров из произведения видного писателя Дукенбая Досжана «Кокпар».

Ключевые слова: автор, эйдос-конспект идея, визуальный, уравнение.

Annotation.The article reveals the main activity of Eidos-synopsis in the development of cognitive actions of students, confirmed by the specific examples from the works of prominent writer " Dukenbay Doszhan «Kokpar».

Keywords: author, idea, story, visual, eidos-abstract, equation.

Қазақ халқының шығармашылық өміріне өз үлесін қосқан көрнекті жазушылардың бірі – Дүкенбай Досжан. Қазақ әдебиетінде таза тарихи тақырыпқа тұңғыш қалам тартқан автор саналады. Қазақ прозасындағы қызыл тілді, көркемдік көкжиегі байтақ, дүниені суретпен көретін, өзіндік орны бар қаламгер.

1942 жылы 9 қыркүйекте Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Құланшы ауылында дүниесігін ашқан. Оның балалық шағы соғыс кезіне тап келеді. Бозбала көбіне өз қиялын серік қып өскен. Қаратау ішінде, шыжыған күн астында ойға шомылумен күндері өткен екен. Бала қиялы -қанатты дегендей болашақ қаламгер апта сайын өлең шығарып, зеректігін көрсете бастайды.

Жалпы, жазушыны қатары өсіреді деген рас сөз екен. Айтты-айтпады қатарлары ылғи сен тұр, мен айтайын дейтін ығай мен сығайлар болған соң «күшігінен таланып» осы күнге үлкен жазушы ретінде жетеді [1, 10 б].

«Ол ешқандай топқа, сыбайлас жоралыққа, саяси ағымға қосылмай, өз шындығымен, өз көзқарасымен тұйықталған тіршілік кешеді. Күн сайын қаламға жүгінетін... еденге жатып жазатын... өз қиялынан басы босамайтын. Дүкенбай Досжан қолтаңбасының ерекшелігі: дүниені суретпен көреді, аллегория мен шендестіруге жүгінеді. Тіл құнары бай, көбіне магиялық реализм әдісімен жазады. Кейіпкердің ішкі жан сарайын ашуда – ой ағымына, пәлсапалық түйін түйісе, максималистік көзқарасқа болымдылықпен қалап тербейді. Көркем шығармалары мен зерттеу еңбектерінің тақырып аясы кең. Тіл бояуы кемпірқосақтай – символға, қиялға еркін тізгін береді, қара сөзді өрнек тоқығандай – кестелей білетін шебер әңгімешіл [2, 8 б].


Автордың «Көкпар» әңгімесіндегі бас кейіпкер Сердалының басынан өткен түрлі өмір жолдары кез келген адамды толғандырады. Бала кезінде өзін қарапайым бозбала ретінде танытты. Алайда өмір ағысы басқа арнаға бұрылып, кезіндегі бақытты бозбала өмірдің қиын-қыстау кезеңіне ұшырады. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол – отбасы. Сердалы осы отбасысынан айырылды. Бала кезінде әкесінің өлімін өз көзімен көрген еді. Сондықтан көз алдында жаман суреттер сақталып қалды. Қу жетім атанды. Әкесінің даласын жалғыз мекен етті. Сердалының дүниеде бар екенінде ұмытты. Қолында бір үйір жылқысы ғана қалған еді. Опасыз дүниеде жалғыз жұбанышы болды. Ол әкесіне ұқсаушы еді. Сердалының әкесі көкпар шабандозы болған, нағыз бәтшағар азамат еді. Атасы Көрікұл дәл сондай білекті кісі еді. Осыны ауыл ақсақалдары айтып отыратын. Сердалығада осы қасиет дарығаны мәлім. Мықты шабандоз, өзі есін білгелі селт етіп қорқып көрмеген жан емес. Бірбет, қызба, қыңыр болып өскен. Жалғыздық бір құдайға ғана жарасқан дейді ғой. Сердалы жақындарын жоғалтқаннан кейін жалғыздықпен бетпе-бет қалды. Бірақол өмірдің мәнін көре алды. Себебі, ол әкесі тәрізді көкпарды сүйді. Ержеткен кезінде үлкен доданың алдында тұрды. Бұл жолы жүрегі шошып, басы айналғандай болады. Бұрын көкпарға шығар алдында марқұм әкесі елестейтін. Ал бұл жолы сүйіктісі Қарақыздың жылағаны әсер еттіма деп ойлады. Қарақыз дегенім Сердалының өмір жолында кездестірген – сүйіктісі. Жалғыз жанына демеу болған жан. Сол уақытта бір жамандық сезілгендей болды. Не күтіп тұрғаны беймәлім. Көкпарға көршілес ауылдан Мақұлыш атты ерке, байдын баласы, қасына жолдастарын ертіп келе жатты. Сердалыны қара жылқышы деп мазақтап, менсіңбейтін. Қит етсе, ыржалаң мінезгебасады. Өзіне ұнайтын сияқты. Сердалы оның мазақтарына мән бермеуге тырысатын. Есіріп кеткен бала оның ең басты мақсаты емес-тұғын. Бұл тұста бір түйін жасауға болады. Мақұлыш тәрізділер ыржындаған қылығымен, есіріп кеткен мінезімен, тәкәппарлығымен ешбір кісіге жақпас, керісінше өздерін одан әрі төмендетеді деп түсінемін. Сердалы секілді шыдамды болып, алтын уақытыңды мәні жоққа арнағаннан гөрі, мансабына арнаған жөн.

«Ер қанаты – ат» делінеді. Сол секілді Сердалының өмірінің соңына дейін адал болған жолсерігі – ол Күреңқасқа. Әр доданы бірге өткерген. Женісті де, жеңілісті де бірге көрген, жануар болсада, иесіне жалғыздығын білдіртпегені әңгіме барысында көрінеді. Осы орайда «Көкпар» әңгімесін таңдап, эйдосконспект арқылы талдауға тырыстым (№1 кесте).

Оқырман көркем шығарманы жақсы түсінгенде ғана эйдос конспектінi жүзеге асыра алады. Түсініп қана қоймай, тереңінен талдап, шығармашылықпен жұмыс істеп, туындыдағы кілт сөздер, негізгі ой арқылы авторлық идеяны бейнелі түрде жеткізе біледі.

Эйдос конспект «идея», «көрінетін нәрсе», «сыртқы көрініс» дегенді білдіреді. Әдеби кейіпкердің, көркем ой мен көркемдік әлемнің ассоциативті қабылдау оқырманның шығармашылық ой-пікірін қалайша бейнелеп және ауызша түрде қалыптастыратындығын көрсетеді. Оқырмандарға эйдос жазбаларын пайдалану шығармашылық диалогқа қатысудың бір мүмкіндіктерін жасайды деп есептеймін. Себебі, олар кейіпкердің бейнесін, визуальды емес, керісінше оданда терең үніліп ерекше теңеулермен көрнекті көзқарастарын ұсынады.

Ал мен бас кейіпкер Сердалыны шам ретінде елестеттім. Себебі, аталмыш әңгімені алғашрет оқыған кезде, Сердалыны бұл өмірде жалғыз қалған адам ретінде көрдім. Сондықтан да шамды адам ретінде алдым.



1 кесте. Д.Досжанның «Көкпар» әңгімесі негізінде жасалған эйдос-конспект

Сырт жағына қарасак, басқа шамдардан айырмашылық жоқ. Сол секілді Сердалыныңда басқа адамдардан айырмашылығы жоқ сияқты. Алайда әр адамның жан дүниесі бес саусақтай бірдей емес. Адам өзі ішкі әлемін ақтарғысы келмесе, біз ол туралы сыртынан қарап біле алмаспыз. Әр адамзат баласының басынан өткерген қиыншылығы мен қуанышы болады. Бұл әрине өмір заңдылығы.

Осылайша мен шамды екіге бөліп, бір жағына тірі, екінші жағына өлі табиғаттың бейнесін қағаз бетіне түсірдім. Бұның себебі, Сердалының бойында адамға тән адамгершілік қасиет және өмірге деген сәл болса да құлшынысы болғандықтан, шыдамд және ниеті таза болғасын, тірі табиғатты бейнеледім. Ал өлі табиғатты бейнелеген себебім, бала кезінен өмірдің қиын кезеңіне тап болып, және сол жара әлі де бойында сақталып қалғандықтан осыны жөн көрдім. Сердалының бұл қасиеттерін әңгіме барысында байқадым. Жоғарыда айтып кеткенімдей Сердалының намысына тию үшін қара жылқышы деп мазақ етіп, иығынан қағып өткен әлгі байдын баласына уәж айтпадыда. Шыдамдылықпен мән бермеуге тырысты.

Жалпы бұл әдіс маған өте қатты көмектесті, және осылайша тақырыпты ашып,оны танытуға мүмкіндік берді. Маған ғана емес, барлық ізденушілердің жаңаша ойлауға, сыни ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады [3, 49 б].

Эйдос-конспект бойынша белгілі бір әңгімені талдау барысында автордың шығармашылығына терең үңіліп, оның беймәлім тұстарын тани түсеміз, яғни аталмыш жұмыстың танымдық сипаты мол. Сол сияқты қаламгердің өзіндік стилі, шығарманың көркемдігі т.б.мәселелер туралы көп ізденудің нәтижесінде зерттеу дағдымызды арттырамыз және туындыны тереңінен талдап, шығармашылықпен жұмыс істеп, туындыдағы кілт сөздер, негізгі ой арқылы авторлық идеяны бейнелі түрде жеткізе аламыз. Көркем шығарманы талдаудағы эйдос конспектінің тиімділігі осында деп білемін.

Әдебиеттер:

1. Дүкенбай Д.Көркемсөз шебері. Астана: «Арман», 2012.-310 бет.
2. Дүкенбай Д. Библиографиялық көрсеткіш.Көркемсөз шебері. Астана: Хикаят, 2010.-230 бет.
3. Дүкенбай Д. Терезенің айнасы. Астана: «Жазушы», 2007.-300 бет.

УДК 8.81

Акжигит Айсауле

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» кафедрасының магистранты

«Тұран-Астана» университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: ais.88.le@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., С.Қ. Омарова

e-mail: Omarovask@mail.ru

Р.СЫЗДЫҚОВАНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ РӨЛІ РОЛЬ Р.СЫЗДЫКОВОЙ В ЛИНГВИСТИКЕ THE ROLE OF R.SYZDYKOVA IN LINGUISTIC SCIENCE

Аннотация. Ғылыми мақалада қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Сыздықованың қазақ тіл біліміндегі орны, зерттеу бағыттары мен алатын орны, ғалымдық тұлғасы сөз болады. Академик тынымсыз ізденісі арқылы тіл ғылымының өзекті мәселелерін көтеру арқылы жалпы теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды тұжырымдардың жасалуына әлі күнге дейін ат салысып келеді. Сондай-ақ бұл мақаламызда Р.Сыздыкова туралы ғалымдардың айтқан пікірлері көрсетілген.

Түйінді сөздер: Тіл білімі, Рәбиға Сыздыкова, лингвистика, тарихи лексикология, Абай шығармаларының тілі, қазақ әдеби тіл тарихы, ғалымдардың Р.Сыздыкова туралы пікірлері.

Аннотация. В этой научной статье рассматривается научная деятельность, роль, исследовательские направления видного ученого, академика Национальной академии наук Республики Казахстан, доктора филологических наук, профессора Р.Сыздыковой в казахском языкознании. Академик благодаря своим непрерывным поискам исследует основные проблемы казахского языкознания, а также до сегодняшнего дня успешно участвует в решениях важных

теоретических и практических проблем языкознания. Вместе с тем в этой статье имеются отзывы ученых о Р.Сыздыковой.

Ключевые слова: языкознание, Рабиға Сыздыкова, лингвистика, историческая лексикология, язык произведений Абая, история казахского литературного языка, отзывы ученых о Р.Сыздыковой.

Annotation.In this research article examines the scientific activities, role, research directions of visible scientist, academician of national academy of sciences of Kazakhstan, doctor of philological sciences, Professor R.Syzdykova in the Kazakh linguistics.The academician, through his continuous search, explores the main problems of Kazakh linguistics, and to this day successfully participates in solving important theoretical and practical problems of linguistics. In addition, in this article there are reviews of scientists about R.Syzdykova.

Key words: linguistics, Rabyga Syzdykova, linguistics, historical lexicology, Languages of Abay's works, history of Kazakh literary language, reviews of scientists about R.Syzdykova.

Ғылыми зерттеуіміздің мақсаты қазақ тіл ғылымының анасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың лингвистикалық ғылымдағы ролі мен ғалымдық тұлғасын анықтау болмақ. Қазақ лингвистика ғылымы өзінің даму тарихында әртүрлі көзқарастар мен ғылыми тұжырымдардың, көптеген зерттеулердің куәсі болған. Осындай дәйекті тұжырымдар мен ғылыми зерттеулердің авторы, қазақ тіл ғылымын ғана емес, ұлт психологиясын дамыту, болашақ ұрпақты тәрбиелеу, жалпы қазақ халқының ұлттық болмысын арттыру жолында ерінбей еңбек еткен Р.Сыздықова – ғалым ретінде де, адамдық болымысы жағынан да қайталанбас тұлға.

Адамгершілік пен ғалымдықты үнемі қатар алып жүрген Рәбиға Сәтіғалиқызы ғұмыр кешуді адамдардың бойына ізгілік нұрын шашу, айналасына қуаныш, бақыт сыйлау, ұрпаққа тәрбие беру, ұлтынды шексіз сүю деп ұғатын жанның бүкіл өмірінен ғибрат алуға болады. Ғалым кез келген сөздің төркініне терең үңіліп, қазіргі қазақ тілінің сыры мен сипатын, өрнегі мен өрісін келер ұрпаққа зерделеп, үйретуді өзіне мұрат тұтады. Осы тұста ғалым апамыздың өзіне ғана тән бірден-бір ерекшелігі – тіл білімі мен әдебиет әлемін бір-бірімен тұтастықта, байланыстыра зерттеп, тануы.

Ғалым сөздің ішкі көркемдік қуатын жан-жақты саралап, оны кең ұғымдар аясына алып шығады. Мысалға: «Сөз құдіреті» (1997) деген әсем атаудың екі құрамы да астарлы: бұл жерде, «сөз» дегеніміз – «көркем әдебиеттің тілдегі көрінісі» деген ұғымды береді. Ал «құдірет» ұғымы – сөздің адамға беретін әсері, «қолданыстағы тілдің көркемдік қуаты, күші деген мәнде қолданылып тұр», - дейді. Ал сөз құдіретін тану дегеніміз – жазушы тілінің көркемдігін, сол көркемдікті жүзеге асырып тұрған тілдік құралдар мен тәсілдерді көрсету деп түсіндіреді.

Р.Сыздықова қазіргі ұлттық әдеби тілдің өркендеген тұсында Абай тілінің бай мұрасын ұрпақ санасына сіңіре келе, мағынасы терең, ойы салмақты ақын сөзімен, кемеңгер ойшылдың қуатты көркемдік әлемімен тілдің қыры мен сырын түсіндіруге, оны бізге жан-жақты тануға жол ашады. Ол зерделеген әдеби тілдің нормалары, сөз әуезі, сөз сазы, стиль, этимология, тілдік көркем бейнелер, орфография, пунктуация мәселелері – бүгінгі тіл білімінің өзекті мәселелері болып табылады. Осылардың ішіндегі әдеби тілдің қашан пайда болғандығын ғалым Абай өмір сүрген дәуірдегі жазба әдеби тіл мен қазіргі әдеби тілдің арасындағы сабақтастықты Абай шығармалары арқылы жан-жақты дәлелдей келе қазақ әдеби тілінің тарихын жаңаша зерделеуді ұсынады. Кейбір зерттеушілердің «бұрын қазақ халқында жазу, сызу болған жоқ» деген пікірлеріне ғалымның «жазба тілдің қалыптасуына, пайда болуына дейін де қазақ ақын-жыраулары әдеби тілдің жоғары үлгісі болған» деген батыл пікірі қазақ әдеби тілінің мәртебесін көтерді.

Сөздің қадірін білген Рәбиға Сыздықованың еңбектерін оқығанда әрбір жан ана тіліне деген сүйіспеншілік пен құрметті сезінеді. Ғалым еңбектерінің «Сөздер сөйлейді» (1994), «Сөз сазы» (1995), «Абайдың сөз өрнегі» (1995), «Сөз құдіреті» (1997) деп атау беруінің өзі Р.Сыздықованың қасиетті ана тіліне, көркем сөзге деген аса үлкен құрметін білдіреді.

Сондай-ақ тіл-ғалымының тағы бір ерекшелігі – тілді зерттегенде сөздердің өзін сөйлетіп, содан кейін талдау мен тұжырым шығаруында.

Ғалымның «Сөздер сөйлейді» зерттеуі – тілшінің өзі айтқандай: «Бұл жұмыс – тіл мамандарының аз ғана тобына арналған таза лингвистикалық талдау емес. Мұндағы көздеген негізгі мақсатымыз белгілі бір сөздің не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, яғни сөз мағынасының өзгерісіне, дамуына (эволюциясына) назар аудару. Сонымен қатар талдаған бірсыпыра сөздердің түп-төркінін, яғни қай тілдікі екенін, көне-жаңа сөз екенін де ашып беруді көздедік»[1; 5-6].

«Ұлылық дегеніміз – сан емес, сапа» деп, ойшыл Б.Грасин айтқандай, ұлы тұлғалардың еңбектеріне ғылыми дәйек келтіре отырып, оларды туған елімен қайта табыстырған Рәбиға Сыздықова ғылым мен бірге азаматтық ірі мінез исеі екенін көрсетті.

Рәбиға Сыздықова 1980 жылдардың аяғында 30-жылдардағы зобалаңның құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының еңбек жолын толық зерттеген. Ол өз еңбегінде А.Байтұрсынұлының өмірбаянына қысқаша тоқталып, оны ағартушылық, ақындық, публицистік қырларынан ашады. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы дейді. Сондай-ақ Рәбиға Сыздықова – қазіргі заманғы қазақ тіл білімін дамытуға үлкен үлес қосқан, филология саласындағы тұңғыш профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов шығармашылығын жан-жақты зерттеген ғалым. Ғалымның «Ғалым-азамат» кітапшасы мен «Құдайберген Жұбанов», «Құдайберген Жұбанов – қазақ тіл біліміндегі аса зор тұлға», «Қ.Жұбановтың лингвистикалық мұрасын танып-игеру проблемалары» т.б. мақалалары дәлел.

Жалпы академик Р.Сыздықованың филология ғылымына, оның ішінде тіл ғылымы саласына сіңірген еңбегі мол. Басынан өзінің адам, жеке тұлға, ғылыми-зерттеуші болып қалыптасуын тіл білімі мен сөз өнеріне арнаған ірі тұлға.

Рәбиға Сыздықоваға кезінде Қасым Аманжолов былай деп өлең жолдарын арнаған:

Тіліңіз тәтті, ойыңыз қандай!
Таңдадым, ұқтым жай-күйіңізді.
Болар ем күнде бір жасағандай.
Көп туса қазақ дәл сіздей қызды.
Ойыңыз жарқын, тойыңыз жақын
Қуаныш, бақыт бір өзіңізде.
Жүрегіңізге тимесін салқын
Ұрынба, жаным, ертелей күзге, -

дегендей, ғалым таңдану мен үлкен құрметке лайық жан. Әрбір қазақ баласы үлгі тұтарлықтай тұлға.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Сарыбаевтың «Рәбиғаның қазақ тілі білімінде қалам тартпаған саласы жоқ», – деп, Рәбиға Сәтіғалиқызы туралы жазған мақаласының мына үзіндісінде телеарнаны мысал ретінде алып, жақсы баяндаған: «Құрдастары әзілдеп, Рекеңді көп арналы телеарнамен салыстырып жүрміз. Мысалы, теледидардың *бірінші арнасын* қосып жіберсеңіз, ғылымның көркем әдебиет тілі, оның ішінде әсіресе Абай тілін зерттеуге арналған монографияларын көресіз. Бұл – ғылымның бар күш-жігерін сарап етіп, бал арасының гүл шырынын жиғандай көп еңбектенген саласы. Рекеңнің кандидаттық, одан кейінгі докторлық диссертациялары Абай тілімен байланысты жазылған. Бұл жерде өзге еңбектерінен дара тұрған «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абайдың сөз өрнегі», «Абай өлендерінің синтаксистік құрылысы» (1971) атты сүбелі зерттеулері – абайтану ғылымына қосылған елеулі үлес болады. Ғалымның тек Абай тілі емес, Махамбет, Жамбыл шығармаларының тілі мен текстология мәселелері жөнінде жазылған еңбектері де – бір төбе. *Екінші арнаны* қоссаңыз, тіл тарихы, оның ішінде әдеби тіл тарихы жөнінде жазылған монографияларын көресіз. Рәкең Қожахмет Ясауи, Қыдырғали Жалайыри шығармаларының тілін зерттеуге арналған және «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тіл тарихы, оның әлі де болса басы ашылып айқындалмаған күрделі қырлары жөнінде ғылыми топшылау мен салмақты, ойлы тұжырымдар айтты. *Үшінші арнадан* тіл мәдениеті мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерін көресіз. Тіл нормасы, орфоэпия жөнінде бірнеше еңбек жазып, радио, теледидар қызметкерлеріне, студенттерге арнап «Сөз сазы» (сөзді дұрыс айту нормалары), «Тілдік норма және оның қалыптануы» деген атпен бірнеше кітап шығарды. Жуық арада «Тіл және ұлттық мәдениет» атты мақалалар топтамасы қолымызға тиейін деп отыр. Бұдан басақа өзі басқарып келген Тіл мәдениеті бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен оқушы қауым жылы қабылданған «Өрелі өнер», «Сөз өнері», «Жазушы және мәдениеті» атты жинақтарға басшылық етті. *Төртінші арнаны* қоса қалсаңыз, ақтандақтарға арналған есім-намалық еңбектерді көресіз. «Өткендерін ескерген – өскендердің белгісі» екенін жақсы түсінген Рекеңнің 1930 жылдарда зұлматтың құрбаны болған А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов туралы, олардың ғылымға қосқан үлесі, тіл білімі тарихында алатын орнын баяндайтын кітаптары жарық көрді. Қазақ тіл біліміндегі ахметтану ғылымында А.Байтұрсынов туралы алғашқы кітап жазған ғалым. *Бесінші арнадан* қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясын жетілдіре түсуге арналаған еңбектерін көресіз. «Пунктуацияның кейбір мәселелері», «Қазақ емлесінің дамуы», «Қазақ пунктуациясының ережелері», «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» деген еңбектері жазу мәдениетімізді ыңғайластыруға, оның

дәрежесін көтеруге көп септігін тигізетін құрал ретінде пайдаланып жүр. Одан кейінгі арналардан лексикология, лексикография, мәселелеріне байланысты еңбектерді көреміз» [2; 106-107].

Ғалым атақ, дәреже үшін еңбектенбеген, оның көздегені тіліміздің тарихына, мәдениетіне қатысты терең сырларды ашу еді. Сонымен қатар қазақ жастарына тәрбие беру, олардың көзін ашу болатын.

Бұны Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Е.Жұбанов өз мақаласында: «Алайда менің «жақсы көретін» Рәбиғам адалдықтың, әсемдіктің, ғылымға деген қиянатсыздықтың перзенті болатын. Ол шынында да сондай еді. Рәбиға аспирант кезінде комсомол-жастардың көсемі болды. Кейбіреулер оны қатаң, тәкаппар санайтын. Бірақ, шын мәнінде, ол: «етік кисең, галстук тағуға болмайтынын, желкенді ұстарамен қырғызудың әбестігін» мәймөңкелемей, комсомол жиналысында ашық айтатын. Жалаң сөзуарлық емес, Рәбиға ғылыми баяндама, хабарларымен де, әр алуан семинар, конференцияларда шығып сөйлеген сөздерімен де студент-жастарды тәлімді мінез-құлыққа, абыройға, адамгершілікке шақырады», –деп көрсетті [2; 156].

Тілші-ғалымның тілдік нормаға арналған «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) деген монографиясы қазақ тіл білімінде норма мәселесі теориялық тұрғыдан арнайы қозғалған тұңғыш еңбек болады.

Аталған еңбек жайында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.М.Уәли былай дейді: «Мұнда бүгінгі әдеби тіліміздің қолданысында қалыптанған лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық көркемдік заңдылықтарын жүйелеп көрсетумен қатар, олардың уәжді-уәжсіз ауытқитын сәттерді де сапалап береді. Ғалым бұл зерттеуінде тілдік нормалардың түрлері мен типтеріне тоқтала отырып, әдеби тілдік норманың негізінде тілдік жүйе мен заңдылықтар жатқанына назар аударады. Әдеби тіл нормасының қазіргі қалып-күйін көрсете келіп, басым варианттардың түрлерін айқындайды» [2; 229].

Сондай-ақ филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Момынова ғалым туралы былай деген: «Біз академик Р.Сыздықты әдеби тілдің тарихы аспектісін айқындаған, қазақтың ұлттық тұлғалары ұғымын әдебиетте де, тілде де қалыптастырған, тұрақтандырған, ауызекі сөйлеу (халықтық) тілі мен әдеби тілінің, тарихи дамуының схемасын алғаш рет мейлінше дұрыс хронологиялық тәртіппен түзіп көрсеткен ғалым деп білеміз. Сондай-ақ даулы мәселелерден туындайтын пікірталастарда білімпаздығы мен көзқарасының тиянақтылығы арқасында өз ойын тайсалмай айта алатын қайсар адам ретінде танып жүрміз» [2; 255].

Ғалымның біз үшін де әдеби тілдің қалыптасуын нақты, түсінікті етіп бергендігімен толықтай келісеміз. Бұны «XVIII – XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984) атты еңбегінен көрдік. Бұл еңбегінде ғалым әдеби тілдің негізгі мәні жазу-сызуда еместігін көрсетеді. Тілдің әдебилігін ол мәдени-рухани дүниелердің жасалуында және тұрақтанған тілдік нормалардың жалпы жұртшылыққа ортақ болуында деген.

Тілдің көркемдік күш қуатын ақын қандай шеберлікпен таныта алса, қаламгер тілінің сол көркемдігін өз дәрежесінде саралай білуі – зерттенушіден бұдан да асқан ұсталықты қажет етеді. Бұндайда салмақ зерттеушіге түсетіні белгілі. Ал зерттеуші – ғалым жай ғана бағалаушы, сипаттаушы емес, сөз күдіретін де, қаламгер қабілетін де түсіне алар аса сезімтал, пайым-парасаты толысқан, слиқалы ой иесі болуы қажет. Осындай үлкен міндетті ұлы лингвист – ғалым Рәбиға Сыздықова әр зерттеуінде өзіне жүк етіп алады. Бұны мінсіз әрбір еңбегінен байқаймыз.

Ғалымға арнап талай ақын өлең жолдарын арнаған, солардың бірі М.Рәшевтің «Рәбиға Гималайдың Эвересі» деген өлеңінен үзінді:

Мойылдай мақпал қолаң қара шашың,
Құрбыңнан артығырақ парасатың.
Рәбиға, есінде ме, қыз кезінде
Өзіңе жігіт біткен таласатын.

Иә, көркіне ақылы сай, парасат-пайымы телегей теңіз білімі одан сайын нұрландыра түсетін Рәбиға Сәтғалиқызы Сыздықоваға ұқсағысы келмейтін, шәкірт болып тәжірибе алығысы келмейтін қазақ қызы жоқ. Қара шашына ақ кіргенмен, қайраты сақталған, қатарлас ғалымдардан жоғары тұрады.

«Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар», -

деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, сөз құдіретін білетін, рухы биік, жаны таза, ұлтының жанашыр батыр қызы, сөзі мен ісі мәрт азамат, Рәбиға Сыздықовахалыққа аты аңыз болған Тіл білімінің абыз анасы деген атаққа лайық деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 189б.;
2. Сыздық Р. Тіл-ғұмыр. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 344 б..

Амренова Карина

ст.преподаватель кафедры социально-гуманитарных и языковых дисциплин

Университет «Туран Астана»

город Астана, Республика Казахстан

e-mail: amrenovak02@mail.ru

Научный руководитель, магистр филологии Л.С. Смайлханова

e-mail: lyakass@mail.ru

ТРИАДА ЯЗЫК – КУЛЬТУРА – ЛИЧНОСТЬ КАК СУЩНОСТНАЯ ОСНОВА ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОГО ПОДХОДА К ЯЗЫКОВОМУ ОБУЧЕНИЮ

Аннотация. В этой статье рассматривается связь между языком, культурой и личностью, идея зависимости друг от друга является основой лингвокультурологической методологии. Лингвокультурологические науки открывают новые возможности в лингводидактической системе, одновременно представляя человека как распространителя языка и культуры.

Аннотация. Бұл мақалада тіл, мәдениет және тұлға категорияларының өзара байланысы, бір-біріне тәуелділік идеясы тіл үйрену лингвомәдениеттану әдістемесінің негізі болып көрсетіледі. Лингвомәдениеттану – адамды бір уақытта тіл мен мәдениетті таратушы ретінде көрсете отырып, лингводидактикалық жүйеде жаңа кең мүмкіндіктер ашады.

Annotation. The article deal with the idea of interrelation of the category of language, culture and personality, which are the real characteristic of lingua-cultural approach to teaching of language. Linguaculturology in the center of studying of which there is a person, consider as a native speaker of culture, finds out the new wide opportunities in the linguadidactic sphere.

Человеческий фактор представляет собой одну из определяющих существование языка категорий, то есть язык существует лишь постольку, поскольку существуют люди, которые владеют этим языком.

Процесс возникновения, функционирования и развития культуры также находится в неразрывном единстве с человеком. Человек – ключевая идея любой культуры. Без анализа его содержания невозможно адекватное описание культуры: место любой реалии системе культурных ценностей может быть определено лишь через ту роль, которую играет по отношению к этой реалии человек. Культура как результат и условие человеческой деятельности имманентно связана с человеком, культура «вынужденно» отражает человеческую сущность, основные свойства и характеристики Homo sapiens.

Таким образом, язык и культура немислимы без человека, ибо он их создал, и он же их трансформирует и развивает.

Проблема соотношения и взаимосвязи языка и культуры, обусловленности их человеческим фактором имеет прямую связь с идеей антропоцентричности языка, когда для языковедческой науки представление о человеке выступает в качестве естественной точки отсчета.

С позиций антропоцентрической парадигмы, сформировавшейся в конце XX века в гуманитарных науках и в языкознании в частности, «человек познает мир через осознание себя, своей теоретической и предметной деятельности в нем» /1,6/; лингвистические вопросы толкуются сквозь призму личности носителя языка: «анализируется человек в языке и язык в человеке» /1,6/, языковая личность рассматривается как феномен культуры и культурных традиций.

В антропоцентрической научной парадигме происходит переключение внимания с объекта познания (сравнительно-историческая, системно-структурная парадигмы) на субъект познания человека: человек становится средоточием научных поисков и исследований в различных областях гуманитарной сферы. Не случайно в современном научном знании на первый план выдвинуты междисциплинарные проблемы, которые могут быть решены благодаря объединению усилий нескольких наук. Этим, на наш взгляд, объясняется и тот факт, что развитие науки сегодня отмечено процессом интеграции и универсализации: «Несмотря на остро переживаемую дезинтеграцию общества, в науке, напротив, доминируют интеграционные тенденции. Поэтому неудивительно, что физики выходят в социальное поле, а социологи, социальные философы и психологи обращаются к теории систем и синергетике. И чем больше будет таких взаимных позитивных резонансов, тем быстрее наука будет продвигаться по пути открытия универсальных принципов нашего столь многообразного, но и столь же целостного и взаимосвязанного мира» /2,53/.

Интегративные и синтезирующие тенденции в развитии современной науки, идеи антропоцентричности, взаимосвязи и взаимообусловленности языка, культуры и личности находят свое оптимальное выражение в новом научном направлении – лингвокультурологии, оформившейся в 90-е годы XX века. «Лингвокультурология – это отрасль лингвистики, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» /1,9/. Лингвокультурология, в отличие от смежных дисциплин (лингвочтрановедение, этнолингвистика и др.), изучает на основе системно-целостного подхода факты языка и культуры в синхронном их взаимодействии и отражает это взаимодействие через комбинированные межуровневые единицы – лингвокультуремы с целью выявления национальной картины мира, воплощенной в данном национальном языке.

Оформление лингвокультурологии в качестве самостоятельного направления в лингвистике (В.В. Воробьев, В.А. Маслова, В.Н. Телия, Ю.С. Степанов и др) обозначило и новый поворот к проблеме языка, культуры и личности в контексте лингводидактики. Использование потенциала лингвокультурологии в лингвометодических целях открывает новые возможности в сфере языкового обучения: позволяют максимально реализовать требования современного образовательного процесса, идеалом которого является «человек культуры», по-новому, в соответствии с потребностями современной антропологической лингводидактики подойти к осмыслению методологических факторов, формирующих необходимый уровень методической системы; методологию объекта (субъекта) обучения (индивида), методологию предметной дисциплины (языка) и методологию учебной деятельности.

Лингвокультурологический подход позволяет еще раз убедиться в том, что само образование, являясь одной из форм проявления культуры, трактуется не иначе, как образ культуры: по мнению В.Ф. Сидоренко, образование и культура совместно образует «большое дыхание», ритмичное действие, аналогичное вдоху и выдоху. «Для себя» образование – образ культуры, точнее, ее воспроизводство через образование, а «для социума» – это его «легкие». На «вдохе» образование «втягивает» в себя всю культуру, обретая тем самым содержание и предмет для творческого воспроизводства и само становясь особой формой и образом культуры. На «выдохе» культура воспроизводится, давая социуму культурную форму и дееспособность» /3,86/. Функция образования, таким образом, состоит в том, чтобы посредством развития личности обеспечить развитие культуры, в том числе обязательной и определяющей ее составной части – языка и в целом – саморазвитие общества.

В рамках лингвокультурологического подхода к языковому обучению категория личности как один из компонентов триады язык-культура-личность становится многозначным явлением. Помимо того, что понятие личности подразумевает обучаемого (обучающегося) как объекта (субъекта) целостного педагогического процесса, данное понятие оказывается средоточием всех важнейших концептуальных характеристик культуры, категорией, обуславливающей ход и характер культурного развития, так как понятие личности может применяться к обществу и его культуре как к человеческому индивиду и одновременно как к социальному типу, а также может включаться в систему национального языка. Отношения личности и культуры, в том числе языка, характеризуются взаимообусловленностью: культура создается личностью, но в то же время личность формируется культурой. То есть понятие личности играет основополагающую роль в диалектике развития культуры и языка, раскрытии проблем их взаимосвязи, в том числе и в историческом измерении.

П.А. Сорокин, выполнивший интересные системные исследования в области национальной психологии, отождествляет личность с нацией, народом. Рассматривая нацию как «целостную

систему», он подчеркивает, что нация – социальная тема, отличная от государства, и отождествляется с личностью, нация – это «личность ее членов» /4,23/.

Идея личностного подхода в двуединстве национального языка и национальной культуры актуальна еще и потому, что согласно теории персонализма весь мир состоит из личностей, действительных и потенциальных, и каждая личность есть первичный, не производный из других, элемент мира /5,16/. Благодаря личности раскрывается национально- культурный тип человека, и в этом качестве, как культурно-национальный феномен, личность продуцирует собой реализацию сверхличных ценностей национальной личности, национально-культурный идеал человека, сложившийся и существующий в коллективном сознании данного народа. И если иметь в виду, что лингвокультурологический подход к языковому обучению позволяет через систему лингвокультурем выявлять национальную картину мира, воплощенную в данном национальном языке, то становится понятным и закономерным наличие категории личность в указанной нами триаде (язык-культура-личность).

Понятие *личность* в рамках лингвокультурологического подхода к языковому обучению актуализируется еще и благодаря прагматико-аксиологической категории. Ведь более всего ценен человек: человеческая личность, человеческий фактор представляет наибольшую и наивысшую ценность.

Лингвокультурологический подход к языковому обучению позволяет также опереться на возможности личностно ориентированного образования, основывающегося на знании о целостном мире человека и на опыте целостной деятельности в этом мире. «Главная функция такого образования состоит в том, чтобы обеспечить целостную ориентировку в мире с позиций интересов человека – главного продукта генезиса природы, общества и саморазвития духа /6,74/.

Идея личностно ориентированного образования созвучна также состоянию современных учащихся: сегодня учащиеся не только объекты, но и одновременно субъекты обучения. Современные учащиеся (студенты) имеют четкую мотивацию, они точно знают, что они хотят изучить, что им необходимо знать, чем они хотят овладеть. Рационализм им более присущ, чем поколению их предшественников. В данном выводе мы опираемся и на собственный преподавательского-педагогический опыт.

Взаимосвязь и взаимообусловленность категорий языка и культуры в содержании, формах, методах, приемах лингвокультурологического подхода к языковому обучению реализуется через соблюдение и опору на принцип соизучения языка и культуры. При этом данный подход одинаково проявляет свою эффективность как при изучении родного языка, так и при обучении неродному языку, что подтверждается нашими наблюдениями и собственной преподавательской деятельностью в вузе, в том числе научно-педагогическими экспериментальными исследованиями.

Лингвокультурологический подход к подготовке будущих преподавателей филологии предполагает анализ не изолированных языковых явлении, не лингвистических единиц самих по себе, а языковых представлении не разрывным единстве с экстралингвистической (культурологической) действительностью, органически сопровождающей и связанной с собственно языковыми знаками.

Лингвокультурологический подход к языковому обучению актуализирует положение о том, что знание культуры облегчает овладение языком, так как после усвоения первых языковых конструкций изучение языка начинает сопровождаться постоянным открытием общества, другой культуры. Лексика начинает соотноситься с культурным контекстом, который облегчает одновременно ее усвоение, ее закрепление и повторное использование: когда принимается во внимание контекст, лексика используется легче, поскольку она является частью целого. Конструкции усваиваются сами по себе лучше, если они применимы к ситуации. Знание культуры также расширяет кругозор обучающихся, обостряет их любознательность.

Соизучение языка и культуры – это необходимые факторы повышения мотивации в процессе преподавания (любого) языка. Если исходить из тезиса о том, что язык это код, знаковая, трансляционная система соответствующей национальной культуры, то сам процесс обучения языку предстает мотивационно актуальным. К примеру, в условиях преподавания русского языка как неродного данная мотивационная актуальность становится определенно выраженной в силу того обстоятельства, что язык изучается как средство межкультурного взаимодействия, необходимого для профессиональной деятельности будущего учителя-словесника, так и для личностного интеллектуального развития “человека культуры”. В подтверждение данного положения приведем конкретные сопоставительные примеры русских лингвокультурем *выдра*, *калина* и их казахских эквивалентов (как собственно языковых единиц) соответственно *құндыз*, *шәңгіш*. Лингвокультурема

выдра в русской лингвокультурологической системе символизирует такие качества, как раздражительность, злобность и ассоциируется с худой некрасивой женщиной; в итоге обладает пейоративной лингвокультурологической аксиологичностью, может быть отнесена к инвективной лексике. Тогда как казахский эквивалент слова *выдра* – *құндыз*, напротив, олицетворяет такие явления, как красота, богатство, благосостояние благодаря ценному, красивому меху этого животного, что обеспечивает в целом лингвокультуре *құндыз* положительную лингвокультурологическую аксиологичность. О высоком “рейтинге” лингвокультуры *құндыз* говорит и тот факт, что она в казахской лингвокультурологической системе функционирует в качестве личного женского имени.

Русский фитоним *калина* согласно лексикографическому источнику – “кустарник с белыми цветками и красными горькими ягодами, а также ягоды его” /7/. Этому толкованию в казахском языке соответствует указанное слово *шаңғиш* /8/. Однако при совпадении лексических значений, как и в первом сопоставительном примере, данные языковые единицы имеют разную культурологическую “наполненность”. Если в русской лингвокультурологической системе выделенная лингвокультура (*калина*) имеет содержательный культурно-понятийный компонент (безответная любовь, горькая женская судьба и др.), то в казахской лингвокультурологической картине мира ее языковой аналог (*шаңғиш*) таковым не представляется, он в этом отношении является “нулевым”, нейтральным. А уже такая пара языковых эквивалентов-фитонимов как *тюльпан* – *қызғалдақ* дает, напротив, нулевую в культурологическом плане русскую лексему и богатую в этом отношении казахскую лингвистическую единицу (красота, юность (девушки), расцвет жизни).

Проведенные русско-казахские сопоставления лингвокультурологической символики языковых эквивалентов показывают, насколько важен учет лингвокультурологического аспекта в образовательном процессе, насколько актуально соблюдение принципа соизучения языка и культуры, насколько важен учет культурологического содержания лингвистических единиц при языковом обучении, в частности, в преподавании русского языка как неродного, ибо это напрямую имеет отношение к качеству и эффективности процесса обучения языку (языкам).

Таким образом, лингвокультурологический подход к преподаванию лингвистических дисциплин, сущностную основу которого составляет взаимосвязь и взаимообусловленность языка, культуры и личности, лингвокультурологическая подготовка будущих учителей-филологов будут способствовать более эффективному систематизированию и унифицированию знаний, умений, качеств личности будущего педагога-словесника. Данные знания и умения будут представлять собой “целостные объекты сознания” (Непомнящая Н.И.). В целом будущий учитель филологии будет широко эрудирован, глубоко осведомлен в области культуры (при широкой трактовке данного понятия). Это тем более важно, что “деятельность учителя [вообще вне зависимости от предметной специализации] характерна тем, что она представлена в сфере осуществления важнейшей общественной функции – воспроизводстве обществом самого себя, выражающемся в усвоении новым поколением опыта предшествующих поколений для подготовки к активной деятельности в сфере материальной и духовной жизни”/9,47/.

Литература:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. -208с.
2. Канаева Л. Еще раз о резонансной природе парадигмы//Высшее образование в России. - 2000.№2.-С.53 – 56.
3. Сидоренко В.Ф. Образование: образ культуры//Социально-философские проблемы образования.-М.:Логос, 1992.-С.86-102
4. Сорокин П.А. Основные черты русской нации в двадцатом столетии// О России и русской философской культуре. Философы русского послеоктябрьского зарубежья.-М., 1990.-С. 464-472.
5. Нерознак В.П. современная этноязыковая ситуация в России// Известия Академии наук. Серия литературы и языка. – Т.53.-апрель – май.-1994.-№2.-С.16-28.
6. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем.-М.: Логос, 1999.-272с.
7. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю. Шведовой. – М.: Русский язык, 1986.-797с.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Бас ред. А.Ы.Ысқақов. – 1 -10 т. – Алматы: Ғылым, 1974-1988.

9. Хмель Н.Д. Теоритические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998.-320с.

10.УДК 398.2/574

Әміренова Үміт

«Қазақ филологиясы» кафедрасының студенті

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail:mika.10_97@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ. д., профессор Н. Қ. Жүсіпов

e-mail:nartai1970@mail.ru

ФОЛЬКЛОРДЫ ЖИНАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МӘШХҮР ЖҮСІП ОСОБЕННОСТИ СОБИРАНИЕ ФОЛЬКЛОРА И МАШХУР ЖУСИП FEATURES FOLKLORE PICKING AND MASHKHUR ZHUSSIP

Аннотация. Мақалада фольклорды жинау ерекшеліктері қарастырылады.

Түйінді сөздер: фольклор, халық әдебиеті, жинау, тәсіл, ауыз әдебиеті.

Аннотация. В статье рассмотрена проблема собирания фольклора.

Ключевые слова: фольклор, народная литература, собирание, подход, устная литература.

Annotation. The article considers the problem of collecting folklore.

Keywords: folklore, folk literature, picking up, approach, oral literature.

Қазақ халық әдебиеті туралы ғылым толық зерттелді деп айтуға әлі негіз жоқ. Оның қалай туып, ғылым ретінде қалыптасқаны жайында «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Алматы. 1948. 439б.), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1 том. Алматы. 1960. 740 б.), «Қазақ фольклористикасы» (Алматы 1972. 299 б.), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (Алматы. 1988. 432 б.) атты ұжымдық еңбектер жарыққа шықты. Қазақ фольклортану ғылымын қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының бір саласы «Қазақ әдебиетінің тарихы» ішінде қарастырған алғашқы монографиялық еңбек «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген атпен 1948 жылы басылым көрді [1]. Еңбекті жазуға белгілі ғалымдар М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Шалабаев, Ә.Мәметовалар ат салысты.

Қазақ фольклорын жинаушы, жариялаушы, зерттеушілер дегенде: Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев еңбектері барынша қарастырылғанымен, сол салада ең көп жұмыс тындырған Мәшхүр Жүсіп еңбектерінің енді-енді ғылыми айналымға ене бастауы – бұл саладағы ғылымның кенжелеп қалу себептерін де, тақырыптың өзектілігін де толық аңдата алады.

Қазақ фольклоры мақсатты түрде ХІХ ғасырда-ақ жиналып, зерттеле бастады. Әсіресе, Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Мәшхүр Жүсіптің жинаушылық пен жариялаушылық еңбектері, олардың азды-көпті жазған зерттеулері қазақ фольклортану ғылымының бастауы болды.

ХІХ ғасырдағы Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Мәшхүр Жүсіп және тағы басқа да фольклор шығармаларын жинаушылар еңбегінің маңыздылығы – олар көп жылдық тәжірибеге сүйеніп, халықтық үлгілерді жазып алу әдісін қалыптастырды.

Қазақтың фольклорлық шығармасын жинауда фольклортану ғылымының жасаған жұмысы ұшан-теңіз. Халық поэзиясының әр түрлі саласында: әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтына байланысты және көңіл-күйін көрсететін өлең-жыр, жұмбақ, жаңылтпаш сияқты көптеген шығармалар жиналды. Қазақтың ертегілері мен эпосынан, мақал-мәтелдерінен де бай материалдар жинақталды. Жинау жұмыстары Қазақстанның Солтүстік пен Шығыс, Оңтүстік пен Батыс және Орталық аудандарын қамтыды. Фольклордың эпос, ертегі және мақал сияқты түрлеріне көңіл бөлініп, олардың мол қоры жасалды [2].

XX ғасыр басындағы Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі орын алған түрлі тосқауылдарға қарамастан, ғылымды шын сүйетін ғалымдар бұл істі, негізінен алғанда, дұрыс бастап, өрістетіп келген деуге болады. Мәселен Мәшхүр Жүсіп жазбалары жинаушыларға қойылатын басты-басты талаптарға сай келді. Біріншіден, материалдарды кімдерден қандай жағдайда алғанын үнемі

дерлік көрсетіп отырды. Екіншіден, халықтың ұғымын, ауызекі сөйлеу тілі ерекшелігін сақтап, қағазға түсірген. Үшіншіден, белгілі бір аңыздың тарихилығын, шындығын дәлелдерлік деректер қоса келтірілді [3].

Жалпы фольклорды жинаудың қалыптасқан үш тәсілі бар: бірі – тікелей жинау тәсілі, екіншісі – тұрғылықты жинау тәсілі, үшіншісі – экспедициялық тәсіл. Бұл тәсілдердің барлығын да Мәшһүр Жүсіп қолданған. Фольклорды тікелей жинау дегеніміз: не жинаушы фольклорды ел арасынан арнайы іздеп айтушыдан тікелей жазып алады, не жеке адамдар өз инициативасымен жинайды. Олардың халық мұрасына жанашырлықпен қарап, қызғыштай қоруы арқасында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің өзінде-ақ қазақ фольклоры мол мұрасының бір бөлімі әрі жинақталып, әрі сұрыпталынып, әрі жарияланып – бәрі қазақ фольклортану ғылымы үшін зерттеушілік жұмысқа қажетті материалдық негіз құрады. Олар шығармаға жасаған пайымдауларында: әр айтушының аты-жөнін, оның қай жерде, қай болыста, қай уезде тұратынын, яғни біршама паспорттық мәліметтерді беріп отырған.

Бұл жинаушылық шарттары сол кезең үшін үлкен жетістік. Оны ғылыми принциптің алғашқы баспалдақтары десе де болады. Сондай-ақ олар фольклорлық мәтінді ауызба-ауыз жинау барысында оған ғылыми түсініктеме беруді маңызды шара деп қабылдаған.

Фольклорды тікелей жинау барысында олар тілдік ерекшеліктерді сақтау, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпында көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинау, сондай-ақ айтушы айтқанының бәрін түгел қалдырмай жазу шарты, оның еш сөзін қысқартуға, алып тастауға немесе өз жанынан оған басқа бір нәрсені қосуға мүлде болмайтындығы, диалектілік ерекшеліктерді де тастамай көрсетіп отыру керектігі жөніндегі талаптарды да орындаған.

Фольклорды жинаудың екінші тәсілі, тұрғылықты түрде дегеніміз – белгілі бір мекенде тұрып, фольклорды сол маңайдан үзіліссіз жинау. Бұл жұмыспен аудан орталығында, үлкен селода т.с. мекенде тұрақты тұратын маман (әдебиетші, мұғалім, журналист т.б.) шұғылданады. Ол алыс елді аралайды. Өз айналасындағы, облысындағы (аймақтағы) фольклорды үзіліссіз, үнемі жинап тұрады. Жинағанын өзінде сақтайды немесе арнаулы ғылыми оқу мекемесіне жібереді. Оларды, әдетте, тілші-жинаушы деп атайды.

Фольклорды тұрғылықты тәсіл арқылы жинаудың ұтымды жағы: біріншіден, барлық жанрларды асықпай іздестіру мен мұқият қағазға түсіру. Бұған жер-жердегі энтузиаст адамдардың да, тұрақты хабаршы-тілшілердің де көмегі болды. Тұрақты бір адам жергілікті елді-мекендегі фольклорлық шығарманы тұрғылықты тәсіл арқылы жиыстырғанда, оларды не ауызба-ауыз тілдесу әдісі арқылы, не дайын қолжазбалардан, кітаптардан көшіріп қағазға түсіреді.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорды тұрғылықты тәсіл арқылы жинауының ұтымды жақтары көп болды: біріншіден, тұрақты бір елді-мекенде тұрып, фольклорды сол маңайдан үзіліссіз, үнемі жинаса, екіншіден, фольклордың барлық жанрлары асықпай іздестіріліп, қағазға мұқият түсірілді.

Фольклорды жинаудың үшінші тәсілі – экспедициялық тәсіл. XX ғасырдың I жартысында Қазақстанда фольклорды жинау, зерттеу жұмыстарымен Жазушылар одағының поэзия секциясы, Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университеті мен Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының қазақ әдебиеті кафедрасы, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл, әдебиет, тарих институты (1946 жылдан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен Әдебиет институты) шұғылданды. Бұл ұйымдар Қазақстанның жер-жеріне экспедициялар жіберіп, ауыз әдебиетінің материалдарын жинатып отырды.

М.Ж.Көпеевтің фольклорды тікелей жинау тәсілі үш әдіске сүйенген:

а) ауызша айтылғанды сөзбе-сөз немесе тыңдау негізінде хатқа түсіру; ә) ел ішіндегі қолжазбалардан көшіру; б) ертеректе шыққан кітаптардан көшіріп алу.

Мәшһүр Жүсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен оқиды. Ол баланың алғырлығын, зеректігін аңғарып, оны «Шар» кітаптан бастап оқытады. Мәшһүр Жүсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Жас кезінде Бұқарай-Шарифтен оқып, дін ғылымын бітірген, кейін Ақмола облысында дуанбасы Керей Тұрысбектің қасында бірнеше жыл тұрып, одан соң Омбы облыстық ахуны болып жүрген жерінде дуанбасы Мұса Шорманұлы шақыртуымен Баянға келген. Қамариддиннің шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін кең білуі және насихаттауы – бәрі болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айтылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Қамариддин хазірет ала келген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі» т.б. жырларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы – МәшһүрЖүсіптің 8 жасынан бастап-ақ ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастағанын дәлелдейді [4].

Мәшһүр Жүсіптің алғашқы өлеңі 15 жасында жазылған. 20 мен 25 аралығында Мәшһүр Жүсіп Сарыарқаның халқын, жерін-суын түгел аралайды, серілік құрады. Әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдарымен жолығып, пікір алысады: Қарқаралы дуанында халқына қария, үлгі болған, көпті көрген көне, қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы Бердалы қожамен; Атбасар дуанында Әліке Байдалы, Аққошқар Сайдалы тұқымдарымен және Атбасарда Мейрам қажы Жанайдар батыр баласымен танысып, көптеген уақыттарын бірге өткізеді. Мейрам қажыға 23 жасында, яғни 1881 жылдары кездесіп, үйір болып танысып, көп уақыттар, жазы-қысы қолында болады (көне қолжазбалар мен кітаптарды ақтарып, әдеби мұра сөздерін көп зерттеген).

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Ақмола дуанында Қоңырқұлжа төре тұқымдарымен, Жәңгір төремен танысады. Жәңгір төре де сөзге шешен, ұғымды, ұқпа құлақ қария, сауатты адам болған. Ақмола дуанына қараған Қама, Жапар елінде атақты Бөгенбай батырдың немересі, жүз жасаған Саққұлақ шешенмен, заманында Орта жүзге шежіре атанған қариямен ауыз жұлысып, тарих жағынан, қазақ әдеби мұра сөздерін жазып алып хатқа түсіреді. Ал, Көкшетауда Абылай тұқымы көп төрелермен танысады. Сыздық төре Кенесарыұлымен Ташкент қаласында, т.б. жерлерде бірнеше рет кездеседі. Атақты Атығай, Қарауылдан шыққан Ақан серімен жиі кездесіп жүреді.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттарына («Ой түндік беленде деген қай жерде?»); әулиелер («Шайқы Бұрқы әулие», «Болған ана мен Белең ата»); тарихи адамдар («Асан қайғы»); пайғамбарлар («Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа», «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір») болып келеді [3].

Мәшһүр Жүсіп жазбалары арасында мифтер де, діни хикаяттар да кездеседі. Мәселен, «Нұх пайғамбар мен бір кемпір туралы» хикаятта пайғамбардың да адам тәрізді қателесуі сөз болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын жинағаны белгілі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған [4].

Қолда бар материалдарға сүйенсек: «Беташар» үлгісі – 30-31 бет; «Жар-жар» – 25; түрлі баталар – 20; жоқтау – 30; қалғандары – 45-50 беттік мөлшерді құрайды. Бұлардың ішінен Мәшһүр Жүсіп жинаған біраз нұсқалар: «Беташар», «Жаңа түскен келінге ақ тілеу айтуы», «Келіншекке өсиет», «Сарғайып атқан сары таң сәуле бір беріп көрінеді», «Жоқтау», «Батырбек дегеннің қызы Балғын өлгенде шешесінің жоқтауы», «Бопының қарындасы күйеуі өлгенде жоқтағаны», «Тәтіні жоқтау», «Кейінгіге аманат», «Қара өлең», «Ақ бата», «Өтірік өлең», «Қаршығаны мақтағаны», «Азаматтар, шоралар», «Қойкелді», «Қожамберді айтты», «Оу, Шоң биім, Шоң биім» т.б. көп томдықтар ішінде басылды [3].

Мәшһүр Жүсіп ел арасынан «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» тәрізді батырлар жырын да, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алтынбас – Күмісаяқ» сынды лиро-эпостық жырларды да; сондай-ақ «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» тәрізді басқа шығармаларды да жинаған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырларын Мәшһүр Жүсіп 1886 жылы 8 жасында-ақ Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғанын білеміз [3].

Мәшһүр Жүсіп ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған /«Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «7 жасар желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген»[3].

Ал, ертегілер ел арасынан қалай жиналды, жеткізуші есімдері кім дегенде олар турасында Мәшһүр Жүсіп шамасынша түсінік беруге тырысқан. Мәселен, жоғарыда айтылған: «Сүйіндік: Олжабай батыр» ертегісін Мәшһүр Жүсіп

1865 жылы Сақау ақынның айтуынан жазып алған. Оған дәлел әулеттік архивте сақталған Әлкей Марғұланның Сердалы деген адамға жазған хаты. Онда мынадай сілтеме беріледі: «Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», – делінген. Яғни бұдан білеріміз: біріншіден – жазылған нұсқаның ертегі жанрына жататынын Мәшһүр Жүсіптің білгені; екіншіден – Сақау ақынның ауызша айтуынан жазылып алынуы; үшіншіден – бұл үлгінің жазылып алыну мерзімі 1865 жыл екендігі /ақынның 7 жасар кезі/. Келтірілген бұл деректердің осы фольклорлық үлгінің паспортын құрайтыны анық. Ал, кімнен, қашан, қалайша жазып алғандығы жөніндегі мұндай сілтемелер жиынтығы жалпы фольклористика ғылымының фольклорлық үлгіні жазып алу паспортына керекті негізгі талаптардың бірі екендігі мәлім. Сол сияқты «Тама Сарыбас

мерген» ертегісін Мәшһүр Жүсіп Кіші жүз Қарабура ұранды Тама елінің мергені Сарыбастан естігенін айтады.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке-дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру керектігі аян. Мұнда жоғарыда аталған жинаушылықтың негізгі үш тәсілі де қолданылады.

Асылы, белгілі бір фольклор үлгілерін шығарғанда, әр материалдың қайдан, кімнен алынғаны көрсетілмеуі ғылымдағы асығыстықты, өзінен бұрынғы зерттеуші, жинаушы еңбектерін елемеуді дәлелдесе керек. Ал, Мәшһүр Жүсіп әр мақалдың дерлік қайдан жазып алынғанын көбіне сөз арасында айтып кетіп отырған. Мәселен, «Байлық мұрат емес, // Жоқтық ұят емес» деген мақалды Мәшһүр Жүсіп: «Күні кеше Сарыарқада қасиетті, шарапатты болып өткен Ғайса Бикей ишан дуам айтып отырады екен», – дейді. Яғни бұдан мақалды жеткізуші есімі Ғайса Бикей ишан екендігі, оны Мәшһүр Жүсіптің жазып алғандығы көрініп тұр [3]. Демек, фольклорды жинаудың жоғарыдағы 3 тәсілін де Мәшһүр Жүсіп сәтті қолданған. Осы арқылы қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жан-жақты жинай отырып, кейінгі ұрпаққа жеткізуі қазақ фольклортану ғылымына қосқан өлшеусіз үлес болып табылады.

Сол сияқты мына үлгілерді де ауызша айтудан тікелей хатқа түсірген: «Байды Құдай атқаны, // Жабағы жүнін сатқаны» деп басталатын топтаманы Мәшһүр Жүсіп Шортанбай қожа айтты десе, «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, // Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» деген жолдан басталатын бір топ мақал-мәтелді Мұса Шорман би ұғынан естігенін жазып қалдырған [2]. Міне, осы тәрізді белгілі бір ел аузынан жиналған фольклорлық үлгілердің жазылу паспортына қатысты түсініктемелер, толықтырулар Мәшһүр Жүсіп жазбасында көптеп кездеседі.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1948.-439 б.
2. Қазақ фольклористикасының тарихы.- Алматы: Ғылым, 1988.-432 б.
3. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы.- Павлодар. - 318 б.
4. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 5-13 томдар.- Павлодар: ЭКО. 2005-2008.

УДК 539.42

Атимбекова Салима

«Аударма ісі» мамандығының 1-курс студенті

«Туран- Астана» университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Email- carlabs12397@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.

Email- grk_15@mail.ru

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» САБАҚТАРЫНДА ЖАҒДАЯТТАР МЕН РӨЛДІК ОЙЫНДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ РОЛЕВЫХ ИГР И СИТУАЦИЙ НА УРОКАХ «КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА»

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF ROLE-PLAYING GAMES AND SITUATIONS AT LESSONS OF THE «KAZAKH LANGUAGE»

Аннотация. Мақалада «Қазақ тілі» сабағындағы жағдаяттар мен рөлдік ойынды пайдаланудың тиімділігі туралы айтылады. Рөлдік ойынның студенттің қарым-қабілетін ұштап, ойынның ұшқырлануына, өз бетімен жұмыс істеуге талпынуына, сөздік қорының молайып, тілінің дамуына, зейінінің артып, байқампаз болуына, айналадағыларға деген құрметінің және өзіне деген сенімінің артуына тигізетін әсері кеңінен талданады.

Түйінді сөздер: Жағдаяттар, рөлдік ойын, міндет, мақсат, сөздік қор, студент, тіл байлық, дағды, қабілет.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос об эффективности использования ситуационных моментов и ролевых игр на уроках казахского языка. Важность ролевых игр на уроках казахского языка заключается в развитии и правильному конструированию мысли студентов, учит заниматься индивидуальной трудовой деятельностью, уверенности в себе, расширяет кругозор и словарный запас, воспитывает уважению окружающей среды.

Ключевые слова: Задачи, ролевая игра, задача, цель, словарный запас, студент, языковые навыки, умения, способности.

Annotation. The article deals with the issue of the effectiveness of using situational moments and role-playing games in the lessons of the Kazakh language. The importance of role-playing games in the lessons of the Kazakh language lies in the development and proper construction of students' thoughts, teaches them to engage in self-employment, self-confidence, broadens the mind and vocabulary, educates respect for the environment.

Key words: Tasks, role, task, goal, vocabulary, student, language skills, abilities.

Н.Ә.Назарбаев: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы – Ана тіліміз» [1] деп, қазақ тілінің мәртебесін жоғары бағалаған еді. Расымен де ғасырдан-ғасырға жалғасып, өз құндылығын жоймай, ұдайы дамып келе жатқан қазақ тілі – көркем де бай тіл.

Қазақ тілі бай тіл болумен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ал мемлекеттік тілді елімізде өмір сүріп жатқан басқа да ұлт өкілдеріне үйретудің маңызы зор. Бұндай аса жауапты істі мүлтіксіз жүзеге асыру – мектеп пен жоғары оқу орындарына тікелей байланысты. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында олардың ауызша, жазбаша дұрыс, сауатты сөйлеп, өзіндік пікірін білдіріп, тілді еркін меңгерту – басты міндет. Өйткені олар қазақ тілін үйреніп қана қоймай, ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті, тарихы, жалпы болмыс-бітімімен танысады.

Ал өзге ұлт өкілдеріне тілді үйрету – қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі. Оның үстіне «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі» деп шығыстанушы В.В.Радлов айтқандай [2], бай да, көркем, оралымды тілді өзге ұлт өкілдеріне үйрету екі есе қиын болмақ. Дегенмен, қазақ тілін үйретудің әдістемесі қалыптасты, тәжірибе орнықты, енді заман талабына сай қызықты да, креативті түрде үйрету – әр оқытушының өзіндік мақсаты.

Қазақстандықтардың 80% -дан астамы мемлекеттік тілде сөйлейді, оның 30% шет мемлекеттерден келген шетелдіктер.

Қазақ тілін үйренушілердің саны жылдан-жылдан артып келеді. Қазақстан даму үстінде. Қазіргі заманда оқыту тәртібі өзгерді. Бүгінгі таңда білім беру саласы жаңа технологияларды, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Ұстаздар өзінің іс-тәжірибесінде оқушыларға сапалы білім беруде өз білімін жетілдіріп, қиындықтар мен кедергілерді жеңуге ұмтылады.

Бүгінгі таңда мұғалімнің де рөлі басқаша. Бұрын «мұғалім – кітап – оқушы/студент» болса, қазір «студент/оқушы – кітап – мұғалім» деген сипат алды. оқытушы бағыт бағдар бере отырып, дұрыс жолға бағыттайды. Студенттер дайын материалға бірден қол жеткізе салмай, не нәрсеге де өзіндік ізденістер арқылы белгілі бір қорытындыға келіп, тұжырым жасайды. Оқытушы қолайлы жағдай тудыра отырып, әр студенттің қарым-қабілетін аша білу қажет. Мәселен, сабақ барысында рөлдік ойындарды пайдаланудың маңызы зор. Тіл үйренушілер жағдаяттар негізінде белгілі бір жағдайды өз басынан өткергенде ғана ол тақырыпты терең түсінетін болады. Және сол жағдаятқа сай лексикалық минимумдарды қолдану арқылы сөздік қорын көбейтеді.

Рөлдік ойындарды пайдалану білім беру үдерісін жетілдіруге және тәрбиелеуді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар ойыншыларды бір-бірімен және оқытушымен байланысқа ұмтылдырады және белсендіреді. Ойын қарым-қатынас үшін ыңғайлы ортаны жасайды. Рөлдік ойындарда студенттер әңгімелесуді бастауға, оны қолдауға, сұхбаттасушыны үзуге, келісу не келіспеу арқылы өз пікірін білдіре алады. Ойынның әрбір қатысушысы әңгімелесушіні мақсатты түрде тыңдай білу, оның көңіл-күйін сезіну және диалогқа дайын болу мүмкіндігі туралы біледі.

«Қазақ тілі» сабағында студенттердің тақырыпты кеңінен түсініп, лексикалық минимумды меңгеруі үшін жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды орындатудың орны ерекше. Сондықтан тақырып бойынша ауызша және визуалды немесе жазбаша және визуалды мәтін түрінде құрастырылған жағдаяттарды тапсырмаларды студенттерге орындатуға болады. Тапсырманы орындау барысында олар тақырыпқа қатысты лексикалық минимумдарды қолдануы керек. Бұндай тапсырмалар студенттердің тақырыпты түсініп, лексикалық минимумды игеріп қана қоймай, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашып, сабаққа деген қызығушылықты, ынтаны арттырады. Мысалы «Қоршаған орта» тақырыбы бойынша төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады.


№ 1 жағдаят. Құндыз – терісі бағалы аң. Оның терісі суық пен су өткізбейді. Сондықтан адамдар қыстың суығында тоңбас үшін оның терісінен жылы тон, құлақшын т.б. киімдер тігіп киіп, сан алуан бұйымдар жасайды. Әрі құндыздың терісі жылтырып, әдемі көрінеді. Сол үшін де адамдар әдемі аңның терісін таңдайды. Басқа адамдар сияқты сенің де құндыз тон кигің келеді. Бірақ сіз бір күні тон сатып алу үшін фабрикаға барып, құндыз терісінен тонның қалай жасалатынын және құндыздардың киналып өлгенін көріп, тон алғыңыз келмей қалды, тіпті жылап жібердіңіз.

Тапсырма. Сіз өзіңізді құндыздың орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен құндыздың әрекеті мен сезімін жеткізетін рөлдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен құндыздың сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



№ 2 жағдаят. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында көптеген адамдар шырша сатып алып, мерекені безендірілген шыршамен қарсы алады. Сіз де отбасыңызбен бірге жаңадан кесілген шыршаны әдемі етіп безендіріп, жаңа жылды қарсы алдыңыздар. Жаңа жыл аяқталды. Сіз досыңызбен серуендеуге далаға шықтыңыз, қоқыс төгетін жерде үйіліп жатқан шыршаны көріп, сізде шыршаға деген аяныш сезімі туындады.

Тапсырма. Сіз өзіңізді шыршаның орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен шыршаның әрекеті мен сезімін жеткізетін рольдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен шыршаның сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



№ 3 жағдаят. Жазда теңізде демалуды көп адам армандайды. Өткен жазда сіз де отбасыңызбен бірге теңізге демалуға бардыңыздар. Бірақ адамдардың көбі теңіз жағасына ішкен-жеген тамақтарының қалдықтарын тастап, өте ластап кеткенін көріп, көңіл-күйіңіз түсті.

Тапсырма. Сіз өзіңізді теңіздің орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен теңіздің әрекеті мен сезімін жеткізетін рольдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен теңіздің сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



Тілді рөлдік ойын арқылы оқыту барысында студенттердің пәнге деген қызығушылықтары артады, лексикалық минимумды неғұрлым жақсы меңгеріп, өмірде қолдансам деген ой туындайды, студенттердің өзара қарым-қатынастары жақсарады әрі болашақ мамандығына қатысты сөздік қоры қалыптасып, оны жетік игере түседі.

Сонымен қатар рөлдік ойын бірқатар мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Мысалы, ойын барысында өзара теңдік орнайды, яғни әлеуметтік теңсіздікке жол берілмейді, нәтижесінде өзара қарым-қатынас реттеледі. Және де рөлдік ойынның сөйлеу мәдениетін дамытуға тигізер әсері зор. Студенттің көпшілік алдында өз-өзін ұстай білуі, дұрыс, сауатты сөйлеу мәдениетін жетілдіруге септігі тиеді. Нәтижесінде рөлдік ойын арқылы студенттердің тілді еркін, жетік игерулеріне жол ашылады.

Профессор А.Н.Леонтьев айтқандай «Ойын – адам іс-әрекетінің бір түрі». Ойын түрі сабақ тақырыбына орай өзгеріп, түрленіп отырады. Рөлдік ойын негізінде әр тақырып бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында студент өзін-өзі сынай алады. «Рөлді қалай алып шығам, оған сай лексикалық минимумды орнымен қолданам ба, мәселенің шешімін қалай табам, креативтілік таныта алам ба?» деген сұрақтар туындап, оларға жауап іздеу барысында жеке басының қасиеттерін де сараптай өткізе алады, демек, өзін-өзі тану үрдісі жүзеге асады, студент өзінің жақсы қасиеттерін, қарым-қабілетін ұштайды, ойы ұшқырланады, өз бетімен жұмыс істеуге талпынады, сөздік қоры молайып, тілі дамиды, зейіні артып, байқампаз болып, айналадағыларға деген құрметі артып, өзіне және бір-біріне деген сенімі арта түседі.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. <https://tuz.kz/article/31567014631328.html>
2. Радлов В.В. <https://qazaqtili.wordpress.com/>

УДК 539.42

Ахметова Аяужан

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті

«Туран- Астана» университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық және тіл пәндері кафедрасы

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Email- Ayaujan.ahmetova@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қарипжанова Гүлназ Төкеновна

Email- grk_15@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ ТІЛ КЕСТЕСІ ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПРИЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ ARTISTIC RECEPTIONS OF MODERN KAZAKH POETRY

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік тіл ерекшелігі қарастырылады. Жас ақындардың өлеңдерінен алынған мол фактологиялық деректер талданып, стильдік шеберлігі айқындалады.

Түйінді сөздер: поэзия, кейіптеу, метафора, деректендіру, символ.

Аннотация. В статье рассматриваются художественные языковые особенности современной казахской поэзии. Проанализировано множество достоверных фактов из стихотворений молодых поэтов и определено стилизованное мастерство.

Ключевые слова: поэзия, аллегория, метафора, источник, символ.

Annotation. The article discusses the artistic language features of modern Kazakh poetry. Analyzed a lot of reliable facts from the poems of young poets and identified stylized skill.

Key words: poetry, allegory, metaphor, source, symbol.

Қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері туындыларында да табиғат лирикасы жазбаған ақын кемде-кем. Бірақ соны қалай жырлады дегенде, біз әр ақынның өзіндік ерекшеліктері мол екенін анықтаймыз. Ақын Дәурен Берікқажыұлы шығармаларына назар аударсақ:

*Ар бардай, арман бардай, тағдыр бардай,
Шіркін-ай, шілдедегі жаңбыр қандай!
Телміріп терезеге қарай берем
Біреулер өлең жазып қалдырғандай [1]*

табиғат жайындағы өлеңдерінде шілдедегі жауынға сүйсіне отырса да, онда әсем көріністер аясында сезімдегі өзіндік мұң да байқалады. Автордың әдемілікке құмартуынан, қуатты шабыты мен құдіретті қиялынан өріліп туған өлең адам жанын мөлдір сезімге бөлейді.

*Ән бардай, әлем бардай, аңқыр бардай,
Шіркін-ай, шілдедегі жаңбыр қандай!
Көңіліммен көше бойлап шауып барам
Бейкүнә ат ойнаған балдырғандай...,- деп тебіренеді ақын.*

*Бал бардай, балалық пен балдыр бардай,
Шіркін-ай, шілдедегі жаңбыр қандай!
Жатырмын шатырдағы шах сияқты
Шөлін бір шарап ішіп қандырғандай...[1]*

Өлең жолдарындағы қайталаулар да лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесін әсерлі жеткізу мақсатын көздеген. *Көңілдің көше бойлап шабуы* – кейіптеу, деректендіру ғана емес, автордың тың ұлттық нақышпен кестеленген сөз қолданысы. Аталмыш өлеңіндегі шарттылық, символ, сөз саптау мәнері, ақын даралығын танытады. «Көңіл» – көлемі, салмағы бар зат емес, дерексіз ұғым. Ал сол дерексіз көңілдің дербес тіршілік иесіне айналып, ақындық «меннен» бөлініп шығып, лирикалық қаһарманды жетелеуі – шарттылық жемісі. Осы жерде поэзиямыздағы шарттылық пен дерексіздендіру туралы айта кетсе, Әдебиеттану ғылымында дерексіз ұғымдарды заттандыру мен жандадыру мәселелері, метафоралық тіркес, шарттылық Қуандық Мәшһүр-Жүсіп еңбегінде тұңғыш рет қолданылады. «Дерексіз ұғым және заттылық туралы»- деген еңбек мәніне келсек, бұған дейін осы тақырыпты арнайы қарастырған мұндай қомақты зерттеу жоқ. Автор белгілі бір дерексіз ұғымдарды заттандырудағы көне шығыс, түркі, орыс, ақындары ізденістерін қарастыра отырып, ол ізденістердің лириканың жанрлық сипатын негіздеуге, ақын стилін, т.с.с. қалыптастыруға тигізген әсерін жан-жақты сөз етеді. Мысалдары ғана емес, түйіндерінің де соны болуы еңбектің ғылыми мәнін салмақтандыра түседі.

«Дерексіз ұғымды заттандыру дегеніміз – дерексіз ұғымның заттық сипатқа ие болуы. Мысалы, Фаризаның «Мұнары күннен мұң сығып» деген өлең жолдарындағы «мұң» дерексіз ұғым «сығып» деген сөз арқылы заттық сипатқа ие болып тұр. Себебі, өз мағынасында «сығу» деген сөз деректі заттарға қатысты айтылады. (кір сығу, сөлін сығу). Сөйтіп, осы екі сөздің тіркесуі арқылы бейнелілік пайда болды.» [2],- дейді әдебиеттанушы ғалым. Ал дерексіз ұғымды жандандыру былай түсіндірілген: «Мысалы, Жатса да, жер бетінде шындық ұлып» деген өлең жолдарындағы «шындық» деген дерексіз ұғым «ұлып» деген бейнелі сөзбен тіркесуі арқылы жандандырылып тұр. Себебі, «ұлу» етістігі тек жанды нәрселерге ғана тән». Еңбекте Ф.Оңғарсынованың «мұң сығып», «ойларды тот басуы», «жылдарымның домалап», «қасиетім оңып», «ой күреуін», «сөз мүжіп», «ақылды үгіп» деген мысалдары толықтыра түседі. Ғалым пікірлері әдебиет теориясындағы кейіптеуден деректендіру ұғымының айырмашылығын анықтап берді [2].

*Ар бардай, арман бардай, тағдыр бардай,
Шіркін-ай, шілдедегі жаңбыр қандай!
Бір демде қауырсындай жеңілейткен
Тылсымат тамшысында жан, нұр бардай,
Шіркін-ай, шілдедегі жаңбыр қандай! [1]*

Тылсымат тамшысы – метафора, ақынның өзі сомдаған, өзіндік метафоралық тіркесі. Біз білетін, өзіміз күнде көретін жаңбыр тамшысы емес, «тылсымат тамшысы» деп алу да – сөзді

ауыспалы мағынада қолдану үлгісі. Соның салдарынан дерексіз ұғым өмір белгілі бір кеңістікке айналған да, оған тамшы тіркескен. Ақын табиғаттың, жыл мезгілінің түрлі кезеңдерін жырға қосқан. Бірде шуақты көктемді бейнелесе, бірде бұлтты, жауынды көктемді, енді бірде құс әніне, бұлақ сыбдырына бөленген көңілді көктемді жырлайды. Әр көргенде түрлі қырынан танылатын табиғат ақынжанды жүректі еріксіз сезімге бөлейді.

Ал бүгінгі поэзияда отты жырларымен танымал болған ақындарымыздың бірі – Р.

Әбдірахманов. Ақынның табиғатқа арнаған өлеңдері біршама. Соның бірі «Түнгі өлең» деп аталады:

Қараңғы түн.

Ай жарық.

Шолпан жарық.

Шегінбессің қойған соң жол таңдалып.

Көз алдымда бір тамшы дірілдейді,

Көктен түскен әр нұрдан қолтаңба алып.

Әдемі аспан... Әлди жел.. Ән құмар шақ...

Әлем гажап... Сүйген сәт-мәңгі бал сәт!

Жан еркем-ау өзіңді жаныма ертпей,

Жалғыз өзім келемін жаңбыр аңсап... [3].

Автордың әдемілікке құмартуынан, қуатты шабыты мен құдіретті қиялынан өріліп туған өлең адам жанын мөлдір сезімге бөлейді. Автор жандандыру тәсілін ұтымды қолданады. *Тамшының дірілдеуі, нұрдан қолтаңба алуы, желдің әлдіі* – әсерлі де әдемі көрініс. Ақынның өзіндік танымы, әдемілікті бағалау, аңғарту өрісі тамаша өрілген. Тамшының бұлаққа, бұлақтың өзенге, өзеннің дарияға құятыны тәрізді, ақынның өлеңінде оның табиғатты суреттеумен қатар сол әдемі табиғатты жалғыз тамашалауына өкініші, сүйгеніне деген сағыныш сезіміне ұласуы сәтті берілген.

Кеше шер мен шемен күй беріректің,

Елес боп кеп, кешімді керім еттің!

Қара аспанның түнегін қақ жарады-

Қарақаттай көздегі меруерт мұң... [3].

Табиғатты суреттей отырып, еркіндікті паш етеді. Шер мен шемен күйдің елес болып жоғалуы, керім кештің тууы, қара аспанның қақ жарылуы – символ. Бұл өлеңде лирикалық қаһарманның сезімін берудегі ақын шеберлігі де айқындалады. Ақын өлеңдерінде реализм мен романтизмнің ұштасып жатқанын көреміз. Табиғатты суреттеу арқылы әр ақынның сезімі қоса ұштаса берілетіндігі белгілі.

Кімге айналып барамын, кімге айналып,

Қайда апарып соғады мұндай бағыт?

Парағымда жатырсың күнде өлең боп,

Қаламыма бір гажап гүл байланып...,-деп тебіренеді ақын[3].

Әр ақынның стиль ерекшелігіне сай табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде өзіндік торығу, күйіну, т.б. басымдығы назар аударта, енді бірде көтеріңкі көңіл күй беріледі. Мысалы, Мағжанның да стиль ерекшелігіне сай табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде өзіндік торығу, күйіну, т.б. басымдығы назар аудартады. Атап айтқанда, «Жаралы жан» өлеңінде ақын даланы өлікке балайды: «Сар дала бейне өлік сұлап жатқан, // Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан. // Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ, // Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан» [4, 56]. Бұл жөнінде С. Қирабаев: «Қазақ даласының табиғатын Мағжан таза, пәк күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даланы кебін оранған өлікке теңейді. ..Оларда ой да, сезім де еркін, сыршыл, нәзік, мұңды көңіл-күйі аралас жүреді» [5, 99],-деп тұжырымдайды. Ақын Р. Әбдірахманов табиғатпен қоса махаббатты жырлайды.

Бір жанады жүрегім...

Бір жаралы,

Қашан енді біздің бақ бүр жарады?

Өлең оқып беремін Көктен сұрап,

Ойыңды оқи алмаймын бір жаманы...

Қалау барда бөгеуден тағдыр алшақ,

Жалғыз жүре берем бе жаңбыр аңсап? .

..Мұңның бәрі мың жұлдыз асар еді,

Түннің бәрін екеуміз ән қыла алсақ...[6].

Сырт қарағанда ақын тақырып аясын ұсақтап, жеке бастың көңіл-күйін қазбалаумен шектелгендей боп көрінуі де мүмкін. Әйтсе де бұл туындысында да суреткер «тақырып тарлығын» жеңе алған. Ақын табиғат әсемдігіне тебірене отырып, сабырлы, байыпты мәнермен-ақ сүйсіну, сағыну, өкіну тб – сезімдердің бәрін қоса қамтыған. **Ақын** Саят Қамшыгер ақынның табиғат жырлаудағы ерекшелігі жайлы айтар болсақ, ақынның табиғатты көңіл-күй, махаббат лирикаларымен астастыра суреттейтініне куә боламыз.

*Мен көктемді сағындым,
көктем мені,
Жаным жылу аңсайды көптен бері.
Әр күндерім тағдырдың тартуындай,
әрбір мезгіл – өмірдің өткелдері.*

Өмір өткелдері, тағдырдың тартуы (сыйы) – дәстүрлі метафора болса, кейінгі шумақтар шарттылық пен кейіптеуге толы. Көңілдің елеңдеуі – кейіптеу, көктемнің шуағымен гүл егу – шарттылық:

*Жол күткендей көңілім жүр елеңдеп,
Шуағымен көктемнің гүл егем көп.
Көктем маған келеді бүршік атып,
көктем маған көшеді бір өлең боп.*

*Өтіп жатыр ай жылжып, күн жаңарып,
Сағынышым мұңменен жүр жамалып.
Әрбір күннен көктемді іздеп жүрмін,
әр көктемнен күтемін бір жаңалық.*

*Сәнді екенін өмірдің сан ұқтырған,
Мен көктемді сағындым сауық құрған.
Күтудемін көктемді,
ал көктем ше?
Үйден шықпас арудай зарықтырған.*

*Қиялыммен басамын айға да адым,
Ғұмырымның әр сәтін аймаладым.
Көктем маған өлең боп көшкен кезде,
Бәлкім мен де көктемге айналамын![6].*

«Лирикадағы әсемдік» атты зерттеуінде Қ.Жүсіп лирика мәселелеріне тоқталады. «Біраз ақындар өнер әсемдігіне жету жолы әйтеуір төгіле беру, егіле беру; адал боп мөлдірей түсу; немесе асқақ боп қияға құлаш ұра беру; немесе ойшыл боп ділмарси түсу – қысқасы, қанатқа қанат қоса беру деп бір жақты, үстірт түсінетін тәрізді. Жоқ, өлең көркемдігін діріл жиілігі, көз жастың көптігі ғана шешпесе керек», - дей келе, «Биіктетіп шалқытып айту поэзияның бір ерекшелігі екені рас, бірақ орынды, орынсызына қарамай құр көтеріле беру жеміс бермейді»[7], - дейді. Анығында қазіргі қазақ поэзиясына назар аударсақ, жас ақын шығармалары төгіле жырланса енді бірде асқақтап көңілді биікке самғатады.

Әдебиеттер:

1. Берікқажыұлы Д. Өлеңдер // <http://alashainasy.kz/omir/sayat-kamshyiger-50674/>
2. Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар, 2000
3. Әбдірахманов Р. Өлеңдер // <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/15590/>
4. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1989. – 448 б.
5. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
6. Қамшыгер С. Өлеңдер жинағы // <http://alashainasy.kz/omir/sayat-kamshyiger-50674/>
7. Жүсіп Қ. Жүсіп Қ. Сын – сергек жанр // Жалын, №6, 1986 ж., 35 б.

Гусманова Азиза

студент кафедры «Социально-гуманитарных и языковых дисциплин»

Университет «Туран-Астана»

г.Астана, Республика Казахстан

Научный руководитель: м.п.н., Ертаева М.К.

**САМОБЫТНЫЕ МОТИВЫ В ТВОРЧЕСТВЕ ЧИНГИСА АЙТМАТОВА
MOST EXPERIENT MOTIVES IN THE WORK OF CHINGIS AYTMATOV
ШЫҒЫС АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК МОТИВТЕР**

Аннотация. В статье проанализированы особенности композиции романа Ч. Айтматова «Когда падают горы» (Вечная невеста). Сюжетные линии, образы, современная действительность и миф переплетены писателем для воплощения в произведении нравственно-этического замысла.

Ключевые слова: Ш. Айтматов, сюжет, сюжет желісі, композиция, аңыз.

Аннотация. Мақалада Ш. Айтматовтың "Когда падают горы" (Мәңгілік қалыңдық) романының композициясының өзіндік ерекшеліктері талданды. Жазушы шығармаларының сюжеті, кейіпкерлер жүйесі, ондағы өмірлік шындық пен мифтің арақатынасы талданған.

Түйінді сөздер: Ч. Айтматов, сюжет, сюжетная линия, композиция, легенда.

Annotation. The article analyzes the features of the composition of the novel written by CH. Aitmatov "When mountains fall" (Eternal bride). The plot lines, images, modern reality and myth are intertwined by the writer to embody the moral and ethical ideal of the work.

Keywords: Aitmatov; the plot; storyline; composition; the legend.

Чингиз Айтматов, безусловно, один из ярчайших писателей XX века. Чингиз Айтматов - человек планеты Земля, по данным ЮНЕСКО, он один из современных писателей мира всего, в этом он побил рекорд. Ч.Айтматов был уверен, что именно французский поэт Луи Арагон открыл ему врата на литературном поприще. Это поистине любимый писатель, у него множество премий, он получил всеобщее признание в области литературы на просторах всех континентов. Своим трудолюбием он покориł почитателей своего таланта. Чингиз Айтматов относится к плеяде писателей-классиков, которых часто цитируют. Его перу принадлежат произведения на родном кыргызском языке, свыше полтора десятка языков мира, персонажи которого заговорили на его языке. Его талант стал общественным достоянием уже после публикации одной из первых, и сразу же любимейшей повести «Джамиля» - красивейшая история о любви, - говорил открыватель творчества самородка, писателя из Азии.

О писателе пишут, что он навсегда останется в анналах всемирной истории. Для нас он - посол доброй воли. Умение объединять ментальные чаяния своих современников, примирить людей удаётся не каждому, он вёл их по пути мирового единства. Его произведения наполнены верностью правде жизни, они неповторимы, самобытны, он - глубина философских исканий. Чтение произведений Чингиса Айтматова всегда, каждое по-своему, оставляет неизгладимый след. Они легко укореняются в сознании. Его литературные мотивы мы встречаем у М.Ю.Лермонтова («Мцыри»), поэт пишет о свободе, его герой бесстрашно сражается с барсом. Поэма Лермонтова отличается рядом необычных элементов в композиции и структуре, схожую тематику мы видим у Шоты Руставели «Витязь в тигровой шкуре». Написанный Ч.Айтматовым последний роман «Когда падают горы. Вечная невеста» - не исключение, с точки зрения вечности. То есть так, как должна писаться настоящая литература. Голос Айтматова - это взывающий к совести голос вечных истин, к которым всегда тянется, но к которым далеко не всегда следует человечество. Это воистину так. С первых строк происходит погружение в ту атмосферу, в то время и место, о которых говорится в романе. Сразу происходит ощущение стиля Ч.Айтматова, он узнаваем, его мастерская техника подачи материала, прослеживается связь двух индивидов, одного - из мира животных, другого - из мира людей. Это биологическая связь человека и зверя. Писатель, детально описавший все вокруг, все происходящее, даже в светлых облаках, видит некую красоту, смог и ему удалось это донести до читателя. А ведь все эти мельчайшие, но прекраснейшие детали, как одного из литературных приёмов, мы порой не замечаем в реалиях жизни. И только, прочитав полностью книгу, мы

понимаем, что нужно быть более внимательными ко всему окружающему нас: природа, города, люди, облака и замечать красоту, красоту в мелочах.

Его строки в романе, которые будоражат сознание. *«...Существует одна непреложная данность, одинаковая для всех и всегда - никто не волен знать наперед, что есть судьба, что написано ему на роду, только жизнь сама покажет, что кому суждено, а иначе зачем судьбе быть судьбою...».*[2]

Пожалуй, это одно предложение призывает нас начать обсуждение, как одного из самых обширных романов - «Когда падают горы. (Вечная невеста)». Одно только название заставляет задуматься читателю о глобальных вопросах человечества, которые он ставит во главу произведения. Читая строчку за строчкой, постоянно наталкиваешься на мысль, о вечности бытия. Читатель невольно становится участником тех событий, которые преподносит нам мэтр, а это сотни вопросов и несколько из них: «Почему падают горы? Какие горы? И кто она, этот образ вечной невесты?». Появляется желание следовать идее автора, которое сродни моему духу. Найти ответ на эти вопросы, для молодых - дело не из легких. Концепцией произведения стала парадоксальная тема, нет - идея: возможно ли такому случиться, что горы упадут? Это же не последний день Помпеи с её природными катаклизмами? Несмотря на нелёгкое время, в нашем обществе возник дефицит людей с душевно чистыми помыслами и, благодаря таким личностям, как наш Герой, мир спасёт не только красота, а в первую очередь - доброта.

Почему затронута тема судьбы? Возможно, что герои романа, сами того не ожидая, оказались в нужное время там, где надо и с кем надо, ведь в природе ничего нет случайного, всё закономерно. Судьба решила, что они должны встретиться, столкнуться, это неизбежный ход событий. Судьба вторглась в их жизнь и соединила их души воедино. *«И никак не мог предвидеть хищный зверь, что напоследок судьбу его разделит с ним человек. Об этом существе знал он только понаслышке, точнее, по эху ружейных залпов в горах, от которых он невольно вздрагивал, замирал на месте и уходил подальше, но чтобы видеть вблизи самого человека - такого ещё не бывало.»* [2]

Один из этих двоих, к нашему удивлению, оказался зверь. Не просто зверь, а зверь с чистой волей души. Зверь, который по природе своей мудр и храбр. Это был снежный барс. Автор его назвал Жаабарс, это тот герой, который в легендах и мифах народных. Жаабарс он потому, что в его жилах течёт отважность, честь и желание быть свободным, быть лидером. Он был лучшим среди всех зверей матери природы. У него было все, что он хотел. У него была любовь к своей любимой барсихе. Но в одночасье всё рухнуло... При виде добычи в глазах его играл страх. Он напал на них, словно ураган. Но в какой-то момент жизни он потерял все, что делало его счастливым. Сила в его теле начала покидать его. А его подруга-барсиха подло предпочла нового лидера, уходя, она даже не соизволила обернуться ему вслед.

Наш второй герой - храбрый, свободный и умный журналист Арсен Саманчин. Мы видим самого автора романа, литературного двойника. Человек, жизненным кредо которого было - свобода слова, несмотря на все упреки, на все последствия, всегда был свободным журналистом. Он писал и говорил только о правде, за что его многие не любили. Он носитель самой настоящей любви. Арсен - человек, смыслом жизни которого было - увидеть одну красавицу. Это была девушка со звучным именем Асель. Весь его мир был направлен только на неё. Хотя она и была его миром, она была той, которой он дышал. Но в один момент его жизни, она ушла, ушла бесследно. Потерпев неудачу, Арсен впал в депрессию. Переплелись их судьбы, наши герои теряют смысл жизни. Они не знают куда идти, зачем идти. У них у обоих было лишь одно желание - желание покончить со всем этим. И это желание привело их друг к другу, потерявшихся, разочаровавшихся во всем.

«Прихоти судьбы непредсказуемы - так было, так будет вечно, и нет тому суда». Душа человека и душа зверя. Они оба переживали одинаковые чувства». Однако такая встреча была написана ему на роду. Опять же - судьба».

Таким образом, последнее произведение писателя необычно в жанре романа. Сюжетная линия, культура народа, нашла своего близкого по духу человека в читательских кругах. У Ч.Айтматова жизнь героев соотносится в пространстве и времени художественного сюжета, они же - носители определенной судьбы, выпавшей на их долю. Его писательский долг - борьба за истинно художественную книгу. Происходит формирование человека в его лучших качествах.

И Жаабарс, и Арсен Семанчин, как полноправные представители планеты Земля, каждый мечтал о достижении своей вершины: *«Зрела наперекор всему - сила внутренняя, неодолимая, повелевающая, как можно скорей покинуть здешние места, эти горы и ущелья, ставшие для него злополучными, исчезнуть навсегда, безвозвратно, удалиться в иной мир, который находился не где-нибудь, а за перевалом, за великим перевалом поднебесного вечноснежного хребта»* [2].

Литература:

1. Абдыраманова, А. Ш. Взаимодействие и взаимосвязи фольклора и литературы в творчестве киргизских писателей / А. Ш. Абдыраманова // Вестник МГЛУ. - М. : Изд-во МГЛУ, 2013. - 23 (683). - С. 122–128.
2. Айтматов, Ч. Т. Когда падают горы (Вечная невеста) : роман, повесть, новелла / Ч. Т. Айтматов ; предисл. Г. Гачева. - СПб. : Азбука-классика, 2007. - 480 с.

ӘОЖ 82-3

Еркін Эльмира Қанатқызы
«Тұран-Астана» университетінің 2 курс магистранты
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail:oazis-jas@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Искакова Ж.М.

Д.ИСАБЕКОВТЫҢ «ШОЙЫНҚҰЛАҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ БАС КЕЙІПКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТРАГЕДИЯСЫ

РАССКАЗ Д.ИСАБЕКОВА "ШОИНКУЛАК" ЛИЧНАЯ ТРАГЕДИЯ ГЛАВНОГО ГЕРОЯ

D.ISABEKOV'S STORY "SHOINKULAK" PERSONAL TRAGEDY OF THE MAIN CHARACTER

Аннотация. Мақалада жазушы, драматург Д.Исабековтың «Шойынқұлақ» әңгімесіне теориялық талдау жасалып, бас кейіпкердің жеке трагедиясы ашылған. Осы әңгімеде көтерілген қоғамдық мәселе ғылыми тұрғыда нақтыланған.

Түйін сөздер: Дулат Исабеков, әңгіме, шығармашылық, образ, трагизм.

Аннотация. В статье проведен теоретический анализ рассказа писателя и драматурга Д.Исабекова «Шойнкулак» и раскрыта личная трагедия главного героя. Сделана попытка прояснения общественной проблемы, поднятая в этом рассказе.

Ключевые слова: Дулат Исабеков, рассказ, образ, трагизм, творчество.

Annotation. The article contains a theoretical analysis of the story of the writer and playwright D.Isabekov "Shoynkulak" and revealed the personal tragedy of the protagonist. An attempt has been made to clarify a social problem raised in this story.

Keywords: Dulat Isabekov, story, image, tragedy, creativity.

Қазақ әдебиетінің ең көрнекті тұлғасы, жазушы, публицист, аудармашы, драматург Дулат Исабековке мақаламызды арнаудың басты себебі – жазушы бүгінгі таңда қаламы мұқалмай, халқына қалтқысыз еңбек етіп, оның шығармалары заманауи көз қараспен қайта қарау болып отыр. Жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеуге арналған көлемді ғылыми мақалалардан бастап, кандидаттық диссертацияларға дейін қорғалды. Десек те, Дулат Исабеков сияқты шығармашылығы бірегей, өз алдына ешкімге ұқсамайтын Дулат Исабеков деген әдебиетте қалыптасқан брендке бүгінгі таңда қызығушылық арта түскен. Кез келген жазушының шығармашылығы оны қоршаған ортамен, өзінің өміріндегі болған сан белестермен тікелей байланыста екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Д.Исабековтың балалық шағы туралы айтып кетсек.

Д.Исабеков қазіргі Түркістан облысының Сайрам ауданының тумасы. 1942 жылы отбасында бесінші бала болып дүниеге келеді. Алдында екі әпкесі мен ағалары бар. Анасы кішкентай Дулаттың 5 жасында о дүниелік болады, ал әкесі Ұлы Отан соғысынан қайтпайды. Сөйтіп Д.Исабеков бала кезінен бастап жетімдік пен жоқшылықты, соғыстың алапат ауыртпалығын көріп өседі. Үлкен ағасы 17-18 жасына толар толмаста екі әпкесі келіп оны үйлендіріп, сол жеңгелері кішкентай Дулатпен оның алдындағы тете ағасына ана болады. Әпкелерінің қамқорлығын жастайынан бойына түйіп өскен бала Дулат, кейін шығармашылығында «Әпке» атты әңгімесін, «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты

мемуарлық повесін жазып шығады. Жазушы үшін сексенінші жылдар жемісті жылдар болады, осы кезеңде оқырман қауымның сүйікті шығармасына айналған «Қарғын» атты алғашқы романы жарық көреді. Роман қазақтың интеллектуалдарына арналған бірінші роман болып танылып отыр. Бұл роман және Д.Исабековтың әңгіме-повестері, драмалық шығармалары бірнеше тілдерге аударылып, шетелде сахналанды. Сондай-ақ бірқатар шығармасы экранизацияланғаны белгілі.

Дулат Исабековтың шығармашылық жолы бала кезінен басталды деуге болады. Қазақ жазушыларының мектебіндегі тәжірибе бойынша бала Дулат кішкентай кезінде көрші балаға арнаған өлең шығарудан бастайды. Алайда оның шығармашылықтағы таңдаған жолы – проза болады. Жазушының тырнақ алды туындысы «Жолда» атты әңгімесі. Осы әңгіме арқылы жас жазушы ретінде таныла бастап, шабыттанып сол жылы жазғы демалысқа үйіне бармай студенттік жатақханада жатып «Шойынқұлақ» атты әңгімесін жазып жариялайды. Исабековтың шығармашылық жолын 4 кезеңге бөлуге болады:

1-кезең. Алғашқы әңгімелерінің жариялануы, университет қабырғасынан басталады, шығармалары: «Жолда», «Шойынқұлақ», «Бекет», «Ащы балл», осы және тағы басқа әңгімелері 1963 жылы «Замандастар» жинағында жарияланды. 1963-1970 жылдарды қамтитын кезең.

2-кезең. 1970 жылдардан орта көлемді және қысқа эпикалық шығармалар мен драмалық туындылары жазылады, «Қара шаңырақ», «Тіршілік» атты жинақтары басылады. «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1977), «Ертеңді күту» (1979) пьесалары. Осы кезең 1970-1980 жылдар.

3-кезең. 1980-1990 жылдар аралығында «Қарғын» романы және дарамалық шығармалары жарияланады. «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Бонапарттың үйленуі», «Мұңлық Зарлық», «Амал мен айла» т.б.

4-кезең. Тәуелсіздік жылдары Д.Исабеков публицистиканы, қоғамдық ой-сананы дамытуда, елдің түйіткілді мәселелерін шешуде мінбелерге талай шығып сөйлеп қызмет атқарып жүрген кезеңі әрі жана көркем фильмдерге сценариймен айналысуда.

Міне, осылайшы белгілі жазушы, драматург, сценарист, публицист, қоғам қайраткері – Дулат Исабековтың сан қыры баршамызға аян. Ал осындай керемет туындылар, әр оқырманның жүрегі мен көңілін толқытатын қым-қуыт тіршіліктің қарбаласымен өмір сүріп жатқан сан түрлі адамдардың тағдырлары орын тапқан. Туындыларындағы кейіпкерлер мен оқиғалар кездейсоқ емес, жазушының өмірінен алынған. Ол туралы Дулат аға «Арнау» каналына берген сұхбатында шығармашылық базасына айналған өз өміріндегі түрлі оқиғалар мен жәйттер екенін айтады. Мәселен, «Шойынқұлақ» әңгімесінің прототипі ауылдағы тракторшы жігіт болып табылады. Осы әңгімеде Алданыш-Шойынқұлақ сияқты көңілі жайсан, арамдығы жоқ, ашуын келтірсе дүрсе қоярлығы да бар, бірақ әділдікті жаны сүйетін ауыл адамдарының шынайы образы жасалып, сондай-ақ осы сияқты адамдар әр ауылда бар екеніне шүбә келтірмейді. Алайда бүгінгі күнмен, жаңа көз қараспен саралай отырып, мұндай адамдардың арамызда күн санап азайып бара жатқаны еріксіз қынжылтады. Қазіргі ұрпақ ауыл, ауылдың өмірі мен адамы дегенді біледі ме? Әлде осылайша кітап беттерінен ғана біліп өтеді ме деген сұрақ кернейді. Иә, расымен де жаңа заманның талабы да басқа, бірақ кеше ғана көз алдымыздан өткен ауыл өмірі, ауылдың жақсылары жайындағы әңгімелер қажет екені анық.

Аталмыш әңгіменің негізгі тақырыбы адам арасындағы достық, бауырмашылдық, махаббат, еңбекқорлық. XX ғасырдың 60-жылдары колхоз жұмыстарын жұмыла атқара жүріп, бір-бірімен бауырлас, туыс сияқты болып араласып жүріп, әр адамның басында түрлі трагедия барын аңғартады. Ол соғыстың ауыр салдары екені де түсінікті. Ата-анасынан, ағайын-бауырларынан айрылған жетімдер деуге болады. Оған дәлел – шығарманы бірінші жақтан әңгімелеп отырған он жеті жасар Сұлтанның анасы жоқ. Оған басу айтып тұрған

Олжабек те дәл Сұлтандай кезінде анасынан ажыраған. Оқиға қыр жыртатын тракторшылардың қосында өтеді. Сол кезеңдегі жасты жас демей, кәріні қарт демей барлығы халық үшін аянбай күні-түні еңбек еткендері көз алдымызға келеді. Шығарманың бас кейіпкері Шойынқұлақ - реалистік кейіпкер. Жазушы кейіпкерді былай суреттейді: «Жүнін жұлған құстың денесіндей, бүршік-бүршік бетіне үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайласыпты. О баста оны әлдекім лақтырып жібере салғандай, бір жағына қисая жабысқан екен. Бір көрген адам оны әне-міне құлап кетеді деп минут сайын күткендей еді. Оның осы түрі маған қорқынышты болып көрінді» [1; 7]. Осы бір үзіндіден бір карағанда келбеті келіспеген жігіттің сиқы елестейді. Алданыш - қарапайым ауыл шаруасы, тракторшы, өзінің сыртқы келбеті мен мінезіне қарай Алданыш деген аты көзінше айтылып, сыртынан халық ішінде Шойынқұлақ болып кеткен. Бұл атты оған ауыл бригадирі қояды. Ол қырық сантиметрдің орнына отыз ғана жырттысың деп, орынсыз айыптайды, Алданыш ойпаң

жерді өлшеп тұрсыз деп жауап қайтарады. Оған бригадир жер жыртуды саған үйретемін, оңбаған Шойынқұлақ деген соң, Алданыш бригадир болмақ түгіл кім болсаңда деп сыбағасын береді.

Шойынқұлақтың осындай мінезінен бәрі қорқатын. Бірақ жазушы оны оқырман жақынырақ таныстыра келе ол мейірімді, жаны нәзік, өзінің арманы бар жігіт екенін көрсетеді: - Ой, Сұлтан, не болды, аманбысың? Япырмай, мен сені де, тракторды да бір жардан құлап құрыды ғой деп едім, аман екенсің, - деді ол бір күрсініп. ... Бұлай етеді деп әсте ойламаған мен, Шойынқұлақтың тап қазіргі мейірімен ішім жылып кетті [1; 10]. Шойынқұлақтың бұл қылығы Сұлтанды таңдандырады, осыдан бастап екеуі қимас дос, тіпті ағалы-інідей болып кетеді. Алданыш -жалғыздықтың ауырын тартқан қазақтың қара домалақ баласы. Ол жастайынан балалар үйінде тәрбиеленіп, өмірдің сан түрлі соқпақтарынан өтеді. Ал Сұлтанды өз інісіндей көріп, сырлас болып кетеді. Сөйтіп жүріп Сұлтанға жүрегінің түкпіріндегі сырын ақтарады, Нәзира деген қызға ғашық екенін айтып, оған хат жаздырады.

Тап осы жерде Шойынқұлақтың алып ұшқан көңілі, тағатсыздана Нәзирадан жауап күтуі бәрі-бәрі Шойынқұлақ деген ертегідегі мыстан кемпірдің баласын емес сырт көзге дөрекі, тек қара күшке сала беретін өзеуреген адамды емес, ертеден жетімдік пен жалғыздықтың тауқыметін тартқан, еңбекқор, мейірімді, достыққа адал, шын сүйе алатын, жүрегі нәзік адамды көреміз. Алданыштың бала кезінен жетімдер үйінде тәрбиеленгені, одан арғы өмірінде қанша қиындықтар болғанын жазушы тәтпіштеп айтпайды, тек жалпылап атап кетеді, себебі балалар үйіндегі өмірі қандай екені айтылмаса да белгілі. Біздіңше, автордың айтпағы Алданышты қоғам бала кезінен бастап сыртқа тепті, оның балалар үйге қалай түскені бізге белгісіз, алайда осы бір кішкентай әңгімеден белгілісі – оның мінезіне бола

Шойынқұлақ деп лақап ат қойып, аса ешкімінің де онымен шаруасының болмайтыны. Осы кезде Сұлтан сияқты бозбаланың оның өмірінде пайда болуы, інісіндей көруі Алданыштың жанына жылу беретін адамды аңсайтынын көреміз. Иә, Сұлтан үшін Алданыш та ағасы, досы, серігі бола біледі. Алданышты Сұлтандай ешкім түсінбейді, өйткені ол оның шынайы көңілін тани алады. Ал Нәзира керсінше, басқа көпшілік сияқты Алданышты тек Шойынқұлақ образында көреді және бұл өте өкінішті. «Менің басқа жігітім бар. Енді көп байланыса беруші болма. Осымен бәрі бітсін, Шойынқұлақ» депті. Шойынқұлақтың шын аты Алданыш екенін Нәзираның білмеуі де мүмкін еді [1; 17]. Міне, қоғам шындығы осында жатыр, Алданыш барлығы үшін құбыжық Шойынқұлақ. Ал оның ішкі жандүниесіне

Сұлтаннан басқа ешкім үнілген емес, барлығы көрсоқыр іспетті. Бұл - бас қаһарманның жеке трагедиясы және осындай Алданыш-Шойынқұлақтар сол кезде де, қазір де қаншама. Дулат Исабековтың шығармашылығының алғашқы кезеңінен алынған осы әңгімесінде көтеріліп отырған мәселе бүгін де өзекті.

Әдебиеттер:

1. Исабеков Д. Бонапарттың үйленуі. Әңгімелер. А.: Атамұра, 2002. - 229 б.

УДК 82-91(574)

Әбілбек Гүлназ Маратқызы
Мадамар Гүлімжан Мухтарқызы
«Тұран-Астана» университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының білім алушылары
Астана қаласы, Қазақстан
e-mail: gulnaz_abilbek98@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: доцент, ф.ғ.к. С.О.Симбаева

АЙТЫС-ҚОҒАМҒА ЫҚПАЛ ЕТУШІ КҮШ ПЕН АМАЛ

Аннотация. Мақалада айтыстың өміршең жанры екені туралы айтылады. Оның қоғамдық рөлі мен көтерген мәселелері туралы талқыланды. Айтыскер ақындардың айтыстарындағы үзінділерін негізге ала отырып, бұрынғы айтыс пен қазіргі айтыстың айырмашылығы талданды.

Түйінді сөздер: синкретті өнер, заман мәселесі, тапқырлықтың тұғыры, сөз сайысы;

Аннотация. В статье рассматривается, актуальности айтыса во всех времен. Была обсуждена общественная роль и вопросы, поднятые айтысом. Обсуждена роль айтыса в обществе. На основе отрывков из словесных состязаний поэтов была проанализирована разница между ранними и современными айтысами.

Ключевые слова: синкретическое искусство, проблема времени, находчивость ума;

Annotation. The article mentions that aytys was relevant at all times. The public role and issues raised by aytis were discussed. Discussed the role of aytis in society. Based on excerpts from poems of poets, the difference between early and modern aytys was analyzed.


Keywords: syncretic art, time problem, resourcefulness of mind;

Әлемде қанша ұлт болса, сонша ерекшелік пен дәстүр бар. Әр халықтың болмысына, өмір сүру жағдайына қарай қалыптасқан дәстүрлердің тозығы уақыт өте келе ұмытылып, озығын ел кәдесіне жаратып келеді. Соның бірегейі - ерте замандарда қалыптасып, дамып жетілген, бүгінгі күннің де қажетіне жарап отырған *халық ауыз әдебиеті*. Және оның ең бір өміршең жанры – айтыс деп айта аламыз.

Айтыс - ұлттық өнер. Ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан, тұрмыс-салт жырларынан бастау алатын өнердің бір түрі. Бұл өнер- тапқырлықты, суырыпсалмалықты, алғырлық пен сөзге шешендікті талап етеді. Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Ол поэзия жанрларының ішіндегі ең қиыны, әрі күрделісі. Айтыс өнері түркі халықтарының ішінде қазақ пен қырғызда ерекше дамыған. Біздің қанымызбен жаралып, рухымызбен таралған, жыраулық, шешендік қасиеттерді бойына топтастырған синкретті өнер. Бетпе-бет келген екі ақын да сол орайда жеңудің саналуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Ол ұлт әдебиеті мен өнерінің рухани тұтастығын көрсетеді, болашағын ой таразасынан өткізіп, саралап отыратын өнер. Суырыпсалма өлеңге құралған жыр иесі айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады.

«Айтыс – сөз барымтасы» деп, Мұхтар Әуезов айтқандай, қазақ халқының әдеби мол мұраларының бірі болып табылады. «**Айтыс**» деген атау: *айтысу, тартысу, дауласу, жарысу, сынасу* мағынасында қолданылады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы айтыс өнерінің өркендеп, өрістеген дәуірі болып табылады. Айтыс – ақындар үшін сөз таласы, сөз барымтасы, сөз майданы ғана емес. Ол – ақындық өнер салыстырылатын, білім деңгейін байқататын, саяси-әлеуметтік мәселелер талқыланатын жер [1, 232б]. Олай болса, айтыс- еріккеннің ермегі емес, әлеуметтің ойын білдіретін алаң, ашық диалог. Айтыста айтылған келелі ойлар қоғамда талқыға түседі, кейбір күрмеуі күрделі мәселелер соның нәтижесінде шешімін тауып та жатады. Айтыстың осындай сипаты күні бүгін ғана емес, өткен ғасырлардан бері көрініс тауып келеді.

XIX ғасырда өз руын дәріптей отырып, қоғамдық мәселені аша білген айтыскер ақындарға: Шөже Қаржаубайұлы, Орынбай Бертағыұлы, Кемпірбай Бөгенбайұлы, Тезекбай Шоқтыбайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Түбек Байқошқарұлы, Итақов Омарқұл, Мұрат Мөңкеұлы, Сүгір Әліұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Бала Ораз Өтебайұлы сынды сөз майталмандарын жатқызамыз. Олардың айтыстарында да қоғамды толғандыратын келелі мәселелер сөз болған.



Бүгінде бүкіл халық жарыса жазып, заман мәселесі ретінде көтеріп жатқан *парақорлық, жемқорлық* мәселелері XIX ғасырда да болғандығын мына айтыста айтылған ақпарат мәліметтерден жақсы аңғаруға болады. Мәселен Шөженің:

*« Ұры шіркін ,қорықпайсың бір құдайдан,
Жан өтпес пара жеуге мына отырған Алшынбайдан.
Тұқымың ұрлықпенен күнелткенсің,*

Қашып жүріп күнелттің Өтебай,Наушабайдан»,- деген сөздерінен сол замандағы билеуші таптың түр тұлғасын тануға болады[2.188-192бб].

Ал,Шортанбай айтыстарында әлеуметтік ірі мәселелерді, патша өкіметінің отарлау саясатын, билікке жағымпаздандуды сынау көбірек көрініс тапқан:

*Тіленші боп ақын да жағады екен,
Ұлықты мақтап, мәнісін табады екен.*

*Алдына осындайда бір шықпасам,
Жайына қоя берсем жағады екен.* [Орынбаймен айтысы]

Сүйінбай Қаңтарбаймен айтысында әлеуметтік қайшылыққа толы өмірді сынайды :

*Сұраншым отыр, міне, судай тасып, ,
Сарыкемерді жау келіп шапқанында, ,
Сыпатай босып кеткен шөлге қашып.*


« Мың қарғаға –бір кесек» болған кезде,

*Сұраншы майдан қылған араласып,
Батырдың ызғарына шыдай алмай,*

Далбаңдап Орман қашқан таудан асып. [3].

XIX ғасырдағы Сүйінбай, Біржан, Жанақ, Шөже, Кемпірбай, Түбек, Құлмамбет, Сара, Бақтыбайлар жырлаған елдік мүдде, ерлік тақырыбы, халықтың әлеуметтік жағдайы сияқты іргелі мәселелер бүгінгі ақындардың аузымен де айтыла бастады.

Айтыс өнерінің бұқаралық сипатқа ие болып, ұлттық идеологияның ұйтқысына айналуына телевизияның септігі мол болды. 1990 жылдардан бастап республикалық-телевизиялық айтыс дүниеге келді. Қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер, саяси-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар өткізілген ақындар айтысында жан-жақты насихатталып, халық назарына ұсынылды. Әсіресе, дін, діл, тіл мәселелері жайында талқылаған ақындар айтысы халық көзқарасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Ақындар айтысын ұйымдастырушы, әрі оның теледидар арқылы Қазақстан аумағына таралуына көп еңбек сіңірген ақын, тележурналист Жүрсін Ерманның атқарған еңбегін ұлттық өнер тарихында қалар үлкен мұра деп бағаланды. Осы жылдары көгілдір экраннан айтыскер ақындар Ә.Беркенова, Қ.Әбілов, Ә.Қалыбекова, Т.Әбуова, Ә.Манапов, А.Бұлғақов, Е.Асқаров, Н.Тоқтасынова сияқты халық жүрегінен орын алған «от ауыз, орақ тілді» суырыпсалма ақындар айтыстың көшін ары қарай жалғады. Бұл ақындардың өлеңдері де әлеуметтік мазмұнының өткірлігімен, көркем тілдің құнарлығымен, суырып салмалықтың озық үлгісімен ерекшеленді[4].



Ұлт руханиятының негізгі тетіктерінің бірі – дін мәселесі. Қазақ халқы үшін ислам қағидаларын насихаттау, қоғамдық маңызды шаралардың бірі. Ислам дінінің бірнеше ағымдарға бөлінуі халық арасында қоғам үшін аса алаңдаушылық жағдайларды туындатты. Осы ахуалды дер кезінде бағамдап, қоғамға қозғау салар ой айтқан Айбек Қалиев ақын Мэлс Қосымбаевпен айтысында былай деп жырлады:

*«...Бір намазды бес қазақ бес түрлі оқып,
Дінімнің де жағдайы бүгін қайғы.
«Колорадо қлңызындай» миссионерлер,
Елімде сайран салып жымыңдайды.
Осыны заң жүзінде тоқтатпасақ,
Сектадан секта туып құлындайды.
Өйте берсек бар қазақ шоқынды боп,
Тас құдайдың жанында қыбырлайды...»*

Туған тілдің болашағына деген алаңдаушылық ақындар жырының басты тақырыбына айналды. Сара Тоқтамысовамен болған сөз сайысында Көкшетаулық ақын Арман Бердалин тіл туралы толғанысын былайша өрбітеді:

«... Ең басты мәселе боп тұрған қазір,
Ана тілі- қазақ тілі құрып жатыр.
Өз тілін ,діліменен білмес жастар,
Бағытын батыс жаққа бұрып жатыр.
Шоқынса да біз қазір таң қалмаймыз,
Осылай тығырыққа тығып жатыр...»

Ана тілдің қадір-қасиеті ұлт тарихымен сабақтастырыла қарастырылып, уақыттың келеңсіз көріністері барынша әшкереленіп отырды. Ана тілдің уызына жарымай өскен ұрпақтың төл тарихтан, дәстүрден, тәрбиеден, әдебиет пен ұлттық мәдениеттен ада болып өсетіндігін айтыс ақындары жеріне жеткізіп жырлады.

Қазіргі айтыста орны бөлек,шындықты бүкпесіз жайып салатын,халықтың қамқоршысы - Ринат Зайытов айтыстарының басты тақырыбы – билікке уәж айту: Сол Астана неге осы тойлай береді?

Қит етсе, шашты сәндеп тарайсыңдар.
Сан жұртты жинап алып, саммит жасап,
Бюджеттің қазынасына қарайсыңдар.
Сол саммитте балконға шықпаңдар деп,
Қараша жұртты үйге қамайсыңдар.
Жыл сайын қала күнін жасаймыз деп,
Шетелдің әртістерін санайсыңдар.
Олардың гонорарын төлеу үшін
Көзді тағы біздерге қадайсыңдар.
Айлықтан ақшамызды ұстап қалып,
Қарапайым халықты қанайсыңдар.
Іштерің пысып жатса, той табылмай,
Тағыда календарьға қарайсыңдар.
Осы бастан айтып қой,айналайын,
ЭКСПО-да қаншадан тонайсыңдар? [5]

Айтыс өнерінің ақтаңгері, замана шындығын ащы айтатын ақын Айбек Қалиев айтыстарында билікке дат айтқан:

Балғынбек досым аса қымбаттым, Елімнің мұңы жаныма батты.
Өзекті өртеген өкініш У-ы,
Асау кезеңдей арыны қатты.
Ислам иман дінімді саттым,
Аяулы ана тілімді саттым.
Келешегімді шетел асырып,
Қарындасым мен інімді саттым.
Мұнай мен көмір, темірді саттым, Бабадан қалған жерімді саттым.



Айтыс түйіні — шындық. Қандай жүйрік, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындыққа негізделген аталы сөзге тоқтап, бас иетін

болған.Қазақ тұрмысында ақындар айтысы жүйрік аттардың бәйгесімен бірдей болған. Ел дәстүрі бойынша жарысқа түскен жүйрік те, айтысқа түскен ақын да өз намысы емес, белгілі бір аймақтың, рудың намысын қорғаған.Айтысатын ақындардың барлығы да өз руын мақтап, байлығын, мырзалығын, сән-салтанатын дәріптеп, қарсы рудың жаман әдеттерін жіпке тізіп, кемшілік міні ретінде айтып, бетке басуға тырысқан.Айтыс ақындардан тапқырлықты, білімдарлықты, сергек сезімталдықты және өзгеге ұқсамас өзіндік ерекшелігін талап еткен.

Айтыс- шешендік сөз сайысы, тәрбие мектебі, тапқырлықтың тұғыры болып ерекше бағаланады.Бүгінгі күндегі айтыстың өзіне де, оны таратушы ақындар мен айтыстың өту шарттарына да көптеген өзгерістер енгізілді. Кешелі-бүгінгі айтыстағы ақынның мақсаты бірдей болғанмен, айтысудың жолдары өзгерді.Бүгінгі айтыс - теледидарда өткізілетін«шоу-бағдарлама». Айтысты заман талабына сай шоу-бағдарлама қылып өткізудің арқасында, айтыс өнері үлкен қауымға таралып, жанкүйерлер санын көбейтуге ықпалын тигізеді. Ғасырдан ғасырға, атадан балаға және заманнан заманға ұласып келе жатқан мәдени мұрамыз — айтыс өнері — өз бойына өнердің бірнеше түрін қамтыған синкретті жанр ретінде жас ақын-жыршылардың қабілетін дамытатын, еркіндігін тәрбиелейтін, рухани байытатын тәжірибе мектебі.Қаншалықты заман өзгермесін, қандай жағдай болмасын,ұлттық құндылығымызды өшіріп алмай, келесі ұрпаққа жеткізу мына біздің адамзаттық борышымыз!Айтыс бүгінгі тыңдарманның дүниесі ғана емес, ертең келер ұрпаққа керек мұра.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. «Әр жылдар ойлары». — Алматы, 1959. — 555 б.
2. Асанов К.Д. «Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты».Электронды оқулық.-272б
3. [<http://kozhalar.kz/20174570-shortanbaj-men-orynbaj-aqyn-ajtysy>]
4. Қажыбаева Ж. «Айтыс – ғасырлар жемісі, ұлттық құндылық.» 2017-bilim-all.kz/article/5157
5. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_aitys_rinat_zaitov/28042666.html

УДК 539.42

Жайдарбекова Мадина

«Заңтану» мамандығының студенті

«Тұран-Астана» университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық және тіл пәндері кафедрасы

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Email: musabalinam@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. доцент Рахимбаева Г.К.

Email:grk_15@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ЭЙДОС–КОНСПЕКТІНІҢ ӨЗІНДІК ОРНЫ (Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы негізінде)

РОЛЬ ЭЙДОС КОНСПЕКТА В РАЗВИТИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ (по роману А.Нуршайыкова «Годы радости и любви»)

ROLE OF EIDOS-NOTES IN CRITICAL THINKING OF STUDENTS (over A.Nurshaikov's novel «Love, beloved years»)

Аннотация. Мақалада студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытудағы эйдос-конспектінің рөлі талқыланды. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы бойынша нақты мысалдар келтіріліп, көркем шығарманы талдау барысында эйдос-конспектіні қолданудың тиімділігі дәлелденген.

Түйінді сөздер: роман, автор, идея, эйдос-конспект, сурет, студент, қабілет, дағды, креатив, талдау.

Аннотация. В статье рассматривается роль эйдос-конспекта в развитии у студентов навыков критического мышления. Были приведены конкретные примеры по роману Нуршаихова «Годы

радости и любви», в ходе анализа художественного произведения доказана эффективность использования эйдос-конспекта.


Ключевые слова: роман, автор, идея, эйдос-конспект, рисунок, студент, способности, навыки, креатив, анализ.

Annotation. The article deals with the role of Eidos-abstract in the development of students' critical thinking skills. Specific examples of Nurshaikhov's novel «Love, beloved years» were given, the analysis of the work of art proved the effectiveness of the use of Eidos-abstract.

Keywords: the novel, the author, the idea, the Eidos, the abstract, figure, student, abilities, skills, creativity and analysis.

Оқырман қауымға «Махаббат, қызық мол жылдар» сияқты мәңгілік туынды жазып қалдырған Әзілхан Нұршайықов Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы тұлғалар дүниеге келген Шығыс Қазақстан өңірінің тумасы. Жазушының аталмыш туындысы оқырман қауымның, әсіресе жастардың сүйіп оқитын махаббат гимніне айналды десе де болғандай. «Шығармаларымда еңбек пен ерлікті, махаббат пен достықты жырладым» деп автордың өзі айтқандай бұл шығармаға екі жастың махаббаты арқау болған. Автор соғыстан дін аман оралған бас кейіпкер Ерболдың өмірін, университетте оқып жүрген кезеңін, сезімін, ішкі толқынысын, ойларын оқырманға еш бүкпесіз, ашық жеткізеді. Шығармада Ерболдың 33-аудиторияда көп қыздардың ортасында өзін әдемі гүл бағында отырғандай сезінуі, мың бұралған қыздардың ұзын бұрымдарына сүйсінуді, айналасынан көптеген достар мен мәңгілік махаббатын табуы, өзіндік өмір жолы шынайы жеткізілген.

Шығарманы жазудағы автордың негізгі мақсаты – Ербол мен Меңтайды сыпайы жігіт, білімді қыз ретінде ғана сомдап қоймай, игі қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре білген парасатты, ақылды екі жас арқылы болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге көрсету, адамгершілік қасиеттерді насихаттау. «Апамның айтқандары», «Өз ойларым», «Алтын дінгек» сияқты нақылға толы тараулар жоғарыда айтылған ойды толықтыра түсу үшін қосымша ретінде енгізілген. Қаламгер бас кейіпкер Ерболды соғыста нағыз батыр, еңбекте ер ретінде, ал Меңтайды қазақтың әдемі, ақылды, білімді, парасатты, сыпайы қызы ретінде сомдады. Осындай толыққанды кейіпкерлері арқылы адамзатқа тән мәңгілік махаббатты өзек еткен бұл шығарма кезінде қалың оқырманның тұмарына айналса, бүгінгі жас ұрпақтың да жүрегің жаулап, жаның тербеп, сүйікті шығармасы ретінде қабылданды. Мен аталмыш шығарманы эйдос-конспект негізінде талдап көруге ұмтылдым (№ 1 кесте).



1 кесте. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы негізінде жасалған эйдос-конспект

Eidos (ежелгі грек сөзі, eidos – сыртқы келбеті, көрінісі, бейнесі деген мағынаны береді, ежелгі философия мен әдебиет термині бастапқыда «көрінетін» дегенді білдірген, кейіннен «рефераттың нақты көрінісі» деп те қалыптасты.

Орта ғасырлық және қазіргі философияда тұжырымдаманың түпнұсқа семантикасын түсіндіретін категориялық құрылым бар. Eidos – ежелгі философия термині болып табылады, бұл «көрнекі түрде берілген нақты көріністі» білдіреді. Эйдос конспект көбіне жоғары оқу орындарында студенттерге тақырыпты ашуға және тереңдетіп түсіндіру мақсатында қолданылады. Эйдос конспектіде оқыған шығарманың желісі теңеу мақсатында айқындалады. Әдетте студенттер бұл конспектіге басты кейіпкерді белгілі бір құбылыс, т.б.-ларға теңеу арқылы кейіпкердің шығармадағы

мінез-құлқын ашады. Мысалы жағымсыз кейіпкерді ашулы бұқаға немесе жыланға теңейді. Яғни теңеу арқылы оның образындағы оқырманға белгісіз жақтары ашылады.

Мен туындыны оқып, талдау барысында Меңтайдың образын гүлге теңедім. Себебі, оның бойындағы қасиеттер өте жағымды. Гүл – сұлулық символы, сондықтан сұлу қызды әдемі гүлге баладым. Адам әр бір әдемі гүлді көргенде сүйсініп, ерекше сезімге бөленеді. Гүл– сезім мен эмоцияны білдірудің жолы әрі рухты көтерудің бірден-бір тәсілі.

«Меңтайдың шынашағы аппақ, жұп-жұмыр екен. Одан озыңқы өзге саусақтар әсемдігі, әдемілігімен жан күйдіреді. Оның ақ саусақ, ақ білек, ақ мойнына көзім түскен сайын буын-буыным құрып, безгекке ұшырағандай бойым қалтырырай түсті» [1].

Меңтай да гүлдей әдемі, нәзік және де адамгершілігі мол, ақылды, сабырлы, өнерлі. Оның бейнесі осындай өзіндік ерекшеліктерімен баурап алып, адамға рух береді.

Ал Ерболдың бейнесін тауға баладым. Себебі тау – қорған. Ал Ербол Меңтайдың қорғаушысы. Екеуінің махаббаты өсіп келе жатқан гүлге тең. Автор романда кейіпкерлердің бейнесін сипаттау арқылы түсіндіреді. Мұндай сипаттау арқылы эйдос конспектіні орындау оңтайлы. Себебі, алдын-ала берілген мағлұматтар арқылы кейіпкер бейнесін ашу оңайға соғады.

Эйдос конспект студентке тақырыпты кеңінен ашып, оның желісін креативті түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Студенттердің көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттырып, шығарманы түсінуге, талдауға көмектеседі. Сонымен қатар студенттердің өз ойларын еркін, бейнелі түрде жеткізіп, тұжырым жасауға, өзгелердің ойларына сыни тұрғыдан қарай білуіне және пікір таластырып, бір-бірінің ойын бағалауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелейді. Эйдос-конспект студенттердің сыни тұрғыдан ойлау дағдысын арттыра отырып, көркем шығармадағы ақпараттарды жинақтай отырып, түйіндей білуге, сонымен қатар танымдық ойлау үрдісінің артуына, көркем шығармадағы өзекті мәселені дөп басып, талдауға және тың идеялардың туындауына негіз болады.

Әдебиеттер:

1. Нұршайықов Ә. Махаббат, қызық мол жылдар.
2. https://adebiportal.kz/kz/books/view/mahabbat_kizik_mol_zhildar__1102

УДК 37.015.3

Жаупова Саягуль

*Магистрант кафедры «Социально-гуманитарные и языковые дисциплины»
Университет «Туран-Астана»,
г. Астана, Республика Казахстан
e-mail: saya_zhakipova@mail.ru
Научный руководитель: Айкенова Р.А.,
e-mail: ryskeldy.aykenova@mail.ru*

РОЛЬ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В ЖИЗНИ ОБЩЕСТВА НА ОСНОВЕ МУЗЕЙНОЙ ПЕДАГОГИКИ

МҰРАЖАЙЛЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕГІ РУХАНИ МҰРАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ РӨЛІ

THE ROLE OF CULTURAL HERITAGE IN THE LIFE OF SOCIETY ON THE BASE OF MUSEUM PEDAGOGY

Аннотация. В статье рассмотрена проблема национальной культуры, духовного образования человечества. Подчеркивается, что музей является сложным феноменом, базой эмоционального постижения истории и современности.

Ключевые слова: национальная культура, сложный феномен, материальная и духовная деятельность, социокультурные условия.

Аннотация. Мақалада ұлттық мәдениет, адамзаттың рухани білімі туралы мәселе қарастырылған. Мұражайдың күрделі феномен болып табылатынына және тарихи, заманауи мәселелердегі эмоциялық жетістіктерге баса назар аударылған.

Түйінді сөздер: ұлттық мәдениет, күрделі феномен, рухани және материалдық қызмет, социомәдени жағдай.

Annotation. The article deals with the problem of national culture, spiritual education of mankind. It is emphasized that the museum is a complex phenomenon, the basis of emotional comprehension of history and modernity.

Key words: national culture, a complex phenomenon, material and spiritual activity, socio-cultural conditions.

Достигнутый уровень культуры общества определяется качественной характеристикой его жизнедеятельности. А жизнедеятельность общества зависит от его трудоспособности, политической обстановки, экономического состояния, этических правил, эстетики, семьи, существующих конфессий и др.

Какую важную роль играет культура в жизни человека и общества, когда она выступает средством аккумуляции, хранения и передачи человеческого опыта? Можно ли жить полноценной жизнью человеку и чувствовать себя личностью.

Не вдаваясь в подробности значения термина «культура», скажем, что в современном понимании данное слово отождествляется с театром, литературой, музыкой, живописью, модой, архитектурой, танцами, кино и т.д.

Как видим, *культура* - абстрактный феномен, который нуждается в самых разных дефинициях. Имеется около пятисот дефиниций культуры и нельзя сказать, что они все правильные, так как это очень емкое понятие. Данная проблема достаточно изучена в науке, поэтому мы остановимся только на определении, что культура - это чувство меры во всем.

Культура представляет собой определенную знаковую систему, без изучения соответствующих знаковых систем овладеть ее достижениями нереально. Любой язык является средством коммуникации людей, выступая в качестве важнейшего средства овладения национальной культурой.

Существуют специфические языки, которые нужны для познания мира музыки, живописи, театра. Естественные науки также располагают собственными знаковыми системами. Культура владеет определенной системой ценностей, формируя у человека определенные ценности по потребностям и ориентации. Степень культурности человека определяется по его нравственному и интеллектуальному содержанию и выступает критерием его воспитанности и интеллектуальности.

Э. Дюркгейм и М. Вебер считали, что именно культура играет определяющую роль в жизни общества, ибо она единственно обеспечивает его целостность и развитие, оказывает существенное влияние на все сферы общественной жизни.

Поэтому сохранение культурного наследия через отрасль музееведения играет немаловажную роль. Человек в процессе социализации, овладении знаниями, языком, ценностями, нормами поведения, обычаями и традициями своего народа становится членом общества. Уровень культуры социума определяется приобщением к культурному и историческому наследию, а также уровнем развития индивидуальных возможностей. Культура личности отождествляется с формированием творческих способностей, его интеллектом, пониманием искусства, овладением языками, воспитанностью, самообладанием, высокой нравственностью и т.д.

Культура представляет собой сложную знаковую систему, передает социальный опыт от поколения к поколению, от эпохи к эпохе. Кроме культуры, общество не располагает иными механизмами сосредоточения всего богатства опыта, который был накоплен людьми.

Следовательно, культура является социальной памятью человечества, а музей является хранителем его культуры, носителем накопленного культурного наследия. Культурное же наследие в жизни нашего общества определил особую роль музеев как хранителей национального достояния, несущие ответственность перед обществом за его сохранение, как коллективную память человечества.

Поэтому музей является носителем национальной культуры, носителем духовной образования человечеству. Именно музей является базой для наглядного эмоционального постижения истории и современности, в нем хранятся музейные коллекции, которые раскрывают многообразие материальной и духовной деятельности человека и окружающую его среду. Музей дает возможность

изучать историю народа, популяризуя те или иные национальные традиции и обычаи, забытые временем.

На этой основе значительный интерес представляет проблема становления нового понятия «музейная педагогика».

Музейная педагогика - отрасль музееведения, появившаяся на стыке музееведения, педагогики и психологии, черты теории и методики, её тесные связи с практикой и имеющая тенденцию к появлению новой научной дисциплины. Данное понятие появилось в 1980-90-ые годы в России, которое обозначало практическую культурно-образовательную деятельность музеев.

Предметом изучения данной научной дисциплины является исследование закономерностей, принципов, технологий, методик, которые должны быть применены в работе музея со своей аудиторией. Её главным объектом является рассмотрение культурно-образовательных аспектов музейной коммуникации, то есть разнообразие диалоговых процессов, формирование креативной личности, способной стать активным участником общения.

Таким образом, музейная педагогика тесно связана с теорией музейной коммуникации, педагогикой и психологией. Связь с общей педагогикой музейной педагогики проявляется в обобщении опыта, прогнозировании новых технологий, создании музейно-педагогических программ. Междисциплинарный характер музейной педагогики и психолого-педагогических дисциплин наблюдается в использовании тождественных понятийных категорий, например: «*музейный предмет*», «*музейная культура*», «*музейная коммуникация*», «*воспитание*», «*дидактика*», «*музейное образование*», «*музейный педагог*», «*визуальное мышление*».

В настоящее время для любого музея ключевой проблемой является определение его места в обществе, роль в системе культурно-образовательных и научно-исследовательских учреждений. В Музее Библиотеки Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, в котором работаю, является частью социальной структуры нашего общества.

Мы стараемся учитывать динамично меняющиеся социокультурные условия, определяя задачу соответствия новым требованиям в сфере культуры и образования, стремимся внести в образовательную деятельность передовые методики, современные инновации. Главная задача состоит в освоении инновационных коммуникационных технологий для выполнения концепции развития, а также тенденции развития музейной педагогики.

Музей является достоянием нации, статус которого достаточно высок, так как он служит формированию его гражданской позиции, определенных жизненных приоритетов, приобретению нравственных убеждений, становлению моральных норм и развитию духовных ценностей. Музей положительно воздействует на формирование личности, содействует его нравственному росту.

Понятие «музейная педагогика» было сформировано и введено в научный оборот в начале XX века в Германии. Его разработка связана с именами А. Лихтварка, А. Рейхвена, Г. Фройдентала и др. Основная задача музейной педагогики направлена на решение проблемы активизации творческих способностей личности, развитие проблем музейной коммуникации. В связи с этим разрабатываются разные методы общения с посетителями для изменения их роли и отношения к музею.

Учитываются идеи дифференцированного подхода к различным категориям посетителей, однако основное внимание сосредоточено на детской и подростковой аудитории. Это связано с воспитанием молодого поколения, приобщением к музею и его культуре, а также с тенденцией перехода от единичных и эпизодических контактов с ними к созданию многоступенчатой системы музейного образования.

Культурно-просветительская деятельность музея также направлена на образовательную программу, связанная с широким внедрением инновационных интерактивных технологий, методов обучения и воспитания музейными средствами, показ успехов страны и признание нашего государства на мировой политической арене.

Необходимость культурно-просветительской деятельности музея, знание своей культуры сплавивает общество, интегрирует их, обеспечивая его целостность. Следовательно, общество интеллектуально, воспитано настолько, насколько полно использует богатейшие знания, содержащиеся в культурном генофонде человечества. Особенностью всех типов общества, живущих на Земле, является существенное различие, именно по этому признаку. Различие в сфере труда, быте, межличностных отношениях в культуре оказывает определенное влияние на поведение личностей, регулируя их действия.

В этом немалую роль выполняют *функции культуры*.

1. *Образовательно-воспитательная* направлена на социализацию личности. Цель данной функции - это образование, воспитание, т.е. овладение определенными знаниями, языком,

символами, ценностями, традициями своей социальной группы и всего человечества. В данном случае уровень культуры личности определяется степенью приобщения человека к культурному наследию, а также формированием индивидуальных способностей.

2. *Интегративная-деинтегративная* функция культуры означает, что в результате освоения культуры у индивидов одного сообщества появляется чувство общности, принадлежности к одной нации, народу, религии, группе и т.д. Культура сплавивает их, интегрируя, обеспечивая целостность сообщества. Однако основа одной культуры противопоставляется другому сообществу, объединенному на основе иной культуры, наоборот культура разъединяет, что может служить причиной культурных противоречий и конфликтных ситуаций.

3. *Регулирующая* направлена на соблюдение чувства меры, правилах и нормах поведения, в которых живет и работает индивид. Именно эти функции заставляют человека соблюдать систему нормативных предписаний и норм запретов. Они служат критериями определения наказания или награды.

Резюмируя вышесказанное, определяем, что система культуры сложный феномен, который многообразен и подвижен. Культура – это живой процесс, судьба народов, она в постоянном движении, развитии, изменении. Культура – одна из составляющих жизнедеятельности общества в целом, а также взаимосвязь всех субъектов общества: индивидов, социальных общностей и институтов.

Литература

1. Андреев А.Н. Культурология. Личность и культура. - М., 1998.-238с.
2. Арнольдов А.И. Введение в культурологию. - М., 1993.-180с.
3. Маркова А.Н. Культурология.-М., 1995-225с.
4. Ревская Н.Е. Культурология. Конспект лекций. - М., 2001.-189с.
5. Соколов Э.В. Культурология. - М.: Интерпракс, 1994.-145с.

УДК 539.42

Жумабаева Айдана

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-ші курс студенті

«Тұран-Астана» университеті

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: zhumabaeva.ajdana@list.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.

e-mail: grk_15@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНГЕ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЖАСАУДА ЭЙДОС-КОНСПЕКТИНІҢ РӨЛІ

(М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде)

РОЛЬ ЭЙДОС-КОНСПЕКТА В ЛИТЕРАТУРНО-ТВОРЧЕСКОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

(на основе рассказа М.Ауэзова «Судьба беззащитных»)

THE ROLE OF IDES IS OUTLINE IN THE LITERARY INTERPRETATION OF A LITERARY TEXT

(based on M. Auezov's story " the Fate of the defenseless»)

Аннотация. Мақалада М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі эйдос-конспект негізінде жан-жақты талданған. Көркем мәтінге әдеби-шығармашылық интерпретация жасауда эйдос-конспектінің рөлі айқындалған.

Түйінді сөздер: Интерпретация, эйдос-конспект, Әуезов творчествосы, ғалым, зерттеу, мақала, идея, шеберлік, образ, әсер.

Аннотация. В статье анализируется рассказ М.Ауэзова «Қорғансыздың күні» на основе эйдос-конспекта. Определена роль эйдос-конспекта в литературно-творческой интерпретации литературных текстов.

Ключевые слова: Интерпретация, эйдос-конспект, творчество Ауэзова, ученый, исследовать, статья, идея, мастерство, образ, впечатление.

Annotation: The article analyzes the story of M.Auevov “Korgansyzdyn kuny” based on the eidos-conspect. The role of the eidos-conspect in the literature and creative interpretation of literature texts is defined.

Keywords: interpretation, eidos-conspect, Auevov`s creativity, scientist, research, article, idea, skill, image, impression.

М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінің 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 3-4 сандарында «Арғын» деген бүркеншік атпен жарияланғанын біреу білсе, біреу білмес. 1922 жылы Орынборда «Қорғансыздың күні» деген атпен кітап болып шыққан еді.

М.Әуезовтанушы ғалымдардың бірі – Айдын Нұрқатов екені белгілі. Ол өз зерттеулерінде Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі туралы сөз қозғаған. Ғалым: «Жазушының прозалық тұңғыш шығармаларының бірінен саналатын «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі төңкерістен бұрынғы қазақ ауылының өмірінен алынған аса бір ауыр шындықты, адамның жаны түршігерлік сұмдықты баян етеді. Автор оқушыны, ең алдымен, оқиға өрбігелі тұрған жердің жағдайымен, суретімен таныстырып алады. Арқалық тауынан аса соққан азынаған сарнауық жел де, ұйтқи соққан ақ түтек боран да, ішке бүккен арам ойларын өзара ишарамен ұғынысып келе жатқан жат пішінді екі жолаушы да, «иесіз аңырап ұмытылып қалған бірдеңе секілді» ескі қора да, одан жарты шақырымдай жерде басы қара қожалақ болған кішкене төмпешіктің үстінде томпайып жатқан «бір үлкен кісінің, бір баланың бейіті» де – барлығы да болғалы тұрған бір сұмдықтың, қайғылы оқиғаның жаршысындай сезіледі», - дейді [1].

Сөйтіп, жазушының адам тағдырын, оның іс-әрекетін реалистік жағдайда тұтас алып суреттеуге ұсталығы, оның мәдениеті жоғары әдебиет дәстүріне ден қойғандығы, суреткерлік алғырлығы бұл шығармада айқын белгі берді.

Әңгімеде қарама-қарсы тұрған екі дүние бар. Бірі – Ақан, Қалтайлар өкілдері болып табылатын жыртқыштық, өктемдік дүниесі, екіншісі – Ғазизалар арқылы бейнеленген қорғансыздар дүниесі. Надандық пен тағылық жайлаған ескі ауылда мұндай қорғансыздардың көрген күні осы болатын. Олар «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кете баратын. Осы тұрғыдан алғанда Ғазизалар өздерінің рухани пәктігімен де, жан қуатымен де, аянышты тағдырымен де сол қорғансыздардың жинақты бейнесі есепті.

Жазушының осы тұңғыш прозалық шығармаларының өзінен-ақ реализмнің өзгеше бір сипаты анық байқалады. Бұл – оның ащы шындықты ақтара ашуға ұмтылуы және қарапайым жандардың талайсыз тағдырына селт еткіш сезімталдығы, тебірене іш тартуы. Оның мұндай шығармаларының оқушы көкірегін де қарс айырып, еріксіз байлап алатын тылсым күші осында.

М.Әуезов «Қорғансыздың күні» әңгімесінде қозғаған тақырыбына, яғни қазақ әйелінің аянышты тағдыры жайына кейін де талай рет оралды.

Бұл әңгімені жазған кезде Әуезов орыс жазушыларының шығармаларымен жақсы таныс болатын. Осы тұста ол қазақ халқының өткендегі әдеби мұраларынан ғана сусындап қоймай, орыс әдебиетінен үйренуге де бет бұрды. Соның нәтижесі болу керек «Қорғансыздың күнінде» Карамзиннің «Бейшара Лизасының» аздап та болса әсері барлығы сезіледі. Бірақ М.Әуезов орыс жазушысына жалаң еліктемейді. Әңгімеде бейнеленген шындық нағыз қазақ өмірінен алынған, оның кейіпкерлері де – нағыз қазақ адамдары. Сондай-ақ, соларды суреттегенде жазушы да өз қаламының ізінен танбайды. «Қорғансыздың күнін» шерменде болған шерлі жандар жабындағы қасіретті, азалы күй деп атаса да болғандай.

Міне, Айдын Нұрқатов Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі жайлы зерттеулер жүргізіп, осындай тұжырым жасаған екен. М.Әуезов шығармашылығын жан-жақты терең зерттеген. Байқағанымыздай, ол жай ғана зерттеп қоймай, өзге жазушылардың шығармаларымен салыстыра отырып зерттеген, ерекшеліктеріне көңіл бөлген.


Академик, жазушы С.Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесінен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді», - деп, М.Әуезов шығармашылығын мейлінше әділ де тура бағалаған еді [2].

Осы бағаны М.Әуезовтің алғашқы кезеңдегі шығармаларының ең үздік, ең таңдаулыларына тұтастай арнауға әбден болады. Сонымен бірге бұл шығармаларда заңғар жазушымыздың кейін кемеліне келген ұлан-ғайыр творчествосының алғашқы бұлақ бастауы, оның шабытты өнерінің үдеп өскен жолдары, із-бедерлері бар.

«Қорғансыздың күні» оқырманның көз алдына байырғы қазақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр тереңінен қопарып әкеліп, бейшара қорғансыз жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпашылықты аса шыншылдықпен әсерлі баяндайды. Жазушы өмір шындығын, заман сипатын, адамның тіршілік-тынысымен байланыстыра, сабақтастыра шебер әңгімелеп жеткізеді. Оқиға басталғаннан-ақ оқушыны қорқынышты бір үрей сезімі билейді. Тағдыр тауқыметін арқалаған жүдеу үйдегі соқыр әйел, кәрі әже, жас қыздың зарлап қалуы кімді болса да тебірентпей қоймайды.

Тек Ақан сияқты қатыгез жауыз болыс қана міз бақпай, өзінің айуандақ бетпердесін біртіндеп ашады, қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкереленеді. Жас қызды зәбірлеп, зорлық көрсетуі Ақанның азғындығын, адамгершіліктен жұрдай екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ оқырман Ақан мен Қалтай сияқтылардан ешқандай жақсылық күтуге болмайтынын түсініп, ұғынады. Қорлыққа жаны төзбеген, жауыздықтың құрбаны болған Ғазизаның әкесінің моласына барып үсіп өлуінің себебін жазушы өте анық та дәл, шебер суреттейді. Қыздың адам айтқысыз озбырлық, қорлыққа шыдамай, боранға ұрынып, үсіп өлгені айтылған.

Көркем ой дегеніміз – адамның өзі жеткізгісі келетін нәрсені қағаз бетіне жақсылап түсіру. Яғни, өз ойыңды көркем де бейнелі түрде жеткізе білу. Ойды бейнелеп, көркем етіп жеткізуде, әдеби шығарманы түсініп, талдауда эйдос-конспектінің көмегі зор (№ 1 кесте).



1 кесте. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде жасалған эйдос-конспект

Эйдос-конспект – көріп, оқып, білгенді қысқаша суреттеп баяндау, яғни студенттен берілген тапсырманы талап ету. Оқыған туындысы жайлы қалыптасқан ойы қандай екендігін білу.

Эйдос-конспект жасау арқылы студенттің шығарманы қаншалықты түсінгендігін көруге болады. Шығармадағы көркем образды қалай елестетенінін көре аламыз. Осы жерде әдеби кейіпкер туралы ақпарат бере кетелік. Көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам - әдеби кейіпкер. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар, өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де анық байқататындай етіп суреттейді. Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндегі көптеген жекелік сипат-белгілер өзінің даралық, нақтылық қалпын сақтай отырып, типтік мағынаға да ие бола алады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін, негізгі тұлға басты кейіпкер болады. Сонымен қатар, бір шығармада бірнеше басты кейіпкер болуы мүмкін емес.

Эйдос-конспект жасау арқылы студент, ұстаз және автордың арасында шығармашылық диалог орнатуға болады. Эйдос-конспект жасағанда біз әдеби кейіпкерді қалай қабылдағанымызды, ол туралы көркем ойымызды жеткіземіз.

Эйдос-конспект оқырманға шығарманы тереңірек талдап, тануға септігін тигізеді. Осылайша, эйдос-конспект күрделі образды тануға септігін тигізіп, шығарма бойынша туындаған кейбір мәселердің жауабын табуға көмектеседі немесе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пікірталастырып, көзқарастарын білдіруге әсерін тигізеді.

Эйдос-конспект жазбаларын пайдалану қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тілдің негізгі бейнелі және мәнерлі тұстарыноқып үйренуге негізделген. Бұл – қиялды дамытады, көркем сөйлеуге баулиды, тілдің көркемдік ролін және бейнелілігін түсіндіруді талап етеді. Мәтінмен жұмыс істеуді үйретеді.

Эйдос-конспект туралы студенттің жеке өз ойын білу үшін оқытушы өз конспектісін студентке ұсына алады, сол кезде студентпен оқытушы арасында келіспеушілік туындауы мүмкін,оның себебі әркім өз эмоциясы мен жүрек қалауы бойынша қабылдайды және соған байланысты тұжырым жасайды. Бұл кезде өз пікірінді нақты аргументтер арқылы дәлелдеп отыру керек, сонда ғана өз ойыңды сенімді етіп жеткізесің.

Эйдос-конспектіні дайындау үй тапсырмасы болуы мүмкін,оның мақсаты – оқығаныңа бейнелі де, көркем түсінік беру.

Осылайша, эйдос-конспект оқыған шығарманы жан-жақты зерттеп, шығармашылық жоба ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әңгімені оқығаннан кейінгі алатын әсер әркімде әр түрлі. Мысалы мен Ғазизаның қысқа да бақытсыз ғұмыры үшін қапаландым. Автор бұл жерде әр ғасырдың сұм адамдары, қой терісін жамылған қасқырларды әшкерелеп отыр. Ал Ғазизадай бейкүнә қорғансыз қалған бейбақтардың тағдары қашан да сондай әділетсіз болатынын көрсетіп тұр.

Реті келгенде М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде жасалған эйдос-конспект бойынша өзіндік ойыммен бөліспекпін.

Менің қиялымда Ақан мен Қалтайдың бейнесі арам түлкі мен сұм суыр кейпінде қалыптасты. Жекелеп айтатын болсақ, Ақан – қайырымсыз түлкі, себебі сол үйдің адал дәмін татып отырып, ауыр тағдырын көре тұра арсыздыққа бой алдырды.

Қалтай –пысық суыр, яғни ол өз кезегінде жұмысынан айырылып, Ақанмен достығын сақтап қалу үшін Ғазизаға аяушылық танытпай, торға өз қолымен түсіріп берді .

Сөйтті де, істерін бітіріп алған соң, екеуі де түк болмағандай жайлы орындарына жатып, ертеңгісін жол жүріп кетті. Ғазизаның күйін бір сәтке де ойламады. Байғұс қыз болса бұндай мазақтан кейін өмір сүрудің мәнін көрмей, сорлы анасы мен әжесінің қал-жағдайын ойласа да, ары айғыздалған азапқа төзбей, боранды түнде әкесі мен інісінің бейітінің басына барып жан тәсілім етті, сөйтіп ол «ғазаптан, қайғыдан, жауыз зұлымдықтан құтылады» .

Реті келгенде интерпретация термініне жеке тоқтала кететін болсақ, ол – түсіндіру деген мағынаны береді, құбылыстың мағынасын түсіндіру, айқындау, синоним арқылы түсіндіру процесі. Интерпретация – сондай-ақ әртүрлі ғылымдарды зерттеудің әдісі болып табылады, мысалы: математика, лингвистика, психология, философия, әдебиет.

Әдебиетте шығарманы интерпретациялау автордың жазған ойын талдап, жасырын ойды түсіну үшін қажет.

Бір мәтінді бірнеше рет әртүрлі жолмен түсіндіруге болады, сондықтан түсіндірудегі объективтілік аса маңызды емес. Интерпретатор шығарманы түсіндіруде үлкен әсер етеді, себебі түсіндірудің барлық маңызы оның көзқарасына байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, интерпретациялау шығарма тиесілі дәуірге де байланысты.

Мәтінге интерпретация жасаған адам ескі ғасырда өмір сүрген болса, оған сол дәуірдің әлеуметтік, тарихи оқиғалары әсер етіп, оның түсінінігінде және интерпретация жасағанда соның бәрі көрініс табады. Ал қазіргі заманғы интерпретаторды алатын болсақ, оның дәл сол шығармаға көзқарасы мүлде өзгеше болады, ол шығарманы заманға сай түсініктер бойынша талдап береді. Ол шығармада өзінен бұрынғылар көріп, аша алмаған нәрсені бізге жеткізеді, оның артықшылығы шығармаға басқа көзбен қарауында. Дегенменде, белгілі бір автордың шығармасын қай дәуірде зерттесе де, дәл сол автордың шығармадағы нақты мағынасын ешкім ешқашан дәл таба алмайды, себебі ол автордың сол шығарманы жазып жатқан кездегі күйі мен қоршаған ортасына байланысты. Шығармадағы нақты мағынаны табуға кішкене болса да жақындау үшін автордың биографиясымен танысқан жөн.

Әдебиеттерді интерпретациялау түрлі тарихи кезеңдерде өзіндік сипаттамаларға ие.и Антикалық дәуірде әдеби шығармалардағы метафораларды, аллегориялардың мағынасын ашып түсіндіру үшін қолданылған.Ол жалпы мәтінді ғана емес, сонымен қатар мәтіндегі элементтер арасындағы қарым-қатынасты да түсіндірген.

Жаңа ғасыр дәуірінде интерпретациялаудың мәні кеңейе түсті, ол философиялық бағытқа ие болды және әртүрлі бағыттарда қолданыла бастады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, интерпретацияның ғылыми әдісі әдебиетте анықталған жоқ дей аламыз. Шығарманың мәні интерпретатордың өз құндылық жүйесі арқылы түсіндіріледі, түсіндіру жолын ол өзі таңдайды.

Эйдос-конспекті мен интерпретацияның ұқсастығы бар, ол – шығарманың мән-мағынасын ашып, түсіндіріп, талдап беруінде. Дәл осы қасиеттері арқылы біз оқылған шығарманы тереңірек

түсіне аламыз. Жан-жақты талдаймыз, салыстыра отырып, айырмашылық пен ұқсастықтарын таба аламыз.

Қорыта айтқанда, көркем шығармаға әдеби-интерпретация жасауда эйдос-конспектінің рөлі зор, себебі интерпретация жасау кезінде біз ойымызды, тіл байлығымызды дамытсақ, эйдос-конспекті арқылы біз әдеби образды қиялымызда туғызып, бейнелі түрде суреттеп, ой-сана, пікір-пайымызды тереңдете аламыз. Өз ойымызды басқалардікімен салыстырып саралаймыз, сөйтіп бір әдеби туындыны есімізде ұзақ уақыт сақтап қаламыз. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» туындысын оқығанда ерекше әсер алдым, ал оны зерттеп, бейнелі түрде жан-жақты талдағаннан кейін шығарманың әсері тереңдей түсті деп сенімді түрде айта аламын.

Әдебиеттер:

1. Нұрқатов.А. Мұхтар Әуезов монографиялық очерк// Қазақстан Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы. Алматы – 1957 . - 10-15 беттер.
2. Нұрқатов.А. Мұхтар Әуезов творчествосы // «Жазушы» баспасы. Алматы – 1958. - 13-17 беттер.
3. Әуезов.М. Алтын қалам // «Ән Арыс» баспасы. Алматы – 2009. – 57-78 беттер.
4. Головацкая.Н.Ф. Эйдос-конспекты // Молодой ученый. – 2018. – 29 бет.
5. Комарова.Л.И. Интерпретация художественного текста // Новое литературное обозрение - 1995. - 337-344 бет.

УДК 539.42

Журина Светлана

«Аударма ісі» мамандығының 1-курс студенті

«Тұран-Астана» университеті

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: sveta13022001@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.

e-mail: grk_15@mail.ru

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» САБАҚТАРЫНДА ВИЗУАЛДЫ ЖӘНЕ ЖАЗБАША МӘТІНДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИЗУАЛЬНОГО И ПИСЬМЕННОГО ТЕКСТА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

THE EFFECTIVENESS OF USING VISUAL AND ORAL WRITTEN TEXT IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

Аннотация. Мақалада «Қазақ тілі» сабағында визуалды және жазбаша мәтінді қолданудың тиімділігі арнайы критерий мен стрендтер негізінде талданып, аталмыш критерийдің студенттердің білім арудан тыс, танымдық және шығармашылық қабілеттерінің, сыни ойлау дағдыларының да дамуына әсер ететіндігі нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

Түйін сөздер: визуалды және жазбаша мәтін, критерий, стренд, білім, таным, шығармашылық, сыни ойлау, тиімділік, дағды.

Аннотация. В статье анализируется эффективность использования визуального и письменного текста на уроках «Казакского языка» на основе специальных критериев и трендов, что подтверждается конкретными примерами, что данный критерий влияет на развитие познавательных и творческих способностей студентов, навыков критического мышления.

Ключевые слова: визуальный и устный текст, критерии, стренд, знания, познание, творчество, критическое мышление, эффективность, навык.

Annotation. The article analyzes the effectiveness of the use of visual and written text in the lessons of the "Kazakh language" on the basis of special criteria and trends, which is confirmed by specific examples

that this criterion affects the development of cognitive and creative abilities of students, critical thinking skills.

Keywords: visual and oral text, criteria, strand, knowledge, cognition, creativity, critical thinking, efficiency, skill.

«Қазақ тілі» сабағында визуалды және жазбаша мәтіндерді қолдану көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Студенттер өтіліп жатқан тақырыпты немесе мәселені талдап қана қоймай, арнайы стрендтер негізінде өзіндік ойларын еркін жеткізіп, қорытынды жасаумен қатар, бірқатар дағдыларын да дамытады. Мысалы, *ойлау дағдысы барысында* деректерді түсіндіріп, жаңа идеялар мен зерттеулерді генерациялау үшін миға шабуыл және визуалды диаграммаларды пайдаланып, бірегей жұмыстар мен идеяларды жүзеге асырып, қолданыстағы шығармалар мен идеяларды жаңаша пайдаланады.

В критерийі: Жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

Жетістік деңгейі	Деңгей сипаттамасы
0	Оқушы төменде берілген стандарттардың бірде-біріне жете алмады.
1-2	<p>I. Ақпаратты немесе басты идеялар мен қосымша детальдарды талдауда қиналады, қорытынды жасай алмайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса негізгі ережелерді шектеулі деңгейде талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі кейбір идея, пікір мен көзқарастарды төмен деңгейде талдайды, жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауап беруде қиналады.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді.</p>
3-4	<p>I. Ақпаратты, басты идеялар мен қосымша детальдарды біраз талдайды, біршама қорытынды жасайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса кейбір негізгі ережелерді талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі кейбір идея, пікір мен көзқарастарды біршама талдау арқылы кейде жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауапты береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды біршама түсінгендігін көрсетеді.</p>
5-6	<p>I. Ақпаратты, басты идеялар мен қосымша детальдарды толық талдайды, қорытынды жасайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса негізгі ережелердің басым бөлігін талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастардың басым бөлігін талдау арқылы жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауапты жеткілікті деңгейде береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды жеткілікті деңгейде түсінгендігін көрсетеді.</p>
7-8	<p>I. Ақпаратты, басты идеялар мен қосымша детальдарды терең талдайды, қорытынды жасайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса негізгі ережелерді талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды талдау арқылы жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауапты толық береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді.</p>

Әлеуметтік дағды барысында басқа адамның эмоциялық жағдайын түсінуді және осы түсінуді (эмпатия) көрсетуді тәжірибеге енгізеді, қарым-қатынасты құру және дамыту үшін әлеуметтік желілерді, бұқаралық ақпарат құралдарын тиісті түрде пайдаланады.

Коммуникативтік дағды барысында әр түрлі аудиториялармен қарым-қатынас жасау үшін түрлі сөйлеу техникаларын және әр түрлі мақсаттар мен аудиториялар үшін тиісті хат нысандарын пайдаланып, ақпарат және рахат үшін түрлі көздерін оқиды.

Өзін-өзі бақылау дағды барысында күрделі ақпаратты ұйымдастыру үшін қолайлы стратегияларды пайдаланса, зерттеу дағдысы барысында ұзақ мерзімді жадыны дамыту үшін есте сақтау техникасын пайдаланып, көптеген және әртүрлі дереккөздерінен бірқатар көзқарастарды іздестіріп, әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен форматтарды пайдалана отырып, аудиторияның көптеген түрлері үшін ақпарат пен идеяларды тиімді хабарлауды жүзеге асырады. Бұның барлығы студенттердің білім алып қана қоймай, жан-жақты дамуына жол ашады.

Визуалды және жазбаша мәтіндерді түсінуді «В критерийі» деп алып, аталмыш критерий негізінде тақырып бойынша берілген мәтіндерді талдау барысында үш негізгі стренд құрастырып алуға болады. Мысалы:

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Және олардың жұмысын осы стрендтер бойынша төмендегідей 8 баллдық жүйеде бағалауға болады.

В критерийінің негізінде студенттерге тақырып аясында көптеген тапсырмалар беруге болады. Мысалы: сабақта «Отбасы» деген тақырыпты өткен кезде студенттерге аталмыш тақырыпқа қатысты көркем әдебиеттерді оқу тапсырылады, мәселен, «Данагүлдің даналығы» және Д.Әшімхановтың «Жылыжайдың қияры» әңгімесі. Осы мәтіндер негізінде сұрақтар беріледі.

1-мысал. Визуалды және жазбаша мәтінге талдау жасаңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, өз пікіріңізді жазыңыз.



«Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлер, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Әр халықтың бала тәрбиелеу ерекшелігінің негізінде сол халықтың отбасы және мәдени құндылықтары қалыптасады». <http://old.el.kz/m/photos/view>

1. «Жылыжайдың қияры», «Данагүлдің даналығы» туындыларының біреуін жоғарыда берілген суреттердің бірімен байланыстырыңыз. Дәлелдерді мәтіндегі ой арқылы жеткізіңіз.

2. Мәтіндегі «Әр халықтың бала тәрбиелеу ерекшелігінің негізінде сол халықтың отбасы және мәдени құндылықтары қалыптасады» деген ойды өздерің оқыған шығармалар негізінде қарастырып, ой тұжырымдаңдар.

3. Өзіңіз оқыған шығармалардың біреуін таңдап (Д.Әшімханов «Жылыжайдың қияры», «Данагүлдің даналығы»), оны зерттеу идеясымен байланыстырып, өзіндік қорытынды жасаңыз.
4. «Жылыжайдың қияры», «Данагүлдің даналығы» туындыларында қандай отбасылық құндылықтар көрініс тапқан? Ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.
5. «Жылыжайдың қияры» әңгімесіндегі Телжанның қандай отбасында тәрбиеленгендігіне болжам жасаңыз. Телжанның бауырмалдығын, қамқорлығын танытатын эпизодтарды анықтаңыз.
6. Рәштің тасжүректігін, анасы Алмаштың мейірімділігін танытатын детальдарды жазып, өзіндік ой қорытыңыз.
8. «Данагүлдің даналығы» туындысын жазудағы автордың мақсаты қандай? Туындының негізгі идеясын анықтаңыз.
9. Төле бидің отбасына қатысты әрекетіне қалай қарайсыз? Бүгінгі таңда осы дәстүрді жаңғырту керек деп ойлайсыз ба? Ойыңызды дәлелдеңіз.

2-мысал. Визуалды және жазбаша мәтіндер бойынша ұсынылған сұрақтарға жауап беріңіз.



1. «Е...е...ей... Қашпа, менен, қашпа! Бәрібір, сені тауып аламын. Маған келгің келмей ме, сен де менен жиіркенесің бе, сен де менен қорқасың ба, жарық Ай?!» деген үзіндіден қандай қасіретті көруге болады? Автор қандай идеяны жеткізгісі келеді?
2. Автор "Мәңгілік бала бейне" әңгімесі арқылы қоғамдағы қандай проблеманы көтерді? Ойыңызды таратып жазыңыз.
3. Ләйлә-қызды Аймен сырласуға қандай жағдай итермеледі?
4. Төменде берілген сөздерді «Мәңгілік бала бейне» шығармасындағы оқиғалармен сәйкестендіріңіз.
Жеку, тырнақ астынан кір іздеу, аяушылық, қадірлемеу, мұрнын шүйіру / менменсу, түсіністік, адам құны, кішіпейілділік таныту, алалау, әлеуметтік орта.
5. Жуас болып көрінетін Ләйләнің бойындағы намыс ұшқыны қандай сәттерде көрініс береді? Намыстануының себебі неде?
6. Берілген визуалды мәтінге сүйене отырып, «Мәңгілік бала бейне» шығармасындағы Ләйлә-қыздың мүгедек болып қалуы – полигонның зардабы екендігін дәлелдей отырып, зардап шеккен халықтың атынан монолог жазыңыз. Сөз саны: 200.

Тәжірибелі коммуникаторлар тілді үйренудің ең жоғары фазасында әлеуметтік және академиялық мәнмәтіндерде визуалды ауызша және жазбаша сөйлеуде көрсетілген маңызды ақпаратты, бөлшектер мен идеяларды бағалай алады. Олар ақпаратты талдайды, айтылым және жазылым мәтіндері бойынша кең ауқымындағы идеялар, пікірлер мен көзқарастар туралы жорамалдар мен тұжырымдар жасайды. Олар әлеуметтік және академиялық жағдайлардағы сұхбаттарға белсенді қатысады, маңызды ақпаратты көрсетеді және толық талдау мен түсініктеме береді. Олар әлеуметтік және академиялық жағдайлардағы сұхбаттарға белсенді қатысады, маңызды ақпаратты көрсетеді және толық талдау мен түсініктеме бере алады. Сабақта визуалды және жазбаша мәтінді қолдану осындай нәтижелерге қол жеткізеді.

Жалпысында «Қазақ тілі» сабағында визуалды және жазбаша мәтінді қолдану барысында студенттер негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды нақты анықтап, негізгі конвенцияларды өте жақсы игеріп, идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы визуалды және жазбаша мәтіндермен жұмысты жоғары деңгейде жасай алатын болады. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді. Бұның өзі визуалды және жазбаша мәтінді қолданудың тиімділігін танытады.

Әдебиеттер:

1. <http://old.el.kz/m/photos/view>

Казыбаева Айя Куанышевна
«Аударма ісі» мамандығының 1 – курс студенті
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: kassymova2000@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.
e-mail: grk_15@mail.ru

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫМ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ
ЭЙДОС-КОНСПЕКТІНІҢ ОРНЫ
(Ш.Айтматовтың «Найман Ана» шығармасы негізінде)»**

**РОЛЬ ЭЙДОС-РЕФЕРАТ В РАЗВИТИИ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА
СТУДЕНТОВ
(на основе произведений Ч.Айтматова «Найман Ана»)**

**THE ROLE OF EIDOS-ABSTRACT IN THE DEVELOPMENT OF SKILLS IN READING
AND WRITING STUDENTS
(based on the works of Ch. Aitmatov «Naiman Ana»)**

Аннотация. Мақалада эйдос-конспектінің оқылым және жазылым дағдыларын дамытудағы рөлі туралы сөз қозғалып, Ш.Айтматовтың «Найман Ана» шығармасы негізінде мысалдар келтіріліп, нақты дәлелдер ұсынылады.

Түйінді сөздер: Шыңғыс Айтматов, эйдос-конспект, «Найман-ана», мәңгүрт, студент, дағды.

Аннотация. В статье речь идет о роли эйдос-конспекта в развитии навыков чтения и письма. На основе произведения Айтматова «Найман-ана» приводятся примеры, предлагаются конкретные доказательства.

Ключевые слова: Чингиз Айтматов, эйдос-конспект, «Найман-ана», студент, навыки.

Annotation. In this article we are talking about the role of ides is outline in the development of skills in reading and writing. Based on Aitmatov's works «Naiman-Ana» gives examples, and offers concrete evidence.

Keywords: Chingiz Aitmatov, Eidos-abstract, «Naiman-Ana», student, skills.

«Адамзаттың Айтматовы» атанған әлемдік деңгейдегі жазушы Ш. Айтматовтың шығармашылығы қазақ пен қырғыз халқына ортақ, қаламгер шығармалары қазақ халқының өмірімен тығыз байланысты. Жазушы қазақ ауылдарымен іргелес жерде өскендіктен «Ақ кеме», «Қош бол, Гүлсары», «Жәмила», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Жанпида» сияқты шығармалары, кейіпкерлері, олардың мінез-құлқы, күш-жігер, рухы қазақ халқына өте жақын.

«Жәмила» туындысымен басталып, "Жанпидамен" жалғасын тауып, "Кассандра таңбасымен" дами түскен Шыңғыс Айтматовтың күллі адамзатқа ортақ құндылық болып табылады. Ақиқат пен аңызды астастыра отырып, табиғат пен дүниені үндестіріп, адалдық пен шындықты айғақтауда, өмір мен өлім заңдылығын саралауда, әлемде «саудаға түскен» болмыс-бітімнің, адамгершілік құндылықтардың аражігі туралы толғануда Ш.Айтматов алдына жан салмаған.

Жазушының «Найман ана» әңгімесі «Ғасырдан да ұзақ күн» романынан алынған үзінді. «Онда тұтқынға түскен әрбір адамның шашын тақырлап алып, түйенің жүнінен кепеш атты бас киім кигізетін болған. Кепеш деген адамды сана-сезімінен айыру үшін түйенің жүнінен жасалатын бас киім. Кепешті кигізгеннен кейін жуанжуандар тұтқынды бес күн ассыз-сусыз шөлдалада қалдырған. Шаш бес күнде бес миллиметрге өседі. Ал бұл миды зақымдауға жеткілікті мөлшер. «Мәңгүрттену» кезеңі өткеннен кейін тірі қалған адам мәңгүртке айналатын болған. Мәңгүрт қожайыны не қаласа – соны істейді. Себебі мәңгүртте тек бір қорқыныш бар. Ол «кепешті шешсең өлесің» деген қожайындарының сөзі. Наймандар өздерінің жуанжуандарға тұтқын болып түскен туыскандары немесе достарын салық төлеу арқылы алмаған. Себебі олар мәңгүрттің ешқашан өзгермейтінін білген.

Шыңғыс Айтматовтың айтуынша мәңгүрттер тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап бере алады. Оларға қожайынының сөзінен басқа сөз маңызды емес. Себебі мәңгүрттерге адамдардың дауысы мен шегірткенің дауысы бірдей. Олар тек өмір сүру жайлы ойлайды. Найман ана әңгімесінде Дөненбайдың ұлы Жоламан мәңгүртке айналады. Ал Найман ана өз ұлын тауып-өз үйіне қайтармақшы болады. Дегенмен Жоламан өз анасын танымағандықтан, өз еліне бармайды. Және өз қожайындарының «ол сенің басындағы кепешті шешуге келді» деген жалған ақпаратқа сеніп өз анасын өзі өлтіреді» [1].

Студенттердің оқылым және жазылым дағдыларын дамытуда эйдос-конспектінің рөлі зор. Яғни белгілі бір көркем шығарма бойынша эйдос-конспект жасау барысында студенттер кілт сөздер мен кілт ойлар арқылы мәтіндегі негізгі және қосымша ақпарат, мәліметтерді айқындап, астарлы ойларды да анықтап, шығарма және оның кейіпкерлеріне кеңінен талдау жасай алады. Сонымен қатар, туындының жазылу тарихы, автор, оның шығармашылық лабораториясы туралы қарастыру арқылы зерттеу дағдыларын да жетілдіреді және танымдық іс-әрекеттері де артады әрі туындыға өзіндік ойын, тұжырым-қорытындысын жеткізу үшін сын көзбен қарау нәтижесінде сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамиды. Көркем шығарманы оқи отырып, шығармадан қажетті ойды саралап, эйдос-конспектіге енгізу барысында студенттердің жазылым дағдысы жүзеге асады. Яғни студенттің тақырыпты аша білуі, өзіндік ойын, көзқарасын сыни тұрғыда дәлелдей алуы, белгілі бір қорытындыға келіп, шешім қабылдауы, цитаталармен жұмыс істеу дағдылары жетіле түседі.

Эйдос-конспект жасау барысында студенттердің оқылым және жазылым дағдыларын жетілдіруде «ПОПС» формуласын да ыңғайына қарай қолдануға болады. Өйткені ол арқылы студенттер тақырыпты аша алады, өзіндік көзқарасын дәлелдеп, шешім шығарады.

«Эйдос дегеніміз не? “Эйдос” сөзі грек тілінен аударғанда (éidos) “түр” , “образ” деген мағынаны білдіреді», ал конспект – қандай да бір мәтіннің қысқаша мазмұны, яғни, эйдос конспект дегеніміз түрлі феномендерді (заттар немесе процестер) индуктивті талдап, мәтіннің керекті әрі маңызды мазмұнын жүйелеп, қысқаша конспект құрып, сол мазмұнға сәйкес айқын мәні бар бейненің суретін салу» [2].

Эйдос-конспект «жазушы-оқырман» диалогына мүмкіндік береді, себебі студенттің қабылдауы және жазушының «сигналдарына» жауап беруі эйдос құрылымында көрініс табады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологияларының оқылым және жазылым дағдыларын дамытудағы орны ерекше. Ал эйдос конспектіні жасау барысында студенттің сыни тұрғыдан ойлау дағдысы алғашқы орынға шығады. Жазылым қалыптасқан төрт дағдының ішіндегі студент жұмысының нәтижесін үздік көрсететін әрі студент пен оқытушының белгілі бір өнімге қол жеткізетін дағдысы. Студенттер көркем шығарманы қалай оқу керектігіне назар қоя отырып, жазылым арқылы өз ойлары мен дәлелдерін нақты жеткізе алады. Жазылым студенттің сөздік қорының молаюына тікелей әсер етеді. Ол көркем шығарманы оқу барысында жазушы идеясын жеткізетін кілт сөздер мен ойларды тап басып таба алады әрі оларды өмірде қолдануға болады.

Эйдос-конспектіні Ш.Айтматовтың «Найман Ана» шығармасын талдау барысында қолдандым (№ 1 кесте), маған оны қолдану өте тиімді болды.

Таладу барысында «Ананың көңілі балада, Баланың көңілі далада» деген халық даналығын басты назарда ұстадым. Найман-ананы ержүрек, қамқор, батыл, қайсар, жанашыр, ұрпақ қамынойлайтын ұлы тұлға деп таныдым. Найман-ана өз баласын қандай болса да, аман-сау көргісі келді, оның бұл тілегі – ананың балаға деген махаббатын бейнелейді. Бұл шығарма жуан-жуандардың кәтігездігін, жауыздығын көрсетеді.

Мен бас кейіпкер Жоламанды түйе ретінде елестеттім. Өйткені түйе жетегіне жүріп, айтқаныңа көне береді. Жуан-жуандардың қолынан жасалған қастандықтың кесірінен Жоламан өз бетінше ойлай алмайтын, айтқаныңа ғана жүретін мәңгүртке айналды. Менің көз алдыма осындай ассоциация келді. Эйдос-конспектімде жазушының идеясын ашатын кілт сөздер мен негізгі ойларды жазып, өзіндік талдау жасадым. Маған ана мен баланың кездескен сәті ерекше әсер етті:

«Ана:

- Отыр, сөйлесейік. Сенің атың кім?

Мәңгүрт:

- Мәңгүрт.

Ана:

- Мәңгүрт деп сені қазір атайды. Ал бұрынғы атың есінде ме? Есіңе түсірші шын атыңды.

- Әкеңнің атын білесің бе? Әкеңнің аты кім? Өзіңнің елің қайда, руың кім? Тым құрыса, туған жеріңді білесің бе?

- Құдай - ау, қандай күйге душар қылған сені!

- Ау, жерді, суды тартып алса, мейлі, байлығыңды тартып алса, мейлі, тіпті жаныңды алса да, мейлі.
- Ау, адамның ақыл - ойын тартып алуды қандай қара жүрек ойлап тапты, Құдай - ау?! О, Құдай, бар екенің шын болса, мұндай сұмдық жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді?
- Сенің атың – Жоламан. Естимісің сен? Сен – Жоламансың. Әкеңнің аты – Дөненбай. Әкеңді ұмытып қалдың ба, құлыным? Ол саған титтейіңнен садақ атуды үйретіп еді ғой. Мен сенің анаңмын. Мен менің баламсың. Мен найман руынан боласың, ұқтың ба? Наймансың сен...
Ана:
- Сен мұнда келгенге дейін не болды, білесің бе?
Мәңгүрт:
- Ештеңе де болған жоқ.
Ана:
- Мұнда келгеніңде күндіз бе еді, түн бе еді?
Мәңгүрт:
- Ештеңе де.
Ана:
- Кіммен сөйлескің келеді?
Мәңгүрт:
- Аймен. Бірақ біз бір - бірімізді естімейміз. Айда біреу отыр.
Ана:
- Тағы не қалар едің?
Мәңгүрт:
- Басымда қожаның басындағыдай бұрым болса.
Ана:
- Келші бері, басыңа олар не істеді екен, көрейін.
- Анау кім?
Мәңгүрт:
- Маған ауқат алып келе жатыр.
Ана:
- Сен ештеңе айтпа. Мен кешікпей келемін.
Маңғол:
- Келген кім?
Мәңгүрт:
- Ол маған шешеңмін дейді.
Маңғол:
- Қайдағы шешең ол сенің! Шешең жоқ сенің! Терінді сыпырып тастамақшы! Енді келгенде мына садақпен ат!
Ана:
- Жоламан! Құлыным менің, Жоламан, қайдасың? Жоламан! Қайдасың құлыным?». Анасын Мәңгүрт ұлы атып құлатады [3].

Расымен де адамның ақыл - ойын тартып алуды ойлап тапқан қара жүректерге бүкіл адамзат лағнет айтар. «Мен ботасы өлген боз мая, Тұлыбын келіп иіскеген» деп көкірегі қарс айрыла еңіреген ана зары кімді де болса бей-жай қалдырмас? Осы үзіндіні мен эйдос-конспектіге кіргіздім, өйткені бұл – жазушы идеясын танытатын үзінділердің бірі.



1 кесте. Ш.Айтматовтың «Найман Ана» шығармасы негізінде жасалған эйдос-конспект

Эйдос конспект студенттердің көркем мәтінмен жұмыс істеу қабілетін, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын арттырып қана қоймай, зерттеу дағдысын да жетілдіріп, шығармашылығын да арттыра түседі. А.Байтұрсынұлы: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те әдіс жоқ, ұстаздың өз сабағына қажетті, тиімді, балаларға ұғынымды тәсілді тандап алу – мұғалімнің өз қолында» деген екен. Көркем шығарманы талдау барысында эйдос-конспект сияқты әдісті сабақта қолдану арқылы студенттердің танымдық іс-әрекеттері артып, шығармашылық, зерттеу және сыни тұрғыдан ойлау дағдылары дами түседі.

Әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Мәңгіұрт>
2. <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Эйдос>
3. <http://dev.kitap.kz/books/nayman-ana>

УДК 539.42

Канапьянова Дарига Жумажановна
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті
«Тұран-Астана» университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: dariga_kanaryanova@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.
e-mail: grk_15@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНГЕ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЖАСАУДА ЭЙДОС-КОНСПЕКТІНІҢ РӨЛІ (Т.Ахтановтың «Боран» романы негізінде)

РОЛЬ ЭЙДОС-КОНСПЕКТА В ЛИТЕРАТУРНО-ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА (по роману Т.Ахтанова «Боран»)

THE ROLE OF EIDOS-NOTES IN THE LITERARY AND CREATIVE INTERPRETATION OF THE ARTISTIC TEXT (based on the novel «Boran» by T.Akhtanov)

Аннотация. Мақалада көркем-мәтінге әдеби шығармашылық интерпретация жасауда эйдос-конспектiнiң рөлi талқыланған. Көркем шығарманы талдау барысында эйдос-конспектi және оның түрлерiн қолданудың тиiмдiлiгi туралы айтылып, Т.Ахтановтың «Боран» романы бойынша нақты мысалдар арқылы дәлелденген.

Түйiндi сөздер: эйдос-конспект, автор, идея, әдiс-тәсiл, сурет, оқытушы, студент, «Боран» романы, Қоспан, төбет, сүйек.

Аннотация. В статье рассматривается роль эйдос-конспекта в литературно-художественной интерпретации художественного текста. Что такое эйдос-конспект, каковы его особенности и эффективность при его использовании, доказано романом Т.Ахтанова «Боран».

Ключевые слова: эйдос-конспект, автор, идея, метод, рисунок, преподаватель, студент, роман «Боран», Коспан, кость.

Annotation. The article discusses the role of eidos-notes in the literary and artistic interpretation of the artistic text. What it is, what are its features and effectiveness in its use, proved by the novel «Boran» by T.Akhtanov.

Keywords: Eidos-abstract, author, idea, method, drawing, teacher, student, novel "Boran", Cospan, hill, bones.

«Әр елдің өсіп өркендеуі оның ұлттық білім алу жүйесінің дамуына тікелей байланысты. Сондықтан қазіргі заманда студенттердің білім деңгейінің көрсеткіші өте маңызды болып келеді. Осыдан сапалы білімге деген сұраныс артып келе жатқан кезде оқытушылардан да білім берудегі жаңашылдық талап етілуде. Бүгінгі оқу орындарының міндеті жан-жақты білім берумен қатар, баланың бойында рухани асыл қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге үйрету, түрлі шығармашылық


немесе өзі таңдаған мамандығын меңгере алатын, өмірге икемді жастарды тәрбиелеу екенін де ұмытпаған жөн. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерге сүйенген дұрыс» [1].

Сондай әдіс-тәсілдің тиімді түрінің бірегейі — “Эйдос-конспект”. Эйдос-конспектіні, әсіресе, қазақ әдебиеті сабағында пайдаланған өте тиімді. Қазақ әдебиеті пәні көптеген көлемді проза, поэзиямен таныстырғандықтан, оны еске сақтау да қажет. Сондықтан осы жерде эйдос-конспект мұғалімге таптырмас көмекші құрал десек те болады.

Сыни тұрғыдан қарайтын болсақ, эйдос-конспект алған білімге сын көзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеуге, білімді саналы түрде алуға негізделген. Бұл әдістің тағы бір тиімділігі студенттің қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның жеке тұлға ретінде дамуына, өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.

«Сөздікке жүгінетін болсақ, “эйдос” сөзі грек тілінен аударғанда (éidos) “түр”, “образ” деген мағынаны білдіреді», ал конспект – қандай да бір мәтіннің қысқаша мазмұны, яғни, эйдос конспект дегеніміз түрлі феномендерді (заттар немесе процестер) индуктивті талдап, мәтіннің керекті әрі маңызды мазмұнын жүйелеп, қысқаша конспект құрып, сол мазмұнға сәйкес айқын мәні бар бейненің суретін салу» [2].

Эйдос-конспектінің үш түрі бар: түсті (түс символикасы негізінде), графикалық (тірек схемалар-графиктер негізінде), көркемдік (сурет, фотосурет немесе коллаж негізінде). Көбінесе әдебиет сабағында студенттерге шығармашылық қабілеттерін көрсетуге болатын көркемдік эйдос-конспектілерді орындау ыңғайлы болып келеді және бұл түрі компьютерде жұмыс істеуді қажет етпейді. Студенттерге бояулармен, қарындаштармен жұмыс істеуге мүмкіндік беруге болады. Сондай-ақ, фотосуреттерді, түрлі түсті суреттерді пайдалануға болады. Осылайша, бір әдебиет сабағында көркем шығарманың оқырмандық қабылдауы, ұғымдармен танысу, сурет салу және сөйлеу түсініктемесін құру дағдылары біріктіріледі. Сөзіміз дәлелді болу үшін Тахауи Ахтановтың «Боран» романын эйдос-конспекті арқылы талдадық (№1 кесте).



1 кесте. Т.Ахтановтың «Боран» романы негізінде жасалған эйдос-конспект

«Қазіргі қазақ әдебиетінің биік деңгейін байқататын шығарманың бірі – Тахауи Ахтановтың «Боран» романы көтерген идеясымен де, кейіпкерлерімен де қызықты туынды. Бұл туынды өмірдің өзекті шындығын көрсеткен, бұрын айтыла бермейтін көлеңкелі мәселелерді батыл көтерген, кейіпкерлерінің рухани әлеміне талдау жасаған жаңашыл шығарма ретінде жоғары бағаланады. Романның орталық қаһармандары: Қоспан мен Қасболаттың, Жаңыл мен Қаламұштың әр кезеңдегі кескін-келбетін, мінез айырымын қапысыз аңғарып отырамыз. Кейіпкердің көңіл күйлері астарласа, қатарласа жүріп отырады. Көлемі шағын романға бірталай тұлғаның тәжірибесі, тағдыры, күрес-тайталасы кеңінен қамтылған.

Әдебиетімізге «бейтаныс» болып енген кей тұлғаның бірі – Қоспан. Бұл кезге дейін де шығармаларда малшы адамның бейнесі кездесетін. Бірақ Қоспан солардың бәрінен де оқшау тұр. Мұның негізгі құпиясы – жазушының сендірмей қоймайтын көркем шындыққа жетуінен, тұлғаның түсін де, ісін де шеберлікпен аша білуінен. Біз Қоспанның түр ажарынан бастап әр кездегі көңіл толқындарының да растығына сенеміз. Қоспан тек алдындағы жақындарын ғана біліп, алаңсыз тіршілік кешіп жүрген жан емес. Оның көңілін теңіздей шайқайтын, жүрегін сыздататын оқиғалар

өткен екен. Жаңа ғана қызметке араласып, ел қатарына қосыла бергенде соғыс басталып кетіп, Қоспан майданға аттаныпты. Онда борышын абыроймен атқарып, ақырында ауыр жарақаттанып, фашист тұтқынынан бір-ақ шығыпты. Қоспанның тұтқындағы өмірі де баяндалған. Сырт көзге қимылы, сөзі сараң осы адамның әр іс-әрекетінде қорғасындай салмақ, табандылық, адамгершілік ерлігі сезіліп тұрады. Әскерден қайтып, еліне келгенде, мұның алдынан «тұтқында болған» деген сөз кес-кестеп жүргізбейді. «Қайда барса Қорқыттың көрі» дегендей Қоспанды қызметке алуға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Оның қойшылыққа ауысу себебі осыдан. Автор қаһарманның басындағы шырғалаң мен сергелденді уақыт шындығына сәйкес етіп, ақиқат етіп көрсеткен. Төрт күнге созылған боран өтінде бір қора қой соңынан өлермендікпен жүріп отырған, өлім мен өмір белдескен шақта, Қоспанның ойына ауық-ауық өткен тіршіліктің үздік-үздік эпизодтары келеді. Сонан біз оның үйлену тарихын, майдангерлік істерін, соғыстан кейінгі жай-күйлерін танимыз. Мейірімсіз дала боранының ішінде жалғыз қалған Қоспанға өмірдің, адамдықтың, достықтың, адалдықтың бағасы мен қадірі ерекше болып елестейді. Осындай кезде оның өмірінің ең нәрлі, мәнді тұстары қайта тізіліп келеді, жақсы дегенінің, жаман дегенінің айырымы таразыға түседі. Оңашада өз ойымен өзі қалғанда, көлденең куә жоқ жерде жалғыз үкімші сана мен ар ғана болады. Бейнеті, қиындығы көп өмірдің қай беткейін алып қарағанда да, Қоспанның ешқашан ұжданын саудаға салмағандығы, адал өмір кешкендігі көрінеді. Ол майданда сылтау дегенді білмейтін таза жауынгер болыпты. Өзі командирі Қасболатты аман құтқару үшін, оққа кеудесін төсеп, жауды кідіртуге қалып қояды. Тұтқында жүргенде ол Отанына оралу үшін қолдан келген әрекеттің бәрін жасайды. Еліне келгенде ол «бұрынғы тұтқыннан» үркіп, қызмет бермегендерге жалынбайды, үнсіз, іштей шерленіп, маңдайына жазғанды болаттай берік сабырмен көтереді. Оның басынан кешкен хикаялар өз аузымен ешкімге айтылмаған. Бұрын өмірдің қанша ауыртпалығын көрсе де, оны мойымай, қажырлылықпен көтеретін Қоспан боран кезінде іштей түлегендей жаңа бір рухани серпіліске түседі» [3].

Міне, осындай Қоспан сынды адам менің ойыма төбеттің бейнесін еске түсіреді.

«Қазақ халқы төбеттерді тұрмыс-тіршілігінде көп пайдаланған. Көшпенді қазақ тұрмысында төбеттің үлкен мәні бар, ол оның үйі мен мал-жанын қорғаған. Төбеттің қойшының еңбегінде атқаратын рөлі аса маңызды. Дала қасқыры малға жақындағаннан үріп, қойшыға жеткізіп, малдың дала жыртықшының аузына түспеуінің алдын алады. Малшы қазақтардың айтуынша, олардың қасқырға қарсы үрген дыбысы жай кездері үргенінен басқаша болып келеді. Түнде бүкіл ауыл тарс ұйқыда жатқанда, төбеттер кірпіктерін ілместен олардың ұйқысын қорғап шығады. Төбеттер үйімізді күзетіп, достық ниетінен әлі күнге дейін таймай келеді. Олар біздің эмоциямызды түсінетін бірден-бір жануар. Оған көз жүгірте бір қарағанның өзінде қуанып тұрғаныңызды, мұңайғаныңызды, ашуланғаныңызды, ұялғаныңызды бірден сезе қояды. Мысалы, төбеттің бір түрі жүйрік тазы жеті қазынаға жатады. Тазы ежелден қазақтың тамағын асырауға да қолғабыс қылып, аң алуға бірге шығып, адамның ажырамас серігі болған. Ал алабайлар кең далада отар-отар қойды алдына салып, өздерін де малшылармен қатар сол отардың иесі сынды сезініп, оған қауіп төнген кезде кез-келген жыртықшымен аянбай алысатын болған. Ал Америкада бала бағушы ретінде хаски итін көп асырайды» [4].

Американдықтар балаларын хаскиге сеніп, тапсыра алады. Осындай қасиеттерге ие жануар мен үшін Қоспанның бойындағы қасиеттермен тұспа-тұс келетін сынды.

Төбет те, Қоспанда ең алдымен адалдықтарымен ерекше. Төбет өзінің иесіне, ал Қоспан өзінің Отанына қорғаушы бола білді. Екеуі де малшы ретінде халыққа көмек көрсетіп, қауіп төнген кезде де тастап кетпейді. Қоспан өзінің командирі Қасболатты аман алып қалса, төбеттің де өзінің иесі үшін еш аянбайтыны анық. Сондай-ақ, төбет кезінде бүкіл ауылдың тыныштығы үшін көз ілмесе, Қоспан сол халық үшін майданға барды. Алайда, төбет те, Қоспан да сол халықтан өздеріне деген қарым-қатынастардың түр-түрін көреді. Олардың жақсылығы көбіне ескерілмей жатады. Қоспанды жұмысқа алмай жатса, төбетке де адамдар қамқорсыздық танытады. Сондықтан менің көз алдыма Қоспанның бейнесі дәл төбеттің бейнесінде елестейді.

Неге тек Қоспанның бейнесімен ассоциация алдың десеңіз, «Боран» романы ең басты кейіпкер – осы Қоспанның тағдыры аясында өрбиді. Сондықтан, оқушы жалғыз Қоспанның бейнесін есте сақтаса, түгелдей дерлік романды да еске түсіре алады. Алайда төбет Қоспанның тағдырын толық ашпайды. Жоғарыда жазылғандай, Қоспан өмірінде көп қиындыққа төтеп берген жан. Бұл қиындықтар, әрине, оның өмірінде өзінің ізің қалдырмай қоймады. Ал суреттегі төбет Қоспанның өзін суреттесе де, оның өмір жолын оқырмандарға жеткізе алмайды. Сол себепті сурет романның толық мазмұнын жеткізу үшін қосымша сынған сүйектің суретін салуды жөн көрдім. Бұл сүйек жай ғана сынған сүйек емес, Қоспанның өмірінде болған қиындықтардың айнасы іспеттес. Нәтижесінде

осындай сурет арқылы Тахауи Ахтановтың «Боран» романының мазмұнын, идеясын, мәнін ашуға болады.

Көркемдік эйдос-конспект тек суретпен шектелмейді. Суретпен қатар, мәтіннің мазмұнын ашатын кілт сөздер, негізгі ойлар және оқырманның өзі түйген идеясы да жазылуы тиіс. Шығармадағы оқиға байланысы, шарықтау шегі, құрылысы, кейіпкерлер образы — бәрі шығармадағы негізгі идеяны жеткізу үшін екені анық. Осы орайда «Боран» романының идеялық түйіні былай жазылған “қандай қиындыққа түссе де, адалдық қасиетті сақтап қалу мәселесі”. Идеялық түйін арқылы әр студенттің шығарманы қаншалықты меңгергенін анықтаймыз. Сондай-ақ, бұл көлемді шығармаға оқырманның қойған нүктесі десе де болады. Әрі оқырманның шығармадан іріктеп алған керекті деген үзінділерінен де қандай мәселелерге көңіл бөлетінің, оның ішкі жан дүниесіне жақын эпизодтарды, кейіпкерлерді аңғаруға болады. Бұл, әсіресе, оқытушыға бағалау кезінде өте ыңғайлы болып келеді. Сонымен қатар “бес саусақ бірдей емес” демекші, әр студенттің де қабылдауы түрлі болып келеді. Осылайша бір туындының бірнеше қырын ашып, әрқалай талдауға тірек болады.

Эйдос-конспект әдісімен жұмыс істеу өте қызықты. «Тіпті компьютерде жұмыс істеуден де қызық, нәтижесі де тұщымды. Бұл тапсырманы бір студент жоғары деңгейде, тағы біреуі орташа деңгейде орындауы мүмкін. Әр студенттің жұмысын жеке-жеке көріп, бағалауға болады» [5].

Сонымен қатар студенттің қаншалықты терең ойлы екені де аңғарылады. Сабақтың тақырыбы да қызықты форматпен студенттің ойында ұзақ есте сақталады. Өйткені көбінесе адамдардың ойында оқыған сөздерінен гөрі, көрген суреттері есте көбірек қалады. Оқытушы да эйдос-конспект арқылы студенттердің шығарманың мазмұнын қалай меңгергенін тексере алады. Сондай-ақ, студенттің ойын ашық білдіріп, пікір айтуға, аудитория алдында сөйлей алуға машықтандыра отырып, шығармашылық белсенділігін, ойлауын, елестету және есте сақтау қабілетін, ынтасы мен белсенділігін арттырады. Ең бастысы дербес ізденуге, өтілген материалды жүйелеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі XXI ғасырда бала тәрбиесі маңызды факторлардың бірі болып келгендіктен, бала тәрбиесіне оқу орындары әдебиет сынды пәндер арқылы ықпал ете алады. Ал біздің әдебиетіміз тәрбиенің қайнар көзімен тұнып тұр. Бұны әр студент аңғара бермейді. Бірақ дәл осы эйдос-конспект – студенттердің жадында сақталатын көркем ойды жеткізетін ең тиімді жолдардың бірігейі. Бұл – оқытушының өз мақсатына жеткенінің бірден-бір дәлелі.

Әдебиеттер:

1. <http://bilim-all.kz/jospar/64>
 2. <https://infourok.ru/eydoskonspekti-na-urokah-literaturi-1055977>
 3. <https://el.kz/kz/news/archive/content-29927>
 4. <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Эйдос>
 5. <http://emirsaba.org/pedagogicheskie-innovacii-kak-uslovie-povisheniya-kachestva-obv2.html?page=1>
 6. [https://kitap.kz/books/boran_roman/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/books/boran_roman/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))
- УДК 539.42**

Миям Асылзат

*Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер
кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан республикасы
Ғылыми жетекшісі: Б.Ж. Абильмажинова
e-mail: abilmazhinova.baldyrgan*

ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЛШЕМДЕРІ МЕН ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аннотация: Ғылыми мақалада қазіргі заманда өмір сүретін тұлғаларды қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету, сөйлеудің тілдік техникаларын игеру өлшемдері мен талаптары туралы баяндалады. Тілдің қолданыс әрекетіне қойылатын басты талап: сөйлем құрылымында сөздерді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы), сөзді сауатты құрастыру (сөз шеберлігі), дұрыс үлгісін, нормасын ұстану талғамдары жөнінде айтылады

Түйінді сөздер: тіл мәдениеті, ұлттық тіл, этнос, адамзат дүниетанымы, болмыс, ұғым, ұлттық таным, сөз мәдениетінің орны, пікірлесудегі мәдениет тірегі.

Аннотация: В этой статье излагаются критерии и требования к овладению речевой техникой речи, обучению людей, живущих в современном мире, культуре речи на казахском языке. Основные требования к функционированию языка: правильно употреблять слова в структуре предложения (верность речи), грамотно составлять слово (мастерство речи), правильно моделировать, придерживаться норм.

Ключевые слова: культура речи, национальный язык, этнос, человеческое мировоззрение, бытие, понятие, национальные познания, место культуры речи, основа культуры в диалоге.

Annotation: This article sets out the criteria and requirements for mastering the speech technique of speech, teaching people living in the modern world, the culture of speech in the Kazakh language. The basic requirements for the functioning of the language: correctly use the words in the structure of the sentence (speech fidelity), correctly compose the word (speech skills), correctly simulate, adhere to the norms.

Key words: culture of speech, national language, ethnos, human worldview, being, concept, national knowledge, place of culture of speech, basis of culture in dialogue.

Қазақ елінің егемендік алып, мемлекеттік тәуелсіздіктің баянды болып ұзақ өмір сүрудің себебі қазақ жерінде өмір сүретін ұлттар мен ұлыстың өзара татулығы мен бірлігі. Қазақ жерін мекендейтін ұлттың ыдырамас тұтастығы оның тілдік ерекшеліктерімен тығыз байланысты болып келеді. Себебі ұлтты ұйытып, оның басқа этностардан ерекшелігі мен өзгешелігін танытатын, айқын аңғартатын - ұлттық тілі. Ұлттық таным мен тілдің бірлігі, байланысы осы жерде тоғысады. Ал, тіл – адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі. Адамзат тіл арқылы табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстарға атау береді. Тіл – жалпы мәдениет пен адамзаттың дүниетанымының тұғыры. Барлық тілтану жүйесі мәдени-тарихи мазмұнынан өткен немесе тілдік құбылыс затына ие бола отырып, ол мәдениеттің шарты, негізі өнімі болып табылады. Мәдениет және тілдің байланысы оның мазмұны және қалпының (формасының) өзара байланысынан тұратыны бәрімізге мәлім. Тіл құбылысы әр халықтың ерекшеліктерін танытып отыратын құбылыс болып келсе, ал мәдениет оның ішкі мазмұндық құбылысы болып келеді. Осындай көзқарас тұрғысынан алып қарайтын болсақ, тіл мен мәдениетті өзара бөлінбейтін біртұтас дүние ретінде қабылдауға болады.

Соңғы жылдары мәдениет феномені ретінде зерттеліп жатқан объекті лингвомәденитану болып саналады. Әрине, ол мәдениет жүйесінің бір ғана бағыты. Уақыт талабынан туындағын мұндай құбылыстар қоғамда өмір сүретін тұлғаның тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін ажырамас жүйе ретінде лингвомәденитану бағытында зерттеп, мүмкіндігінше жүйелі білім беруді мақсат етіп жатқаны байқалады. Яғни, әрбір тұлғаға (студенттерге, оқушыларға) лингвомәденитану ғылымы саласынан теориялық мақсатта терең білім беру, оның әдіс-тәсілдерімен қаруландыру сияқты мақсатты көздейді. Тіл мәдениеті тілдік қолданыстың ішкі қаңқасын, қолданысын, мәнін қалыптастыруды көздейді. Мәдениет саласының ішкі құбылысын, тілдік категориялары мен концептісін қалыптастырады көздейді. Мәдениетті тілмен байланыстыра отырып зерттеу жұмыстары толық жүргізілмесе де, алдыңғы буындағы бірен-саран ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Мұндай құбылыстарды А.Брюкнер, Н.И.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Ивановтардың еңбектерінен байқауға болады. Ал, мәдениет ілімін лингвистика саласында зерттеген А.А.Потебня, В.Гумбольдтің еңбектерінде де тілдік қарым-қатынас (коммуникация) және таным құралы ретінде қарастыру элементтері байқалады. Сонымен қатар, мәдениет пен тілдің ажырамас құралы ретінде лингвистика саласында әр ұлттың мәдени коды ретінде қарастыру тәсілдерін көруге болады. Мұндай ғылыми көзқарастардың кіші-гірім түрлерін А.А.Потебня, В.Гумбольдт еңбектерінде де көрініс береді. В.Гумбольдт: «Әрбір ұлт тілінің шекарасы әрбір ұлттың өз дүниетанымының көзқарасын, шекарасын білдіреді» - деп тұжырымдаған болатын.

Сөз мәдениеті бағытының қазіргі зерттеу бағыттары тіл білімінің бұрынғы өтіп кеткен кезеңімен және қазіргі даму дәрежесімен алмаса отырып, тіл білімі саласындағы дәстүрлі парадигмалардың қазіргі қоғамдағы белең алған жаңа парадигмалармен алмастыру үрдісімен байланысты болып келе жатқаны байқалады. Қазақ сөз мәдениетінің пәндік оқулығы ретінде еңбектер жазған ғалымдар қатары А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, І.Кенесбаев, М.Балақаев, С.Аманжоловтардың тілдік нормалық құбылыстар бағытында жазылған еңбектер басты және негізгі құрал болып саналады [1]. Ғалымдардың грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды

ереже, тұжырым ретінде қарастырып зерттеуі, қазіргі қазақ тіліндегі әдеби тілдің кодификацияланған нормалары мен тұжырымдарын жасауда жаңа бағыттағы тиімді зерттеулер жүргізуге мүмкіндігін берді [2].

Қазақ сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуының алғышарты ретінде әсіресе, қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов т.б.) грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың ереже түрінде берілуі, соңғы жылдардағы әдеби тілдің кодификацияланған нормаларын қалыптастыруда ерекше болды [3].

Қазақ тілі білімінде тіл мәдениеті ертеден зерттеліп келе жатқан мәселе болатын. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Р.Сыздықовалар сөз мәдениетін әдеби тілінің тарихымен байланыстыра отырып зерттеген болатын. Әсіресе, ғалымдардың ғылыми еңбектерінде әдеби тілдің дәстүрлі нормалары, тілдің стильдік салалары мен тармақтары, олардың көп жанрлығы, стильдік бағыттары бойынша көптеген өзекті мәселелер көтерген болатын. Ғалым Б.Әбілқасымов қазіргі әдеби тіл нормаларын ертедегі жазба тіл деректерімен салыстыра отырып зерттеген болатын. Ал, әдеби тіл тарихындағы ақын, жыраулар поэзиясын ауызша сөз өнерімен, сөз үлгілерімен байланыстара қарастырып, сөз мәдениетінің нормативті-функционалдық қызметінің аспектілерін теориялық материалдарымен толықтырып отырды. Мұндай жаңалықтардың белгілері мен элементтері Е.Жұбанов, Қ.Өміралиев және Р.Сыздықованың еңбектерінде айқын көрінеді.

Сөз мәдениетін ғылыми пән ретінде қарастыратын негізгі объекті – тілдік норма. Соған орай, тіл мәдениеті теориялық пән ретінде нормативті аспекті аясында қарастырылды. Оның ішінде М.Балақаевтың «Қазақ тіл білімінің мәселелері» ғылыми еңбегінің аясында әдеби тілдің нормалық аспектісі, Р.Сыздық пен Н.Уәлиевтің норма және оның дағды, жүйемен байланысы, А.Алдашева, Б.Қалиев, Н.Уәлиевтің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларының типтері мен түрлері туралы зерттеулер тілдің нормалық тұрғыдан зерттеу аясын кеңейте түскеді.

Сөз мәдениеті қазіргі кезде көпбағытты (көпвекторлы) ғылыми сала ретінде қарастырылып жатқаны байқалады. Соңғы жылдары А.Е.Карлинский, М.М.Капыленко, С.Е.Жанпейісов, К.Ш.Хұсайынов, З.Қ.Ахметжанова, С.Құнанбаева, Ә.Т.Қайдаров, Б.Хасановтардың тілтанымға қатысты зерттеу еңбектеріндегі қарастырылған нәтижелер сөз мәдениеті жөніндегі теориялық білімнің базасын кеңейте түскеді. Г.Смғұлова, Ж.Манкеева, С.Сатенованың этнолингвистикалық, лексика-фразеологиялық бағыттағы зерттеу еңбектері тілдік тұлғаны мәдениеттің жоғары деңгейдегі өкілі, оны қолданушы, тұтынушысы, сонымен қатар дамытушысы ретінде қарастырды. Тілдік тұлғаның тұтынушысы ретінде этномәдени компоненттер ерекшеліктерінің сипатын анықтаушы фактор ретінде қарастыра зерттеу жұмыстарының дамуына септігін тигізеді.

А.Салқынбай, Б.Сағындықұлы, Ш.Жалмаханов, М.Сабыров, Ә.Құрышжановтар тілдік норманың тарихи сипатын, тілдік норманың «жаңа» және «ескі» теориялық бейнесін анықтап айқындауда көптеген жаңашыл проблемалардың мәнін ашқан болатын. Ғалымдар А.Жұбанов, К.Бектаев тілдік норманың басым түрлерін тілдік тұлғаның қарым-қатынастық бірлікте айқындауға болатынын статистикалық әдістер арқылы зерттеуі сөз мәдениетінің теориялық-әдістемелік білімінің аясын дамытуға, кеңейтуге мүмкіндік береді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңғырған қоғамның өз тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - деп айтып отырған ұлттық код мәселесіне тоқталсақ, бұл әрине, аса терең ұғым. Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс, ұлттық мәдениет, ұлттың ішкі әлемі. Демек, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын, басқа халықтан ерекшеленетін бітім-болмысын айқындап тұратын мәдени сипаты. Әрине, әр халықтың кез-келген ұлттық құндылығы мен мәдени сипатының маңызы, халық өміріндегі тарихи ұлы өзгерістері, сыны мен сыры ұрпақтан – ұрпаққа тіл арқылы жететіні белгілі. Ұлттық мәдениеттің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінетіні мәлім. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды да кең бөлігі – тұрақты сөз тіркестері болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тілдің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық негізін қарастырады.

Сонымен қатар, ХХ ғасыр басындағы қазақ жазушыларының шығармаларының аттары аталмай келген кездер де болды. Шындығында, әдеби тілдің ілгері дамуына азды-көпті үлес қосқан ірілі-ұсақты кез келген қаламгердің аты аталып, шығармалары тілі жағынан да ілімі айналымға енуі тиіс деген филологиядағы пікірлерді (профразеологиялық единицассор Б.Кенжебаев) ескеріп, алға тартар болсақ, тақырыптың өзектілігі де осыдан анық көрінетіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев әр Жолдауында рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету жөнінде мақсат қойғаны белгілі. Осыған сәйкес елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру арқылы ұлттық әдебиет пен

жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту міндеттері жүктелген және “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының “3.3. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының дестелерін әзірлеу” атты бөлімінде: “Тіл білімі” топтамасындағы осы бағыттың дестелерінде қазақ әдеби тілінің дамуы жөнінде жан-жақты мәлімет беретін және оның лексикасының баюына ықпал ететін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, синонимдер сөздігі, диалектологиялық және этимологиялық сөздіктер беріледі”, - делінген.

Қазақ тіл байлығының құнарлы қорына жататын, көркем сөз бен шешендік өнердің қайнар бұлағы болып саналатын лексикологияның бір саласы – тұрақты сөз тіркестері. Бұл тіліміздегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып суреттелген. Халықтың күн көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде жан-жақты өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың өзгешеліктері тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сондықтан тұрақты тіркестер – халқымыздың ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі. Әр ұлттың тіліндегі тұрақты сөз тіркестердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік бейнелі сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани, мәдени өмірінен хабардар екені сөзсіз.

Фразеологизмдер көркем әдебиет тілінің қажеттілігін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын танытатын ең күшті тілдік құралдардың бірі болып есептеледі. Тілдің әдебилігінің сипаттарының бірін, әдеби тілдің даму кезеңдерінің көркемдік ерекшеліктерінің бірін фразеологизмдер танытады. Ж. Қоңыратбаеваның зерттеу жұмысында ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдердің жалпы сипаты, тақырыптық-семантикалық, кезеңдік-құрылымдық, стилистикалық қолданыс ерекшеліктері қарастырылады. Автор ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдерді жалпы мағынасына қарай және ұйытқы болатын сөздерге қарай тақырыптық топтарға жіктейді:

Фразеологизмдерді жалпы мағынасына қарай:

- 1) Адамды сипаттайтын фразеологизмдер;
- 2) Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер;
- 3) Қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты туындаған фразеологизмдер;
- 4) Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты туындаған фразеологизмдер;
- 5) Өлшемдік ұғымдарды білдіретін фразеологизмдер;

6) Табиғат құбылыстарына байланысты фразеологизмдер деп бөле отырып, кейбір фразеологизмдер мағынасы жағынан бірнеше топқа қатысты болатындықтан, оларды мұндай тақырыптық топтарға бөлудің шартты екендігін ескертеді. Дегенмен де белгілі бір топтағы сөздердің мағыналық жағынан іргелес екенін де жоққа шығаруға болмайды. Автор фразеологизмдердің бейнелі, синонимді табиғатын көркем шығарма тілінің стильдік, стилистикалық сипатымен байланысты қарастырады. Еңбекте адам эмоциясына қатысты фразеологизмдер бөлек аталып, арнайы қарастырылмағанымен, адам сезімдерін, ішкі психологиялық халін, әсерлері мен ойларын нақтыландыру амалы ретінде қолданылған әзірейіл шеңгелі тигендей, ұжмақтың отына жылынғандай, у жеген қасқырдай фразеологизмдеріне талдау жасалады.

Көркем проза тілінде кейбір сөйлемдердің өлең жолдарындағыдай ұйқасып келетін ерекшелігі туралы «Қазақ прозасының тілі» еңбегінде Е. Жанпейісов, «Қазақтың халық прозасы» атты еңбегінде С. Қасқабасов арнайы тоқталады. С. Қасқабасовтың пікірінше «ешбір жанр саф алтындай таза күйінде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап кірігеді». Ж. Қоңыратбаева зерттеу жұмысында фразеологизм сынарларының дағдылы орнын алмастырып, инверсия жасау тәсілін ХХ ғасыр басындағы қазақ жазушыларының тілінде ең бір өнімді жұмсалған құбылыс ретінде қарастырады. Автор еркін тіркестерге тән мұндай тәсілдің фразеологизмдерде қолданылуын трансформацияға түсуден гөрі өлең сөздің шарттарына байланысты деген тұжырым жасайды. Мысалы: ыза болды, кектенді мағынасында жұмсалатын «тісін қайрау» фразеологизміне қатысты

«Босағама бір келер күні болса,

Көрермін!» — деп қайраған күйеу тісті (Кім жазықты» 34 б), – деген мысал келтіріп, «Көріп отырғанымыздай, сөздердің бұлай орын ауыстырып келуі фразеологизмге стильдік те, мағыналық та өзгеріс беріп тұрған жоқ. Сондықтан біз де фразеологизмнің бойындағы бұл секілді өзгеше қолданыстарды өлеңнің ырғағын, әуезділіктің «шырқын» бұзбау, тармақтарының үйлесімді ұйқасын сақтау қажеттілігінен туған, яғни өлең шартынан болған құбылыс деп түсінеміз. Қазақтың алғашқы қара сөз үлгілері деп есептелетін ХХ ғасыр басындағы көркем прозаның бойында өлең сөзінің кездесіп отыратыны белгілі жайт», – деп жазады.

Қазақ тіліндегі ұлттық мәдени сипаттағы тұрақты сөз тіркестердің грамматикалық, семантикалық, тақырыптық-мағыналық тұрғыда қарастыру - тіл байлығының құнарлы қорын арттыру мақсатында мынадай міндеттер белгіленеді:

- жалпы халықтық тұрақты сөз тіркестері қатарынан ұлттық мәдени сипаттағы тұрақты сөз тіркестерді анықтау;

- фразеологиялық бірліктерді зерттеудегі қазақ тіл біліміндегі негізгі бағыттарды талдау, ұлттық мәдени сипаттағы тұрақты сөз тіркестердің өзге де бірліктерден өзгешеліктерін көрсету;

- тұрақты сөз тіркестері халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі екендігін жазушы, ақындардың шығармалары арқылы дәлелдеу;

- тұрақты сөз тіркестердің тақырыптық-мағыналық топтарын анықтау.

Белгілі бір жанрдағы фразеологиялық құрылымдардың қарастырылуына байланысты Г. Кусимованың “Фразеологизмы в казахском эпосе” атты зерттеу жұмысын атап айтуға болады. Қазақ эпосындағы тұрақты сөз тіркестерінің семантикалық топтары мен түрлерін қарастыра келіп, он мынадай топтарға бөліп қарайды:

1. Салт-дәстүрге байланысты тұрақты сөз тіркестері: құрсақ шашу, құда түсіп, құйрық жеу, ақ кілемге салу т.б.

2. Діни наным-сенімге байланысты тұрақты сөз тіркестері: құдай атсын, Алла риза болсын т.б. Сонымен бірге эпостарда жиі кездесетін Баба түкті Шашты Әзіз, Ғайып ерен, қырық шілтен, жеті кәміл пір.

3. Сандарға қатысты тұрақты сөз тіркестері: он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт – көптік мағынаны білдіреді; тоғыз көзді кіреуке – фольклордағы батырлардың киімі; қырық мың үйірлі Қият – халық.

4. Қазақ эпостарына жататын дәстүрлі штампталған тұрақты сөз тіркестері: әулиеге айтып, Қорасанға қой айтып, атса мылтық өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін.

5. Эпостағы мақал-мәтелдер.

6. Поэтикалық тұрақты сөз тіркестері: жиі кездесетін эпитеттер – қанды ауыз көбе, туған айдай толқыған, исі жұпар аңқыған, қырық бес кез қызыл ер, қыналы бармақ, жез тырнақ.

7. Жаугерлік әскери бағыттағы тұрақты сөз тіркестері: а/ жаугершілік кезіндегі батырдың психологиялық жағдайы, ұрыстың нәтижесіне қатысты тұрақты сөз тіркестері: айдарлысын құл қылды, тұлымдысын тұл қылды; ә/ қару-жарақтары: толғамалы ақ сүңгі, қозы жауырын жебе.

8. Мінез-құлыққа байланысты тұрақты сөз тіркестері: Шаш ал десең, бас алады.

9. Психологиялық жағдайды көрсететін тұрақты сөз тіркестері: іші күйді, аһ ұрды .

10. Суреттеуге қатысты тұрақты сөз тіркестері: кер маралдай керіліп, бір басарға ерініп .

11. Қозғалысты сипаттайтын тұрақты сөз тіркестері: тап бергенде, шап берді.

12. Қоғамдық-саяси ұғымды білдіретін тұрақты сөз тіркестері: аузына ақ тимеген қу кедей, жалаң аяқ жарлы.

13. Адамдар арасындағы жақындықты білдіретін тұрақты сөз тіркестері: қарға жүнді қаттастым, үйрек жүнді оттастым – туған бауыр деген мағына береді.

14. Ақ тілеулі немесе қарғыс мәнді тұрақты сөз тіркестері: а/ қан жауғыр, құм құйылсын көзіңе т.б. ә/ айың оңынан тусын, жұлдызың жоғары болсын т.б.

Сан мындаған тұрақты сөз тіркестеріді жан-жақты зерттей, тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеу арқылы ғана халықтың тіл байлығын, өмірін, қандай кәсіптермен шұғылданғанын анықтауға болады.

Фразеологиялық бірліктер ұлттық тілдің ерекше жүйесі болып табылады. Тұрақты сөз тіркестеріді тілдің құрылымыдық бірліктері ретінде қарастырудың теориялық негіздері мен принциптері тіл білімі қала берді түркітану ілімінде аса көрнекті фразеолог, академик І. Кеңесбаевтың зерттеулерінде қалыптасқан болатын. Қазақ тіл білімі түркітануда фразеологиялық ілімнің қалыптасып дамуына ықпал етті. Ұлттық фразеологиялық қордағы тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы, синонимдік қатары, варианттарды зерттеу елегінен өтіп, едәуір іліми нәтижелерге қол жеткізді. Міне, бұл бағыттағы зерттеулер тұрақты сөз тіркестеріді таза құрылымыдық тұрғыдан тексеруге жатады. Тұрақты сөз тіркестеріді құрылымдық тұрғыдан зерттеу кезінде оның құрамындағы сөздің мағынасын ашу, этимологиялық талдау жасау, варианттарын көрсету, синонимдік қатарын анықтау тәрізді маңызды жұмыстар атқарылды.

Мысалға алатын болсақ, 1.Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама (жаугершілікке ұшырап, өзге жаққа ауған ел туралы айтылған. Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама ауып келіпті. [1]

2. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кезең (тыныш бейбіт заман). Асан Қайғы желмаяға мініп, жерұйықты, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мекенді іздеді. [2].

Қазақ халқы ежелде хандық билікте болғандықтан хан сөзіне байланысты ұлттық мәнді сипатта бірнеше мысалдар келтіруге болады:

-Ханнен қаперсіз болды (алаңсыз, ойсыз бейқам жүру) сөздерін алсақ, бұлардан жасалған сөз тіркестері де аз емес.

-Ақ таң атты- кара күн туды, кара жүрек (рақымы жоқ адам),ақ етек (арамдығы жоқ адам), ақ арулап кою (өлікті қадірлеп кою)- кара жерге кебінсіз кіру.

Келтірілген тіркестердің бәрі халықтың наным – сенімімен әдет - ғұрпымен байланыстыра айтылған. Демек, фразеологиялы тіркестердің табиғатын түсіну үшін оларды бір біріне карама- қарсы мәнде қолдана отырып, олардың алғашқы мағынасына мән беру керек. Қай кезеңде қандай мағынасында қолданылған, қандай оқиғалармен байланысты, яғни тіркестің қалай жасалғаны емес, қандай жағдайда жасалғаны ескерілуі тиіс.

Тарихи даму барысында кейбір фраземалардың ішкі формасы қандай да бір себептермен жойылуы, жоғалуы да мүмкін. Мағыналық пен бейнеліктің жаңаруы қайта жасалу үрдісін қарсы коюға болады. Ол фраземалардың ішкі формасы мен экспресивтілігін жаңартуға себепші болады. Фразеологизмдердің бойында сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жеткен қоғамдық тәжірибенің, халықтық рухтық, және материалдық мәдениеттің көріністер сақталып бейнеленген. Сондықтан тілдің тұрақты тіркестеріне (мақал мәтел, фразеологизм т.б.) алғаш көңіл бөліп, олардың табиғатындағы халықтың қоғамдық өмірдің салт-санасын, әдет – ғұрпын көре білендер тек тілші ғалымдар мен фольклористер ғана емсе, сонымен қатар этнографтар да болды.

Осы жүйеде топтастырудың нәтижесінде әдет-ғұрып, салт-дәстүр түрлерін, діни наным-сенімдік көзқарастарын, тарихи оқиғалардың сарынын, ұлттық ерекшеліктері мен игі қасиеттер белігін байқауға болады. Бұл – тарихтың сара жолдарын, сан қилы замана өткелдерін, этностың өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін тілде сақтау арқылы болашаққа жол салу, келешек ұрпаққа бағыт-бағдар беру деген сөз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. “Қазақстанның болашағы қазақ тілінде” “Егемен Қазақстан” № 7 46.
2. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. М., 1972.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы. Алматы, Санат. 1994.
4. Кеңесбаев І. Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы. Алматы, 1950.
5. Смағұлова Г. Қазақ тіліндегі мезгіл мәнді тұрақты сөз тіркестері /Авторыфразеологиялық единицарат/.
6. Әуезов М. Абай 1-том, 1-кітап. Алматы, 1955.
7. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том Алматы, ҚазССР-нің Ілім баспасы, 1977.
8. Юлдашев А. Принципы составления тюркско-русских словарей. М., 1972.
9. Сәрсенбаев Р. Қазақ тілі фразеологиясы. Алматы, Қазақ университеті, 1973.
10. Муратов С. Устойчивые словосочетания в тюркских языках. М., Издательство Восточной литературы, 1961.
11. Смағұлова Г. Тұрақты сөз тіркестерінің варианттылығы. Алматы,Санат, 1966.
12. Кеңесбаев І. О некоторых фразеологических единицах в казахском языке. Известия АН КазССР N 135, Выпуск 1-2-А., 1954.
13. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, Мектеп, 1988.
14. Қожахметова Х. Фразеологизмнің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, Мектеп, 1972.
15. Нұрғазиева Г. Етістік фразеологизмнің қазақ тілі түсіндірме сөздігінде берілуі // Қазақ тілі түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. Алматы, Ілім, 1989.
16. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы /өңделіп және толықтырылып 2-басылуы/ Алматы, Санат, 1994.
17. Рахматуллаев Ш. Некоторые вопросы узбекской фразеологии.
18. Қайдаров А., Жайсақова Р. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке //Известия АН КАЗССР. Серия филологический № 8 Алматы, 1978.
19. Оразов М. Қазақ тілі семантикасы. Алматы, Ілім, 1991.
20. Османова А. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі. Алматы, Ілім, 1991.

21. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмнің ұлттық мәдени аспектілері. Алматы, Ілім, 1998.
22. Нелунов А. Глагольная фразеология якутского языка // Авторефразеологиялық единицарат дис. кан. филолог. наук. Якутск, 1977.

УДК 539.42

Темирова Сабина
«Аударма ісі» мамандығының 1-курс студенті
«Тұран-Астана» университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: sabina.temirova.00@inbox.ru
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.
e-mail: grk_15@mail.ru

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» САБАҚТАРЫНДА ВИЗУАЛДЫ ЖӘНЕ АУЫЗША МӘТІНДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИЗУАЛЬНОГО И УСТНОГО ТЕКСТА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF VISUAL AND ORAL TEXT AT LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE

Аннотация. Мақалада «Қазақ тілі» сабағында визуалды және ауызша мәтінді қолданудың тиімділігі арнайы критерий мен стрендтер негізінде талданып, аталмыш критерийдің студенттердің білім алудан тыс, танымдық жәнешығармашылық қабілеттерінің, сыни ойлау дағдыларының да дамуына әсер ететіндігі нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

Түйінді сөздер: визуалды және ауызша мәтін, критерий, стренд, білім, таным, шығармашылық, сыни ойлау, тиімділік.

Аннотация. В статье анализируется эффективность использования визуального и устного текста на уроках «Казакского языка» на основе специальных критериев и стрендов, что подтверждается конкретными примерами, что данный критерий влияет на развитие познавательных и творческих способностей студентов, навыков критического мышления.

Ключевые слова: визуальный и устный текст, критерии, стренд, знания, познание, творчество, критическое мышление, эффективность.

Annotation. The article analyzes the effectiveness of the use of visual and oral text in the lessons of the "Kazakh language" on the basis of special criteria and trends, which is confirmed by specific examples that this criterion affects the development of cognitive and creative abilities of students, critical thinking skills.

Key words: visual and oral text, criteria, strand, knowledge, cognition, creativity, critical thinking, efficiency.

Визуалды және ауызша мәтіндерді «Қазақ тілі» сабағында қолдану өте тиімді. Студенттер белгілі бір тақырыпты немесе мәселені кеңінен талдап, ұсынылған арнайы стрендтер негізінде өзіндік ойларын еркін ортаға салып, тұжырым жасап, қорытынды жасай алады.

Визуалды және ауызша мәтіндерді түсінуді «А критерийі» деп алып, аталмыш критерий негізінде тақырып бойынша берілген бейнебаянды талдау барысында үш негізгі стренд құрастырып алуға болады. Мысалы:

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Және олардың жұмысын осы стрендтер бойынша төмендегідей 8баллдық жүйеде бағалауға болады.

А критерийі: Ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

Жетістік деңгейі	Деңгей сипаттамасы
0	Оқушы төменде берілген стандарттардың бірде-біріне жете алмады.
1-2	I. Негізгі деректерді, хабарламаларды, басты идея мен қосымша детальдарды төмен деңгейде анықтайды; II. негізгі конвенцияларды шектеулі деңгейде біледі; III. кейбір идея, пікір мен көзқарастарды анықтауда ауызша және визуалды мәтіндермен төмен деңгейде жұмыс жасайды, өзіндік жауабын беруде қиналады. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді.
3-4	I. Кейбір негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды анықтай алады; II. Негізгі конвенцияларды біршама біледі; III. кейбір идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен біршама жұмыс жасайды. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды біршама түсінгендігін көрсетеді.
5-6	I. Негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды жеткілікті деңгейде анықтай алады; II. Негізгі конвенцияларды жеткілікті деңгейде біледі III. Идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен жұмысты жеткілікті деңгейде жасайды. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды жеткілікті деңгейде түсінгендігін көрсетеді.
7-8	I. Негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды нақты анықтай алады; II. Негізгі конвенцияларды өте жақсы біледі; III. Идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен жұмысты жоғары деңгейде жасайды. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді.

А критерийінің негізінде студенттерге тақырып аясында көптеген тапсырмалар беруге болады. Мысалы:

1-мысал. *Бейнебаянды мұқият көріңіз. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, мәтін түрінде комментарий жазыңыз.*

*Бейнебаян не туралы?

Ол кімдерге арналған?

Бейнебаянның негізгі идеясы не?

Визуалды детальдар (әуен, түр-түс т.б.) ертегінің идеясын жеткізуге қалай көмектеседі?

*Конвенцияға талдау жасаңыз, оның ертегі идеясын жеткізудегі рөлі қандай? (дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері т.б.).

* Бейнебаяндағы мәселені өмірмен байланыстырыңыз.

Сіз мәселені қалай шешер едіңіз?

2-мысал. *Бейнематериалдың негізгі идеясын жазыңыз. Қалай анықтадыңыз? (5-6 сөйлем).*

*Автор біздің отбасы құндылықтары туралы не ойлап, не сезінгенімізді қалайды? (5-6 сөйлем)

*Бейнекөріністегі оқиғалардың қайсысы шындыққа жанасады? (5-6 сөйлем)

- Отбасылық келіспеушілік

- Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас

- Ата-ананың балаға деген махаббаты

- Баланың ата-анаға деген махаббаты

- Әкенің өкініші

*Бейнематериал әсерлі болуына ықпал еткен конвенцияларды талдаңыз (дәлел келтіріңіз: музыка, дыбыс, жарық, түс, фон, интонация т.б.) (5-6 сөйлем)

*Видео басында көрсетілген «Отан отбасынан басталады» деген мақалды пайдаланып, сіз отбасы құндылықтары туралы не ойлайсыз? (4-5 сөйлем)

3-мысал. <https://www.youtube.com/watch?v=frYko-4jFcI>

1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бейнежазбадағы басты идеяға талдау жасай отырып, өз ойыңызды дәлелдеңіз.
2. Автор идеясын жеткізудегі қосымша детальдарды анықтап, олардың қолданылу мақсатына шешім ұсыныңыз.
3. Автор кейіпкерлердің ішкі сезімін жеткізуде конвенцияларды қаншалықты тиімді қолданған?
4. Бейнежазбадағы жағдаятты талдап, жеке тәжірибеңе сүйене отырып шешім ұсын.

2-тапсырма. Даяшы немесе жас жігіттің біріне таңдау жасап, жағдаят барысындағы ішкі толғанысын жеткізетін монолог құрастырыңыз. Монолог жазу барысында мәнмәтінге сәйкес тілді қолданыңыз (250 сөз).

4-мысал. <https://www.youtube.com/watch?v=70TIduxeJa8>

1. Бейнероликтегі негізі ой мен мақсатты анықтаңыз.
2. Автор аудиторияға қандай үн тастайды?
3. Бүгінгі қоғамда адамдар арасындағы қарым- қатынаста әділетті болу қаншалықты қажет? Ойыңызға дәлелді мысалмен ұсыныңыз келтіріңіз.
4. Д. Әшімханұлының «Жоқ, олай емес» шығармасы және бейнекөріністегі оқиғаларды саралай келе, қоғамдық қарым-қатынас жайлы тұжырым жасаңыз.

5-мысал. <https://ok.ru/video/298914941514>

Тапсырма: Тамашалаған бейнематериал бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Берілген бейнекөріністің мақсаты мен тақырыбын үш-төрт сөйлеммен жеткізіңіз.
2. Бұл бейнекөріністің аудиториясы кім? Неліктен олай ойлайсыз?
3. Өнге тандалған бейнебаянның сюжетіне баға беріңіз?
4. Бейнекөріністің қай бөлігі Сізге ерекше әсер қалдырды? Неге?
5. «Қыз екен жүрген ерігіп» деген сөздің мағынасын түсіндіріңіз.
6. «Алып кел, анаңның жүрегін» сөзі қандай мағынада қолданылған (тура/ауыспалы)?
7. Бейнебаяндағы оқиға шындыққа жанаса ма? Оқиғаны жынайы өмірмен қалай байланыстыруға болады? Ойыңызды дәлелдер арқылы жеткізіңіз.

Тәжірибелі коммуникаторлар тілді үйренудің ең жоғары фазасында әлеуметтік және академиялық мәнмәтіндерде визуалды ауызша және жазбаша сөйлеуде көрсетілген маңызды ақпаратты, бөлшектер мен идеяларды бағалай алады. Олар ақпаратты талдайды, айтылым және жазылым мәтіндері бойынша кең ауқымындағы идеялар, пікірлер мен көзқарастар туралы жорамалдар мен тұжырымдар жасайды. Олар әлеуметтік және академиялық жағдайлардағы сұхбаттарға белсенді қатысады, маңызды ақпаратты көрсетеді және толық талдау мен түсініктеме береді. Олар әлеуметтік және академиялық жағдайлардағы сұхбаттарға белсенді қатысады, маңызды ақпаратты көрсетеді және толық талдау мен түсініктеме бере алады. Сабақта визуалды және ауызша мәтінді қолдану осындай нәтижелерге қол жеткізеді.

Сонымен қатар, интерактивті тақта, компьютерлер және ақпаратты технологиялар – сабақ барысында тыңдаушылардың білім алуға қызығушылығын арттыратын, оқытушыға сабақты дайындау және өткізу үрдісін жеңілдететін өте қолайлы құралдар болып табылады. Электронды-мультимедиялық оқыту бағдарламасы жүйелі болған жағдайда дәстүрлі оқыту тәсілі мен педагогикалық инновациялармен бірге әр түрлі деңгейдегі тыңдаушылардың дайындығын жоғарылатады. Оқытушы сабақ барысында тақырып бойынша ақпаратты технологияларды орнымен, дұрыс қолдануы қажет. Сонымен қатар, қызықты материалдар арқылы тыңдаушының ынтасын арттыру да маңызды болып табылады.

Сабақта визуалды мәтінді қолдану интерактивті формадағы оқытуға жатады. Оның негізгі мақсаты:

- тыңдаушының сабаққа ынтасын арттыру;
- тыңдаушы белсенділігін жетілдіру;
- аналитикалық және сыни ойлау қабілетін дамыту;
- тыңдаушының өзін-өзі дамытуы және коммуникативті қабілетін жоғарлатуы.

Слайд, слайд-фильм, видеоклип, кинофильмдер визуалды мәтінге жатады. Сонымен қатар, оған арнайы электронды оқыту ресурсын да қосуға болады (оқыту мультимедиялары, мультимедиялы кітаптар, мультимедиялы әмбебап энциклопедиялар және т.б.).

Мультимедиялық технология дыбыс түрінде берілетін ақпарат пен видеомәліметтерді қабылдауымызға жағдай жасайды.

Визуалды мәтінді қолдану принциптері:

- 1) Студент немесе тыңдаушының жас мөлшерін және психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- 2) әр түрлі ақпаратты технологияларды тиімді, әрі біркелкі қолдану: студенттің немесе тыңдаушының визуалды, аудиалды, кинестетикалық ақпаратты қабылдау жүйелері мен эмоцияларына ықпал ету;
- 3) дидактикалық мақсат пен принципті ұйғару;
- 4) оқытушы мен студенттің бірігіп жұмыс істеуі;
- 5) ақпаратты технологияларды қолдану барысында қауіпсіздік ережесінің маңызды рөл атқаруы.

Жоғарыда айтылған принциптерге сүйене отырып, визуалды мәтін мынадай дидактикалық принциптерге сүйенуі керек:

ғылыми тұрғыда дәлелденуі, қол-жетімділігі, жүйелігі және ілгермелілігі, белсенділігі, теория мен практика аралығындағы байланысы, интерактивтілігі.

Визуалды мәтін – демонстрациялау элементі. Психологтар адамның визуалды түрде берілген мәтіннің 25% қабылдайтынын дәлелдеген. Сондықтан да, визуалды мәтін тез, әрі анық түрде мәліметті жеткізеді, қызығушылықты арттырады, мәліметті жылдам түсініп, қабылдауға ықпал етеді.

Ауызша мәтін тыңдаушы немесе студент жадында ұзақ сақталады. Бұл ауызша және визуалды мәтінді қолданудың ең маңызды тиімділігі. Мысалы, видео көрсетілім түрінде берілген ақпарат тыңдаушының назарын аудартып, ақпаратты күнделікті берілетін форматтан ерекше түрде жеткізеді. Тіпті, видеокөрсетілімдегі жәй ғана бейнекөрініс тыңдаушыны қызықтыратыны сөзсіз. Қазіргі заманда мұндай форматта ақпараттың берілуі ерекше көрініске ие. Сонымен қатар, визуалды мәтінді қызықты түрде жеткізу де маңызды.

Жалпы, визуалды түрде жеткізілетін ақпарат тыңдаушының назарын аудартып, тыңдаушы есінде қалады. Визуалды мәтін түріндегі ақпарат тыңдаушыға ақпаратты визуалды, әрі аудиалды түрде сақтап қалуға мүмкіндік береді. Мысалы, адам кітап оқығанда оқиға желісін қиял арқылы көз алдына елестеді. Осылайша, оны есте сақтап қалу қиынырақ болады. Ал, визуалды формат адамға ақпараттың дайын бейнесін жеткізеді. Мұндай ақпаратты қабылдау, әрі есте сақтау оңай. Визуалды түрде ақпаратты жасөспірім балаларға қабылдау және есте сақтап қалу оңай болады.

Визуалды және ауызша мәтінді балаларға қолданған тиімдірек. Себебі, балаларға ақпаратты осындай форматта қабылдау және оны тусіну оңайға соғады. Мысалы, қарапайым мультфильмдер де арнайы кішкентай балаларға арнайылып жасалынған. Себебі, балалар ақпаратты, көрсетілген бейне көріністі осылай оңай сақтайды. Дегенмен, кейіннен видеоматериалдың мазмұнын күрделендіріп, студенттерге сабақ барысында қолдануға болады, яғни тақырыптың ерекшелігіне қарай түрлі бейнебаяндарды таңдап, жоғарыда берілген критерийлер мен стрендтер негізінде талдау барысында олар білім алып қана қоймай, аталмыш тақырып бойынша дүниекезқарасы артып, сұрақтарға жауап беру кезінде шығармашылық және сыни ойлау дағдылары да артады.

Визуалды мәтіннің тағы да бір тиімділігі: ақпараттың анық, нақты, әрі оның адамның көз алдындағы бейнесі түрінде жеткізілуі. Мысалы, соғыс жайлы ақпаратты видеокөрініс арқылы жеткізетін болсақ, тыңдаушының ондағы бейнекөріністі есте сақтап қалуы сөзсіз.

Визуалды және ауызша мәтін оқытушыға сабаққа дайындық процесін жеңілдетеді. Яғни, ақпаратты дайын түсіндірмелі видео түрінде жеткізуі оқытушаға жеңілрек болмақ. Визуалды ақпарат студенттің назарын өзіне оңай аударады.

Жалпысында «Қазақ тілі» сабағында визуалды және ауызша мәтінді қолдану барысында студенттер негізгі деректер, хабарламалар, басты идея мен қосымша детальдарды нақты анықтап, негізгі конвенцияларды өте жақсы игеріп, идея, пікір мен көзқарастарды анықтау және өз жауабын беру арқылы ауызша және визуалды мәтіндермен жұмысты жоғары деңгейде жасай алатын болады. Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді. Бұның өзі визуалды және ауызша мәтінді қолданудың тиімділігін танытады.

Сонымен қатар ойлау, әлеуметтік, коммуникативтік, өзін-өзі бақылау, зерттеу сияқты дағдыларын дамытады. *Ойлау дағды барысында:*

- * деректерді түсіндіру;
- * жаңа идеялар мен зерттеулерді генерациялау үшін миға шабуыл және визуалды диаграммаларды пайдалану;
- * бірегей жұмыстар мен идеяларды жасау; қолданыстағы шығармалар мен идеяларды жаңаша пайдалану;

Әлеуметтік дағды барысында:

* басқа адамның эмоциялық жағдайын түсінуді және осы түсінуді (эмпатия) көрсетуді тәжірибеге алу;

* қарым-қатынасты құру және дамыту үшін әлеуметтік желілерді, бұқаралық ақпарат құралдарын тиісті түрде пайдалану;

Коммуникативтік дағды барысында:

* әр түрлі аудиториялармен қарым-қатынас жасау үшін түрлі сөйлеу техникаларын пайдалану.

* әр түрлі мақсаттар мен аудиториялар үшін тиісті хат нысандарын пайдалану;

* ақпарат және рахат үшін түрлі көздерін оқу;

Өзін-өзі бақылау дағды барысында:

* күрделі ақпаратты ұйымдастыру үшін қолайлы стратегияларды пайдалану;

Зерттеу дағдысы барысында:

* ұзақ мерзімді жадыны дамыту үшін есте сақтау техникасын пайдалану;

* көптеген және әртүрлі дереккөздерінен бірқатар көзқарастарды іздеу;

* әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен форматтарды пайдалана отырып, аудиторияның көптеген түрлері үшін ақпарат пен идеяларды тиімді хабарлау сияқты оқыту дағдылары жүзеге асады. Бұның барлығы студенттердің білім алып қана қоймай, жан-жақты дамуына жол ашады.

Әдебиеттер:

1. www.multiurok.ru
2. <https://ok.ru/video/298914941514>

УДК 539.42

Үйсінбаев Мирас Қанатұлы

«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер» кафедрасының магистранты

«Тұран-Астана» Университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: miras-taraz@bk.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., С.О. Симбаева

e-mail: salima.simbaeva@mail.ru

МӨҢКЕ БИ ЖАЙЛЫ АҢЫЗДАР МЕН ЖАҢСАҚ ПІКІРЛЕР МИФЫ И ЗАБЛУЖДЕНИЯ О МОНКЕ БИ MYTHS AND MISCONCEPTIONS ABOUT MONKE BI

Аннотация. Мақалада Мөңке би жайлы қоғамда тарап кеткен аңыздар мен жаңсақ пікірлер талқыланды. Оған нақтылы дәлелдер келтірілді

Түйінді сөздер: Мөңке би, Мұрат Мөңкеұлы, Мөңке хан, аңыз;

Аннотация. В статье рассмотрена мифы и заблуждение о Монке би, которые распространились в обществе

Ключевые слова: Монке би, Мурат Монкеулы, Монке хан, миф;

Annotation. The article discusses the myths and misconception about Monk Bi, which spread in society

Keywords: Monke bi, Murat Monkeuly, Monke khan, myth;

Мөңке жайлы халық аузынан жинақталған деректерге сүйенсек, оны аңыз кейіпкері деп тұжырымдауға болатын сыңайлы. Оның өзін былай қойғанда, шығу тегі, арғы аталары, қала берді әкесі мен шешесінің танысуы жайында да ақылға сыйымсыз фантастикалық сарындағы әңгімелер жетерлік.

Мөңке жайлы деректердің бірі оның арғы аталарын Баба Түкті Шашты Өзізге апарып тірейді. Алпамыс Батыр жырында жиі ұшырасатын бұл жұмбақ кейіпкер кім? Алдымен соны анықтап алсақ.

Баба түкті Шашты Өзіз есімі тек батырлар жырлары мен ел аузындағы әңгімелерде ғана кездеседі. Ол туралы зерттеу еңбегі бірең-сараң. Себебі кейіпкер туралы нақты тарихи дерек кездеспейді. Тіпті Д. Тұрантегі мен Ж. Боранбайдың «Баба Түкті Шашты Өзіз» кітабының өзінде авторлар: «Баба Түкті Шашты Өзіз туралы арнайы кітапқа түсіп, нақты мынадай болып еді деген дерек әлі қолға түскен жоқ. Қолда бары – аңыз шежіре. Олай болатын да жөні бар. Өйткені қазақ даласының тарихи тұжырымдамасын жолай соғып өткен жатжұрттықтар жасады. Олардың көбісі бұрмалап жеткізді. Әсіресе, Қытай деректері жер-су аттарын, адамның аты-жөндерін жөнсіз талалақайын шығарды. Ал араб саяхатшылары мен жылнамашылары да олардан қала қойған жоқ» [1. 9-10], - дейді. Автордың айтып отырғанымен келіспеске лаж жоқ. Әйтсе де, деректерді жеткізушілерді айыптау орынсыз деп білеміз. Себебі әр халық өзге тілдегі қандай да бір сөздерді айтқан уақытта өз тілінің артикуляциясына бейімдейді. (Біздің қазақтардың Россияны «Ресей», Москваны «Мәскеу» дейтіні секілді) Сондай аңыздардың бірінде кейіпкеріміздің есімі Баба Түкті емес, Баба Туклас деп кездеседі. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы мынадай мәлімет береді: «Баба Түкті Шашты Өзіз қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейне. Ол туралы аңыздардың бірінде шын есімі Баба Туклас деп көрсетілген. Әкесі – Керемет Өзіз. Баба Туклас Меккеде патша болған, мұсылмандар арасында әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар, ең алдымен, Мұхаммедтің, онан соң Әлем Музтазы Сейіттің, содан соң осы Баба Түкті Шашты Өзіз қабіріне барып тәу еткен» [2. 123]. Баба түкті Шашты Өзіздің Мазары Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданыны маңындағы Құмкентте орналасқандықтан бұл аңыздың тарихи негізі жоқ секілді. Десекте бұл деректен алатынымыз Баба Түкті Шашты Өзіздің кей деректерде Баба Туклас деп кездесетіндігі. Бұл атау оның есімі мен «Түкті» сөздерінің қысқаруынан туған деген тұжырым бар. Қобыланды батыр жырында «Ықылас ата Шашты Өзіз» деген жолдар бар. «Түкті Ықылас ата. Осыны «Түкті Ықылас» деп жылдамдата айтсаңыз, өзінен өзі Туклас шыға келмек» [1. 24].

Баба Түкті Шашты Өзіздің шыққан тегіне келер болсақ, батырлар жырының әр нұсқасында әр түрлі мәлімет кездеседі. Қаныш Сатбаев версиясында «Едігенің әкесі» деп суреттелсе, Парпария жырында «Парпарияның әкесі, яғни Едігенің атасы» деп айтылады. Ал кей деректерде Едігенің бесінші атасы ретінде кездеседі. Қалай болған күнде де, бір анығы – Баба Түкті Шашты Өзіз Едігенің аталарының бірі, яғни, ноғайлы жұртынан. Ал Мөңке болса, тарихи деректер бойынша кіші жүздегі «шекті» руынан. Осыған қарап, Баба Түкті Шашты Өзізді Мөңкенің арғы атасы деген деректі негізсіз деп тұжырымдауға болатындай. Десек те, қазақ пен ноғайдың ертеректе бір халық болғандығын ескерсек, бұл аңыздың негізі бар секілді. Тарихшы М. Тынышбаев өзінің «Мырза Едіге батыр. Ертедегі Едіге мен тарихтағы Едіге» атты мақаласында: «...Европа тарихшылары, орыс тарихшылары қанша жетік болғанымен жергілікті отырықшы жұрттың жүрісі турасына қарай пішіп, көшпелі елдің салтын жете түсінбей жоғары жұрттар бір-біріне туысқан болса да, Қырымдағысын Қырымға тұсап, Қазандағысын Қазанға, Ноғайдағысын Ноғай жеріне бекітіп, қазақ, сібір татарлары, қарақалпақты орнын-орнына жылжытпай матастырып, байлағандай қылып қояды... Көшпелі ел бір жерде тұрмай, біресе ары, біресе бері толқып жүргенде әр алуан әр жерде қала берген. XVI ғасырдың ортасында Қазан, Қырымды орыс алған соң ары-бері жүруге жол кесіліп, Қырымдағысы Қырымда, Қазандағысы Қазанда, Ноғайдағысы Ноғайда қала берді» [3. 81-82], - деп сөзімізді дәлелдей түседі. Тіпті кей деректерде Кіші жүздің кей рулары ноғайдан тарайтындығы айтылады. «Қазақтың белгілі тарихшысы М. Тынышбаев өзінің «Қазақ халқының тарихы» деп аталатын іргелі еңбегінде: В «Материалах к истории киргиз-казакского народа» мы остановились на событиях 1598-1604 годов, когда по смерти Орманбет бия от Ногайского Улуса откололась многочисленная группа и присоединилась к казакам, бывшим под властью дома Джаныбека: она кочевала в окрестностях Синего или Аральского моря и известно русским под именем Алтульского Улуса» [4] дейді. Оған қоса, Ж.Дәуренбекұлы мен С.Құттыбайұлы 1992 жылы Алматы қаласындағы «Рауан» баспасынан кітап етіп шығарған «Алты ата Әлім» атты шежіреде Мөңкенің Едіге батырдың ұрпағы екендігіне дерек келтіріледі. [5. 153]

Тағы бір деректердің бірінде Мөңкенің анасы мен әкесінің таныстығы жайлы мына оқиға баян етіледі: «Күндердің күнінде Тілеу (Мөңкенің әкесі) жол жүріп келе жатып, ат суарып алмақ ниетпен Ақкісі деген кісінің аулына соғады. Келсе, бір құнан атан (кейбіреулер өгіз дейді) құдыққа түсіп кетіп, соны Ақкісінің Сұлу деген қызы шығарып алмақ боп жатыр екен... Сұлу екі иығына екі кісі мінгендей ірі, соған қарамастан қасы-көзі қиылған, екі беті нұрмен сырлап қойғандай, атына заты сай ару екен. «Әуп!» деп атанды тартқанда аяғындағы көксауыр кебістің табаны қақ бөлініп кетіпті. Ат үстінде тұрған Тілеу ұмсынып, арқаннан ұстап, атанды суырып алыпты. Би атын суырып болып өз аулына бет қойып, анадай төбеге шыға бергенде, қыз екі ұштылау қып: «Дөйт!» депті. Тілеу аттың

үстінде отырған күйі, денесін бұрмастан артына қарайды, сонда оның қос иығы қозғалмай тек басы ғана сұңқарша кейін қайрылып, сақалы мен иегі екі жауырынның ортасында тұрыпты. Яғни, қазіргі тілмен айтқанда басы 180 градусқа бұрылған. Бір кездескен биді сынап тұрған Сұлу: «Ерткені иттің сырттаны екен, мінгені аттың тұлпары екен, өзі адамның сұңқары екен!» - деп дән риза болыпты. Көп ұзамай көреген Тілеу ата салтымен құда жібереді. Бірақ намысқой Ақкісі: «О не дегені... Екі әйелі бар жер ортасына келген адамға мен қызымды бере алмаймын!» - деп тулайды. Тілеудің өзіне құда түсіп оған әкесінің қарсы боп жатқандығын естіген қыз: «Әкеме айтыңдар, Тілеу адамның сұңқары екен, берсін», - дейді. Сол Сұлу шешемізден Мөңке туған екен.» [6.] Бұл аңыздан «Қатын алма, қайын ал» дейтін қазақ халқының болмысы мен танымының лебі еседі. Зерттеуші Риза Әлмұханова өзінің «Алпамыс батыр жырындағы тектілік мәселесі атты мақаласында: «Ел қорғайтын үлкен мақсаттың адамы қатардағы жай қызды алмайды, оған о баста текті қыз бұйырылған. Шындығында фольклорлық шығармаларда бас кейіпкерлердің жары не ханның қызы, не байдың қызы болуы ойландыруы керек. Таптық сананың өзіндік ықпалы болғанымен, мұндай сарынның сақталуы текті жерден қыз алуды білдіреді. Жырлардағы: «Қанікейдей көріктіні, Тінікейдей тектіні ал» деген фольклорлық қаңқаның тым терең тарих қойнауынан тамыр тартатыны осылайша белгілі болады» - дейді [7] Мұны дана халқымыз «Жігіттің жақсысы нағашыдан» - деп түйіндеген. Хан мен қараның ақылшылары болған жыраулар шығармаларына үңілсек те ел тізгінін ұстайтын игілердің қарадан қыз алуын құптамайтындығын байқаймыз. Мәселен, Асанқайғының: «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің... Қатын алдың қарадан, Айырылдың хандық жорадан, Ел ұстайтын ұл таппас, Айрылар ата мұрадан! Мұны неге білмейсің?!» - деп ханға наз айтуы; Ақтанбердінің: «Елден елді аралап, Текіден текті саралап, Беглердің қызын айттырсам» - дей келе, ойын «Бала берсе тезінен, Пірлердің бітсе демінен, Шілтеннің тиіп шылауы, Артылып туса өзімнен» - деп түйіндеуі; Бұқар жыраудың «Жал құйрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз! Қалың малы арзан деп, Жаман қатын алмаңыз! Жабыдан айғыр салсаңыз, Жауға мінер ат тумас. Жаман қатын алсаңыз, Топқа кірер ұл тумас» немесе «Ай, Абылай, Абылай, Қатын алма қарадан, Қара тумас сарадан» - деп толғауы; Байтоқ жыраудың: «Атасы мұның малды деп, Қызының беті қанды деп, Қарадан сұлу тандаған. Күндердің күні болғанда, Олардан асыл болмаған» - деп жырлауы осының дәлелі. Мөңкенің әке-шешесінің таныстығы жайлы бұл аңыз да «Алып анадан туады» дейтін қазақ танымынан туса керек.

Тарихта өз есімінің ең алғашқы иесі болған адамдар бар. Мәселен, мұсылман үмбетінің пайғамбары «Мұхаммед» есімі дәл ол кісіге дейін ешкімге қойылмаған көрінеді. Сол секілді қазақ халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлының есімі де оған дейін ешкімге қойылмаған. Ал Мөңке деген есім қазақ халқына таңсық емес. Біз айтып отырған Мөңкеге дейін де, одан кейін де «Мөңке» есімді адам аттары тарихи деректерде кездеседі. Сол себепті кей адамдар Мөңке биді одан біраз уақыт бұрын өмір сүрген Мөңке ханмен, не одан кейінгі заманда өмір сүрген Мұрат Мөңкеұлының әкесімен шатастырып жатады. Осы орайда жоғарыдағы аты аталған «Мөңкелерді» шатастырмас үшін олардың әрқайсысына жеке тоқталғанды жөн көрдік. Алдымен, Мөңке хан жайынан сөйлесек. «Әлем әміршісі болуға ұмтылған Шыңғыс хан төрт ұлына өзі жаулаған дүниенің төр бұрышын: үлкен ұлы Жошыға бүкіл Дешті Қыпшақ даласын, екінші ұлы Шағатайға Орталық Азияны, үшінші ұлы Үгедейге Алтай мен Тарбағатай аймағын, кіші ұлы Төлеге ата жұрт Монғолияны қалдырады. Төрт ұлдың ішінде Шыңғыс ханның алтын тағы әуелі Үгедейге, ол қайтыс болғаннан кейінгі бес жылғы бұлғақтан соң 1246 жылы Үгедейдің үлкен ұлы Құйыққа бұйырады. Небәрі екі жыл билік жүргізген Құйық опат болған соң алтын тақ 1251 жылы Бату ханның қолдауымен Төленің үлкен ұлы Мөңке ханның қолына көшеді... Шыңғыс ханның алтын тағына Мөңке хан (түрлі дерек көздерінде Мунхэ, Менгу) отырып қана қойған жоқ, жарты әлемнің әміршісі атағына пара пар «ұлы хан» титулына ие болды. Бұл оқиға Рашид ад-Диннің жазуында 1251 жылдың 4 шілдесі күні шыңғыс ұрпақтарының ұлы құрылтайында болған еді. Мөңке 8жыл хандық құрды» [8: 16-176] Мөңке би мен Мөңке ханды нақты ажырата алу үшін Мөңке ханның алтын тақта отырған уақыттағы атқарған айтулы оқиғаларынан аздап хабардар болу маңызды. «Мөңке Батумен бірлесіп, империяны әрі қарай күшейтті. Империяның батысында Бату хан бастаған Жошы ұрпақтары (Берке, Орда Ежен т.б), шығысында Мөңке бастаған Төле ұрпақтары (Құбылай, Хұлағу, т.б) билік құрды. Үгедей мен Шағатайдың ұрпақтары биліктен ығыстырылып, Қудалауға ұшырады. Сыртқы саясатта жаулап алушылық жорықтар әрі қарай жалғастырылды. Мөңкенің інісі Хұлағу бастаған әскер 1256-58 жылдары (Аббас әулеті билеген) Иран мен Иракты басып алып, Бағдат халифатын жойып жіберді. Мөңке мен інісі Құбылай Қытайды жаулап алу жорығын жалғастырды. Батыста Бату хан, кейіннен оның орнын басқан Берке хан Жошы ұлысын дербес басқарды. Басқа ұлыс билеушілері де (Құбылай, Хұлағу, т.б) дербестікке ұмтылды. Соған қарамастан Мөңке ішкі саясатта орталық билікті күшейтуге тырысты, сауда мен экономиканың дамуына мүдделі болды. Мөңке Қытайға қарсы жорық кезінде

қайтыс болды. Мөңке қайтыс болғаннан кейін өкімет билігі үшін тартыс қайтадан күшейіп, ол Шыңғыс хан империясының 4-ке бөлінуімен аяқталды. [9] Жоғарыдағы деректерден байқағанымыздай, Мөңке хан мен Мөңке бидің арасында еш байланыс жоқ. Екеуінің өмір сүру ортасы, уақыты, тарихтағы ролі, ата тек шежіресі әр алуан, тіпті бір-біріне мүлде жуыспайды.

«Біріншіден, Мөңке жай хан емес, ұлы хан болды. Ендеше жарты әлемнің тізгінін ұстаған әміршінің әңгіме-дүкен құрып, дүниәуи пәлсапаға соғып, жыр толғаған деу мүлде қисынға келмейтін тұжырым.

Екіншіден, монғолдарда билер институты, жалпы «би» деген ұғым болмаған. Билер институты жалпы бертін келе Ноғайлы дәуірінде шыққан. Жалпы би – Ноғайлы дәуірінің әміршісі, әмір – Ақсақ Темір заманының билеушісі, халиф – араб патшалары, сұлтан-салжұқтар мен Осман империясының билеушілеріне қатысты лауазымдар. Оның үстіне монғолдар өз билерін «сечен» атаған (біздіңше шешен, мәселен Жиренше шешен). Монғол қоғамында хан мен шешеннің әлеуметтік иерархиядағы орны жер мен көктей.

Үшіншіден Мөңке қанша ұлы хан болғанымен, Жошыдай жолбарыс, Батудай баһадүр, Беркедей берекет хандар билеген Дешті Қыпшақта соншалықты танымал болмады. Сондықтан иісі түркі жұртында «Мөңке хан айтыпты» деген жыр толғауларды былай қойғанда, Мөңке ханға байланысты аңыз-әңгімелер де мүлде кездеспейді. Байқауымызша Мөңке айтыпты дейтін жыр-толғаулар монғол әдебиетінде де жоқтың қасы»

Жоғарыдағы себептерді негізге ала отырып, Мөңке биге қатысты мұраны Мөңке ханға телудің еш қисыны жоқ деген батыл тұжырым жасауға әбден негіз бар». [8: 186]

Мөңке биді Мөңке ханнан бөлек, Мұрат Мөңкеұлының әкесімен де шатастырып жатады. Бұлай шатастыру тек қарапайым оқырмандарға ғана емес зерттеушілерге де тән. Мәселен, Нысанбек Төреқұл өзінің «Даланың дара ділмарлары» атты еңбегінде: «Мөңке би Аманұлы (1763-1836). Кіші жүздің Шекті атасынан шыққан атақты, шешен би. Мөңке би қайтыс болғанда оның баласы Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) жеті жаста болатын дейді қариялар» [8: 186] - деген дерек келтіреді. Бұдан бөлек зерттеушілер де Мөңке биді Мұрат Мөңкеұлының әкесімен жиі шатастыратын көрінеді. Сондықтан да осы мәселенің басын аша кеткенді жөн санадық.

«Қара қылды қақ жарып кесіп айтатын Мұрат Мөңкеұлы беріректе 1846 жылы дүниеге келіп, 1906 жылы қайтыс болған. Мұраттың өмірі мен шығармашылығы Кеңес заманы тұсында Х. Досмұхамедовте бастап, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, Е. Исмаилов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов сияқты дуалы ауыз ғалымдарымыз бен қаламгерлеріміз тарапынан жан-жақты зерттеліп, тіпті 1949 жылға дейін мектеп оқулықтары төрінен де орын алып келді. Кейін алдаспан ақынның орыс отаршылдығының текеметін тіліп айтқан отты жырлары коммунистік құлақкесті идеологияның «қисынына келмейтін болғандықтан барлық оқулықтардан алынып тасталып, ақынға Шортанбай, Дулаттармен қатар, «зар заманның заржақтары» деген айдар тағылып, әлдеқашан өмірден озған ақындардың әдеби мұралары саяси қуғынға ұшыратылды». [8: 19 б] Бұл жайлы Мұраттың замандасы, ақын қайтыс болған уақытта 23 жаста болған, белгілі Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы: «Қазақ елі елдігінен айырылып, «штатқа» көніп, нағыз болдырып, тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы – бостандық үшін «егескен ердің бәрі жер тіреген» заман. Патша хукіметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаған заманы... Мұрат өлеңдерінде Патша хукіметінің қазаққа жасаған саясаты айқын байқалады. Хукіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады» [10: 207-208 б] - деп баса айтады. Мұраттың шығармашылығы жайлы мына анықтаманың өзінен-ақ, Мұрат пен әкесінің заманы мен Мөңке би заманының бөлек екенін аңғару қиын емес.

Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген дәуір «зар заман» деп аталатын дәуірге тура келеді. «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына зар заман ақындары деген ат қойдық. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады». Мұрат сол «зар заман» ақындарының белді өкілі. Зар заман сарынын Мұраттың өлеңдерінен анық аңғарамыз. «Мұрат зар заман ақындарының ішінде патша саясатының бір тарауына көп көңіл бөлген ақын. Ол тарауы қазақтың жері алынуы болатын. Сондықтан бұл ақын көп жырында қоныс пен өрістің жоқшысы болады. Жер тарылып, заң бұзылып, ел сасқан соң, бұрынғы ұйытқысы бұзылмаған ру тіршілігі көркінен айрылып, құбылып, қуарып бара жатқан сияқтанады. Бұзылған заман мұның да

өлең сөзінің бар күшін әлеумет қамына жұмсатады. Мұрат зар заман ішіндегі ірі ақынның бірі. Бұның сөз үлгісі баяғының толғауы сияқтанып, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келеді. Елдің жайлауы мен қонысын жоқтағанда жалғыз өз заманынан бастамайды. Қазақтың қайғылы күйі алыстап ескіден келе жатқанын айтып:

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Қоныстың бар ма қалғаны
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны, –

дейді. Қазақтың ата қонысы, мекені алына бастағаны, бүгіннен емес, көптен басталған.

Сондықтан бұл зорлықтың тарихын шолып өтеді» [11: 229 б]

Мұрат өлеңдерінің мазмұнына үңілсек, ол өмір сүрген дәуір патша үкіметінің қазақ жеріне дендеп кіріп, қамалдарын салып, шұрайлы жерлерін тартып алған кезге тұспа-тұс келеді. Ал Мөңке бидің дәуірі Әбілхайыр ханның орыс патшайымына енді ғана ат берген, яғни Ресейдің қазақ халқын отарлауының бастапқы кезеңі. Осының өзі Мөңке би мен Мұраттың дәуірі екі басқа екендігін аңғартады.

«Атырау өңірінің тірі энциклопедиясы саналатын Берік Қорқытов ағамыздың бұлтартпас деректері бойынша Мұрат Мөңкеұлының атасы – Беріш. Автор: «Мұрат осы атадан шығып, ертеде ел ішінде Беріш-Мұрат ақын атанған. Беріштен Байсейіт, Байбақты болып бөлінеді. Мұрат Байсейітке жатады. Байсейіт Тілес, Қитас болып бөлінеді. Мұрат Тілеске жатады. Тілестен Қаратоқай, Бәкен болып бөлінеді. Ағайынды осы екі атадан тараған өздерін Қаратоқай-Берішпіз деп атайды. Мұрат осы Қаратоқайдан шығады. Жетібаулы Беріштің арасында Қаратоқай-Мұрат атанған. Бер жағы былай болып келеді: Қаратоқайдан – Сасыған, одан Аққұлы, одан – Байбоз, одан – Жиенбай, одан – Рапхан, одан – Аман, одан – Мөңке. Осы Мөңкеден Мұрат туады» - деп соқырға таяқ ұстатқандай, дәлме-дәл, нақпа-нақ жазады». [8: 19 б] Ендеше Беріш-Мұрат атанған Мұрат Мөңкеұлының әкесі Мөңке Аманұлын Шекті Мөңкемен шатастырудың еш қисыны жоқ. Оның үстіне «Мұрат жастайынан жетім қалғандықтан оның әкесі туралы дерек тым мардымсыз және сол аз деректің өзінде Мөңке Аманұлы би болыпты деген дерек мүлде кездеспейді». [8: 19 б] Келтірген деректен шығатын түйін: Мұрат Мөңкеұлының әкесі мен Мөңке би арасында еш байланыс жоқ. Екеуі екі дәуірдің адамы. Оның үстіне Мөңке Аманұлының руы – Беріш, ал Мөңке Тілеуұлы Шекті руынан шыққан. Мөңке Аманұлы би болыпты деген дерек еш жерде кездеспейді.

Қорыта келе: Мөңке Тілеуұлы қазақ халқына, әсіресе, Кеңес заманы орнағанға дейінгі уақыттарда аса танымалдылық пен зор беделге ие болған сыңайлы. Олай дейтініміз, Мөңке би халық арасында аңыз кейіпкеріне айнала білген. Оның өзін былай қойғанда, ата-бабасы, әке-шешесінің таныстығы жайында да аңыздар бар. Ал қарапайым қара жаяу адамның аңыз кейіпкеріне айналмасы белгілі. Десек те, Мөңке жайлы аңыз бен ақиқатты ажырата білу маңызды. Тағы айтармыз: Мөңке Тілеуұлын Шыңғыс ханның немересі – Мөңке хан Төлеуұлы және Мұрат Мөңкеұлының әкесі – Мөңке Аманұлымен шатастырмау қажет. Бұл тарауда аталған үш Мөңкені айыру үшін нақтылы дәлелдер келтірілді.

Әдебиеттер:

1. Дулат Тұрантегі, Жарылқасын Боранбай. Баба Түкті Шашты Әзіз. –Шымкент: Жібек жолы, 1996. – 48 бет.
2. Баба Түкті Шашты Әзіз // «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиясы. - Алматы, 2005.- 560 б.
3. Дәуірдің жарық жұлдызы. (Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М. Тынышбаевқа арналады) / - Алматы : [Б.ж.], 2001 . - 258 б.– (Ұлы тұлғалар. - Мәтін қазақ және орыс тілдерінде)
4. Мөңке би Ер Едіге ұрпағы. Ф.ғ.д., Жұбаназар Асанов, Райбек Сағадатов.http://www.rusnauka.com/8_NTSB_2015/Philologia/8_189431.doc.htm

5. Дәуренбекұлы Ж. Құттыбайұлы С. Алты ата әлім. – Алматы: Рауан, 1992.
6. А. Пангереев, Ж. Асанов. Шекті Мөңке бидің ғибраттары. Ақтөбе: Тұрсынбек Кәкішұлының қоры, 1998. - 39 б.
7. Риза Әлмұханова «Алпамыс батыр» жырындағы тектілік мәселесі // Ана тілі газеті, 29 - Сәуір, 2010 ж
8. Мөңке. Құрастырған. Жұбаназар Асанов. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 264 бет.
9. Мөңке. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%A9%D2%A3%D0%BA%D0%B5>
10. Мұрат Мөңкеұлы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. – 288.
11. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2004. 4-том: Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. – 456 бет.

УДК 78.03(574)

Тилеува Назерке Орынбасарқызы
«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік дисциплиналар» кафедрасы
Тұран-Астана» Университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: tileu.nazerke@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: доцент Симбаева С.О
e-mail.ru: salima.simbaeva@mail.ru

БІРЖАН САЛ ЛИРИКАСЫ АСҚАҚ СЕЗІМ - МАХАББАТТЫ ДӘРІПТЕУДІ ҮЙРЕТЕДІ

Біржан сал Қожағұлұлы – XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінде аса ірі тұлғалардың бірі, әйгілі әнші – композитор, айтыскер – ақын.

Ол сал әншілік, ақындық, орындаушылық өнерде де өз үн-бояуымен, өз әуенімен жеке-дара өнерпаз болғандықтан, оның айналасына халықтың таңдаулы ақын, әншілері, өнерпаздары топталып, ақынды ұстаз тұтқан.

Біржан салдың қазіргі кезге дейін бізге алпысқа жуық әндері жеткен. Біржанның бойындағы қайталанбайтын дарынды қасиеті арқылы, ішкі сезімін, сұлулыққа деген ыстық лебізін өз әндерінде нәзік сезімді, махаббат пен сұрулықты аса жоғары деңгейде жырлағандықтан бізге аса құнды дүние болып, оның өнердегі қайталанбас тұлға екенін білеміз.


Атақты ақын, халқының жазба әдебиетін, өркенді өнерін әлемге әйгілі еткен. Сәкен өзінің "Көкше" поэмасында: аспандағы аққуға он екі звот әнін қосқан Біржан салдың бір сырлы, сегіз қырлы, арқалы ақын, дарқан дарынды, тұлпар талантына разы көңілмен оны өміршең өлең жолдары арқылы бейнелейді. Сонымен қатар, қаза музыкасы мен музыка ілімінің негізін қалаушылардың бірі, академик, ғалым – сазгер Ахмет Қуанұлы Жұбановтың: "Басқа халық композиторлары сияқты Біржанның да, жазылып қалған өмірбаяны жоқ, оның өмір жолын баспалдақтап баяндап отыратын біздің қолымызда дерек те жоқ... Біздің білетініміз – Біржан жастайынан ел аралап, ауыл кезіп, әншілік, орындаушылық өнерін шынықтырды. Ән қорын көбейтті. Сонымен қатар, өзі де көптеген әндер шығарды. Оның әндерінің мазмұнын біз сөздерінен мағынасынан анықтаймыз. Айтушылар Біржан Әпіш деген қызды алып, одан Теміртас, Қалкен деген екі ұлы, Асыл, Ақық деген екі қызы болған" – дегені Біржанның жан – жақты тұлға екенін дәлел.

Біржан – ақын, лирик. Біржан өлеңді көбіне ән үшін, әнді өлең үшін шығарған. Сондықтан олар – өзара біте қайнап, бірігіп кеткен туындылар. Олардың жігін ашамын, егізді жұбынан айырамын деп әлектену – бос әурешілік. Айталық ақынның ілгерідегі туындысы саналатын "Біржан сал" шығармасын алсақ, осы кезеңде өз бойындағы асқақ талантпен таныстырудан өзге ұғым жоқ сияқты. Ал сол жолдары әніне салып, құйқылжыта орындасыншы! Одан алар әсерді айтып та, жазып та жеткізу қиын болар еді.

Лирика – шындықты адамның ішкі көңіл- күйіне бөлеп, ойы мен сезімін астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма. Ол әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі. Көбіне өлеңмен жазылады, сюжетке көп бара бермейді. Оқиғадан гөрі отты сезімге, бас – аяғы тұжырымды философиялық ойға жинақталады. Лирика тілсіз түйсіктерге сөз

береді, оларды тар кеуденің қыспағынан көркемдік өмірдің таза салмағына алып шығады да, ерекше өмірге бастайды. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі, бұл арада өлеңді жазған адам, оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл – күйлері бір – біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. [1]

Біржан сал әндерін тақырыбы мен мазмұнына қарай бірнеше топқа бөлуге болады:



Біржан әндерінің әрқайсысының өзіндік шығу тарихы, себебі бар. Сол секілді баршамызға таныс әсем әндерінің бірі: «Айтбай» әнінің шығу тарихына үңіліп көрейік.

«Айтбай» әні

Біржан әндерінің бірі - «Айтбай» әнінің шығу тарихына көз жүгіртетін болсақ, бұл ән туралы көптеген дерек көздері бар. А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» еңбегінде, Біржан салдың «Айтбайы» Айтбайға ғашықтықтан туған ән деп көрсетіледі. Ғалым Қ.Жұмалиевтің айтуынша, Біржан ғашық болып қана қоймай, ән шығарып, осы қызға үйленген деген болжам жасаған. Меніңше, А.Жұбановтың келтірген болжамы шындыққа сәйкес келетін секілді. Себебі, Е.Ысмайлов «Айтбай» әнінен кейін Біржан қосыла алмағандықтан «Ғашығым», «Ғашық жар» деген әндер шығарды. Осы мәліметтерге сүйене отырып, Біржанның тек Айтбайға ғашық болып, жеткенше асығып, «атаның бауырына тепкі салып», келе жатқан жолда шығарған әні деп айтылады.

Ал ән мәтініне келер болсақ, әр жылдары шыққан жинақпен (1959, 1967, 1989, 2005) ән мәтінін салыстырғанда, кей сөздердің өзгеріске түскенін байқаймыз.

«Қазақ біріккен мемлекеттік баспасынан» 1959 жылы шыққан «Б.Қожағұлұлының әндері» жинағындағы мәтінде:

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан шай құйдырып **ішейін** деп,
Келемін Айтбай сұлу ауылына.

Ал 1989 жылы жарық көрген «V ғасыр жырлайды» жинағындағы мәтін мынадай:

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан шай құйдырып **ішейік** деп,
Келеміз Айтбай сұлу ауылына

2005 жылы жарық көрген «Қазақстан халқының дәстүрлі музыкасы» атты еңбектегі ән сөзі:

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан шай құйдырып **ішейін** деп,
Келемін Айтбай сұлу ауылына

Осы өлеңдегі «**ішейін, келемін**» сөздері, «**ішейік, келеміз**» деп өзгеріп отыр.

Жалпы, бұл ән Біржанның нәзік сезімін, махаббаты мен сағынышын көрсететін ән. «Біржан әндеріндегі махаббат тақырыбы, сан ғасырлардан жалғасып келе өзіндік бір іштей шабыт беретін ыстық сезімі» шығар деп есептеймін өз басым. Бұл әннің мәтіні, жалпы ерекше өзіндік ситльде, сөз қолданысы өте жоғарғы деңгейде жазылған тың дүние. Біржан сал әндеріне махаббаттың, іңкәр сезімнің керемет туындылардың пайда болуына негізгі себепші деп есептеймін.

Неге? Себебі, адам бойындағы тұншығып жатқан сезімге қандайда бір кереметтің себеп болуынан

кайталанбас туындылар, өлеңдер дүниеге келе бастайды. Біржан салдың өзіндік шеберлігінің арқасында, әндерін тек ыстық сезіммен жазып қоймай, астарында қандай да бір басқа жайтты ұштастыра білген. Мәселен: «Ләйлім-шырақ» әні. Бұл әннің шығу тарихына келер болсақ, Біржанның тапқырлығының арқасында Көлбай мен Жанбайдан өш алу мақсатында қарындасы Ләйлімге өзінің ыстық ілтипатын беру мақсатында айта отырып, астарында ағаларының іс-әрекеті жайлы айтылады.

«Ләйлім шырақ» әні

Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ.
Қайыс болсын, жіп болсын өзіме бер,
Шідіремнің бағасы – қырық қасырақ.
Өзіме бер шілдерім тауып алсаң,
Өте қымбат бағасы тілге нансаң.
Жерде шіріп қалса да өзіме бер,
Шыбын жаным қиылсын бітім алсам.

Мұнда Ләйлімге шідерінің аса қымбат екендігін, өзіне қажет дүние екендігін ән мен жеткізіп тұр. Оның сұлулығын сыршыл қабілеті арқылы айтып тұрғандығын аңғаруымызға болады.

Шідер- ат әбзелі. Онымен жылқыны түнде бос қоя бергенде аяғын тұсаулайды.

Біржан салдың сыршыл лирик ақын екендігін дәлелдеу мақсатында кішігірім зерттеу жұмысын жүргіздім. Түрлі сұрақтар арқылы адамдардың пікірін білу үшін, мынадай сауалнамалар легін жасадым:

1. «Біржан сал» көркем фильмін қарап көрдіңіз бе?
2. Біржан сал образы сол фильмде қалай бейнеленген?
3. Біржан сал әндерінде махаббат тақырыбы қалай көрініс тапқан?
4. Біржан сал әндерін қазіргі уақытпен байланысы бар деп ойлайсыз ба?
5. Біржан сал әндерін белесіз бе?

Осындай бірнеше сұрақтарды екі тарапқа сауалнама ретінде жүргізіп, нәтижесін сараптадым.

ЖОО студенттері (18-21 жас аралығында) мен әртүрлі салада жұмыс істейтін қызметкерлер (25-35 жас аралық),(40-60 жас аралығы) арасында жүргізілген сауалнама.

Мұндағы менің мақсатым, Біржан салды тек сал-серілердің бірі деп танитын жандарға, Біржанның лирик ақын екендігін осы зерттеу жұмысымнан дәлелдер келтіру.

Сонымен, ЖОО студенттерінен алынған сауалнама нәтижесі мынадай:

- **бірінші сұрақ**, «Біржан сал» көркем фильмін қарағандар көп екен. Әрине, қуанарлықтай жағдай мен үшін. Себебі, қазіргі уақытта тарихи фильмдерді көретін жастардың қатары көп екендігі мені қуантты.

Сол секілді 8 адамның жауабында бұл фильмді көрмегендер де, қарамайтындар да кездесті. Ересек жасты аға-апаларымыз театрлардағы спектакль қойылымы арқылы Біржан салдың нағыз қазақ елінің халқын сүйетін, өз махаббатына құрбан болуға дайын азамат екендігін, әрқашан халық жанашыры болғандығын айтып отыр.

Егер қолға кітап алып, көптеген Біржан туралы жазылған еңбектерден таныс болмаса, осындай қойылымдар, фильмдер арқылы да Біржан салды танып, біліп алуға болады.

- **екінші сұрақ**, көрермендердің басым көпшілігі «Біржан сал»фильмінен «Біржанды махаббатты өзінің көркем тілімен, әсем сазды әуенімен жеткізген ерекше дарынды қасиетке ие тұлға. Ол фильмде Біржанның махаббатқа адал, ғашықтық сезімінің арқасында көптеген қиындықтарға мойынсынбайтын жігерлі жан.» - деп айтып жатыр.

Ал тағы бір тарап, Біржанның сол фильмнен ғашықтың сезімінің арқасында көптеген қиындықтарға тап болатындығы, тек нәзік сезімнің жетегінде кеткен адам ғана емес, сонымен қатар қазақ елі үшін алаңдаушы, қоғам өміріне белсене атсалысатын дара тұлға екендігін жеткізіп отыр.

- **үшінші сұрақ**, «Қазақ өнерінде байырғыдан махаббат тақырыбына жазылған әндер, өлеңдер көптеп кездеседі. Сонымен қатар, ғашықтық сезімі, ақын-жазушылар мен сал-серілердің шабытынан туындаған керемет әндер қазіргі уақытта бізге мұра болып жетті. Сондай сал-серілердің бірі және бірегейі-Біржан сал. Оның әндеріндегі махаббат сезімі, өте ерекше сөз қолданысымен, сыршылдығымен ерекшеленеді. Біржан әндеріндегі қыз бейнесі өте жоғарғы деңгейде бейнеленеді».

Әрбір адамның өзіндік ой-пікірі, өз тұжырымдамасы бар. Көпшіліктің ойы бір жерден шыққандықтан осындай жауапты беріп отыр.

Басқа тараптың айтуынша, «Біржан әндеріндегі нәзік сезімнің астарында қандай да бір негізгі мәселенің жатқандығын көруге болады», - деп баяндап отыр.

- **төртінші сұрақ**, «Қай ғасырда болмасын Біржан әндері өзінің мән-мағынасын жоймайтын, өзіндік ерекшелігіменен, өзектілігіменен кез-келген уақытта айтылады және де қазіргі заманмен де ұшастыруға болады. Махаббат жолындағы жастарымызға тәрбиелік мағынасының ерекше екенін көруге болады.» - деп, өздерінің пайымдауларын жеткізді көпшілігі.

- **бесінші сұрақ**, «Біржан әндерінің басым бөлігі махаббат тақырыбына, сезімге құрылған туындылар, сол туындылары арқылы бізге таныс. Дегенмен, әттеген-ай дейтін жәйт, Біржан әндерін тек қана жеңіл-желпі қарайтындығы және ұмыт болып бара жатқандығы мені қатты алаңдатады». Осы жауапты естігенде, өзімдіде осы сұрақ ойландырып қойды. Шындығына келгенде, бұл әндерді барлығымыз ден қоя тыңдап, оның мән-мағынасына назар аударады мекенбіз? Оның тарихына үңілмей, бұл әндерді жеңіл қабылдамауымыз керек. Әр әннің өзіндік шығу тарихы қызық. Айтқым келгені, бізге жеткен осы құнды дүниелерді барынша орынды, өз реңін жоғалтып алмай, басқаларға дәріптеу.

Енді бірі, «Біржан салдың тек сезімге толы әндері ғана емес, сонымен қатар бай-болыстардың озбырлығын, қара халықтың мұң-мұқтажын өзінің сөз шеберлігі арқылы, жеткізе білген. Ол туралы көптеген әндер жазылған.» -деп, өз пікірлерін айтып жатыр. Әркімнің өзіндік санасы, ой-пікірі болады демекші, әр адамның қабылдау қасиеті де әртүрлі болып келеді.

Ал, әртүрлі сала қызметкерлерінің (25-35 жас аралығында) берген жауаптары төмендегідей:

- **бірінші сұрақ**, Жалпы, бұл фильмді және театр қойылымдарын қараған адам саны мен ойлағаннан едәуір көбірек болды. Аса қуантарлық жағдай...

Екінші тараптан, бұл фильмді мүлдем қарамағанда да кездесті.

- **екінші сұрақ**, Көрермендердің фильмнен алған әсері өте жоғарғы деңгейде және Біржанды тек сезімге бірілген кейіпкер ғана емес, сонымен қатар бойынынан түрлі қасиеттерін айқын көруге болатындығын айтты.

Таңқаларлықтай жағдай сауалнама жүргізілген адамдардың басым бөлігі фильмді қарағандығын және де алған әсерлері жақсы екендігін жеткізді.

- **үшінші сұрақ**, «Махаббат тақырыбына терең үңілмегендігін мойындаған жөн». Осы сынды жауап қатты басым бөлігі, әрине өкіншіті. Біржан салдың басқа қырынан танымаса да, махаббат тақырыбына жазылған әндерін естімеу немесе білмеу деген таңқалатындай жайт қой.

- **төртінші сұрақ**, «Сол кезеңде жазылған әндердің мағынасы жағынан қазіргі уақытпен сәйкес келетіндігі рас». Берілген сұрақтың қорытындысы ретінде осындай жауап шықты, яғни 52 адамның 42 сі осы сынды жауап қайтарды.

- **бесінші сұрақ**, «Ләйлім шырақ», «Ғашығым», «Ғашық жар», «Айтбай» әндерін көп адамдар білетіндігіне көзім жетті. Себебі, бұл әндердің көпшілікке танымал екендігіне бір себеп, «Біржан сал» көркем фильмінің қандай да бір ықпалы бар шығар деп ойлаймын. Онда ғашықтардың сезімінен туған ән көпшіліктің жүрегінен орын алды.

Осы сауалнаманың нәтижесінде, өзімде көптеген мәліметтерді біліп, оқырмандардың берген жауаптарына риза болып қалдым. Өйткені, Біржанның тек бір қырынан танып қана қоймай, оның сан – алуан қырларын атап көрсетіп, менің қойған сұрақтарыма қуанып, бар ықыласымен Біржан туралы баяндап бергендігі бір жағынан таңқалдырды десем де болады. Ия, байқауым бойынша Біржанның әндерін, шығармашылығының бір бөлшегін ғана білетін адамдар да кездесті. Дегенмен де, аз да болса, Біржан сал жайлы ақпарат білетіндігін айтып, қолынан келгенше сұрақтарға жауап беруге тырысқандығына қуанып қалдым.

Осыдан шығатын қорытынды, Қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатындай, оқырман жүрегіне жақын Біржан салдың лирик ақын екендігін және бұл, Біржан салдың тек бір ғана қыры екендігін айта кеткім келеді. Әрине, Біржан сал туралы толық біліп, басқа қырларын ашу ол бөлек әңгіме.

осы мақаланы жазу барысындағы жасаған жұмысымнан, алған сауалнамадан көп тәжірибе жинадым деп айтсам, қателеспеген болармын. Сөз қорымның аз да болса кеңейуіне, қандайда бір

тапсырманы тереңінен ізденуге, өз ой-пікірімді дұрыс қалыптастыра білуге және осындай жақсы қасиеттерге дағдылануға өз үлесін қосты.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, халқымыздың санасында Біржан сал – жалғыз өзі бірнеше өнерді бойына жинаған феномен. Өлеңдерінде суырып – салма, табан астында қолма – қол шығарып айтқан өнерлері де эмоцияның өр үстінде туындаған әндері арқылы, махаббатты, іңкәр ыстық сезімін әсем әніменен ұштастыра білетін қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар тұлға екенін қайталап айтамын.

Әдебиеттер:

1. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/26865/

УДК 82-1

Төлепбекова Мақпал Амантайқызы

"Тұран - Астана" университеті,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім алушысы

e-mail: tolepbekovam@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: доцент, ф.ғ.к. С.О. Симбаева

ЖАЯУ МҰСА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЖАЯУ МУСА SOCIAL PROBLEM IN COMPOSITIONS OF JAYAU MUSA

Аннотация. Мақалада әнші-ақын, шығармашылығын оның еңбектеріне сүйене отырып, өміршендігі, өзектілігі қарастырылды. Жаяу Мұса өз заманының бет-бейнесі іспетті сол кезеңдегі әлеуметтік мәселелерді өткір сынға алғандығы, бай-шонжарлардың әлімжеттігі жан-жақты дәлел келтіріле отырып талқыланды.

Түйінді сөздер: заман шындығы, өткір сын, әлеуметтік теңсіздік, озбырлық, жемқорлық

Аннотация. В статье рассматривается творчество певца-поэта Жаяу Мусы Байжанұлы. Изучены феномен поэта. Поскольку Жаяу Муса хорошо знал о социальных проблемах в то время, несправедливость богачей обсуждалось с всесторонним аргументом в его творчестве. Проблемы поднятые поэтом актуальны по сей день.

Ключевые слова: социальное неравенство, критика, насилие, коррупция

Annotation: In the article the singer - his work was studied by his work. Due to the fact that I was well aware of social problems at the time, the issue was discussed with a comprehensive argument.

Key words: violence, social inequality, corruption

Жаяу Мұса Байжанұлы (1835-1929) - қазақ халқының әйгілі әнші-сазгері, ақыны, қазақ музыка мәдениетінен ойып тұрып орын алған тұлға. Ол өз шығармаларында бұрыннан дамып, қалыптасып, сіңісіп кеткен ұлттық дәстүрді, тақырыптық-идеялық мазмұнды жалғастыра отырып, қазақ өнеріне көркемдік жағынан едәуір дамыған ғажайып шығармашылық жаңалық әкелді. Жаяу Мұсаның өмір шындығынан туған, көркемдік дәрежесі жоғары музыкалық образдармен сомдалған туындылары халықтың ән өнерінің дәрежесін биіктете түсті.

Жаяу Мұса Байжанұлы тек ән салып қана қоймай, өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамда болып жататын түрлі оқиғалар мен дау-жанжалдарға да белсене араласты. Ел билеушілердің паракорлығын, зұлымдығын өткір сынға алып, өлеңдеріне арқау еткен. Ол көптеген тақырыптарда өлеңдер жазған. Солардың арасында ең көп қозғалған мәселе - заман шындығы, сол кездегі халықтың басындағы қайғы-қасірет, байлардан көрген қысым мен озбырлық. Бұрын әділеттің ұшқыны жоқ зұлымдық бел алған заманда, Жаяу Мұса жауыздықпен жалғыз жүріп күресіп, бар өмірін халық мүддесін жоқтау жолында сарп еткен, белгілі қоғам қайраткері. [1, 8-12бб]



Жаяу Мұсаның замандас әнші-композиторлардан бір ерекшелігі - ол сол кездегі қазақ ауылдарындағы әлеуметтік өмірден түсінік-пайымы бар, көзі ашық, сауатты азаматтардың бірі болған. Мұса Байжанов сауатты, орыс тілінде шығармалар оқып, өз бетінше үйренеді. Білім алу мақсатында елінен жыраққа кетіп, орыс, татар мәдениетімен жетік танысады. Басқа елдердің музыкасын пайдалана отырып, қазақ әуендеріне еуропалық сыр-сипат бере білуі арқасында қазақ музыкасының деңгейін көтерді. А.Затаевичтің жазуына қарағанда: Жаяу Мұса шығармаларынан тек қазақ әуендері емес, «марш», «вальс», «мазурка» сияқты батыс музыкасына тән леп есіп тұратыны да содан болуға тиіс». [2, 20-21бб]

«Ақ сиса» әні сол кездегі үстем тап өкілдерінің халыққа әлімжеттік көрсетіп, қанауы, ел жуандарының жемқорлық жасап, өз билігін асыра пайдалануына деген ыза-кектен, намыстан туындаған. Ақын, Жаяу Мұсаның өмірін кеңінен зерттеп жүрген Ғалым Жайлыбайдың айтуынша, «Ақ сиса» — жеңілдікті көтермейтін шығарма. Әннің бойында қазақтың қамын жеген қайраткердің басындағы трагедия ғана емес, бүкіл қазақ халқының «әлімжеттік» кезеңдегі жағдайы сипатталған. Бұл өмір бойы тауқымет тартқан ақын-сазгердің елі үшін жанайқайы іспетті, - дейді.

Мен айтсам, параңды айттым, тілім ұзын,

Кигенім үстімдегі бәрі қызыл.

Жылансың екі басты ел жалмаған,

Қоймаймын, не қылсаңда, айтар сөзім.

Арыстан айға шапты, аяқ сынды,

Жемқорлар жолдас қылды қара түнді

Ел көз жасы тиеді тұқымыңа,

Әділ ұлық қуалар оңды-солды.

Осы «Ақ сиса» өлеңіндегі басты идеялардың бірі жемқорлық адамзат қоғамының даму кезеңдерінен қалыспай келе жатқаны анық. Қазіргі таңда да паракорлық қоғамның алға басуына кедергі болып тұрғаны рас. Қолында билік пен ақшасы бардың өтуі қай кезде болсын өзекті екені мәлім. [3, 40б]

Артта қалды Баян тауым,

Жер аудартты ата жауым,

Қаниша қысым көрсетсе де,

Өмір бойы бітпес дауым.

"Баянауыл" атты өлеңінде де бақ-шонжарлардың қысымы, шындықты жақтап, айтқанына көнбегені үшін ауылнайдың шеңін қолданып Тобылға 12 жылға жер аудартып жібергеніне күйінгеннен туындаған өлең. Сол кезеңде халық аға-сұлтандардың айтқанымен өмір сүріп келген заманда халықтың ішінен суырылып шығып, өз құқығын қорғауы арқылы байларға жеккөрінішті болғаны анық суреттеледі. Осындай адамдардың арқасында қазіргі таңда заңгер, қорғаушы жалпы заң саласында қызмет ететін мамандар кең етек жайып, адам құқығы жан - жақты қорғалады.

"Сұрша қыз" өлеңінде Сұрша қыз бен Жаяу Мұсаның махаббатқа адалдығы сипатталады. Жер аударылып жырақта жүрген Мұсаның тағдыр тауқыметіне қарамастан сезіміне тұрақтылығы, таңдауына беріктігі, өмірдің қиын сынағына төзе білгендігі суреттеледі. Қазіргі таңда қоғамда жиі көрінетін үрдіс қыз, жігіттердің махаббатқа бейберекетсіздікпен қарауы. Яғни, жас отбасылардағы

ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруге дағдыланғаны. Бір мәселе туындаса оны шешудің жолдарын іздеуге тырыспауы, жігердің, бір - біріне сенімнің болмауы десекте болады. Расымен заманауи жастарға махаббатқа адалдық жайлы нұсқаулық жазып кеткендей болды.

*Неше жыл жүрсем дағы мен айдауда,
Шыдаймын, қажымаймын денім сауда,
Дәм жазып оы жолдан аман қайтсам,
Сұрша қыз, көрісерміз Баянтауда.*

Жаяу Мұса «Бұзау зары» өлеңінде де өзінің билігіне сеніп, ауыл адамдарын әбден әуреге салып, тыныш жатқан халықтың берекетін алып, бұзауларын түгелдей қырып салуын сөз ете келе, «атаңа не қылсаң алдына сол келер» демекші бұл іс үшін қалайда жауап беретінін, билікке мастанып, өзін асыра бағаламауын шерлене жырлайды:

*Ей, Мұса, мен не қылдым саған, жарқын,
Күшпенен тоздырдың зой ауыл халқын.
Бұзауын ауылымның қырып салдың.
Көрерсің не болғанын істің артын.
Мақтанба басыңызда бағыңызда,
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Сізге де сорлы болу қиын емес*

Басыңнан бағың тайған шағыңызда. [4,65-6866]

Өз дәуіріндегі заман шындығын, әлеуметтік теңсіздік пен адамдар арасындағы әділетсіз қарым-қатынасты шыншылдықпен жырлай білді. Сол кездегі халық ауылнайлардың айтқанымен жүріп, айдауына көнген заман екені бәрімізге белгілі. Жаяу Мұсаның олардың ерекшеленгені де осы өр мінездігі мен намысы еді. Себебі, ол Мұстафадан жеген таяғы жанына батса да, шындықты жырлай білді. Дегенмен, ХХІ ғасырда Мұса Байжанұлының шығармалары қаншалықты өзекті? Олардың қазіргі таңда әлеуметтік маңызы бар ма деген сұрақтар туындауы сөзсіз. Жаңаша өркендеп келе жатқан тәуелсіз Қазақстанда Шорманның Мұсасы мен Мұстафасының жоқ екендігі анық. ХХІ ғасырда әлеуметтік теңсіздік деген ұғымның түбірімен жойылғаны айқын. Әрине қазіргі таңда Жаяу Мұсаның өлеңдері сол кездегідей өзекті болмаса да әрбір қазақ оны жиын – тойларда айтып жүретіні халқымыздың ата – баба мұрасын мәңгілік жадында ұстайтындығының айқын бейнесі іспетті. Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша елбасымыз өзі айтқандай ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Әдебиеттер:

1. Ақышев З. Жаяу Мұса роман – Алматы: Жазушы, 1978.-447б
2. Оразбеков Н. Жаяу Мұса – Алматы, 1960. – 64б
3. Байжанов Ж.М. Ақ сиса әндер мен күйлер. – Алматы: Өнер, 1985. – 110б
4. Сапаров Ф. Жұлдыздар маған қараңдар: өлеңдер. – Павлодар ЭКО, 2009.-144б

Турганбекова Адина Асылбековна
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенті
«Тұран-Астана» университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Email: turganbekova14@gmail.com
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.
Email: grk_15@mail.ru

ЖАЗУШЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІН БЕЙНЕЛЕУДЕ
ЭЙДОС-КОНСПЕКТИНІҢ ОРНЫ
(Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» шығармасы негізінде)

РОЛЬ ЭЙДОС-КОНСПЕКТА ПРИ ОТОБРАЖЕНИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО МИРА
ПИСАТЕЛЯ
(На основе произведения Толена Абдикова "Гости")

THE ROLE OF EIDOS-ABSTRACT IN DISPLAYING THE ARTISTIC WORLD OF THE
WRITER
(Based on the work of Tolena Abdikov "Guests")

Аннотация. Мақалада эйдос-конспектінің көркем шығармаларды талдаудағы, жазушының шеберлігін, шығарманың көркемдік-бейнелілік сипатын айқындаудағы рөлі талданады. Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» шығармасы негізінде нақты мысалдар келтіріліп, дәлелденеді.

Түйінді сөздер: әңгіме, эйдос-конспект, автор, оқырман, көркемдік тәсіл, бейнелеу, көрініс,

Аннотация. В статье анализируется роль эйдос-конспекта в анализе художественных произведений, определении мастерства писателя, художественно-образного характера произведения. На основе произведения Толена Абдикова «гости» приводятся и доказываются конкретные примеры.

Ключевые слова: рассказ, эйдос-конспект, автор, читатель, художественный подход, изображение, вид,

Annotation. The article analyzes the role of Eidos-abstract in the analysis of works of art, determining the skill of the writer, the artistic and figurative nature of the work. Based on the works of Tolena Abdikov "guests" are proved, and specific examples.

Keywords: story, Eidos-abstract, author, reader, artistic approach, image, view,

Төлен Әбдік – қазақ әдебиетіне қайталанбас мұра қалдырған, майталман жазушы, шығармалары әлі күнге дейін өзектілік жоғалтпаған бірегей тұлға. Ол 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелді ауданы «Еңбек» ауылында дүниеге келген.

Ол драматург, қоғам қайраткері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2002), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері (2002)

Ол әдеби қызметкер және бөлім меңгерушісі болып «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, «Жалын» газетінің бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарған. Жас жазушылардың «Таңғы шық» әңгімелер жинағында Төлен Әбдіковтің 1964 жылы «Райхан» атты тұңғыш әңгімесі жарияланды. Сонан бергі кезеңде 1969 жылы «Көкжиек», 1971 жылы «Күзгі жапырақтар», 1974 жылы «Ақиқат», 1980 жылы «Айтылмаған ақиқат», «Біз үшеу едік» атты драма шығармасы, 1985 жылы «Өліара, 1987 жылы «Ақшоқыда қыс қатты» атты романдары, таңдамалы шығармаларының бір томдығы жарық көрді. Төлен Әбдіковтің айтулы шығармаларының бірі – «Қонақтар».

«Қонақтар» әңгімесінің басты тақырыбы – адамдық қасиеттер, құндылықтар, баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызы, ата-ананың балаға деген мейірімі сөз етіледі. Сапабек тәртізді қалада тұратын оқыған азаматтың ата-анасына салқын, жасанды қарым-қатынасы үлкен сынға алынады. Қазіргі кезде бұл шығарманың өзектілігі одан сайын артып келеді. Қалаға оқу қуып кеткен балалар, ауылдағы ата-анасын ұмытып, қадірін түсінбейтін болды. Асыл өмір сыйлап, мейірім мен қамқорлыққа бөлеп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіп-жеткізген жандардың қадірін түсінбейтін баладан қандай үміт күтуге болады. Осы сұрақтың жауабын шығармадан іздедім.

Көркем әдебиет басқа шығармашылық әдебиеттерден өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Ол оқырманның санасында есте қаларлық бейнелермен және тереңделе суреттелген оқиғаларға байланысты. Нағыз жазушы әрбір кейіпкерді, табиғи құбылыстарды, алауыртқан сезімді, әр түрлі жағдайларды тереңдете, кейде оқырманның санасына қол жетімсіз түрде суреттейді. Және мұны немқұрайлылықпен, назардан тыс қалдырады. Кішкентай моншақтар ретінде автордың кеңестері мәтінде шашыраңқы болады. Нағыз оқырман оларды бей - жай қалдырмайды.

Студенттің не көріп, нені түсініп, нені сезінгенін оқытушы қайдан біледі? Және ол мәтіндегі жасырын тұрған басты ойды көре ме? Оқушылардың көркем шығарманы түсініп, қабылдап, талдай білуін олардың жасаған эйдос-конспектілері арқылы байқауға болады.

Біріншіден, эйдос-конспект деген не?

Эйдос-конспект дегеніміз – көркем әдебиеттен оқырманның түсінген кескіндемесі және қысқаша түсінігі.

Эйдос-конспект бірнеше түрге бөлінеді:

- көркемдік (сурет салу негізінде);
- сызба (сілтеме сызбаларына, рефераттарға жақын, бірақ схеманың ортасында - сурет);
- түсі;
- ассоциативті (өз суреттерін тудыру);
- аралас (әртүрлі түрлерін біріктіру: сурет және түс, схема және суреттер, авторлар мен оқырман суреттері);
- сандық (компьютерде жасалған).

Эйдос-конспектінің тиімді жақтары:

1. Жазушының қиялынан туындаған бейнелерді студенттің қалай түсініп, білгенін көруге болады;
2. студенттің тақырыпты, суреттерді таңдау кезінде өзіндік жұмыс істеуін талап етеді, оның жан-жақты және тапқырлыққа үйретеді;
3. студенттің шығармаларды қабылдау деңгейі айқындалады. Себебі, эйдос-конспект студенттің мәтінді терең түсінуін көрсетеді;
4. студенттің бойындағы шығармашылық қырлары ашыла түседі. Ол әртүрлі өнер түрлерін біріктіреді: әдебиет және кескіндеме;
5. эйдос-конспектінің арқасында әр түрлі көзқарастар салыстырылады. Бұл студенттердің, түсінігін кеңейте түседі.

Мен Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» шығармасын эйдос-конспекті негізінде талдадым, шығармаға қатысты өзіндік ойларымды, түсінік-пайымымды сурет салу арқылы жеткіздім. Бұл шығармадағы басты кейіпкерлер – Ерғабыл қарт пен оның баласы Сапабек. Әңгімеде ата-анасын ұмытқан Сапабектің ауылға баруы баяндалады.

Мен Ерғабыл қарттың бейнесін дана, әрі қырағы үкі ретінде көрдім. Ол арманшыл, мейірімді, және баласын өте қатты жақсы көреді.

Әңгіменің басында Ерғабыл қарт өзінің өмірден қалай өтерін, баласының қалай шығарып салатынын елестеді. Арасында өзінің жігіттік кезіндегі оқиғаларды есіне түсіріп бір жымып қояды.

Ал Сапабек қуыс кеуде, саяз ойлы адам. Сапабекті ештеңені ойламайтын, маңғаз, өркөкірек мысықтың бейнесінде көрдім. Мұны мына үзіндіден көрсек болады:

«Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан?», - деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады. Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

– Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, - деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады» [1]. Осы жолдардан Сапабектің ұлттық құндылықтар мен ұлттық сананы ұмыт қалдырғаны айқын болды. Бұдан бөлек үстел басындағы әңгімеде Сапабек:

«№2 ауылдың санитары, жуан қара Ерментай шалдың нағандығын бетіне басты.

– Шалдар бар ғой, әйтеуір кері тартасындар да отырасындар. Ал сенің қасыңда қалды, бала бақты, сені бақты. Ал сонда не бітірмек? Осынша оқып, мына колхоздың жұмысын істемек пе? Мейлі, бағы алда. Ғылым қуды... Абай айтқан емес пе: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», - деп. Сол айтқандай, осы сендер мен біз құр қалған қалпымызда қала берейік. Балаларға тыйым салуға болмайды. Солай емес пе, Бәке?», - деп үлкендерді кеудеден алып, өркөкірек мінезін көрсетті.

«Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімелейді. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қиын еді» [1].

Осы үзіндіден Сапабектің мақтаншақ мінезі көрініс тапты. Маған: «Сапабек өз ұлтының мәдениетін, дәстүрін осылай білгенде ғой» деген ой келді.

Ерғабыл қарттың баласына деген ренішін дүйім жұрттың бәрі мына сөздерден кейін түсінді:

«Осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзіңмен өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер. Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мойындағандай, маңайындағыларға көзін қысып, жымыып қойды» [1]. Мен Сапабектің қалаға барып, білімнің жетегінде кетуі өте батыл қадам деп ойлаймын. Бірақ барлығы өз орнымен болғаны дұрыс. Мейлі қанша жерден ғалым, білімді адам болып жатсаң да, ата –ананың алдында мәңгі қарыздар болып қаласың, және оны өтей алмайсың.

«Ерекең ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан. Әлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған» .

Кейін Ерғабыл қарт баласына немересін ауылда қалдырғанын қалап баласына айтты. Бірақ Сапабектің жауабы былай болды:

«Ал енді оқу уже басталып қалды. Бұлар да орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыңдар. Биыл жетіге келді. [1].

–Алып кет өзіңмен бірге, – деді бір кезде даусы қарлығып.

– Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

«Келесі күні Ерекең кетпенін алып «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып алайын» деп қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін тағы да жігіттік дәуренін, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды. Қаншайымды, баяғы Сырға көшкен ағайын жұртты ойлады. Бірақ құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады. Тек төбесі шұрқ-шұрқ, ескі қораның ішіне еніп, қоңырсы иісі мұңкіген қара қошқыл, дымқыл қиға өткір жалпақ кетпенін құлаштай сермеп, жұмысқа кірісіп кеткенде ғана кәрі сіңірлері жазылып, құрыстары тарқап, көңіліндегі ащы уайымы да бірте-бірте жоғала бастағандай болды»[1].

Ешкімге көрсетіп, ешкіммен бөліспегенімен әке жүрегінің құлазып, қатты қиналғаны барлығына белгілі. Сапабек қанша жерден дұрыс істемесе де, Ерғабыл қарт оның қамын ойлап, жақсы көретін болады.Себебі, әрбір ата-ана өз баласына жамандық тілемейді.

Сонымен көркемдік тәсілдерді бейнелеуде эйдос-конспектінің орны ерекше. Эйдос-конспектімен жұмыс жасаудың мақсатты белгілері:

- шығарманың идеясын терең түсіну;
- авторлық көркемдік көріністерді типтік зерттеу;
- оқудың бейнелі көрінісін дамыту;
- әртүрлі қызметті біріктіру.

Сонымен, эйдос - конспект арқылы:

1. Суреткер жасаған бейнені оқырманның көзімен көруге көмектеседі (оқытушы мен студенттің диалогы);

2. жұмыстың қабылдау деңгейін, ал кейде шығармашылық деңгейін тексеруге мүмкіндік береді, өйткені эйдос-конспект студенттердің қаншалықты терең түсінгенін көрсетеді;

3.студенттің тақырыпты, бейнені таңдауда өз бетінше жұмыс істеуді талап етеді, оның зерттеу қызметін үйретеді;

4. студенттің шығармашылық қабілетін дамытады;

5. студенттер арасында әртүрлі көзқарастарды салыстыруға үйретеді.

Эйдос-конспектіні жасау барысында студенттер мәтінмен мұқият жұмыс жасап, негізгі тірек ойларды, көркемдік және бейнелеуіш құралдарды іздеп, әрбір ойды терең түсінуге дағдыланады. Жазушының көтерген мәселесін, сонымен қатар көркемдік әлемін бейнелеуде эйдос-конспектінің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. [https://kitap.kz/books/tolen_abdikov_qonaqtar/read#pubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/books/tolen_abdikov_qonaqtar/read#pubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))

Халмахамет Альфия Данияровна
“Аударма ісі” мамандығының 1-курс студенті
“Әлеуметтік-гуманитарлық және тіл пәндері” кафедрасы
“Тұран-Астана” университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Alfiya.halmahamet@gmail.com
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Рахимбаева Г.К.
e-mail: grk_15@mail.ru

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДЕ «DOODLING» ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.
ЭСКИЗ АРҚЫЛЫ ТҮСІНДІРУ («Тесік құмыра» аңызы негізінде)**

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА «DOODLING» В ИЗУЧЕНИИ
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА. ЭСКИЗНАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
(на основе легенды «Отверстие кувшин»)**

**THE EFFECTIVENESS OF THE METHOD «DOODLING» IN THE STUDY OF THE
KAZAKH LANGUAGE. CONCEPTUAL INTERPRETATION
(based on the story «The hole pitcher»)**

Аннотация. Мақалада «Doodling» әдісі туралы сөз қозғалып, қазақ тілін меңгерту кезінде аталмыш әдісті қолданудың тиімділігі кеңінен талданып, көркем шығармалар негізінде дәлелденеді.

Түйінді сөздер: аңыз, көркем шығарма, «Doodling» әдісі, тиімділік, эскиз, меңгеру, түсіну.

Аннотация: В статье рассматривается метод "Doodling", при изучении казахского языка широко анализируется эффективность применения данного метода, доказывается на основе художественных произведений.

Ключевые слова: легенда, художественное произведение, метод, «Doodling», эффективность, эскиз, владение, понимание.

Annotation: The article discusses the "Doodling" method, while studying the Kazakh language, the effectiveness of this method is widely analyzed, proved on the basis of artistic works.

Key words: legend, artwork, method, «Doodling», efficiency, sketch, possession, understanding.

Дудлинг (Doodling) – мәтін мазмұнын эскиз арқылы меңгеру. Бұл әдісті жеке немесе жұптық тапсырма ретінде де орындатуға болады. Студенттер тақырыпқа қатысты әдеби немесе әдеби емес мәтінді мұқият оқиды, жұпта бір-біріне түсінгенін баяндайды. Мәтіннен сөздер (тірек сөздер), сөз тіркестерін белгілейді, олардың қолданылу мақсатын анықтайды. Сөздер мен сөз тіркестеріне сүйеніп сурет салады. Тірек сөздер мен сөз тіркестері арқылы автор ойына, көтерген мәселесіне талдау жасайды, көзқарасын білдіреді. Бұл әдістің мақсаты – студентті мәтінді мұқият оқуға, мазмұнын түсінуге, сөздер мен сөз тіркестері арқылы автор стилін анықтауға, сөйлесім дағдысын жетілдіруге машықтандыру.

Дудлинг (ағылшынша doodle-каракули) қазіргі заманғы өнердің нысаны және иррационалдық сурет стилі болып табылады. Бейнелеу өнерінен мектеп сабақтарынан айырмашылығы, дудлингте ешқандай ережелер жоқ. Үлгілер дерексіз және сюжеттік бола алады. Классикалық әдісін сабақ барысында көркем шығарманы түсіну, қабылдау барысында кеңінен қолдануға болады.

Жұмыс алгоритмі:

- Мәтін мазмұнын жұпта талқылау;
- автор ойын жеткізетін сөздер (тірек сөздер) мен сөз тіркестерін белгілеу;
- олардың қолданылу мақсатын анықтау;
- сөздер мен сөз тіркестеріне сүйеніп, мәтіннің бетіне оның мазмұнын ашатын сурет салу;
- мәтіндегі эскиз / сурет, тандалған түстерге түсінік беру;
- жұмысты топ алдында таныстырып, өзіндік көзқарасын білдіру.


«Қазақ тілі» сабағында мәтін мазмұнын түсіну үшін аталмыш әдісті пайдалану өте тиімді. Мен оқытушымның жетекшілігімен өз тәжірибемде бірнеше әңгімені түсінуде барысында осы әдісті қолданып көрдім, нәтижесінде шығарманы түсініп қана қоймай, оны талдау да аса қиынға түскен жоқ. Мәселен «Тесік құмыра» аңызын алайық. «Баяғы заманда бір әйел болыпты. Оның екі құмырасы бар екен. Сол екеуін иығындағы иін ағашқа іліп, су тасиды екен. Бір құмыраның тесігі болыпты. Ал, екіншісі бүтін, суды тамызбай тасуға ыңғайлы екен. Өзеннен үйге дейінгі ұзақ аралықта тесік құмыраның суы орталанып кете береді. Екі жыл бойы осы жағдай күнбе-күн қайталанып отырады.

Әйел үйіне тек бір жарым құмыра су әкеліп жүреді. Бүтін құмыра өзінің сау болғанына әбден риза еді. Ал, тесігі бар құмыра осындай ғаріп күйіне қатты ыңғайсызданады. Кемшілігінен судың жартысын ғана жеткізуге жарайтынына мейлінше ұялатын. Екі жылдан кейін құмыра өзінің жарамсыздығын мойындап, әйелге былай дейді: «Тесік құмыра болғаным үшін айыптымын. Менің кесірімнен өзеннен үйіңе дейін су сыздықтайды да тұрады». Әйел бұл сөзге миығынан күліп қарайды: «Сені ілетін иығым жағында гүлдер өсіп тұрғанын байқамадың ба? Сен суғарсын деп жолдың бір шетіне гүл еккенмін. Қарсы бетінде гүл жоқ. Сенің тесік екеніңде білген соң осылай жасадым. Үйге жеткенше сен гүл суғарып келесің. Екі жыл бойы әдемі гүлдер үйімнің сәнін кіргізіп тұрды. Егер сен тесік болмасаң, гүл егу санама келер ме еді? Бұл сұлулық қазір менің дастарханыма көрік берер ме еді?» депті [1].


Әңгімеден шығатын қорытынды мынада: әр адамның өзіндік ерекшелігі мен кемшілігі бар. Кей өзгешелік пен сызаттарымыз өмірімізді қызықты әрі лайықты деңгейге жеткізеді. Тек әр адамның сол ерекшелігін көріп, соны жақсылыққа бағыттап білу керек екен!

Сол құмыра сияқты әр адамның өмірі әр түрлі. Біреуі жақсы ән салса, екінші адам жақсы билей алады. Адам баласының бойында оянбай жатқан қабілеті болуы да мүмкін, кей адам оны көрмей жатқан болса, кейбіреулері оны кейін байқайды. Біз байқамасақ та кей жайттар, тіпті біз елемейтін заттар да біреуге көп пайдасын әкеліп жатады. Дәрігер де, мұғалім де, жұмыскер де қоғамға зор пайдасын тигізеді. Кез келген адам баласын алып қарасақ, олардың ерекшелігімен қоса кемшілігі де бар. Кейде бұл адамның кемшілігі де қоғамға оң әсерін беруіде тигізуі мүмкін. Жеке адам әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, қоғамнан ажырамас мүше деп айтсақ та болады. Қоғамнан адамзат бір елі ажырай алмайды. Өйткені жаны да, тәні де айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үстінде, тек әлеуметтік әсер жағдайында ғана адам кісілік мән-мағына ие болады. Адам санасының өсіп, дамып жетілуі оның ортасымен (отбасы, мектеп тағы да басқа) тығыз байланыста.

Адам бойындағы даралық қасиеттер оның өзгелерге қарым қатынасынан байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа туған нәрсете де, ересек адам да дара адам боп саналады. Осындай ерекшеліктермен қатар қалыпты дамыған, өмір тәжірбиесі мен өзіндік қасиеті, әлеуметтік ортада өз орны бар адам жеке адам деп аталады. Жеке адамның азаматтық, кісілік, тұлғалық қасиеттері болады. Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым-қатынас жасайды. Осындай іс-әрекеттеріне сәйкес жеке адамның тұлғалық сипаттағы сомдалады, қадір-қасиеттері қалыптасады. Адамдағы сана-сезім мен қарым-қабілеттер әр алуан. Мәселен, әр адамның бойында өзін-өзі басқару қабілеті бар, осы қабілетін шыңдай білген адам барша тіршілік иелерінен басып озып, тіпті періштелерді де артта қалдырады. Адам бойында сондай-ақ тәнқұмарлық, ашу, қырсықтық, ерегісу, қызғаныш сынды қисық мінездер де бар. Мәселе осы мінездерді өз ықтиярыңа бағындырып, дұрыс тәрбиелей білуде. Кез келген адам ар-ұжданды құрайтын – ақыл-қайрат, сезім сияқты қасиеттерін жетілдіре білсе кәміл адам болуға талпынып, әлемнің түпкі мазмұнын түсінеді. Жақсы не жаман адам болмайды, тек жаман қасиеттер және жақсы қасиеттер болады, өмірде барлық адамның кемшілігі болады, сонымен қатар жұртқа мақтана алатындай ерекшеліктері де бар, жақсы қасиеттерге: ең бірінші мәдениеттелік жатады. Кемшіліксіз жан болмайды, бірақ дей тұрғанменен өмірде мінсіз адам болмайды. Адам бойындағы ең жаман кемшілік деп мен оның мінезі. Мысалы, біреуді - біреу көре алмаушылық, іштарлық, екіжүзділік, тәкаппарлық, жағымпаздық, пайдакүнемдік, қызғанушылық, өзімшілдік, жемқорлық, жалақорлық, бұзақылық және т. б. Яғни әңгімеде тесік құмыра арқылы адам мінезіндегі кемшіліктер сөз етілген. Doodling әдісі арқылы автордың ойын төмендегідей бейнелеуге тырыстым.




1-сурет. Doodling әдісін «Тесік құмыра» аңызын түсінуде қолдану




2-сурет. Doodling әдісін Қ.Жұмаділовтің «Тіленші» әңгімесінде түсінуде қолдану

Сол сияқты аталмыш әдісті бірнеше шығарманы талдау барысында қолданып көрдім. Мысалы, Қ.Жұмаділовтің «Тіленші» әңгімесі бойынша «нота», «гармонь», «тәңірім-ау» сияқты бірнеше сөздерді кілт сөздер ретінде алып, төмендегідей сурет салдым. Бұл кілт сөздер бас кейіпкер Айдарбектің жағдайының жақсаруын көрсете алады. Айдарбектің талантын тәңірі берген, ол таланты гармонь арқылы көрініс тауып, оның жақсы жұмыс тауып, тіленшіліктен құтылып, жағдайының жақсарып кетуіне бірден-бір себепкер болды. Салған суретімде Айдарбек гармоньға табынып отыр. Сондықтан да осындай кілт сөздер арқылы авторлық идеяға талдау беруге өзіндік ұмтылыс жасадым.

Аталмыш туынды бойынша басқаша да сурет салуға болады. Мысалы, төмендегі суретте адамның тау басына өрмелеп бара жатқанын көреміз. Бірнеше адам бейнеленсе де ол жалғыз Айдарбектің бейнесі. Қоңыр түспен – кейіпкердің нашар жағдайы, қиналуы көрсетіліп, бірте-бірте оның сия көк түске айналуы – Айдарбектің қиындықтан шығуға деген талпынысын көрсетеді, ал жасыл түсті адам – Айдарбектің мақсатына қол жеткізген кезеңін бейнелейді. Ашық түспен салынған түрлі-түсті нұрлар – кейіпкер жағдайының түзеліп, жұмыс табуы. Сурет «рахмет нұры», «ақша», «тамаша тартады» деген кілт сөздерге негізделген.



3-сурет. Doodling әдісін Д.Әшімханұлының «Жылыжайдың қияры» әңгімесін түсінуде қолдану



4-сурет. Doodling әдісін М.Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» атты шығармасында түсінуде қолдану

«Қазақ тілі» сабағында мәтін мазмұнын түсіну үшін Doodling әдісін қолдану өте тиімді. Өйткені шығарманы түсіну барысында студенттер автор ойын жеткізетін сөздер (тірек сөздер) мен сөз тіркестерін белгілей отырып, олардың қолданылу мақсатын анықтай алады, сөздер мен сөз тіркестеріне сүйеніп, мәтіннің бетіне оның мазмұнын ашатын сурет салады. Мәтіндегі эскиз / сурет, тандалған түстерге түсінік беріп, жұмысты топ алдында таныстырып, өзіндік көзқарасын білдіреді, сол арқылы көркем шығарманы түсініп қана қоймай, оны кеңінен талдай да алады.

Әдебиеттер:

1. Тесік құмыра аңызы. <http://qasym.kz/tesik-kumyra-turaly-anyz>
2. Өрісбаев Қ. Адам бойындағы жағымсыз қасиеттер // «Қазақстан - Заман» газеті, 27 желтоқсан, 2007 ж.

Миям Асылзат
Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер
кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан республикасы
Ғылыми жетекшісі: Б.Ж. Абильмажинова
e-mail: abilmazhinova.baldyrgan

ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ МЕН БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: бұл ғылыми мақалада бүгінгі заман жастарының тілдік қоры бай, қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету, парасат пайымы, сөйлеу, тілдік амалдар, тіл мәдениеті, ойдың және сөйлеудің дамуы, сөйлеу мәдениетіндегі шешендік өнер, қаратпа сөз хақында, тіл туралы халық даналығы, сөз мәдениетінің орны, мәдениет мәйегі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: сөз мәдениеті, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, тілдік амалдар, тіл мәдениеті, пікірлесудегі мәдениет тірегі

Аннотация: в этой статье рассматриваются о культуре языка, о культуре речи, о мудрости народа, которые отражаются в их ораторском искусстве, о красноречии деятелей государства, великих поэтов, писателей, а также о развитии статуса государственного языка, о культуре речи сегодняшней молодежи.

Ключевые слова: культура языка, поднять государственный статус казахского языка, языковые действие, культура речи, опора культуры при коммуникации.

Annotation: This article explores the language of the culture, the culture of speech, of the wisdom of the people, which is reflected in their oratory, eloquence of statesmen, great poets and writers, as well as on the development status of the state language, the culture of today's youth speech.

Key words: culture of the language, raise the state status of the Kazakh language, language action, culture of speech, support of culture in communication.

Қазақ тілінің лексика саласында ауқымды еңбектер жазған тілші-ғалым Ж.Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Осы екі құбылыстың өзара қатынасы ерекше де маңызды, кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің куммулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі», -деп жазған болатын [1].

Сөз түрлерінің өзіндік мәдени мазмұнын зерттеп жүрген ғалым Н.Уәлиев халық өміріндегі түсінген түйсіктерін, ой мен қиялдарын сөз мағынасына сыйғыза отырып, ерекше қолданысқа түсетіні туралы айтып өткен болатын. Сонымен қатар, Н.Уәлиев өзінің ғылыми еңбектерінде қазақ тілі сөз мәдениетін бірнеше бағыттарға жеке тұрғыдан жүйелеп отырып қарастырған қарастырды. Ғалым сөз мәдениетін нормативтік, коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік, лингвомәдени, лингвоэкологиялық бағыттарда зерттеді. Оның ішінде, тіл мәдениетін теориялық пән ретінде концептуалдық негіздерін анықтаған болатын. Сөздің коммуникативтік сапаларын объективті түрде бағалаудың жолдарын айқындап жүйеледі. Тілдік нормаларды кодификациялаудың ғылыми негіздерінің жаңа түрлерін ұсынды [2].

Соңғы жылдары, тіл мәдениетінің бағыты тіл саласында халықтың дүниетанымы бойынша зерттеліп жатқыны аңғарылады. Соған орай, тіл саласын мәдениет тұрғысынан танып білу үшін Г.Смағұлова, Г.Қажығалиева, А.Алдашева, А.Салқынбай, А.Сейсеновалардың зерттеулерінде сөз болды.

Жалпы, бәрімізге мәлім, тіл – қоғам өмірінде тұлғалардың өзара қарым-қатынас жасау, пікірлесу, түсінісу қызметтерін атқарады. Тілді оймен байланыстырып, өткір әрі тиімді құрал ретінде қолдана білу өскелең өмірдің қарым-қатынас жасау мүддесін атқарып келеді. Халықтың тіл өнерін меңгеру, тілді өткір құрал ретінде қолдана білу – үлкен бір талант болып саналады. Әрбір мәдениетті тұлға өзіне ұнаған кез келген өнер-білімді үйренуге, тіл мәдениеті дәрежесі деңгейін арттыруға, жоғарлатуға тырысады. Ал, тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін көрсетпейді. Тіл мәдениеті дегеніміз тілдік әдіс-тәсілдердің даму, кемелдену, жүйелену дәрежесінің деңгейін,

межесін көрсетеді. Соған орай, сөйлеудегі, жазудағы тілдік қарымқатынастың алдыңғы үлгілері сауаттылықты, айқындықты, нақтылықты, ойлылықты, дәлдікті, ізеттілікті қажет етеді.

Рухани мәдениеттің негізі – тіл. Тіл кез келген этномәдениет пен этнопсихология бағытында дамиды. Қазақ халқының табиғи тіршілік жүйесі оның жалпы дүниетанымын қалыптастыратыны ежелден белгілі. Дүниетанымның тереңдігі, философиялық мәні мен маңызы ұлттық мәдениеттің өн бойына да тұнып тұратыны белгілі. Соған орай, ұлттық мәдениетіміздің тұғыры тіл деп есептесек, оның тұғыры, әрине, сөз сапталуы, сөз өнері. Ал әрбір халықтың мәдениетінде жалпыхалықтық мән бар, ортақ таным бар, өзіндік ерекше белгілері мен таным дүниесі, дәстүрі мен салты, пішімі мен келбеті бар. Қазақ халқының мәдени өрісінің кендігін ел аузынан жазылып алынған аңыз, ертегілері де таныта алады.

Тілдің қолданыс әрекетіне қойылатын талап, ол сөз қатарын сөйлем құрылымында дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы) және сөзді бедерлі әрі сауатты құрастыру (сөз шеберлігі) деп аталған сатылардан тұрады. Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің халық таныған, сол тану арқылы үлгісін, нормасын ұстану дегенді білдіреді. Ал сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана шешіп қоймайды, сонымен қатар әр түрлі тілдік амал-тәсілдерінің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, ұтымды түрін талғап таңдау үрдісіне негізделеді. Сондықтан, сөйлем қатарындағы сөз кез келген мағынаны «дәлірек», «айқынырақ» білдіретіні байқалады.

Тіл мәдениеті саласында еңбек еткен белгілі ғалымдар М.Балақаев, М.Серғалиевтар «Қазақ тілінің мәдениеті» деп аталатын еңбекте: «Тіл анық болмас, ой анық емес деген сөз. Тіл – ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі» - деп атап өткен болатын [3].

Сөз – көркем әдебиет тұрғысынан алғанда көркем суреттің, образ жасаудың басты құралы. Мұндай тәсілді әрбір жазушы таңдап, аса ұқыптылықпен, жоғары талғаммен пайдалануға тырысады. Мұндай талап, заңдылық ұсталынбаса, кез келген шығарманың эстетикалық бағамы, көркемдік қасиеті, тәрбиелік әсері солғын, көркемдік сипаты төмен деңгейде болады. Соған орай, көркем шығармалардың әсірелеуші және көркемдеуші құралы мол, таңдамалы әрі асқан шеберлікпен қолдануды қажет етеді. Ал көркем шығарма тілі – жалпыға ортақ түсінікті тіл болуға тиісті. Сонымен қатар, кез келген көркем шығармадағы эстетикалық сезімнің, образды ойдың тілі, қоршаған ортаның өзіндік ерекшеліктері, тылсым-тіршіліктері айқын әрі анық болып шығуына талап қойылады. Әрбір жазушы әдеби нормалардан жөнсіз ауытқуы, әдебиет теориясының қағидаларын қолданбауы сбіраз сауатсыздыққа ұшыратуы мүмкін. Н.Уәлиев «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде «Көркем шығармадағы әрбір сөз және сөйлем әрбір ойға дұрыс мағыналық тұрғыдан мақсатты түрде құрылуға тиіс. Тек қана көрікті, әдемі сөздерді қолданып қоймай, оны грамматикалық ережелер талаптарына сәйкес шебер қиюластырып, жалпыға түсінікті тілдің заңдылықтарын, нормаларын сақтауды талап етеді. Мұндай талаптар әдеби тілдің барлық стильдерінде көрініс беруге тиіс» - деп тұжырымдаған болатын [4].

Көркем әдебиет стилінің кез келген бағыттарында өзіне тән сөз қолдану ерекшеліктері болады. Сөздердің табиғи мүмкіншіліктері болып саналатын тура мағыналы, көпмағыналы, синоним, антоним т.б кең түрде пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтірінді мағынада, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер де кеңінен қолданылады. Әсіресе, көркем әдебиетте метафора, метонимия, эпитет, теңеу, аллегория, олицетворение (кейіптеу), синекдоха, символ, аллегория, ирония, әсірелеу (гипербола). Шығармадағы оқиғаның көркемдік суретін, іс-әрекеттің көркемдік кескінін бейнелеуде эстетикалық әсері болады. Мұндай құбылыстарды қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты сөз өнерінің шеберлері қажетті сөздерді молынан пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар, өздерінің шығармашылық әрекетінде жаңа да мағыналы сөз жасауда, қолданылған сөздерге қосымша стильдік бағыт беріп, оның функциональдық қызметін, икемділігін, тиімділігін үнемі арттырып отырған.

Сөз көркемдігінің басты бір ерекшеліктерінің бірі тыңдаушы мен оқушының – нақтылық, айқындық. Жазушы айтпақ ойын дәл әрі анық бере алмаса, мұндай еңбек пен шығарма ұзақ өмір сүре алмайды. Сөздер мен сөйлемдер орынды орындарына дұрыс қолданылмаса, ой түсініксіз болады.

Сөз бен сөйлем қолданудың тағы бір шеберлігі – аз сөзбен көп мағына беру. Мұндағы басты басымдық – «сөзге орын тар болсын да, ойың кең болсын» немесе «аз сөз көлемінде барынша ауқымды мағына болуға тиіс» деген ұғымдар бар екені белгілі. Бұл басымдықты сақтау үшін сөйлем құрамында басы артық сөз, өз орнын таппай тұрған сөз, сөз тіркестері болмауы қажет.

Бұған мысал:

Жанымның жарық жұлдызы,

Жамандық күнде жарымсың.

(Абай).

Сөйлем құрылымдарын асқан шеберлікпен құрудың хас шебері Ғ.Мүсіреповты айта кетуге болады. Жазушы қаламының астарынан байқалатыны – айқындық пен тұжырымдылық. Сөйлемде басы артық сөзер қолданылмайды. Сөйлем құрылымындағы әрбір сөздер қатары ауқымды кең мағынада қызмет атқарады.

Мысалы: «Аяқ бассам-ақ болғаны, қаланың бір дәстүріне мұрындығым іліне кетеді. Қала жұртының әдеті де басқа, салты да басқа екен» (Қазақ солдаты, 31)

«Бораш Жайықтың ар жағында Зәурештің моласын көріп отырғандай, көзін алысқа бір қадап алды да, барынша мұнды, барынша сазды үнмен, әннің иығын шығара, мұң мен шерін жүрегіңе құйғандай зармен айтты. Үңгіріміз үн қосқандай, Жайық бойындағы бар бозторғай қосыла шырылдағандай болды» (29 – б.).

Қазақ әдебиетінің алғашқы жолын салушы Абай – өзінің ақындық өнерінде көркем сөз қатарын асқан шеберлікпен қолданған болатын. Әсіресе, әр түрлі алуан сөздерді, жеке грамматикалық формаларды сан алуан мағыналық тіркеске түсіру арқылы олардың қызмет аясын кеңейтуіне әсер етіп отырған. Абай шығармаларындағы сөздік қолданыстардың көркемдік дәрежесінің жоғары болуының себебі шығарма құрамындағы сөздер мен сөз тіркестерінің нақты әрі айқын болып келуі кезкелген шығарманың тілдік шұрайын арта түскендей. Яғни, айтайын деген ойдың мағыналық жағынан жымдаса келуінен нақты мағынаны дөп бере алу шеберлігі байқалады.

Мысалы, «Қыс» өлеңін алуға болады.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды...

Өлең құрамындағы әрбір жолдағы сөздер табиғат құбылысының өзіндік тылсымын асқан шеберлікпен көрсете білген. Жылдың төрт мезгілінің бірі қыс мезгілін суреттеу арқылы қыстың қатаң бейнесін көз алдымызға елестеткізеді.

Сонымен қатар, Абай жырларында күнделікті өмірде қолданылып жүрген қарапайым жалпыхалықтық сөзер қатары да молынан қолданылылатынын байқаймыз. Мұндай қолданыстар Абайдың өнегелі үлгісінің бірі шығармаларға өз тарапынан стильдік әрлі өң беру арқылы жаңашылдық енгізу мақсатында қолданылған деп қабылдаймыз.

Мысалы,

Күнді уақыт итеріп,
Көк жиектен асырса.
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса,
Сонда, көңілім жоқтаттың
Тауы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын.

Келтірілген өлең жолдарын мұқият оқып шығатын болсақ, таңданып, таңырқайтындай жаңа сөздер қатары байқалмайды. Өлең жолдарындағы қолданылған сөздер қатары күнделікті өмірде молынан қолданылып жүрген таныс сөздер. Дегенмен де ұлы ақынның ежелден бері қолданып жүрген сөздерді асқан шеберлікпен қолдана білу құдіреті өлең жолдарын қарапайым әрі жеңіл бере білу қасиеті осы күнге дейін оқырмандарды, тыңдаушыларды таң қалдырады. Ақын тілінің мағыналығы мен мәнділігі оның сөзді өз орнында қолдана білу, стильдік бағытта жарата білуі арқылы жаңа леп, жаңа тыныс сезіледі. Ақынның дарындылық шеберлігі жеке сөздің метафоралық жұбын тауып тіркестіруі, шығарма мағынасының айқындығын, стильдік қызметінің өзіндік ерекшеліктері сөз қалау шеберлігін паш етеді.

Мысалы,

Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.

Бейне бір сол қазнаны бір жау алмақ
Жүректің кең дариясы құрып қалмақ.
Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып
Осы бір өзгеше жлға салмақ.

(Абай)

Мұдай ұғым бойынша орыс жазушысы М.Горький «Проза туралы» еңбегінде: «Сөзге неғұрлым айқын мәнерлілік, әсерлілік беру үшін оның қолданылу аясын кеңіте түсу үшін тілге ұқыптылықпен қарап оны барынша қадыр тұту керек, өйткені тіл - шығарманың көркем қабатын жасайтын өзгеше материал деген болатын» [5].

Осындай қолданыстар негізінде тіл байлығының мол болуына, оның икемділігінің қасиеті артып, стильдік мүмкіншіліктері кеңейе түседі. Себебі тіл байлығы үшін күрес тіл мәдениеті үшін күреспен ұштасып келгені белгілі. Дегенмен де негізгі басты басымдық тіл байлығын арттыруға жұмсалады да, тіл мәдениеті деген ауқымды маңызд мәселе осы ұғымның тасасында жасырынып қалады. Егерде сөз өнеріне көп мән беріліп, тіл мәдениетінің басымдығы төмен дәрежеде болған жағдайда, сөздің шұбарлануы, босаңсу үрдісі белең алатыны байқалады. Ал қазақ халқы шешендікті сүйген ел, асыл сөзді қадірлей білген халық. Орыс ғалымы В.В.Радлов «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» атты еңбегінде: «... принадлежит к числу самых чистых и самых богатых тюрских наречий. Киргизы (казақтар) большие мастера особенным даром слова, импровизаторы, рассказчики и певцы пользуются у них немалым почетом и уважением», - деген болатын.

Жалпы мәдениетті адамның сөйлеу мәнері сауатты әрі құлаққа жағымды болуы қажет. Ойды анық жеткізумен қатар, сөйлемді құрастыратын сөздер тізбегін дұрыс құруды да басты мақсат етіп алады. Әрбір ойын дұрыс құрылған сөйлеммен, әрбір сөйлемді жағымды интонациямен жеткізуді ойлайды. Ән сияқты дұрыс айтылған сөз де «құлақтан кіріп бойды алады». Халық келістіре сөйлей алатын адамды «сөзі мірдің оғындай екен», «сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп атаған болатын. Сондықтан сөзді қалай болса, солай айта салмай сөйлеу әдісін меңгеру, сөйлем мазмұнына үйлесімді интонация, екпін, әуен тауып, дауысты түрлі ырғақпен құбылтып өзгерту тәсілдерін игерудің үлкен мәні бар. Сөйлеу үрдісінде дауыс ырғағының ауыспалы қасиетін ескере отырып, жазуда міндетті түрде тыныс белгілерімен таңбалаймыз. Мәселен, хабарлы сөйлемнен кейін нүкте, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі, бұйрықты, лепті сөйлемнен кейін леп белгісі қойылатыны белгілі. Мәдениет алдымен өзін тіл арқылы көрсетеді. Кез келген адам тіл арқылы мәдениетін таниды. Тіл мәдениетінің құбылысын зерттеген алғашқылардың бірі В.Гумбольд, А.Потебня, Б.Малиновский, К.Леви-Строфан және т.б. тілді жаңашыл шығармашылыққа бастаушы пәрменді күш деп санаған. Ал тіл шығармашылығы эстетикалық шығармашылықтың басты міндеті ретінде қабылдаған болатын. Ал, А.Потебня тіл саласын рухани мәдениеттің басты белгісі деп қарастырды. Шығармадағы кез келген сөздің әрқайсысы басты мазмұнның басты идеясын атқарады. Соған орай, осы ғалымдардың бастауымен «өнер тілі», «мәдениет тілі», «поэтикалық шығармашылық тілі» деген ұғымдар пайда болған болатын.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды жинақтай келе, тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы және оның дамуы, сөйлеу тілін зерттейтін тіл білімінің саласы болып саналады. Тіл мәдениеті мен тіл білімінің саласы өзара тығыз байланыста болғанымен өзіндік айырмашылықтары бар. Тіл мәдениеті ұғымының басты принципі – күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болып келеді. Тұлғалардың коммуникативтік қарым-қатынас негізінде тілдік әдіс-тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, жүйелі әрі сауатты қолдану болып саналады. Сонымен тілдік норма дегеніміз сөз және сөйлем құрылымдарын лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасын дұрыс ұйымдастыру, этикалық құбылыс – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері), коммуникативтік норма (сөйлеу әрекетінің тиімді қағидалары). Бұл құбылыстар жөнінде ғалым Р.Сыздықова «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), сөйлем құрылымдарын дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс орналастыру (морфологиялық), дұрыс дыбысталуы (орфоэпиялық) және сауатты жазу (орфографиялық), тілді көркемдік тұрғыдан әсерлі етіп жеткізу (лингвистикалық) нормалар қағидасын сақтау болып табылады», -деп тұжырымдаған болатын [6]. Л.И.Ожегов: «Тіл мәдениеті – бұл әрбір адам өз ойын дұрыс, нақты және көркемдеп және мәнерлеп жеткізе білу дағдысы, әдісі. Дұрыс сөз бен дұрыс сөйлемдер әдеби тілдің дұрыс сақталған нормасы. Тілдің нормасы – бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпы тілдік сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі. Әр адамның өз ойын жеткізудің әдіс-тәсілімен қатар орынды сөйлеу», - деп айтқан болатын [7].

Соған орай, ғалымдардың ой-тұжырымдарын және пікірлерін, көзқарастарын қарастыра келе тіл мәдениетіне қойылатын басты талаптар қатарына сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс әрі анық айту, сөйлеу әрекетінде дауыс әуені мен интонацияны қадағалау, буындарға екпіннің дұрыс түсуін, айтылу үрдісінде үндестік заңдылығын бақылау, қатесіз әрі сауатты жазуға дағдылану, сөйлем қатарында тыныс белгілерін қатесіз жазу, әріп таңбаларын айқын жазуға дағдылану, сөздер мен сөйлем құрылымдарын соңына дейін аяқтап, мазмұнды толық жеткізуге үйрену, сөйлем қатарында сөз тұлғаларның өзгеруін, қосымшалар мен көмекші сөздерді өз орнында дұрыс қолдана білуді меңгеру қажет. Әсіресе, сөйлем құрылымдағы сөздерді өз орындарына қойып отырып, мағыналарын дұрыс білдіру, күрделі мағынаны, ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді сауатты тұрғыдан құрастыру, сөздердің бірнеше қатарынан қажетті вариантін қолдануды басты мақсат етіп ұстануды қажет етеді. Соның ішінде, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті диалектілерді, ретсіз енген жаргон сөздерден біршама қашық болу қажет. Стильдік тұрғыдан ресми іс-қағаздар, ғылыми, публицистикалық, ауызекі стильдердің өзіндік ерекшеліктерін қадағалау, сөйлеу этикетінің заңдылығын сақтау, мүмкіндігінше тілдің байлығын, көркемдік құралдарын молынан қолдану және ұлттық ерекшеліктерін сақтау, сөйлеу үрдісінде ойдың жүйелігін, көлемін, толықтығын оның жеткізу ерекшеліктерін сақтауды қадағалау қажет.

Әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1991, 272 б.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғыл. ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. Алматы: - 2007 ж. 35 б.
3. Балақаев М. Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы: Ғылым, 2004. – 144 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев. - Алматы: Ғылым, 1984. - 84 б.
5. Горький. А.М. Әдебиет туралы. 1953. 574 б.
6. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
7. Ожегов Л.И. Лексикология. Лексикография. Культура речи / Л.И. Ожегов. - М.: Высшая школа, 1974. - 352 с

ӘОЖ 83.3 (5=632.4)

Ускенова Айгерім Ерханқызы

*«Әлеуметтік-гуманитарлық тілдік пәндер» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: uskenova_aigera@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: ф.э.к. Ж.М. Искакова*

МЕДЕУ СӘРСЕКЕНІҢ ҒҰМЫРНАМАСЫ ЖӘНЕ ЖАЗУШЫЛЫҚ ЖОЛЫ БИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ В ТВОРЧЕСТВЕ М. САРСЕКЕЕВА BIOGRAPHY OF SCIENTISTS IS IN WORK OF M. SARSEKEEV

Аннотация. Мақалада М. Сәрсекенің өмірі мен шығармашылығы қарастырылды және талданды. Қаламгердің шығармашылық мұрасында, Қ. Сәтбаев ғұмырнамасы Медеу Сәрсекенің жазған еңбектері терең және салмақты жұмыстары жан-жақты баяндалды.

Түйінді сөздер: қазақ әдебиеті, М. Сәрсеке, Қ. Сәтбаев, геолог, драматургия

Аннотация. В статье Жизнь и деятельность Сарсекева были рассмотрены и проанализированы. В творческом наследии писателя глубокие и серьезные работы произведений Медеу Сарсеке в биографии Сатпаева подробно описаны

Ключевые слова: казахская литература, М. Сарсеке, К. Сатбаев, геолог, драматургия

Аннотация. In the article The life and work of Sardiske were considered and analyzed. In the creative heritage of The deep and serious works of Medeo Sarseke's works of Satpayev's biography have been described in detail.

Keywords: kazakh literature Sarseke, K. Satpayev, geologist, dramaturgy

Қазақ әдебиетіне мол шығармашылық мұрасын қалдырған, оның ішінде ғұмырнамалық романдардың негізін салған әдебиетіміздің биік тұғырында тұрған, көпті көрген көрнекті жазушы, журналист, көсемсөз шебері, инженер-металлург, аудармашы, драматург Медеу Сәрсекке Шығыс Қазақстан облысы, Абралы ауданы, 1936 жылы, 2-қаңтарда дүниеге келген. Әкесі – Сапа, анасы – Зағипа. Ата таратуда біз қазіргі шежірешілер жиі қолданып жүрген жүйені пайдаландық. Мысалы: «ТАРАҚТЫ – САРЫ – Құрманбай – Сәрсекке, Ақтеке, Қарабала; Сәрсекеден – Сапа – Медеу, одан Ерлан-Қаныш; Әдебиет одан Нұрлан, Ержан, Нұржан, Ұлан; Мәдениет одан Төлеген, Арнұр, Төлеу (0) деген таралымда; бас әріппен дараланған есім рудың, ия ұрпағы молайып өскен үмбеттің көшбасшысын аңғартады; атаның аралығындағы сызықша – әкесі мен баласын анықтаушы, яғни «Сәрсекеден – Сапа туды» деген ұғымды берсе, ал қос сызықша «Қаныш – Медеудің немересі, Сапаның шөбересі болады» деп түсіну шарт. Сондай-ақ өзара ноқат-үтірмен бөлінген, кей жағдайда асты сызылған есімдер – өзара ағайынды адамдар. Біздің мысалыда: Медеу, Әдебиет, Мәдениет немесе Сапа мен Төлеу өзара ағайынды жандар. Кейбір есімдердің соғынан «0» таңбасы қойылса – оның ұрпағы тоқтаған, нәсілі жоқ, ал сұрау белгісі тұрса – мәлімсіз деп ұғу шарт. Жақша ішіне енгізіліп, алдына сызықшамен дараланған адам – жақшаның алдында аталған кісінің бел баласы...[1, 4-5 б.]– деп жазды. Ол өз өмірінің және жеті ғасырлық ата таралымын берген.

Мұнда қаламгер сол замандағы атақты ел жақсылары, ру басылары, батырлар мен ақындары туралы да, аңыз-хикаяттарды беріп шежіре таратты. Осы кітабында өзінің ата-тегі өз ұрпағының шежіресін жазып, келесі ұрпағына мұра етіп, үлкен үмітпен болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырған.

Жас талант ең алғаш әдебиетпен әуестеніп, ауыл қарияларынан мақал-мәтел, нақыл сөздерді, терме, тұрмыс-салт жырларын, қисса-дастандарды тыңдап өседі. Орта мектепті алтын медальмен тәмамдап, Алматындағы Кен-Металлургия институтына түсіп, инженер-металлург мамандығын 1958 жылы иеленген. «Лениншіл жас» газетінің редакциясына қызметке шақырылып, 1958-1959 жылдарда әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып еңбек етеді. 1959-1964 жылдары Семей цемент зауытында ауысым мастері, зауыт диспечері, өндіріс-техника бөлімінің аға инженері болып қызмет атқарды. Ғылыми-фантастикалық жанрада толғанған алғашқы екі кітабы бойынша 1962 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданған. 1964-1965 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі. 1965-1997 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Ертіс бөлімшесінің секретары. 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1986 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесі төралқасының Құрмет қағазымен, 2001 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. Елімізге еңбегі сіңген зейнеткер. Семей қаласы мен Баянауыл ауданының «Құрметті азаматты» және «Павлодар облысына еңбегі сіңген қайраткер» атақтарына ие. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық және Құдайбердиев атындағы Семей университетінің «Құрметті профессоры», Қазақстан Республикасының «Құрметті кеншісі» және Геология комитетінің «Құрметті кен іздеушісі». ҚР Ақпарат және Қоғамдық тарих академияларының толық мүшесі. [2, 453-454 б.].

М. Сәрсекке қазақ әдебиетінде ғылыми-қиял жанрының өрістеуіне айрықша үлес қосқан қаламгер. Әдебиетпен әуестенуді ғылыми-фантастикалық шығармалар жазумен бастап, «Ғажайып сәуле», «От және атом», «Көрінбестің көлеңкесі» және «Жетінші толқын» хикаяттарын 1959-1964 жылдары жариялаған. Бұл шығармалардың соңғы екеуі қайта басылып, қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына енді, «Жетінші толқын» орыс тіліне көп таралыммен тарады.

Инженер қаламгер төл әдебиетте өндіріс тақарыбының жаңа белеске көтерілуіне де айрықша үлес қосты. «Жарылыс» (Взрыв) және «Көмбе» (Клад) романдары 1980-1990 жылдары жазылып, орыс тіліне аударылды. «Молодая гвардия» журналы және «Литературная газета» «Жаңа есім» деген айдармен «Жарылыс» романынан үзінді жарияланды. Екеуі де 1983, 1989 жылдарда «Советский писатель» баспасынан жарық көрді. «Жарылыс» романының орысша нұсқасы «Жазушы» баспасынан мол тараммен екінші рет жарияланды. Романға желі болған оқиға, өндірістік жарылыстың өрби келе әлеуметтік қақтығысқа айналуы автордың «Жарылыс» драмасын жазуға негіз болған. Драманың қазақшасын Семейдегі қазақ драма театры сәтті қойса, орысша нұсқасын М.Лермонтов атындағы академиялық орыс театры сахналап, екі спектакль де бірнеше жыл бойы көрерменнің көзайымы болды. Осы романның ана тіліндегі нұсқасының «Жарылыс» атауы цензордың талабымен «Жаңғырық» болып өзгеруі, шығарма мәтінінің 150 бетке қысқаруы, өндірістік жарылыстың әлеуметтік дүмпуге айналған тарауларының алынуы – сол күндегі идеологиялық қысымның салдары. «Жарылыс» туындысы сол кездегі цензураның қатаң қыспағына түсіп, кейбір беттері қысқартылып, енді бір тұсында кейіпкерлерінің ұлты өзгертіліп, едәуір қысқартылып жарияланған. Шығарманың басты кейіпкері Қазыбек Қазтуғановтың күрескерлік рухын даралап, оның жер асты қазбасын іздеу жолындағы қайсарлығын, билік басындағылардың іс-әрекетімен күресуін суреттеуі, әсіресе сол

кездегі халықтың дертіне айналған жарымсақтық, мәнсапқорлық жалған мәліметке бой ұрған былық-шылықтарды ашып, шынайы адамшылық ұстанымдардың аяққа басылғанын әшкерелеуге түрткі болған. Жазушы сол қиянатпен келіспей, шығармасын орыс тілінде, қазақшасында кесілген беттерді қосып, 150 бетке толтырып шығарған. Осы туындысымен Медеу Сәрсекке Одақ ареназынан танылды. «Литгазета», «Дружба народов» журналы ол туралы рецензиялар жариялап, Одақ әдебиетінде өндіріс тақырыбын заманына лайық өрістетуші қаламгерлер санатына қосылды деген баға берілді. 1982 жылы романды «Молодая гвардия» журналында жариялады. [3, 253-255 б.]

Әдебиетке адал қарайтын, шындықты әділ айтатын, ел өмірін, халықтық тыныс тіршілігін, бүкпесіз жеткізген осы романдары, алтын күміс ақтарған, мырыш тасқындатқан кенді Алтайдың тіршілік-тынысын, өмір ағысын суреттейді.

Жазушының осы тақырыпта романы «Көмбе» «Советский писатель» баспасына қабылданып, 1989 жылы жарық көрді. Сонша қиянаттың себебі – жазушының қазақ инженерлерін ғылыми-техникалық төңкеріс заманының алдыңғы легінде көрсетіп, түйе мінген дала перзентінің ата кәсібі – мал бағумен қатар, қорғасын шайқап, бағалы металдың ең таза түрлерін қорытуды кәсіби меңгергенін баса суреттеуде.

М. Сәрсекке драма жанрына да қалам сілтеген қаламгер. Оның ұшқыр қаламынан 1968 жылдан бастап 7 драма жазған. Солардың төртеуі Семейдің, Арқалықтың, Жетісай, Талдықорған мен Алматы театрларында көп жылдар бойы жүрді, ал арнайы тапсырыспен жазылған «Уақыт төрелігі» драмасы телеспектакль түрінде Қазақ телестудиясынан 1989 жылы Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 90 жылдық мерейтойы қарсаңында экраннан бірнеше мәрте көрсетілді. Жазушының бұл жанрдағы көпшілікке танымал шығармалары – «Шыңғыс хикаясы», «Жарылыс», «Занды неке» және «Тендерге түскен әйел» драмалары. «Занды неке» комедиясы Семей театрында 1983-2006 жылдар аралығында 600 рет қойылған. Ал, «Тендерге түскен әйел» драмасы 2010 жылдан беріде М. Әуезов атындағы академиялық театр сахнасында және бірнеше облыстық театрларда сәтті қойылып келеді.

Осы жанрда драматургтің өкініші де бар. «1989 жылы қаламынан туған «52 жыл» деп атаған, қазақ зиялыларының ең таңдаулы тобы басынан кешкен қуғындау бейнеленген (Әуезов, ерлі-зайыпты Сәтбаевтар, Бекмаханов, Натай Кенесарин, Шаяхметов, Омаров жиыны 16 кейіпкер) саяси трагедиям, әбден ширекқан заманауи қақтығысты көрсететін драмам осы күнге дейін сахна көрген жоқ. Басты себеп – аса көрнекті тарихи тұлғаларды бейнелейтін актерлердің бір ұжымда болмауы, екінші – 16 кейіпкердің киіндірудің машақаты. Әлбетте басты кедергі бұлар емес – әлеуметтік, саяси әрі аса өткір ұлттық мәселелерді бейнелеген тарихи драманың, сол күндегі ел басшыларының пасық әрекеттерін бүкпесіз әшкерелеуде» - дейді М.Сәрсекке әңгіме барысында. [4, 2 б.]

М. Сәрсекенің жеті драмасы да «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Ертіс-Алтай» кітапханасынан 2013 жылы жарық көрген бір томдық драма еңбектерінде жарияланған. Қаламгерді күллі Одаққа танытқан басты шығармасы – «Сәтбаев». Жазушы 1963 жылдан беріде Ә.Х. Марғұланның ой салуымен академик Қ.И. Сәтбаевтың өмір жолын зерттеумен шұғылданып, 12 жыл ізденіс жасап, сол үшін көптеген қалаларды Баянауыл, Ұлытау-Жезқазған, Қарағанды, Қызылорда, Ташкент, Мәскеу, Ленинград және Алматы мұрағаттарын ақтарып, біртуар ғалыммен қызметес болған адамдардың естеліктерін жазып алып, тыңғылықты ізденіс жасап әуелі «Туған жердің асылы», соңынан «Қаныш Сәтбаев» атты ғұмырнама еңбегін «Жазушы» баспасынан «Жайсаң жандар» топтамасымен 1974 жылы ғұмырнама кітабын жазады. Алайда, Қазақстан КП ОК-нің басшылары соңғы туындыны «Сәтбаевтың жеке басын асыра мақтап, дара культі жасалған» деген ойдан шығарылған желеумен мәтіні терілген, «Жайсаң жандар» топтамасы бойынша шықпақ кітапты 1975 жылы баспаханадан шашқызып тастаған. Әділдік жолындағы екі жылғы күрестен кейін, жазушы осы еңбегін орысшаға аударып Мәскеуге апарды. Сол еңбегін Медеу Сәрсекке «Молодая гвардия» баспасының әлемге әйгілі «ЖЗЛ» таптамасынан 100 мың дана таралыммен 1980 жылы жарыққа шығарады. Осы туынды шетелдік кітап көрмелеріне екі рет апарып, әлемнің 112 елі сатып алған. [4]

Автор ізденісін тоқтатапай, қаламын ұштап, Сәтбаев ғұмырнамасын болашақ ұрпаққа жеткізу ең абыройлы міндеттерінің бірі болды. Туған елінің көгіне таң жұлдызындай жарқырап шығып, өшпес сәуле шашқан, артында өлмес ұлы істер қалдырған ардақты азамат, зор ғұламаның өмірі жастарға әрқашан өнеге болмақ.

1988 жылдан бері жазушының «Сәтбаев», «Қазақтың Қанышы», «Қаныш елі» (орысшасы «Родина Сатпаева»), «Планета Сатпаева», «Дара дарын», «Феномен», «Құлыпталған ғұмырнама», «Через тернии к Сатпаеву» деген атаулармен жарияланған, қазақ тілінде және орысша, екінші рет Мәскеуден, «ЖЗЛ» топтамасынан 2003 жылы қайта басылуы, 2006 және 2015 жылдар шыққан шығармалар жинағына енуін қосқанда Сәтбаевтың ғұмырнамасы 15 рет жарияланып, жалпы таралымы 340 мың дана болды. Бұлардан өзге Сәрсекенің «Қаныш елі» деген атаумен қазақша,

орысша және ағылшын тілдерінде, оған қоса халқымыздың дара перзентін ұлықтау жолында өзінің көрген бейнеті мен зейнеті хақында естелік-эссе түрінде жазған «Құлыпталған ғұмырнама» кітабының қазақшасы және соның «Через тернии к Сатпаеву» деп аталған орысша нұсқасы 2 рет жарияланды. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов Медеу Сәрсекенің 1999 жылы Алматыдағы «Атамұра» баспасы шығарған «Қазақтың Қанышы» роман-эссесінің қосымша тыстығында берген аңдатпасында: «Ұлтымыздың ұлы перзенттерін ұлықтаудың тамаша үлгісі осындай-ақ болар...» - деп бағалады. [2, 454 б.].

Қаламгердің елу жылдан астам уақыт Қаныш Сәтбаев тұлғасын әспеттеуіне айтылған әділ бағалау дейміз. Сәтбаев туралы ғұмырнама туындыларымен алғаш танысқанда-ақ оны деректі жанрдың шебері деп таныдық. Мұның бәрі бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, тәлім-тәрбие беретін тамаша ғибратты да қасиетті жағдайлар болып қалатыны анық.

Драматург-жазушы Сәтбаев тұлғасын сахнада көрсету мақсатымен 2 пьеса жазған: алғашқысы «Уақыт төрелігі», екі көріністі тарихи драма, ғалымның тоқсан жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақ телестудиясының тапсырысымен жазып, 1989 жылы телеэкраннан көрсетілген. Екінші шығармасы «52-жыл» Мәскеу телестудиясының тапсырысымен жазылып телеэкранға 2006 жылы шыққан деректі фильм.

М. Сәрсекенің Сәтбаев туралы ғұмырнамалық шығармалармен қатар халқымыздың көрнекті ғалым перзенттері Е.А. Букетов және Е.Б. Бекмаханов туралы деректі кітаптарын да жариялады. Екі ғұмырнама қазақ тілінде «Қайран Бөкетов» және «Ноқталанған тарихшы» деген атаулармен 4 рет жарияланып, 2007 және 2010 жылдары Мәскеудің «Жас гвардия» баспасының «ТАӨ» топтамасынан да жарық көрді. Әлемге әйгілі осы серияда қазақ тұлғаларынан XX-XXI ғасырда небәрі 10 тұлға жарық көрсе, соның үшеуінің иесі – Медеу Сәрсек. Жазушының қаламы Қазақстан Республикасы ғана емес, Ресей Федерациясында да, лайықты түрде бағаланған. [5, 354 б.].

Әдебиетке адал қарайтын, шындықты әділ айтатын, тарихи адамдарының өмірбаяндарын жинап, жазады. Жазушы тағы да екі есімді қалың оқырмандарына танытып отыр. Мұнда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, біртуар ғалым Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтың қиын да, қилы тағдыры, ғұмыр тарихы туралы сыр шертеді.

«Ноқталанған тарихшы» ғұмырнамасында деректі жанрдың шебері М. Сәрсек тарихшының ғұмырын қаз қалпында баяндап, замандастарының қастандық әрекеттерін нақты деректерлер алқылы сипаттайды. Кешегі кер заманның қитұрқы зауалын бүкпесіз ашып, билік басындағылардың да сорақы қылықтарын әшкерелейтін туынды бүгінгі оқырманды бей-жай қалдырмады деген үміттеміз.

Деректі ғұмырнамалық романның көтерер жүгі өте ауыр. Себебі тақырып күрделілігі, материалдың ауқымдылығы, зерттелетін нысанның қарама-қайшылықтары жазушы алдында тұрған міндеттің өте жауапты әрі қиын екенін аңғартады. Кенесары ханды жазғаны үшін қуғын-сүргінге ұшыраған Ермұхан Бекмахановты ақтап жазу тарихшыларға қиын болғаны белгілі. Содықтан оның тағдыры осы кезге дейін беймәлім болды. Қазақ халқының біртуар азаматы, ғұлама тарихшы ғалым Ермұхан Бекмахановтың тұлғасын сомдап жазу үшін жазушы көп ізденген. Тарих беттерін парақтап, мұрағат деректерінен іздеп, сол кездегі саяси жағдайлардың ақиқатын ашып, шындықты оқырманның көз алдына тірілтіп берді.

Романда жазушы кейіпкерлер психологиясын, олардың портреттерін, диалогтарды өте шебер келтіреді. Міне, осындай қазақ халқының ұлы тұлғаларына арнап қалам тартып жүрген М. Сәрсек қазақ әдебиетіндегі деректі проза жанырының дамуына қомақты үлес қосып, кейінгі ұрпаққа дәстүр қалыптастырған жазушы ретінде танимыз.

Қазақ әдебиетінің биік тұғырында тұрған Медеу Сәрсек 83 жасқа толды. Сонау елуінші жылдардың соңында қазақ әдебиетінің негізін қалауға өз үлесін қосқан жас жазушы қазір сексенің сенгіріне шықты. Тума әдебиетіміздің көркем-идеялық, жанрлық, тақырыптық, поэтикалық жағынан дамытып, түлеуіне жарты ғасырдан астам уақыт бойы авторлық үлесін қосып, азаматтық ұстанымын танытты. Өзінің әдебиет әлеміндегі орнын белгілеп, қолтаңбасын қалдырды. Төл әдебиетке жаңа келген жас жазушылардың бірнеше ұрпағын тәрбиелеп, үлгі-өнеге көрсетіп, шеберлік мектебін қалыптастыра білді.

Сөз өнерінің қауызына жазушылық, суреткерлік, аудармашылық, драматургтық, зерттеушілік қабілетін сыйғыза білген санқырлы дарын иесі саналатын М. Сәрсекенің шығармашылық жолы бүгінгі әдеби процеске қосқан үлесі қомақты, берген пайдасы мол.

Қазақ әдебиетінің ғылыми-фантастикалық жанрының дамуына үлкен үлес қосқан фантаст-жазушы, аудармашы, драматург әдебиеттің қалыптасуына мүмкіншілігіне лайық еңбек сіңірген Медеу Сапаұлы Сәрсекенің өмірінде келер ұрпаққа өнеге болар тұстары қажымас тұлғасы, ерекше сыпайы

және мейірімді дидары, тынымсыз творчестволық еңбекпен өткен азаматтық өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалады.

М.Сәрсекенің түрлі жанрда жазған шығармаларында тарихи шындықтарға экзотикалық емес, эстетикалық мақсатпен, халықтың ұлыларының ұлылығын тауып, таныту үшін оралып отырды. Бұл оның барлық шығармаларына ортақ таным тарапындағы қасиеті болып табылады. Шығармаларын оқыған оқырманға беймәлім сыр, тарихи шындық жаңалық ашылады. Жазушы қазақ әдебиетін жанрлық тұрғыдан дамытумен қатар зерттеу жұмыстарымен де айналысты. Бұл еңбектері өз алдына терең зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да М. Сәрсекенің шығармашылығы әлі де қазақ әдебиеті ғылымына көп жаңалықтар әкелері даусыз.

Медеу Сәрсекенің шығармаларын зертей келе мынадай тұжырымдарды атап көрсетуге болады:

- жазушы өмірбаяндық әдісті терең меңгерген, нәтижесінде өмір шындығы мен көркем шындықты шебер қиюластырған сөз шебері деңгейіне көтеріле алды;

- инженер қаламгердің туындыларының сюжеттік желісі мен композициялық құрылымында аттары аңызға айналған ғалымдар тағдыры жазушы шығармашылығының басты тақырыбы, деректі ғұмырнамалық романдардың жарқын үлгісін танытты;

- Медеу Сәрсекенің қалам тербеген жанрларының типологиясын былайша: лирикалық жанрларда; әңгіме, очерк, новелла, эссе, естелік секілді шағын эпикалық көлемдегі; повесть, поэма секілді орта көлемдегі; роман секілді кең көлемдегі; пьесса секілді драмалық жанрларда топталды.

Әдебиеттер:

1. СәрсекеевМ. Тарақты және Қаракесек шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1995.–272 б.
2. Қаныш Сәтбаев энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 664 б.
- 3.Сәрсекен М. Таңдамалы шығармалары. Т. 2. – Астана: Фолиант, 2006. – 460 б.
4. НегимовС. Есімі еліне машһүр қаламгер. Мақала
5. Қазақстан жазушылары XX ғасыр. Анықтамалық.– Алматы: Ана тіл, 2004.–392 б.
6. Ғабдуллин М. Алтын жұлдыз. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 288 б.
7. Қазақстан жазушылары XX ғасыр. Анықтамалық.–Алматы: Ана тілі, 2004.–392 б.
8. Сәрсекен М. Қазақтың қанышы: Роман-эссе. –Алматы: Атамұра, 1999. 592 б.

УДК 338.482.22

Умирзаков Илхам Мырзабаевич
Акназарова Аружан Бауржановна
Студенты кафедры «Дизайн, сервис и туризм»
Университет, «Туран-Астана»
г. Астана, Республика Казахстан
e-mail: tourism.turan2018@gmail.com
Научный руководитель: г.г.к., Аяпбекова А.Е.
e-mail: alya1960@list.ru

**НАПРАВЛЕНИЯ ЭТНОТУРИЗМА В ТУРИСТСКОЙ ФИРМЕ «САЯТ»
«САЯТ» ТУРИСТИК ФИРМАСЫНДА ЭТНОТУРИЗМ БАҒЫТТАРЫ
DIRECTIONS OF ETHNO-TOURISM IN THE TOURIST FIRM «SAYAT»**

Аннотация. Мақалада туристік фирманың этнотуризм бағыты туралы жазылған. Этнографиялық туризм этнотуризм деп аталады және этникалық туризм түсінігіне ең жақын туризм түрі. Бұл туризм түрі танымдық және ойын-сауық мақсатымен жүзеге асырылады. Этнографиялық туризм – белгілі бір ұлттың, ұлыстың немесе тұрғылықты жердегі қауымның мәдениетімен, өмірімен, костюмдерімен, тілімен, фольклорымен, дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, этникалық шығармашылығымен туристердің танысуын айтамыз.

Түйінді сөздер: наурыз, этнотуризм, этнографический туризм, ұлыстың ұлы күні, маршрут, демалыс аймағы, қыз-куу, көкпар, бәйге, қазақша күрес, асық, тоғызқұмалақ, қымыз, шұбат, күрт

Аннотация. The article describes the tourist direction of ethno-tourism. Ethnographic tourism is called ethno-tourism and is closest to tourist ethics. This type of tourism is educational and entertaining. Ethnographic tourism - acquainting tourists with the culture, life, costumes, languages, folklore, traditions, customs, ethnic creativity of a particular nation, nationality or place of residence.

Ключевые слова: наурыз, этнотуризм, этнографический туризм, великий день народа, маршрут, қыз-куу, көкпар, бәйге, қазақша күрес, асық, тоғызқұмалақ, қымыз, шұбат, күрт.

Annotation. The article describes the tourist direction of ecotourism. Ethnographic tourism is called ethno-tourism and is closest to tourist ethics. This type of tourism is educational and entertaining. Ethnographic tourism - acquainting tourists with the culture, life, costumes, languages, folklore, traditions, customs, ethnic creativity of a particular nation, nationality or place of residence.

Keywords: nauryz, ethno-tourism, ethnographic tourism, great people day, route, kyz-kuu, kokpar, baiga, kazaksha kures, asyk, togyzkumalak, koumiss, shubat, kurt.

В преддверии национального праздника «Наурыз» многие потенциальные клиенты интересовались турами на несколько дней. Но, даже те, кто мог себе позволить купить путевки в теплые страны не смогли этого сделать, так как все билеты на самые популярные курорты такие как: Таиланд, ОАЭ, ГОА, Франция и прочие страны были выкуплены. В итоге, часть потенциальных клиентов ушла из турфирмы «с пустыми руками». Это послужило еще одним доказательством тому, что внутреннему туризму в нашей стране уделяется мало внимания и части населения негде провести выходные и праздничные дни.

В настоящее время в Казахстане развиваются различные виды туризма. Более быстрыми темпами развивается экскурсионный, оздоровительный и экологический туризм. Стихийно, без участия основных туристических агентств, набирает популярность экстремальный и горный туризм [1]. Клиенты все чаще стали интересоваться культурно-досуговой программой, но, к сожалению, наши турагентства серьезных программ по этому виду туризма предложить не могут. А, в связи с

сильным скачком цен на авиа и железнодорожные билеты, не все могут себе позволить дорогой отдых за границей.

Во всем мире становится популярным направление, которое получило название этнотуризм. Оно развивается во всех странах мира и опирается на традиции и культуру народа, проживающего в той или иной местности. Этнографический туризм основан на интересе туристов к подлинной жизни народов, к ознакомлению с народными традициями, обрядами, творчеством и культурой. В современном унифицированном мире человек стремится к самоидентификации, ищет и изучает свои этнические корни для того, чтобы почувствовать себя особенным, обладающим глубинной историей и собственными культурными традициями. А познание других культур и этнических особенностей позволяет ему составить целостную картину многогранного мира народов и народностей, уникальных в своей индивидуальности [2].

В качестве мероприятия по повышению эффективности деятельности ТОО «Саят» и, в частности, развитию этнического культурно-досугового сервиса в фирме, предлагается внедрение этнотура «*Ұлыстың Ұлы Күні*» (Великий день народа).

Тур рассчитан на следующие категории потребителей:

Городские жители. Возможность заграничного отдыха стала доступна немногим. Но ведь сам отдых никто не отменял. И потому люди ищут альтернативные направления.

Иностранцы. Если казахстанцы стали ездить за границу реже, то приток туристов в нашу страну несколько не уменьшается, скорее даже наоборот. Кстати, этнотуризм всегда был популярен среди гостей с запада и востока.

Студенты и все заинтересованные в изучении отечественной самобытности люди.

Данный тур рассчитан на группу не менее 6 человек.

Хотим обратить внимание, что тур начинает свою работу со всеми любимого национального праздника Наурыз. Наурыз - это главный праздник в году как у казахов, так и у многих народов Азии, отмечаемый уже более пяти тысяч лет. Это праздник весны, обновления природы, начала нового года, новой жизни. Празднование Наурыза имеет языческие корни, это праздник поклонения природе. Наурыз отмечается 22 марта в день весеннего равноденствия. В этот день небесные светила: созвездия и звезды после годичного круговорота приходят на точки своего первоначального пребывания и начинают новый путь - круг.[28]

Иначе Наурыз у казахов называют «*Ұлыстың Ұлы Күні*», что в переводе на русский означает «Великий день народа» - отсюда и наше название.

Привлекательность туристского маршрута зависит от способа перевозки туристов между включенными в него пунктами (городами). Маршрут нашего тура проложен через город Астана, и конечная точка находится в 20 км от столицы. На протяжении поездки гид группы будет рассказывать об истории нашего народа, что добавит познавательные нотки нашей экскурсии. Для рассматриваемого тура был выбран автобус марки «Мерседес» (12 мест) для максимально комфортного перемещения туристов. Он имеется в наличии у фирмы «Саят», что позволяет удешевить тур, минуя аренду транспорта.

Зона отдыха «Бал Карагай» состоит из юрт и деревянных коттеджей – рисунок 1.



Рисунок 1. Зона отдыха «Бал Карагай»

Программа обслуживания - это набор услуг, предоставляемых туристам в соответствии с их потребностями и тематикой тура, заранее оплаченный и распределенный по времени проведения тура.

В программу тура входит:

- демонстрация всех видов народных ремесел и промыслов;
- демонстрация выдающихся произведений казахских мастеров;
- проведение различных видов традиционных казахских состязаний, в частности: кыз-куу, кокпар, байга, казакшакурес, игра в асык, тогызкумалак и др.

- демонстрация и игра на народных музыкальных инструментах;
- демонстрация особых кочевых технологий казахов, связанных с производством и хранением различных молочных продуктов (кумыс, шубат, курт и т.д.);
- демонстрация искусства обработки дерева, войлока, кожи, традиционные технологии этих производств;
- демонстрация казахских народных игр, развлечений и сказок с непосредственным участием детей.

В Бал Карагае, как показано на рисунке 2, туристы получают возможность познакомиться со всеми видами традиционных ремесел и искусства казахов, увидеть традиционные обряды и праздники, все виды повседневной и парадной праздничной одежды.

Самостоятельной полноценной экспозицией будет представляться традиционное казахское оружие, доспехи, военное дело. Посетителям будет рассказываться история возникновения казахского боевого и небоевого оружия, будут демонстрироваться особенные методы боя, свойственные исключительно казахскому военному делу.

Издrevле способы и секреты установки юрты, требовавшие особого мастерства и знаний, передавались из поколения в поколение [3]. И во время данной программы туристам удастся лично прикоснуться к процессу установки деревянных стен - «кереге», к традиционному поднятию свода - «шаңырақ», а также укрепления деревянных жердей - «уық». Ни одно повествование о Великой казахской степи и кочевом народе, не обойдется без юрты - традиционного жилища кочевников - рисунок 3:



Рисунок 2 - Казахские народные развлечения



Рисунок 3 - Юрта – традиционное жилище кочевников

Также, на территории базы имеются: своя конюшня, 4 бани из лесного сруба, большой банкетный зал, детская площадка, лесопосадка, киоски с кумысом, шубатом и прохладительными напитками (таблица 1). Программа тура включает в себя:

В стоимость тура входит: проживание в доме либо в юрте; 3-х разовое питание; работа гида все дни пребывания; работа аниматоров, акынов, шоу-балета; развлекательная программа, инвентарь, костюмы; трансферт Астана - Бал Карагай, Бал Карагай-Астана.

В стоимость тура не входит: баня не по программе; катание на лошадях не по программе; питание не по программе; няня для детей; алкогольные напитки.

В итоге, клиент, оплативший тур «Улыстын Улы Куны» получает возможность: провести 3 дня на природе; познакомиться с традициями и культурой казахов; попробовать национальные блюда казахов и окунуться в дружелюбную атмосферу казахских обычаев и традиций; укрепить здоровье с помощью активного времяпровождения и свежего воздуха.

Таблица 1 - Содержание и программа тура «*Ұлыстың Ұлы Күні*»

День тура	Содержание и программа
Первый день	08.30 - встреча группы у турфирмы «Саят». Знакомство с гидом 09.00-10.00 - прибытие в Бал Карагай. Встреча гостей в национальных костюмах 10.00-12.00 – Выдача каждому гостю головных уборов и жилетов, выполненных в национальном стиле. Небольшой фуршет с чаем и угощениями, размещение, обзор территории, свободное время. 12.00-13.00 – небольшое представление, исполнение казахских народных песен (тексты песен будут предоставлены) 13.00-14.00 – обед 14.00-15.00 – свободное время 15.00-18.00 – освоение традиционных ремесел: Мужчинам: обработка древнего каменного рубила, установка юрты, Демонстрируется искусство обработки дерева, войлока, кожи, показываются традиционные технологии этих производств Женщинам: вышивка, плетение, приготовление кумыса, баурсаков, создание глиняной посуды, показываются особые
	кочевые технологии казахов связанные с производством и хранением молочных продуктов (кумыс, шубат, курт и т.д.) Детям: чтение национальных сказок, кукольное представление о хитроумном Алдаре-Косе и о мудреце Жеренше, участие в эпизодах 19.00-20.00 – ужин из национальных блюд 20.00-22.00 – свободное время 22.00-23.00 – специальная концертная программа, с народными танцами, песнями
Второй день	09.00-10.00 - завтрак 10.00-13.00 – прогулка по лесопосадке, гид рассказывает истории и легенды казахского народа. 13.00-14.00 – обед 14.00–15.00 – свободное время 15.00–18.00 - состязания в национальных видах спорта (<i>казахшакурес, тогузкумалак</i>) 18.00 – 19.00 – свободное время 19.00 -20.00 – <i>ужин</i> 20.00 – 23.00 – <i>игры у костра для всей семьи</i>
Третий день	09.00-10.00 – завтрак 10.00-13.00 – концертная программа «соревнования слов народных <i>акынов</i> ». <i>Показ народных костюмов и их назначение</i> 13.00-14.00 – обед 15.00–17.00 – <i>катание на лошадях</i> , участие в лошадиных скачках (<i>Кыз-Куу и байга</i>) 17.00-18.00 – свободное время 18.00 – 19.00 – <i>ужин</i> 19.00 – 20.00 – <i>сборы</i> 20.00 – <i>выезд из «Бал Карагай»</i> 20.45 – <i>прибытие в турфирму «Саят»</i>

Туристам предлагается 2 варианта жилья:

коттедж из сруба – рассчитан на 6 человек. Количество коттеджей – 3.

юрта – рассчитана на 6 человек. Количество юрт – 2.

Расчёт стоимости путёвки разработанного тура приведён (таблица 2) ниже в виде таблицы:

Оплата производится в тенге.

В зимний сезон предусмотрена замена лошадей на упряжки собак и скидка 10%

Для детей предусмотрена скидка – 20%.

В связи с близким расстоянием от города предусмотрен сокращенный – 2х-дневный тур выходного дня.

Таблица 2 - Расчет стоимости трехдневного тура на базе отдыха «Бал Карагай»

Наименование услуги	Стоимость на одного человека (тг)
Проезд	700
Проживание (сутки / трое):	
Коттедж (лето)	5 000
Юрта (лето)	3 000
Услуги экскурсовода	1 000
Услуги аниматоров, акынов, шоу-балета + необходимый инвентарь для конкурсов	15 000
Питание	12 000
Баня (2 часа)	3 000
Катание на лошадях (2 часа)	6 000
Итого стоимость тура:	
в коттедже	50 700
в юрте	44 700
Дополнительные услуги	
Няня для детей (час)	1 000
уборка в комнате	1 000
Примечание: разработано автором	

В целом, тур «*Ұлыстын Ұлы Күні*» позволит посетителям полностью ознакомиться с традиционным бытом, хозяйством и искусством казахов и содействовать развитию внутреннего туризма в Казахстане.

Литература:

1. Карабасов Р.А., Этика бизнеса, Учебно – методический комплекс, КазАТУ им. С. Сейфуллина, Астана, 2015. -150 с.
2. Карыбекова К.Е., Усенова Ж.А., Абдигул Г.К., Сервисная деятельность, Учебно-методический комплекс, КазАТУ им. С. Сейфуллина, Астана 2011 г. – 186 с.
3. Курина В. Культурно-познавательные возможности этнического туризма // Все о туризме – туристическая библиотека. [Электронный ресурс] URL: http://tourlib.net/statti_tourism/kurina.htm (дата обращения: 14.04.2016).

УДК 338.482.22

Билялова Аруана

Магистрант кафедры «Дизайн, сервис и туризм»

Университет «Туран-Астана»

г. Астана, Республика Казахстан

e-mail: aruana95@mail.ru

Научный руководитель: к.б.н. Кыстаубаева З.Т.

e-mail: zaure1001@mail.ru

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САУЫҚТЫРУ ТУРЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ОРГАНИЗАЦИИ ЛЕЧЕБНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ ТУРОВ АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ MODERN CONDITION OF THE ORGANIZATION OF TREATMENT AND HEALTH TOURS OF THE AKMOLA REGION

Аннотация: Мақалада Ақмола облысында денсаулық сауықтыру турларының ұйымдастырылуы қарастырылған.

Түйінді сөздер: туризм, Ақмола, рекреация, денсаулық сауықтыру туры.

Аннотация: В статье рассмотрены вопросы организации лечебно-оздоровительных туров в Ақмолинской области.

Ключевые слова: туризм, Ақмола, рекреация, лечебно-оздоровительный тур.

Annotation: The article deals with the organization of medical and health tours in the Akmola region.

Key words: tourism, Akmola, recreation, medical and health tours.

Санаторно-курортное обслуживание является одной из особо важных отраслей туризма, но к сожалению в Казахстане, особенно в годы становления рыночной экономики эта сфера не стала такой же прибыльной и эффективной как в других странах. Курорты пережили сложные годы, но наблюдаемый подъем в последние годы свидетельствует о том, что санаторно-курортная отрасль постепенно становится одной из наиболее динамично развивающихся и все больше и больше привлекает не только рекреантов. В свою очередь, стабилизация санаторно-курортной отрасли в стране, оживляет и деятельность в сфере туризма. Важность развития лечебно-оздоровительного туризма в Казахстане обусловлена особенностями промышленной специализации и неудовлетворительным состоянием окружающей среды в промышленных центрах области.

В жизни Казахстана наступил такой момент, когда необходимо выводить уровень туризма и его инфраструктуру, в которую входит санаторно-курортный туризм на качественно новый уровень. Кардинально изменились условия, в которых функционируют объекты санаторно-курортного комплекса - на первый план вышли проблемы обеспечения конкурентоспособности здравниц, улучшения материально-технической базы, перспективные пути их развития. В связи с этим, данное направление является особенно актуальным.

